- 11 Ялаева Н.В. Компьютерное тестирование как средство интенсификации обучения английскому языку в юридическом вузе. Автореферат и дисс. – Екатеринбург, 2003. – С.233.
- 12 Миронова, Н. Тест как форма проверки знаний студента / Н. Миронова // Дошкольное воспитание. – 2009. – №7. – С. 105-109.
- 13 Акатова Н.Г. Компьютерное тестирование по иностранному языку в контексте информационных технологий обучения в высшей школе. Орловская региональная Академия государственной службы, Российская Федерация, 2010.
- 14 Аванесов В. С. Композиция тестовых заданий. – М.: Центр тестирования, 2002.
- 15 Беспалько, В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 190 с.
- 16 Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: Проблемы и перспективы. – М.: Педагогика, 1987. – 264 с.
- 17 Сиренко С.Н. Тестирование в системе методов контроля и оценки знаний в современном вузе. // Инновационные образовательные технологии. – 2010. – №2. – С.51.

УДК 373.2.01
МРНТИ 14.23.07

Г.З. Таубаева¹

*¹п.э.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институтының доценті
Алматы қ., Қазақстан*

ЖОО-да МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту мен жетілдіру мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Мектепке дейінгі білім берудің бағыт бағдарын Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан–2030» стратегиялық тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында және басқа мемлекеттік құжаттарда негізделген. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін модернизациялаудың тұжырымдамалық негіздері мемлекеттік құжаттарында, мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты мен оқу бағдарламаларында атап көрсетілген.

Түйінді сөздер: жоғары білім беру жүйесі, мектепке дейінгі білім беру, кәсіби педагог маманды дайындау, бакалавриат-магистратура-докторантура.

Таубаева Г.З.¹

*¹к.п.н., доцент, Институт педагогики и психологии при КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗЕ

Аннотация

Развитие и совершенствование системы дошкольного воспитания и обучения является приоритетным направлением государственной политики нашей страны. На современном этапе развития в Республике Казахстан происходят глубокие социально-экономические преобразования, которые требуют новых подходов к системе дошкольного образования и поиска новых эффективных форм организации учебного процесса. Это своевременно нашло отражение в Стратегической программе «Казахстан–2030», Государственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы, Законе РК «Об образовании», Государственном общеобязательном стандарте дошкольного воспитания и обучения и других основополагающих нормативных документах и подзаконных актах. В представленных государственных документах заложены концептуальные основы модернизации системы дошкольного образования в Республике Казахстан. Общеобразовательные учебные программы дошкольного воспитания и обучения разрабатываются на основе государственного общеобязательного стандарта.

Ключевые слова: система высшего образования, дошкольное образование, профессиональная подготовка педагогов-специалистов, бакалавриат-магистратура-докторантура.

G.Z. Taubaeva¹

*¹Associate professor of the Institute of pedagogy and psychology at Abai KazNPU
Almaty, Kazakhstan*

PECULIARITIES OF TRAINING TEACHERS OF PRESCHOOL EDUCATION IN HIGH SCHOOL

Abstract

The development and improvement of the system of preschool education and training is a priority direction of the state policy of our country. At the present stage of development in the Republic of Kazakhstan, profound social economic transformations take place that require new approaches to the system of preschool education and the search for new effective forms of organizing the learning process. This was timely reflected in the Strategic Program "Kazakhstan 2030", the State Program for the Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, the Law of the Republic of Kazakhstan "On Education", the State Compulsory Standard of Preschool Education and Training and other fundamental normative documents. The submitted state documents show the conceptual foundations of the modernization of the system of

pre-school education in the Republic of Kazakhstan. General educational curricula of preschool education and training are developed on the basis of the state obligatory standard.

Key words: system of the higher education, preschool education, professional training of teachers, Bachelor degree, Master's degree, PhD.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында бүкіл халқымыздың мұң-мұқтажын шешуді көздей отырып, «біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» деп көрсетуі маман дайындау ісіне нақты бағыттарды белгілеп [1], қазіргі таңда қол жеткізген жетістіктерімізді одан әрі күшейтуді жүктеп отыр. Әсіресе, қоғамның болашақ азаматтарын жетілдіріп, дамытатын мұғалім мамандарды дайындау асқан жауапкершілікпен қарауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында және ҚР «Білім туралы» Заңында Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің тенденциялары мен даму мәселелері туралы тоқталды [2-3].

Қазіргі білім беру саласының әлемдік кеңістікке енуі, күнделікті ақпарат ағымының молдығы, инновациялық технологиялардың білім беру жүйесіне енуі - болашақ мамандардың тек теориялық білімдермен қаруланып қалмай немесе білім, білік, дағдыларды меңгерумен шектелмей, білім алушылар білімдерін өздігінен ізденуге, табуға, оны қорытындылап, жүйелеп, алған білімдерін бойына сіңіруге, меңгерген білімдерін өздігінен тиімді пайдалану арқылы қоғам қажетіне тұлғалық сапасы жоғары маман дайындау – жоғары оқу орындарында білім берудің ұтымды жолдары мен тиімді әдістері арқылы жүзеге асатын белгілі.

Елімізде соңғы жылдары орын алған күрделі және көптеген өзгерістер қоғам өмірінің барлық институттарына, ең алдымен, білім беру жүйесіне елеулі ықпал етіп, педагогикалық маман кадрларды кәсіби даярлау сапасын қайта қарастыруды талап етті. Білім беруді ізгілендіру жағдайында тұлғаның кәсіби құзыреттілігі, болашақ педагогтың адами қалыптасуы – кәсіби маман даярлау жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі мемлекеттік саясат мектепке дейінгі білім беру саласындағы елеулі өзгерістерді қарастырады: адам тұлғасының бастауында тұрған және айрықша нәзіктігімен, әлеуметтік мүмкіндіктермен ерекшелінетін, баланың ерекше ішкі жан дүниесімен жұмыс істейтін педагог қызметінің беделін арттыру - мектепке дейінгі білім беру жүйесінде үлкен жауапкершілікті көздейді.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша жоғары білімді кәсіби даярлаудың үш деңгейлі жүйелерінің бірнеше артықшылығын атап көрсеткен жөн: Қазақстан Республикасының жоғары оқу орны білім мамандықтарының жіктеуішіне сәйкес келеді және шетелдік жұмыс берушілермен мақұлданады; ҚР МЖМБС-қа сәйкес бакалавриат, магистратура және докторантура бағыттары маман дайындаудың көпдеңгейлі құрылымы ретінде қарастырылады.

“Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу” мамандығының ҚР МЖМБС-н саралайтын болсақ, ондағы берілетін кәсіби білім мазмұны бүгінгі күні мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының сұранысына ғана сәйкестігін айта кеткеніміз жөн.

Дегенмен, аталмыш мамандық білім алушыларының жоғары оқу орнында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші болып табылатын дайындық сапасының әлемдік стандартқа сәйкес болуымен мектепке дейінгі ұйымдарда оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тұрғысынан қоғамдық сұранысты қанағаттандыра алмайтынын көрсетіп отыр.

Елімізде мектепке дейінгі ұйымдарға педагог-кадр дайындау мәселесі педагогикалық жоғары оқу орындарының құзырында екені баршаға аян. Студенттердің бәсекеге қабілетті маман болып дайындалуы, жалпы мемлекеттік деңгейдегі мәселе ретінде қарастырылып, қоғамда бұл мәселені шешуге үлкен көңіл бөлініп, білімнің негізгі бағыты кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруды көздеу болып отыр. Мектепке дейінгі ұйымдарға әлемдік стандартқа сай біліммен қаруланған ғылым мен мәдениеттің жаңа жетістіктерін білетін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игерген, оқытудың жаңа инновациялық әдістерін меңгерген, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана алатын, мектепке дейінгі ұйымдарға арналған тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларын және оны іске асырудың әдістемесін жетік білетін педагог қажет.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты – мектепке дейінгі ұйымның болашақ педагогтары кәсіби іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға қабілетті, бәсекелестікке бейімделген, халықаралық стандарт талаптарына сай болуы, жалпымәдени, кәсіби және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру, мектепке дейінгі ұйымдарда оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолдануды меңгерту.

Қазақстандық жоғары білім беру жүйесі үш деңгейлі негізге ауысуына байланысты бакалаврларды базалық жоғары білімді мамандар ретінде даярлауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты ЖОО түлегінің кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға кепілдік беру, еңбек нарығында маман ретінде оларға деген қажеттілік тудыру; кәсіби құзыреттілігімен анықталатын "білім бакалаврларын" даярлау, сонымен қатар жұмыс берушілерді қызықтыратындай етіп дайындауды қайта құру сияқты мәселе туындайды [1].

Кәсіби-педагогикалық дайындықтың негізгі әдіснамалық идеясы білім берудің үш деңгейлігі өз кезегінде үздіксіз білім беруді ұйымдастырудың нысаны ретінде қарастырылады. Үздіксіз білім берудің жиынтығы білім алушыға өзінің қажеттіліктері мен қоғам қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби деңгейін жетілдіруге мүмкіндік беретін базалық жалпы және тиісті деңгейдегі кәсіби білім беруге негізделеді [2].

Үш деңгейлі жүйе бойынша құрылған білім өмірлік мәселелерді шешу тәжірибесін, негізгі әлеуметтік рөлдер мен қызметтерді атқаруды көздейді. Бұл жағдайда ең басты мәселе студенттің ақпараттылығы емес, шынайы, практикалық өмір құбылыстарын тану және түсіндіру, әлеуметтік рөлді орындау, жоғары оқу орында мамандықты меңгеру, өзін-өзі ұйымдастыру, стиль мен өмір сүру салтын таңдау және т.б. барысында туындайтын мәселелерді шеше алуы болып табылады [3].

ЖОО-ң оқыту үдерісінде «Бакалавриат-магистратура-докторантура» үш деңгейлі дайындық бағдарының үлгісін білім алушыларға таңдау құқығын бере отырып, оған қатысушы болу мүмкіндігін береді. Елімізде бакалавриат мамандықтары бойынша оқу жоспарының мазмұны мен жүйесі қайта жасалып, таңдау курстарды құрастыру кезінде болашақ маманның тұлғалық сапаларымен қатар, әдістемелік жақтарын дұрыс дамыту жұмысына да мән берілді. Жұмыс оқу жоспарының әрбір міндетті блогына таңдау пәндерін енгізу барысында ең керекті базалық, кәсіби пәндерді мазмұн жағынан да, әдістемелік тұрғысынан да толықтыра түсетін және бұрын алған теориялық білімдерін тереңдетуге көмектесетін, күнделікті ақпарат ағымын пайдалануды қамтамасыз ететін, болашақ маманның жұмыс істеу әдістерін жетілдіретін, коммуникативтік құзыреттіліктерін жетілдіре түсетін пәндерді енгізу жағына да баса көңіл аударылды. Сонымен қатар, оқу пәндерінің мазмұны әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми және жалпы бағдарлы блоктары бойынша базалық іргелі дайындығын көздейді. Бакалавриат деңгейі кез келген кәсіби қызмет үшін қажетті (ақпаратпен жұмыс істей алу, қатынасқа түсу, жеке тұлғаның қоғамдық орындарда әлеуметтік-құқықтық негіздерін меңгеру және т.б.) базалық құзыреттіліктерді және белгілі бір кәсіби қызметтің ерекшелігін көрсететін, оларды стандартты жағдайларда қолдануға мүмкіндік беретін деңгейге дейін меңгеруге жеткізеді [4]. Бакалавриатта *базалық цикл пәндеріне* оқу жоспары бойынша 64 кредит бөлінген, оның 20 кредиті міндетті компонент болса, ал 44 кредитті таңдау компоненті қарастырылған. Бұл дегеніміз студенттердің өздігінің таңдауына мүмкіндік беру деген сөз. Таңдау компонентіне 2 нұсқадан беріледі. Білім беру бағдарламасында студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға басымдық мүмкіндік туғызылды, оған дәлел ретінде енгізілген пәндерді атап айтсақ: баланы мектепке дайындау, инклюзивті білім беру, педагогикалық шеберлік, мектепке дейінгі ұйымдарда әртүрлі жас топтарында оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру, зерттеу жобаларын жоспарлау және ұйымдастыру, ертегі терапиясы, отбасы мен баланың байланысы, мектепке дейінгі білім беру менеджменті, этнопедагогика, этнопсихология, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, т.б.

Кәсіптік цикл пәндеріне оқу жоспары бойынша 32 кредит бөлінген, оның 5 кредиті міндетті компонент болса, ал қалған 27 кредиті болашақ мектепке дейінгі ұйымдарға мамандар дайындау үшін керекті пәндерді құрайды. Бакалавр деңгейі жалпы, базалық және кәсіби білім, білік дағдыларын жеткілікті меңгерсе, магистратурада өз кезегінде, таңдалған мамандық бойынша тереңдетілген іргелі және кәсіби дайындықтан өтеді.

Сапалы білім беруде студенттердің өзіндік жұмысын дұрыс жолға қоюдың мәні зор. Ол үшін студенттерді оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуі, оқу залдарының (оқу корпустары мен

жатақханаларада) талапқа сай болуы, интернет желісімен, компьютермен және лингофонды кабинеттермен жабдықталуы, т.б. Сонымен қатар, оқытушы мен студенттің бірлесе отырып орындайтын жұмыстары барысында олардың өзіндік жұмыстарын қабылдау жолдары мен әдіс-тәсілдері де сараланып отырады. Мысалы, оқыту үдерісі практикалық түрінде ғана емес, дөңгелек үстел, іскерлік ойын, презентация жасау, кейс-стади, миға шабуыл, проблемалық жағдаяттарды шешу, т.б.

Бакалавриат – аяқталған жоғары білімнің базалық деңгейі. Бакалавриаттың негізгі сипаттамасы – практикаға бағытталған оқыту болып табылады. Студент, әрі қарай «бакалавр», өзі таңдаған бағыты бойынша білімнің кең саласында іргелі дайындықтан өтеді. Осы деңгейді аяқтағаннан кейін түлекке «бакалавр» дәрежесі беріліп, жоғары кәсіби білім туралы диплом тапсырылады [4].

Бакалавриатты бітіріп, «бакалавр» дәрежесін алған түлек ары қарай ғылыми-педагогикалық білімін тереңдету мақсатында беріліп магистратура түсуге мүмкіндік алады. Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: *ғылыми және педагогикалық бағыт бойынша* кемінде 2 жыл нормативті оқу мерзімімен теориялық оқытудың кемінде 42 кредитін, кәсіптік практиканың кемінде 6 кредитін және ғылыми-зерттеу жұмысының кемінде 7 кредитін міндетті түрде меңгереді; *бейіндік бағыт бойынша* кемінде 1 жыл нормативтік оқу мерзімімен теориялық оқытудың кемінде 18 кредитін, практиканың кемінде 2 кредитін және эксперименттік-зерттеу жұмысының кемінде 4 кредитін міндетті түрде меңгереді деп атап көрсетілген [5].

Ғылыми және педагогикалық магистратура жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі және ғылым саласы үшін ғылыми-педагогикалық даярлығы терең ғылыми және педагогикалық мамандарды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асырса, бейіндік магистратура экономика, медицина, құқық, білім, өнер, қызмет көрсету және бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары, құқық қорғау қызметі үшін кәсіптік даярлығы терең басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырады [5].

ҚР МЖМБС-да магистрлік бағдарламаға қойылатын міндеттер: кәсіби қарым-қатынас мәдениетін игерген азаматтық ұстанымы бар, қазіргі ғылыми және практикалық мәселелерді шеше алатын, жоғары оқу орнында оқыта алатын, зерттеу және басқару іс-әрекетін нәтижелі жүзеге асыра алатын жоғары деңгейде кәсіби мәдениетті мамандарды даярлау; ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын қабылдауы, докторантурада ғылыми жұмысты жалғастыруды қамтамасыз етуі; білім беру бағдарламасы мазмұнының құрылысын, білім мазмұнын анықтайтын әртүрлі оқу жұмыстарын қалыптастыру көзделеді.

Магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім беру мазмұнын айқындайтын оқу (теориялық оқыту) және ғылыми жұмыстардың (ғылыми-зерттеу) түрлері, қорытынды аттестаттау және кешенді емтиханнан (КЕ) тұрады тапсырылады .

Магистратураның оқу бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған тұлғаларға тиісті мамандық бойынша «магистр» дәрежесі және қосымшасы (транскрипт) бар мемлекеттік үлгідегі диплом тапсырылады.

Магистратураны бітіріп, «магистр» дәрежесін алған түлек ары қарай ғылыми және педагогикалық білімдерін жалғастыру мақсатында (оқу мерзімі – 3 жыл) оқуын докторантурада жалғастыра алады.

ҚР МЖМБС Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының «Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» деген бөлімде оқыту нәтижелері Дублин дескрипторларының 3-деңгейі (докторантура) негізінде анықталады және құзыреттер арқылы көрінеді. Сонымен қатар, докторантураның білім беру бағдарламаларының мазмұнына, докторанттардың білім траекториясына, білім беру құрылымы мен мазмұнына, докторанттардың дайындық деңгейін және дәрежесін бағалауға қойылатын талаптарды орындау арқылы аяқталған, жоғары білікті маман-педагог лауазымын алып шығады [6].

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды ескере отырып, бір академиялық мерзімде меңгеріп, аяқталған соң докторанттар емтихан нысанындағы қорытынды бақылауды тапсырады, ал кәсіптік практиканың барлық түрлері, курстық жұмыстар (жобалар), докторанттардың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары тапсырады. Сонымен қатар, базалық пәндер

циклі (БП) міндетті компонентінің (МП) көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 4%-ын кредитін, ал қалған кредитін таңдау компоненті пәндерін құрайды. Кәсіби пәндер (КП)циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 16%-ын немесе 12 кредитті құрайды.

Докторантураның білім беру бағдарламасында: базалық және кәсіби пәндер циклдерін меңгеруден тұратын теориялық оқыту; докторанттардың практикалық даярлығы: кәсіби, практика ғылыми тағылымдамалар түрлері; докторлық диссертацияның орындалуын қамтитын ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы; аралық және қорытынды аттестаттау қамтылады.

Бүгінгі таңда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Педагогика және психология институтында Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша мынадай міндеттер жүргізілуде: оқытудың инновациялық; мультимедиалық, ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгерту және жетілдіру; бітіруші түлектің әлемдік стандартқа сәйкес білімді меңгеруі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мектепке дейінгі ұйымдарға кәсіби құзыретті маман дайындау, т.б.

Аталмыш міндеттер мектепке дейінгі ұйымдарға кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан маман-педагог ретінде дайындаудың көзіне айналып отыр.

Сонымен қорыта келе, бүгінгі қоғамның басты талабы – мектепке дейінгі ұйымдарға кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан педагогтарды дайындау мәселесі бойынша университетіміз: оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану, кейс-стади, презентациялар, дөңгелек үстел, мастер-класс, оқытушылар мен білім алушыларға арналған академиялық ұтқырлық, педагогикалық үдерісті жаңаша ұйымдастыруда «Шеберлік сыныптары», «Он-лайн» жүйесімен Алматы облысы және қаласы бойынша мұғалімдердің білімін жетілдіру институтымен бірлесе отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарына семинар өткізу, арнайы кабинет жабдықтау, электрондық оқулықтар дайындау сияқты жұмыстарды атқарып, жоғары білім беруді модернизациялауды іске асыруға өзіндік үлесін қосуда.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қоғамдық сұранысты өтеу барысында 5В(6М)010100–«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша жыл сайын студенттер мен магистранттарға мемлекеттік білім грантын көбейту мәселесі жақсы жолға қойылып келеді. Сонымен қатар, 6D010100–Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ-ға соңғы үш жылда 7 докторантураға орын бөлінді. Бұл дегеніміз – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі талаптарын орындауда, яғни мектепке дейінгі білім беру жүйесінде кәсіби біліктілігі жоғары маман дайындау ісіне үлкен жауапкершілікті жүктейтін көздейді. Соның дәлелі ретінде, аталмыш мамандыққа 2014/2015 оқу жылында 1 (бір) орын докторантураға орын бөлініп, қазіргі таңда докторантымыз 2017/2018 оқу жылында 6D010100–Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша білім докторы/PhD атағын алып, университетімізде табысты еңбек етіп жүр.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік жаздайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» (10.01.2018 ж.)
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы. – А., 2010
3. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2014
4. ҚР МЖМБС 5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. – А., 2016
5. ҚР МЖМБС 6М010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. – А., 2016
6. ҚР МЖМБС 6D010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. – А., 2016

МРНТИ 14.09.35

Ұ.М. Әбдігапбарова¹, Э.А. Айтенова²

¹п.э.д. профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

²PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада дуальді оқыту жүйесінің пайда болуы мен оның дамуына сипаттама берілген. Дуальді оқыту жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихы алғышарттарының мазмұны мен мәні, теориялық негіздері қарастырылған. Германияда кәсіптік мектептерде жалпы міндетті білім алу 1938 жылы ғана енгізілді. Бұл уақыт кәсіптік білімнің, оқыту жүйесінің дуальді формасының туылу жылы саналды. «Кәсіптік білім берудің дуальді формасы» кәсіптік білім беру саласындағы педагог Х.Абелге тиісті екендігін атап өту керек. «Дуальді жүйе» түсінігі 1969 жылғы кәсіптік білім беру туралы заңының енгізілуімен алпысыншы жылдардың басында пайда болды. Сол кезден, мемлекеттік кәсіптік мектепті өндірістік оқытумен үйлестіретін неміс жүйесі дүние жүзі бойынша үлгілік болып саналып, көптеген елдерге экспортталды.

Дуальді оқыту жүйесі – мамандық бойынша кәсіпорындағы тәжірибелік оқытудың техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарындағы теориялық біліммен үйлесуін білдіреді. Дуальді жүйе оқу үрдісінде теориялық және тәжірибелік дайындықты үйлестіруге мүмкіндік береді. Оқумен қатар, білім алушылар бір мезгілде, таңдаған мамандықтары бойынша өндірісті меңгереді, яғни, бірден екі жерде оқиды, 1-2 күн жоғары оқу орнында, қалған уақытын – кәсіпорында өткізеді.

Түйін сөздер: жоғары оқу орны, дуальді оқыту, кәсіби білім беру, Германия, кәсіптік мектеп, дуальді жүйе, кәсіби маман дайындау.

Абдігапбарова У.М.¹, Э.А.Айтенова²
¹д.п.н., профессор, КазНПУ имени Абая
г. Алматы, Казахстан
²PhD докторант, КазНПУ имени Абая
г. Алматы, Казахстан

ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ СОЗДАНИЯ И РАЗВИТИЯ ДУАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В статье изложены возникновение и развитие дуальной системы обучения. Рассмотрены теоретические основы и содержание исторических предпосылок создания и развития дуальной системы обучения. Общее обязательное обучение в профессиональной школе законодательно было введено в Германии лишь в 1938 году. Это время принято считать годом рождения дуальной формы профессионального образования, системы ученичества. Понятие «дуальная форма профессионального обучения» принадлежит педагогу в области профессионального обучения Х.Абелю. Понятие "Дуальная система" возникло только во второй половине шестидесятых годов в связи с обсуждением введённого в 1969 г. закона о профессиональном обучении. С тех пор немецкая система, которая совмещает государственную профессиональную школу с производственным обучением, считается всемирно образцовой, и экспортирована в многочисленные страны.

Дуальная система обучения – подразумевает сочетание практического обучения по профессии на предприятии с теоретическим в учебных заведениях ТиПО. Дуальная система позволяет совместить в учебном процессе и теоретическую, и практическую подготовку. Одновременно с учебной учащиеся осваивают избранную профессию непосредственно на производстве, то есть учатся сразу в двух местах: 1-2 дня в неделю в училище, остальное время – на предприятии.

Ключевые слова: высшее учебное заведение, дуальное обучение, профессиональное образование, Германия, профшкола, дуальная система, подготовка профессиональных специалистов.

U.Abdigapbarova¹, E.Aitenova²

¹Doctor of Education, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²PhD doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

HISTORICAL PREREQUISITES FOR CREATING AND DEVELOPING THE DUAL TRAINING SYSTEM

Abstract

The article describes the emergence and development of a dual system of training. The theoretical foundations and the content of the historical prerequisites for the creation and development of a dual system of training are considered. General compulsory education in a vocational school was legally introduced in Germany only in 1938. This time is usually considered the year of birth of the dual form of professional education, the system of apprenticeship. The concept of "dual form of vocational training" belongs to the teacher in the field of vocational training H. Abel. The concept of the "dual system" emerged only in the second half of the sixties in connection with the discussion of the law on vocational education, introduced in 1969. Since then, the German system, which combines the state vocational school with production training, is considered world-class, and exported to numerous countries.

The dual system of training implies the combination of practical training by profession in the enterprise with a theoretical education in the educational institutions of the TVE. The dual system allows to combine both theoretical and practical training in the educational process. Simultaneously with the studies, students master the chosen profession directly in the workplace, that is, they study at once in two places: 1-2 days a week at the school, the rest of the time - at the enterprise.

Key words: higher education institution, dual training, professional education, Germany, vocational school, dual system, training of professional specialists.

Кәсіптік білім беруді белгілі бір ұйымдасқан тәжірибе мен өндірістік аймақтың өзара байланысынсыз елестету мүмкін емес. Қазақстанда дуальді оқыту жүйесіне қызығушылықтың туындауы да кездейсоқ деп айтуға болмайды.

Біздің тарихымыздың кеңестік дәуірінде білім беру ұйымдарының қоғамдық және еңбек ұжымдарымен ынтымақтасу қағидасы, білім беру мекемелеріне кәсіпорындардың басшылық етуі, өндірістердегі тәлімгерлік жүйесінің дамуы, жас мамандарды қолдау заңнамалық түрде айқындалған.

Дуальді оқыту жүйесі – мамандық бойынша кәсіпорындағы тәжірибелік оқытудың техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарындағы теориялық біліммен үйлесуін білдіреді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Жас Отан» Жас Қанат 2012 жылдың 12 қарашасында өткен II Съезінде, қазақстандық компаниялар мен еліміздің жоғары оқу орындарына – дүние жүзінің 60 елінде дуальді оқыту жүйесі сәтті жұмыс істеп жатқандығын, болашақ мамандар қажетті дағдыларды тікелей кәсіпорындарда алуларына мүмкіндіктерінің болуы үшін еңбек етуі, яғни өз біліктіліктерін арттыра отырып, кәсібін өзгерту және қажет болса қызмет ету аясын өзгерту мүмкіндігінің болуы, бизнес пен білім беру мекемелерінің бірлесіп қызмет етуінің кең тетігін құру қажет екендігін көрсете отырып, дуальді жүйеге қатысуға шақырды [1].

Кәсіптік білім берудің дуальді формасының даму тарихы ғасырлар тереңдігімен ерте кезеңмен ұштасады.

Азия мен Еуропада кәсіптік білім берудің заңдық тұрғысынан тәртіпке жүйеленіп, реттелген, яғни негізінен жасөспірімдер шеберге оқуға келіп, шәкірті бола отырып кәсіптік білім алған. Шебер сол кәсіп бойынша қажетті, өзі меңгерген білім мен дағдыларды шәкіртіне меңгертуі тиіс. Дегенмен, қандайда болмасын кәсіптің өз құпиясы бар екендігін және бір кәсіпті екінші кәсіп түрлерінен ерекшелендіретін, артықшылығын білдіретін құпиялар көп жағдайда құпия болып, сондай-ақ оларды шәкірттеріне ашуға рұқсат етілмеді.

Еуропада, оның саяси құрылымдық бөліктерінде (аймақтарында) – мемлекеттердің пайда болуымен экономикалық бәсекелестік үрдісі басталды. Ұсақ пайдакүнемдік заманында (XVII-XVIII ғғ.) кәсіптік білім экономикалық ықпал ету мен өз тәуелсіздігін орнатудың маңызды құралына айналды. Осы уақытта шіркеу де, мемлекет сияқты кәсіптік білім көмегімен діндарлардың эмоциялық сезімдері мен діни қатынастарды реттейтін және тұрақтандыратын діни нормаларды пайдалануды жүзеге асыруға тырысты (XVIII ғасыр филантропиясы).

Кәсіптік білім 1789 жылғы Француз төңкерісі мен жаһандық демократиялық процестер кезеңінде сапалы жаңа мәнге ие бола бастады. *Жалтыға ортақ мектептік білім беруді* шіркеу қамқорлығынан босату мен мазмұнын жаңарту мемлекеттің мақсатына айнала бастады. Кәсіптік білім беру сұрақтары күн тәртібіне қойылды. Сол уақыттық демократиялық процестерінің нәтижелері Францияның

кәсіптік біліміне ғана емес, басқа да батыс еуропалық, Германияны қоса алғанда, елдерге ықпалын тигізді [2, 3].

Орта ғасырларда дуальді форманың жаңа тармағы – *теорияның* діни жексенбілік мектептерінде пайда болумен ерекшеленеді. Мұндай мектептер Германияда XVI -XVII ғғ. кездесе бастаған.

Қолөнерші шеберлер тәрбиелеу үрдісінде белгілі бір ережелерді ұстанғанымен, білім алушылардың жүйелі теориялық білім алуын ысырып тастамады. Бұл бағыт көптеген герцогтіктердің шеберханалық жарлықтарында өз көрінісін тапқан. Осылай Веймарлық Саксония герцогтігінің шеберханалық жарлығы білім алушылармен белгілі бір теориялық білім және тәжірибелік дағды меңгеруі бойынша нұсқаулық жұмыстар жасай отырып, жазу мен есептеуді үйренуге, меңгеруге жағдай жасады. 1869 жылдың өзінде кәсіпорын өзінің білім алушыларын кәсіптік мектептерге бағыттайтын Ережені бекітті. Біздің пікірімізше, осылай дуальді оқытудың екінші тармағы – білім алушылар теориялық білім алатын кәсіптік мектептер құрылды.

Оқытудың дуальді жүйесінің қалыптасуы мен дамуын зерттеумен айналысатын неміс ғалымдарының ішінде (Г.Грюнер, К.Кениг, Й.Мюнх, К.Штратманн), сол заманғы кәсіптік оқытудағы кәсіптік мектептердің рөлін анықтауда пікір таластар жүргізілді [4, 5, 6, 7]. Бұл мектептер кәсіптік оқытудың міндетті құрылымдық бөлігі болып бірден танылған жоқ. Тек біздің ғасырымыздың басында ғана, білім алушылармен теориялық білімнің белгілі бір бөлігін меңгеруге ықпалын тигізген кешкі діни (жексенбілік) мектептер, күндізгі мектептермен алмастырылды. Сондықтан зерттеушілер оларды нық сеніммен мектептер деп атады. Пікірталастар кезінде бұл оқытудың «қосарлы» бөлігі емес, кәсіптік білім берудегі дуальді нысанның міндетті бөлігі деген көзқарастар білдірді.

Дуальді нысандағы кәсіптік мектеп бастапқы кезден-ақ жалпы білім беретін мектептердің қызметінің бір бөлігін өзіне алды: арнайы пәндерден басқа жалпы білімдік пәндерді де оқытты (саясат, математика, ана тіл, дін, спорт). Соңғы жылдарда осы мәселе бойынша ГФР ғалымдарында (Р.Арнольд, Х.Баннер, П.Денбостель) әртүрлі көзқарастар туындады, бірақ қазіргі заманғы Германияның кәсіптік мектептерінің оқу пәндерінің ресми тізімі қайта қаралмады. ГФР-ның мәдениет пен жерлер министрлігінің Конференциясымен – ол кезекті рет мақұлданып бекітілгенін атап өту маңызды.

Өнеркәсіптендіру дәуірінде пролетариаттың пайда болуы, кәсіптік білімнің саяси маңызын арттырды.

Кайзерлік Германияда 1870 пен 1918 жылдар аралығындағы кезеңде кәсіптік білім социализмге қарсы күрестің құралына айналды. Мемлекет ұйымдық және құқықтық шараларды пайдаланды. Нарықтық-саяси заң ретінде сипаттауға болатын Рейх заңы арқылы қолөнер туралы Ереже енгізілді (1867-1871 жж.), яғни бұл Ереже кәсіптік мектептерге барудың міндеттілігін енгізуге мүмкіндік берді (сол кездегі оның атауы – орта кәсіптік оқу орны болатын). *Германияда кәсіптік мектептерде жалпы міндетті білім алу 1938 жылы ғана енгізілді. Бұл уақыт кәсіптік білімнің, оқыту жүйесінің дуальді формасының туылу жылы саналды. «Кәсіптік білім берудің дуальді формасы» кәсіптік білім беру саласындағы педагог Х. Абелге (1908-1965 жж.) тиісті екендігін атап өту керек.*

«Дуальді жүйе» түсінігі 1969 жылғы кәсіптік білім беру туралы заңының енгізілуімен алтысыншы жылдардың басында пайда болды. Сол кезден, мемлекеттік кәсіптік мектепті өндірістік оқытумен үйлестіретін неміс жүйесі дүние жүзі бойынша үлгілік болып саналып, көптеген елдерге экспортталды.

Сонымен қатар, орта ғасырлардан бастап қолөнершілер айрықша шеберлігімен ерекшеленді. Болашақ маман өмірінің жартысына дейін шебердің жетекшілігінде болуы мүмкін еді, оның білік-тілігіне қойылатын талаптар жоғары болды. Тауарға белгі қоятын шебердің құқығы кәсіптік қана емес, сонымен қатар өмірлік жетістіктің белгісі екендігі күмән тудырмайды.

Немістерден біз, қазіргі заман жағдайында шартты түрде тек физикалық деп атауға болатын еңбекке деген сый-құрметпен қарайтын қарым-қатынасты үйренуімізге болады. Біздің жастарымыз мектептен кейін жоғары оқу орындарына түсуге талпынса, ал Германияда балалардың жартысынан көбі, қолмен бірнәрсе жасауға үйренуге ұмтылады және ол үшін кәсіптік-техникалық білім алуды мақсат етеді.

Дуальді жүйе оқу үрдісінде теориялық және тәжірибелік дайындықты үйлестіруге мүмкіндік береді. Оқумен қатар, білім алушылар бір мезгілде, таңдаған мамандықтары бойынша өндірісті мең-

гереді, яғни, бірден екі жерде оқиды, 1-2 күн жоғары оқу орнында, қалған уақытын – кәсіпорында өткізеді.

Кәсіптік білім берудің дуальді жүйесінің атасы болып, Георг Кершеништайнер (29.07.1854–15.01.1932) саналады. Ол неміс педагогы және 1895 жылдан 1919 аралығында Мюнхен қалалық мектебінің кеңесін басқарып, мектептік оқу бағдарламасының халықтық реформасымен айналысады.

20 ғасыр басында Мюнхенде Кершеништайнер жаңа, тәжірибеге бағдарланған, кәсіпті және оның қажеттілігіне назар аудартатын жаңа мектеп типтерін енгізді. 1900/1901 оқу жылында Мюнхенде қасапшыларға, кондитерлерге, құбыр тазалаушыларға, шаштараздарға арналған кәсіптік мектептер бірінші рет негізі қаланды. Олар, кәсібилік тұрпаты бойынша бөлінетін, өндірістік кәсіптік дайындықты толықтыратын мектеп тұрпатының жаңа үлгісі болды.

Германияның көптеген жерлерінде білім алушылар әрі қарай білім алу үшін, бағыттаушы деңгей саналатын (Orientierungsstufe) төртінші сыныпты, бастауышты аяқтағаннан кейін мектептің үш тұрпатында білім алуға таңдау жасайды, жалпы білім беретін: гимназияларды (Gymnasium) – 9 жыл, реалды мектепте (Realschule) – 6 жыл, негізгі мектепте (Hauptschule) – 5 жыл.

Бастауыш мектептің, гимназия бітірушілерінің аздаған бөлігі ғана толық орта білімді алады (Abitur) және жоғары оқу орнына оқуға түседі. Реалды мектеп пен жалпы мектепті салыстырғанда кішкене жоғары деңгейде жалпы білім береді және келешегі бар жұмысшы мамандығы ретінде білім алушыларға өте жақсы мүмкіндіктер береді. Шектеулі қабылдауға қарамастан, жылдан жылға гимназиялардағы және университеттердегі білім алушылар саны арта түсуде.

1980 жылы Германияда университет студенттері 972 мың және 2 716 мың шәкіртті үйрету жүйесінде білім алушы болды. 1990 жылы Германия тарихында шәкіртті үйрету жүйемен салыстырғанда студенттер саны көбірек болды, 1 559 мың – студент, 1 500 мың – шәкіртті үйрету жүйесінде. Жұмыс берушілер мамандардың жетіспеуі туралы газет беттерінде «Білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігі» деген мәтінмен жариялады. Жарты жыл өткен соң олар әрі қарай, «білім беру және жұмыс-бастылық тепе-теңдіктен шықты» деп, орта және жоғары білім берудің құлдырауын сынады. Abitur иелерінің және студенттердің күткені олардың қолынан келетін дағдыларымен салыстырғанда өте жоғары болды, ал олардың университетте оқуға бұрыс бағдарлануы, шәкіртті үйрету жүйесінде білім алудың бірден төмендеп кетуінің нәтижесі еді. Өңдеу өндірістерінде, мысалы, 1991 жылы шәкіртті үйрету жүйесіндегі орынның жартысынан азы ғана толды.

Германиядағы өндірістік кәсіптік дайындық кәсіптік білім беру туралы заңмен, ал мектептік кәсіптік білім – жекелеген федералдық жерлердің заңдарымен реттелді. Бұл заңнамалық негіздер білім берудің экономикалық талаптарына сай келуіне бағытталды. Бірақ теориялық білім кең ауқымды болуы қажет еді, өйткені бұл білім алушының әртүрлі жұмыс жағдайларына бейімделуіне мүмкіндік берді.

Федералды үкімет мамандықтар бойынша дуальді жүйе шеңберінде тұжырымдар жасауға жауапты. Себебі кәсіптік білімді қажет ететін, мамандықтар тізімін міндетті бекіту, дайындық кезінде салалармен және Федералды жерлермен (Länder) келісілген қағидалар есепке алынатын, мемлекеттік деңгейде кепілдік берді. Және де дайындық тек Федералды үкіметпен бекітілген нормаларға сәйкес жүзеге асырылды. Мемлекеттің негізгі қызметі – заңнамалық базаны бағдарлау және қамтамасыз ету.

Германияда федералды деңгейде, білім алушының оқу орнымен және кәсіпорынмен қарым-қатынасын реттейтін, «Кәсіптік білім туралы», «Қолөнершілік әдет-ғұрыптар», «Нұсқаулардың жарамдылығы туралы Директив», заңдары қабылданды. Заңдармен қандай кәсіпорындар оқытуға қатыса алатындығы анықталды (Германиядағы 3,6 млн. кәсіпорыннан кәсіптік білім беру бағдарламасына 500 мыңы тартылды).

Германияның федералды үкіметінде кәсіптік білім беру аясындағы саясат сұрақтарын шешу бойынша және білім беру бойынша Білім және ғылыми зерттеулердің Федерациялық Министрлігі жауапты болды (BMBWF). Еңбек Министрлігі емтихандық талаптарды реттейтін «Оқыту Ережелерін» құрастырды.

Әлеуметтік әріптестіктер Федералдық үкіметтің қатысуынсыз, ұжымдық шарт жағдайларының еркін талқылану жағдайында, кәсіптік білім берудің егжей-тегжейін, атап айтқанда, студенттерге төленетін шәкіртақы көлемі белгіленді.

Кейбір ұжымдық шарттар, сондай-ақ бітірушілердің шектеулі мерзімдерге жасалған шарттар негізінде жұмысқа орналастыру сияқты сұрақтарға қатысты ережелерді қарастырды. Кәсіпорындар білім алушылармен келісімдер жасады, өздеріне білім алу бойынша шығындарды алды, ұжымдық шарттармен реттелетін жыл сайын өсіп отыратын және орташа есеппен алғанда білікті маманның жалақысы бастапқы жалақысының үштен бірін құрайтын шәкіртақыны төленетіні нақталанды.

Қорыта келе, батысеуропалық кәсіптік білім берудің тарихына саяхат жасауымыз, білім берудің дуальді жүйесінің Еуропаның, әсіресе Германияның саяси, экономикалық, діни және технологиялық тарихына қаншалықты терең енгенін анық көрсетуді мақсат еттік. Сондай-ақ, бұл ГФР дуальді нысанның заманауи құрылымын түсіндіруге негіз болады; көрнекті теоретиктер мен тәжірибешілердің кәсіптік білім берудің, Германияда қалыптасқан және ГФР әрекет етуші дуальді нысанын модернизациялауға байланысты көптеген пікірлеріне қарамастан, бұл жүйені не оның бөліктерін мезгілінен бұрын түрлендірудің қиындығын алдын-ала анықтайды деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Выступление Президента РК, Председателя партии «Нур Отан» Н.Н.Назарбаева на II съезде Молодежного крыла «Жас Отан». – 16 ноября 2012.*
2. *Алферов Ю.С. Источники и механизмы финансирования образования за рубежом. // Педагогика. 2000. – №8. – С. 85-94.*
3. *Сперанский Н. Очерки по истории народной школы Западной Европы. – М., 1986. – 338 с.*
4. *Greiner, Gustav, Quellen and Dokumente zur schulischen Berufsbildung 1945-1982. 2 Bände, Köln 1983.*
5. *Greiner, W.D. Organisationsmodell and Lernkonzepte in der beruflichen Bildung. - Stuttgart, 2001.*
6. *Kuebert, F. 'Bildungseinheit' and Systemtransformation. Beitrage zur bildungspolitischen Entwicklung in den neuen Bundeslaendern and in oestlichen Europa. Berlin, 1999.*
7. *Lipsmeier, Antonius, Berufsbildungspolitik in den 70er Jahren. Eline kritische Bestandsaufnahme fur 80er Jahre. Zeitschrift fur Berufs and Wirtschaftspadagogik beiheft 4. Wiesbaden 1983.*

УДК 37.013.77
МРНТИ 14.07.07

Ұ.М. Әбдіжанбарова¹, А.Д. Жумагелдиева²

*¹п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ,
Педагогика және психология институтының профессоры
Алматы қ., Қазақстан*

*²БМ010300-Педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ «МЕКТЕП-КОЛЛЕДЖ» ЖҮЙЕСІНДЕ ДАЯРЛАУ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі педагогикалық мәселелердің өзектісі – болашақ педагогтарды даярлау жөнінде талқыланған. Болашақ педагогтарды кәсіби іс-әрекетін жүргізу, шығармашылық ойлауға, алдына қойған мақсатына тиімді әрі жылдам жетуге үйрету қазіргі маман даярлауда басшылыққа алады. Осы талаптарды орындауда оқу орындарының оқу процестеріне өзгерістерді енгізіп, жұмысын жетілдіру керек болады. Жаңа білім беру түрі – дуальды білім беру арқылы маман даярлау көптеген мәселелердің шешімін таба алады.

Еліміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі – «білім беруді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр». Бұл жердегі инновациялық процестерді ендіру енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен өзара байланыс негізінде анықталады. Енгізілетін жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыруды қажет етеді. Педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Осы негізде жаңа технологияны игеру мен оны әлемдік тәжірибеден үлгі алып, өндіріс саласында қолдана білу білім саласының алдына жаңа міндеттерді жүктеп отыр

Түйін сөздер: болашақ мұғалім, кәсіби даярлау, дуальды білім беру, «мектеп-колледж»

Абдиганбарова У.М.¹, Жумагелдиева А.Д.²
¹д.п.н., профессор, КазНПУ им. Абая, г.Алматы, Казахстан
²магистрант 2-курса, КазНПУ, г.Алматы, Казахстан

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В СИСТЕМЕ «ШКОЛА-КОЛЛЕДЖ»

Аннотация

В статье обсуждается актуальность современных педагогических данных - подготовка будущих учителей. Преподавание будущих учителей профессионально работать, творчески мыслить, эффективно и быстро достигать своих целей, руководствуется обучением современных специалистов. При выполнении этих требований необходимо внести изменения в учебный процесс учебных заведений и улучшить их работу. Новая форма обучения - подготовка специалистов посредством двойного образования может решить многие проблемы.

Одной из ключевых задач, стоящих перед независимым развитием страны, является возрождение взглядов людей на историю по-новому – «развитие новых инновационных способов обучения». Внедрение инновационных процессов здесь включает внедренную технологию; инновационный потенциал новаторов; определяется на основе взаимосвязи с путями внедрения инноваций. Внедрение новой инновационной образовательной технологии - это особый вид профессиональной деятельности. Это требует уклончивого педагогического опыта для освоения инновационных технологий обучения. Непрерывная модернизация педагогического феномена. Разработка новых технологий на этой основе и применение ее в мировой практике и применение ее к отрасли ставит новые задачи в области образования.

Ключевые слова: будущий учитель, профессиональная подготовка, дуальное образование, «школа- колледж»

U.M. Abdigapbarova¹, A.D. Zhumageldieva²
¹d.p.s., professor of the institute pedagogy and psychology, AbaiKazNPU, Akmaty, Kazakhstan
²Master of 2-course, KazNPU, Almaty, Kazakhstan

PREPARE THE FUTURE TEACHERS IN THE «SCHOOL-COLLEGE» SYSTEM

Abstract

The article discusses the relevance of modern pedagogical data – the training of future teachers. Teaching future teachers professionally to work, think creatively, effectively and quickly achieve their goals, guided by the training of modern specialists. When meeting these requirements, it is necessary to make changes in the educational process of educational institutions and improve their work. A new form of training - training specialists through double education can solve many problems.

One of the key challenges facing the country's independent development has been to revive the people's view of history in a new way - "the development of new innovative ways of education". The introduction of innovation processes here features the technology introduced; innovation potential of innovators; is defined on the basis of interconnection with the ways of innovation introduction. The new innovative educational technology introduced is a special type of professional activity. It requires the inclining pedagogical experience to master innovative teaching technologies. Continuous modernization of the pedagogical phenomenon. Developing new technologies on this basis and applying it in the world practice and applying it to the industry imposes new tasks on education.

Key words: the future teacher, vocational training, duality education, "school-college"

Болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің кілті, жұмыс берушінің оларға қоятын басты талаптарының бірі – болашақ мамандардың бойында кәсіптік білім деңгейімен қатар еңбек құлшынысының жоғары болуы, ұтқыр инновациялық қондырғыларда жұмыс істеу құзыреттіліктерінің болуы, қажет болған жағдайда қосымша мамандыққа қажетті кәсіптік біліктілікті арттыруға дайын болуды қажет екендігін, сонымен бірге, тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек.

Әлемдік тәжірибеге көз салсақ білімге ден қоюдың оны ғылыми тұрғыда Білім – тек ғылымның іргетасы емес, шетелдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын арқауы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы, оның білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Білікті мамандар топтасқан ортада алынбайтын қамал, еңсерілмейтін биік жоқ. [1]

Жоғары-сапалы білім болудың негізі білікті, шығармашыл мамандар мен ғылыми зерттеулер болады. Олай болса, ғылыммен айналысуға қабілетті, барлық қоғамның талаптарына сәйкес келетін маман дайындау – өзекті мәселе тудырады. Маман даярлауда кәсіби іс-әрекетін жүйелі іске асыратын білім беру жүйесі қажет болады. Әр заманның өзіндік жаңа, тиімді оқыту жүйесі болып отырды.

Қазіргі біздің заманымызда жас маманға қойылатын талаптары мен міндеттері жетерлік, бәсекелестікке қабілетті, кез келген кәсіби мәселелерді шешуде жол таба білетін, шығармашыл тұлға болу қажеттілігі туындайды. Осы айтылған міндеттерді орындайтын, мақсаты қоғам мен заман талабына сай келетін оқыту мен білім беру жүйесін құру – басты проблема.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыру да қазіргі уақыт талабы екендігі айтылған. [2] Қазақстандық кәсіптік білім беру жүйесінде қос бағытты білім берудің ғылыми теориялық негіздері жан-жақты зерделенеді. Шет елдік тәжірибелерге сүйене отырып, білім берудің жаңа буын мемлекеттік стандарттарын жасауға жұмыс берушілер қатыстырылып, дуальдық жүйені кәсіптік білім беру үлгісіне енгізудің мүмкіндіктері мен алғышарттары қарастырылды.

Сонымен қатар халыққа сапалы қызмет көрсетудің тетігі тәжірибелі, білімді, үлкен сыннан өткен кадрлардың қолында екенін Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» тұжырымдамасында ерекше айта отырып, бұл жүйені іске асырудың бірден – бір жолы елімізде дуалды оқыту жүйесін енгізу мәселесі екенін көрсеткен.

Болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке даярлығын – кәсіби іс-әрекетке бағдарланған мұғалімнің кәсіби тұлғалық сапалары, теориялық, тәжірибелік, әдіснамалық білім, білік, дағды жиынтығы. С.Л. Рубинштейн даярлыққа «кәсіби іс-әрекетке даярлық мазмұны мұғалімнің іс-әрекетке қажетті адамгершілік-психологиялық қасиеттерін, ақыл-ой және теориялық қабілеттер, қоғамдық-саяси және психологиялық-педагогикалық білімдер кешені, сонымен қатар бағдарламалық әдістемелік білімдер мен дағдылар жатады» деп анықтама береді.

Н.Н. Неустроева болашақ мұғалімдердің педагогикалық үдеріске қатысушыларды іскерлік қарым-қатынасқа ұйымдастыруға даярлауды зерттей келе, оны болашақ мұғалімдердің жоғары оқу орында оқыту мен тәрбиелеудің нәтижесі ретінде қарастырады.

Бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды дайындау үшін педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие процесіне дуальды оқытуды енгізу қажеттігі туындауында.

Дуальды оқыту жүйесі – оқу орындарындағы оқытуды өндірістік іс-әрекетпен ұштастырып қарастыратын білім беру жүйесі.

Еліміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі – «білім беруді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр». Бұл жердегі инновациялық процестерді ендіру енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен өзара байланыс негізінде анықталады. Енгізілетін жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыруды қажет етеді. Педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Осы негізде жаңа технологияны игеру мен оны әлемдік тәжірибеден үлгі алып, өндіріс саласында қолдана білу білім саласының алдына жаңа міндеттерді жүктеп отыр.

Сондықтан да, соңғы жылдары еліміздің білім жүйесін әлемдік стандарт негізінде жаңғырту мәселесі үнемі күн тәртібінен түспей, соның ішінде оқытудың мерзімі мәселесі қозғалып, орта білім жүйесін жаңа технологияға негізделген білім беру стандарттары мен жаңа бағдарламалары, оқулықтар жобасы жасалып, олар барлық деңгейде талдану үстінде. Орта білім саласындағы осы өзгерістер педагогикалық білім беру жүйесіне де өз әсерін тигізіп, педагогикалық оқу орындары білім нәтижелерін осы тұрғыдан қарастыруға бағыт алуда.

Осы бағытта бұл күндері білім беру саласында көптеген модернизациялар жүргізіліп жатқаны баршамызға аян. Орта білім берудің 12 жылдық моделі, кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнының жаңартылуы, электронды оқыту, зияткерлік мектептер арқылы жоғары оқу орындарына дарынды шәкірттер дайындау, жоғары оқу орындарына қойылатын жаңа талаптар, магистрлар мен PhD докторларды дайындау арқылы университеттік білімді жаңа деңгейге көтеру бірқатар инновациялық жобаларға бастама болып, инновациялық оқыту әдісі кеңінен қолданылуда. Алайда, осымен ғана шектеліп қалмай, модернизациялануға көшкен қазіргі таңдағы білімді одан әрі дамытуды қажет ететін ауқымды жобалар мен әлем тәжірибесіне негізделген инновациялық білім берілуі тиіс. Мұндағы негізгі мақсат – Қазақстан Республикасындағы практикалық маңызы бар ғылым мен білімді

дамытудың басым бағытына сәйкес келетін инновациялық жобаларды іріктеу, аймақтағы ғылыми-зерттеулерді дамыту және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ғылым мен білім жетістіктерін пайдалануға жол ашу.

Осы негізде кадрларды дайындаудың мамандандырылған жүйесін жасауда ғылыми техникалық прогрестің қазіргі деңгейін ескере отырып, білім беру саласына қойылатын жоғары халықаралық талаптарды да қанағаттандыру мақсатында еліміздің мұнайлы аймақтарында, кәсіптік-техникалық білім беру саласына жана жүйе – дуальды оқыту әдісі бір жүйеге келтіріліп, қазіргі қоғамға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде, дуальдық оқыту жүйесін ендіру осы салада нақты біліктілігі мен мамандығы бар кадрларға деген сұранысты арттырады деп болжам жасалуда.

Дуальдық оқыту жүйесі бізге не береді дейтін болсақ, кәсіптік білім беру арқылы өнеркәсіп өміріне дайындық жүргізу негізінде, білім алушының теориялық және практикалық дағдысын қалыптастыратын боламыз. Мұндай оқыту әдісі әлемнің көптеген ірі дамыған мемлекеттерінің (Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция, Англия, Оңтүстік Корея) білім беру жүйесінде жүргізіліп, сәтті жүзеге асып келеді. Әсіресе, кәсіптік білім берудің әлемдік тәжірибесінде әлеуметтік серіктестікті жүзеге асырудың тиімді жолы ретінде Германияның қос бағытты білім беру – дуальдық жүйесі кеңінен қанат жаюда. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, дуальды оқыту әдісі арқылы, білім алушыларды жан-жақты дайындаумен қатар, еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесін шешіп, жас маманның жаңа технологияны ойдағыдай меңгере отырып, сұранысқа ие бола алатындай жұмыс күшін қалыптастыруға қол жеткіземіз. Сондықтан да, дуальды оқыту жүйесі – өнеркәсіп саласына қажетті мамандарды даярлау мәселесін толық қанағаттандыратын негізгі жүйенің бірі болып табылады. Әрі білім беру мен кәсіпорын арасында тығыз байланыстың орнауына да үлкен септігін тигізеді. Қазіргі уақытта елбасының арнайы нұсқауымен барлық отандық компаниялар дуальды білім беру жүйесіне атсалысуда. Бұл компанияларға келген білім алушы өндірістегі тәлімгер болып табылады әрі оған жалақы тағайындалып, білім алатын болады. Сол жерден алған кәсібінің басқа мекемеде жұмыс істеуі барысында мол пайдасы тиетіндігі айтпаса да белгілі.

Дуальды жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім мен ғылым өзара байланысы мен әсерін, енгізілу тәжірибесін қамтамасыз ету арқылы кәсіби білім беру жүйесінің сапасын арттырады. [4]

Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Қазіргі кезде дуальды оқыту жүйесі – кәсіби мамандарды даярлаудың ең тиімді жолдарының біріне айналып отырған жүйе болып табылады.

Аталған бағыттардың табысты іске асуы ең алдымен білімнің сапасымен анықталатыны белгілі. Осы негізде білім мен ғылымды инновациялау мен модернизациялар экономикалық дамудың басты бағытына айналды. Бүгінде елімізде дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихи қалыптасуына деген көзқарасы жаңа қырынан жаңа бастаған шақтағы негізгі міндеттерінің бір – «білім беруді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр».

Ол үшін дуальды білім беру жүйесіне біртіндеп көшу – сапалы білім алу мен кәсіби мамандар дайындаудың негізі екендігіне сенімділік туды. Шет елдер тәжірибесінде бұл үдеріс көптеген жылдар көлемінде қолданылып, өз жемісін беріп келеді.

бүгінде дуальдық оқыту жүйесін қолдану тәжірибесі келесі артықшылықтарды айқындауымен ерекшеленеді:

- дуальдық жүйе оқытудың дәстүрлі түрлері мен әдістерінің негізгі кемшілігін: теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды;

- дуальды жүйенің механизмі негізінде, оқушыларда білім алу мен дағдыға ие болуға үлкен мотивация туады, себебі олар білім сапасының жұмыс орнында қызметтік міндеттерін орындауына тікелей байланыстылығын сезінеді;

- жұмыс берушімен тығыз байланыс кезінде жұмыс жасаушы оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескеріп отырады;

- жұмыс берушілер өндіріс талабына сай білім алушыларға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарда, дуальды оқу жүйесі бойынша модульдік оқу бағдарламаларын дайындауға қатысады;

- дуальды оқу жүйесімен оқыған оқушы белгілі құзіреттерді меңгерген кәсіби маман болып қалыптасады;

- жұмыс берушілер өздеріне қажетті мамандармен қамтамасыз етілу мәселесін шешеді.

Болашақ мамандарды сапалы даярлауда дуальды білімнің тиімділігін саралай келе, біз мұғалімдерді жоғары дәрежеде даярлауда, кәсіби іс-әрекетін толық меңгеруге мүмкіндіктерге жол ашатын «мектеп-колледж» жүйесіне дуальды білім берудің элементтерін болашақ мұғалім дайындауға енгізу – тиімді әрі, сапалы болады деп есептейміз. Қазіргі кезде мұғалімдер кадрларын даярлау өте үлкен талап қойып отыр. Мұғалімдерді кәсіби даярлауда білім беру жүйесінде дуальдық білім беру маңызды орынды алады. Соның арқасында педагогикалық кәсіби қабілеттері мен іс-әрекеттерін оқу барысында жүзеге асыра алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан–2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам, 2012 ж.
3. Абылкасымова А.Е., Уиуров Е.А., Омарова Р.С. 12летка Развитиесистемы общего среднего образования в современном мире. – Алматы: «Ғылым», 2003. – 180 с.
4. Теоретические основы содержания общего среднего образования /Под ред. В.В. Кравского, И.Я. Лернер. – М., 1983. – 289 с.

УДК 378.091.12
МРНТИ 14.09.35

Э.А. Айтенова¹, М.С. Нурамбаева²

*¹PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

*²магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

«МЕКТЕП-КОЛЛЕДЖ» ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ

Аңдатпа

Мақалада «мектеп-колледж» жүйесінде студенттерді кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлау мәселелері берілген. Педагогикалық колледж бен мектеп құрылымы болашақ мамандардың жалпы гуманистік кәсіпке дейінгі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, өздерінің кәсіби ұмтылыстарын жүзеге асыруға көмектеседі, ғылыми-педагогикалық ізденістер бағытын өзектендіреді, жүйенің түлектері санын көбейтуге, олардың мамандығына, мәртебесіне қанағаттануына және жоғары оқу орнына түсіге, сондай-ақ, колледжді аяқтағаннан кейін мектептерде жұмыс істеу мәселелері шешіледі.

Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде мектеп ресурстық орталықтың қызметін қабылдайды, бұл үздіксіз кәсіптік педагогикалық оқытудың бүкіл жүйесін гуманизациялауды білдіреді. Бұл тек болашақ педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы ғана емес, «Өмір бойы білімге» бағытталған «Адам-адам» жүйесіндегі маман дайындауды айтамыз. «Мектеп-колледж» жүйесінде студенттерді кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлау тиімділігінің сипаттамасы: гуманистік педагогикалық ұстанымның; мұғалімнің кәсіби және жеке қасиеттерінің көрсеткіштері жоғары, сондай-ақ эмпатия, шыдамдылық, шығармашылық ойлау мүмкіндіктері; іргелі кәсіптік білім мен кәсіби дағдылар; шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесі қалыптасып, дамиды.

Түйін сөздер: мектеп, колледж, үздіксіз кәсіби білім беру, студент, мұғалім-оқытушы, кәсіби және тұлғалық қасиеттер, кәсіби маман даярлау.

Айтенова Э.А.,¹ Нурамбаева М.С.²
¹PhD докторант, КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан
²магистрант, КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПОДГОТОВКА СТУДЕНТОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В СИСТЕМЕ «ШКОЛА-КОЛЛЕДЖ»

Аннотация

В статье изложены проблемы подготовки студентов к профессионально-педагогической деятельности в системе «школа-колледж». Включение в структуру педколледжа и школы позволяет решать задачу общей гуманистической допрофессиональной направленности будущих специалистов, помогает им реализовать свои профессиональные устремления, актуализировать направление собственного научно-педагогического поиска, способствует увеличению количества выпускников комплекса, удовлетворенных своей профессией, своим статусом, мотивированных на поступление в высшее учебное заведение и на дальнейшую работу в школах по завершению обучения в педколледже.

В системе непрерывного профессионального педагогического образования школа берет на себя выполнение функций ресурсного центра, что предполагает гуманитаризацию всей системы непрерывной профессиональной педагогической подготовки. При чем речь идет не только о допрофессиональной подготовке будущих педагогов, а о подготовке специалиста в системе «Человек-человек», ориентированного на образование «в течение всей жизни». Характеристики результативности непрерывной профессиональной подготовки студентов колледжа в системе «школа-колледж» являются: гуманистическая педагогическая позиция; профессионально-личностные качества учителя, также эмпатия, толерантность, креативность, способность к рефлексии; фундаментальные профессиональные знания и профессиональные умения; опыт творческой деятельности.

Ключевые слова: школа, колледж, непрерывное профессиональное образование, студент, учитель-преподаватель, профессиональные и личностные качества, подготовка профессиональных специалистов.

E.Aitenova¹, M.Nurambaeva²
¹PhD doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan
²magistrant, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

PREPARATION OF STUDENTS FOR PROFESSIONAL AND PEDAGOGICAL ACTIVITIES IN THE «SCHOOL-COLLEGE» SYSTEM

Abstract

The article describes the problems of preparing students for professional and pedagogical activities in the "school-college" system. Inclusion in the structure of the pedagogical college and the school makes it possible to solve the problem of the general humanistic pre-professional orientation of future specialists, helps them realize their professional aspirations, actualizes the direction of their own scientific and pedagogical search, helps increase the number of graduates of the complex, satisfied with their profession, their status, motivated to enter higher education institution and for further work in schools after completing the training in the pedagogical college.

In the system of continuous professional pedagogical education, the school assumes the functions of a resource center, which implies the humanitarization of the entire system of continuous professional pedagogical training. What does it mean not only about the pre-professional training of future teachers, but about training a specialist in the "Man-Man" system, focused on education "throughout life". Characteristics of the effectiveness of continuous professional training of college students in the system "school-college" are: a humanistic pedagogical position; professional and personal qualities of the teacher, as well as empathy, tolerance, creativity, ability to reflect; fundamental professional knowledge and professional skills; experience of creative activity.

Key words: school, college, continuous professional education, student, teacher-teacher, professional and personal qualities, training of professional specialists.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «... Сапалы білім мен ғылымсыз Қазақстанның келешегі жоқ! «Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятып, жүзеге асыруға мүмкіндік беретін интеллектуалдық төңкеріс қажет. Бізге халықаралық деңгейде бәсекелесуге қабілетті жан-жақты мамандар қажет!» - деп атап өткен [1].

Мектеп – болашақ негізін қалыптастыратын, ел мерейін асқақтататын тұлғалар тәрбиелейтін киелі орда, алтын ұя. Колледж, жоғары оқу орны жас жеткіншекті болаттай шынықтырып, білікті маман

иесі етіп тәрбиелейтін құтты мекен. Осы үш арнаны алтын көпірдей тоғыстыратын дарынды, жан-жақты дамыған, саналы шәкірт.

Жоғарыда аталған қағидаларды ұстана отырып Қазақстанда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибелерді, сан ғасырлық мәдени ұлттық дәстүрлерді есекере отырып, қазіргі білім мазмұнын жаңғыртуда, жаңа талаптар қоя отырып ұлттық рухта болашақ ұрпаққа бейіндік оқыту мен тәрбие беру, әрі оны психологиялық тұрғыдан алдын алу мүмкіндіктері университет, колледж бен мектеп арасындағы ықпалдастықтың кепілі екені белгілі.

Жыл сайын мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан шәкірттеріміз қазіргі таңда колледж, университет студенттері, әрі түлектері.

Мектеп және колледж, ЖОО-да Қазақстанның қарыштап дамуына үлес қосатын, халықтың, Елбасының жастарға артқан үмітін орындау жолында сан мыңдаған дарын мен ғалымды тәрбиеленетініне сеніміміз мол [2].

«Мектеп-колледж-ЖОО» кешені негізінде мектеп пен колледж, университет ықпалдастығын, шығармашылықпен жұмыс жасайтын мектеп мұғалімдері, колледж оқытушылары мен университет ғалымдарының ынтымақтастығын, ғылым мен білім сабақтастығын жетілдіру арқылы болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетін дамыту мүмкіндіктері ашылады. Сонымен қатар, қабілетті оқушыларды пән олимпиадаларына дайындауда, дарынды балалармен жұмыс жасауда мектеп мұғалімдеріне ғылыми-әдістемелік көмектер көрсетіліп, танымдық жиындар, конференциялар мен семинарларға мектеп оқушылары мен қызметкерлерінің қатысып отыруына қолдау көрсетіледі.

Біздің қарастыратын мәселеміз «мектеп-колледж» жүйесінде студенттерді кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлау болып отыр.

Сонымен, «мектеп-колледж» жүйесінде үздіксіз кәсіби даярлауды зерттеу - кешеннің әрбір құрылымдық компоненттері мен жүйелік-қызметтік ерекшеліктерінің сипаттамалары, біртұтас педагогикалық процесі мен студенттердің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлауды құру шарттарымен қамтамасыз ету болып табылады.

«Мектеп-колледж» жүйесін дамытудың негізгі мақсаты – тұлғаның мәдени сәйкестендіруін, әлеуметтенуі мен дараландыруын қамтамасыз ететін білім алушының, баланың, студенттің жеке тұлғасын дамыту үшін біртұтас мәдени және білім беру кеңістігін құру, колледж түлектерінің кәсіби педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, оның кез-келген білім кеңістігіне шұғыл түрде ене алатын және студенттерді жоғары кәсіби мектеп жағдайына сәтті бейімделуін жүзеге асыру [3].

«Мектеп-колледж» жүйесінің іс-әрекеттік мақсаты – қазіргі заманғы педагогикалық ғылымның міндеттеріне жауап бере алатын кәсіби педагогикалық білім беруді дамытудың өңірлік бағдарламасын жүзеге асыру және оның орталық звеносы білім беру мен тәрбие үрдісін ұйымдастыру болып табылады, яғни тұлғаның өзін-өзі дамыту мақсатында білім алушылар мен студенттерді, мұғалімдер мен оқытушыларды оқу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттеріне ынтымақтасып қалыптастыру.

Осы мақсаттарды іске асыру тұлғаның гуманистік бағыттылығын қалыптастырып қана қоймай, әлемге және өздігінен мотивациялық пен құнды қатынастарды қалыптастыру негізінде адамның мінез-құлқы мен белсенділігін реттеудің иерархиялық, көп деңгейлі жүйесін құруды қамтамасыз етеді.

«Мектеп-колледж» жүйесі – педагогикалық колледждің құрылымдық бөлігі ретінде:

- түлектердің көп векторлық және нормативтік кәсіби-білім беру траекториясымен қамтамасыз етеді;
- ауыл мектептері мен қалалық мектептерде жұмыс істеуге кәсіби бағдарланған және жоғары оқу орындарының сырттай бөлімінде, қайта даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесінде педагогикалық білім беруді жалғастыратын көптеген түлектерді қамтамасыз етеді;
- студенттер үшін қажетті білім деңгейі мен жоғары мектепте табысты білім алуды қамтамасыз етеді.

«Мектеп-колледж» жүйесінде педагогикалық колледждің негізгі қызметтері болып: тұлғалық маңызды құндылықтар, өзара әрекеттестік тәжірибесіне қатынасы, мазмұнды кәсіптік және білім беру себептерін қалыптастыру арқылы теориялық және практикалық кәсіптің негіздерін - **«білім - өзім үшін - мағынасы ретінде»** – субъективті мәнін қалыптастыру үшін жағдай жасау мен оны меңгеру болып табылады [4]. Осылайша, біздің ойымызша, педагогикалық колледждің білім беру үрдісінде үздіксіз тұлғаға бағдарланған кәсіптік білім беруге эмоциялық құндылықтар, тұлғалық элементтерді кіріктіру мазмұны оқу үрдісінде субъектаралық қарым-қатынас тәжірибесімен анықталады.

Егер базалық мектеп ресурстық орталық ретінде жұмыс істейтін болса, онда ҒӘЖ жағдайында келесі міндеттерді шешуге болады:

- студенттердің білім алу қажеттіліктерін анықтау;
- студенттерге ғылыми-білім беру, ақпараттық және кеңес беру көмектерін көрсету;
- үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беруді ұйымдастыруға қатысу және т.б.

Оның негізгі іс-әрекет бағыттары:

1. Ақпараттық және кеңес жүргізуді қолдау жүйесін құру: кітапхана және деректер базалары, пән бойынша сабақтарды ұйымдастыру және өткізу, әдістемелік көмек көрсету, элективті курстардың апробациясы және іске асырылуы, жеке білім беру бағдарламалары, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру.

2. Жаңа ақпараттық технологияларды педагогикалық үдерісіне енгізу;

3. Жүйенің табыстылығын бақылау.

Үздіксіз кәсіптік оқыту жүйесінің негізгі мектебінің ұйымдық-құқықтық аспектілері:


- мектеп мұғалімі мен колледж оқытушының позицияларының екі жақтылығы (дуальдігі): біріншіден, мектеп мұғалімдерінің көпшілігі – педагогикалық колледж түлектері, екіншіден, осы мұғалімдер сондай-ақ, оқушылар немесе студенттердің сынып жетекшілері – маманның кәсіби мәдениеті мен балалық шақ және жасөспірімдік шақтың субмәдениеті арасындағы делдал ретінде әрекет жасайды. Сондықтан «мектеп-колледж» жүйесінде мұғалімнің кәсіби қызметін модельдеу кәсіптік даярлық деңгейінде де, мұғалімнің кәсіби қызметінің деңгейінде де инновациялық тәжірибені кеңейтуге мүмкіндік береді, студенттерді кәсіби-педагогикалық даярлауды ұйымдастыру үшін бірегей жағдайлар жасайды;

- мектеп оқушыларының екі жақтылық (дуальдік) позициясы – оқытушының (мұғалімнің) іс-әрекет мазмұнына педагогикалық колледж студентінің жеке (оқушылық) тәжірибесін енгізуді көздейді;

- болашақ педагогтардың өмірлік іс-әрекеті мен білім беру нормасы болып – студенттердің өмір сүру тәжірибесін мұғалімнің инновациялық іс-әрекетіне енгізу тәжірибесін жүзеге асырады;

- студенттерді кәсіби даярлауда олардың тұлғалық мәнділігін, ерекшелігін мен қызығушылықтарын жетілдіру үздіксіз кәсіптік білім беруге даярлау түлектердің кәсіби мәдениетін жоғары дәрежесімен қамтамасыз етеді.

Кесте 1 – «Мектеп-колледж» жүйесінде үздіксіз кәсіби педагогикалық даярлау кеңістігі [5]



Сонымен, педагогикалық колледж бен мектеп құрылымы болашақ мамандардың жалпы гуманистік кәсіпке дейінгі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, өздерінің кәсіби ұмтылыстарын жүзеге асыруға көмектеседі, ғылыми-педагогикалық ізденістер бағытын өзектендіреді, жүйенің түлектері санын көбейтуге, олардың мамандығына, мәртебесіне қанағаттануына және жоғары оқу орнына түсуге, сондай-ақ, колледжді аяқтағаннан кейін мектептерде жұмыс істеу мәселелері шешіледі.

Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде мектеп ресурстық орталықтың қызметін қабылдайды, бұл үздіксіз кәсіптік педагогикалық оқытудың бүкіл жүйесін гуманизациялауды білдіреді. Бұл тек болашақ педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы ғана емес, «Өмір бойы білімге» бағытталған «Адам-адам» жүйесіндегі маман дайындауды айтамыз. «Мектеп-колледж» жүйесінде студенттерді кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлау тиімділігінің сипаттамасы: гуманистік педагогикалық ұстанымның; мұғалімнің кәсіби және жеке қасиеттерінің көрсеткіштері жоғары, сондай-ақ эмпатия, шыдамдылық, шығармашылық ойлау мүмкіндіктері; іргелі кәсіптік білім мен кәсіби дағдылар; шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесі қалыптасып, дамиды деп қорытындылаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы–2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – Астана, 2012. – 12 желтоқсан.

2 Қасымбек Ж. ЖОО мен мектеп арасындағы ынтымақтастық – шығармашылық кепілі. // Білім беру саясаты. №1 (41) – 2013.

3 Образовательный комплекс «школа-колледж-вуз» как пространство становления педагогической культуры будущего специалиста. Концептуальная модель развития Константиновского педагогического колледжа. Константиновск, 1998. – 46 с.

4 Бондаревская Е.В. Ценностные основания личностно-ориентированного воспитания. // Педагогика, 1995. №11. – 23 с.

5 Маштакова Е.Н. Непрерывная профессиональная подготовка студентов в системе УНПК «Базовая школа – педколледж» как условие становления готовности к педагогической деятельности: к.п.н... диссер. – Ростов на Дону, 2005. – 60 с.

ӘОЖ 37.091.21
МРНТИ 14.35.07

А.Б. Нұрлыбекова¹, А.Е. Боранбай²

¹ *п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан*

² *6М010300–Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан*

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІН КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерін кәсіби өзін-өзі дамытуға даярлау мәселесі қарастырылған. Кәсіби өзін-өзі дамыту үдерісінің мәнін, құрылымын нақтылауға әрекет жасалынған. Жоғары оқу орынында болашақ мұғалімдерді кәсіби өзін-өзі дамытуға даярлаудың мазмұндық сипаттамасы берілген. Білім беруді жаңғырту жағдайларында болашақ мұғалім өзін-өзі дамытудың дағдылары мен икемділіктері анықталған. Жоғары оқу орындары педагогикалық мамандықтары оқу-әдістемелік кешендерін жүйелі талдау нәтижесінде қазіргі таңда жоғары педагогикалық білім беру мазмұнында болашақ мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі дамыту мәселесі әлі де жеткілікті көрініс таппай отырғандығы атап өтілген. Студенттерді өзіндік болашақ кәсіби тұрақты дамуға даярлау, негізінен кәсіби-тұлғалық даму туралы жалпылай түсініктер беру мен қарапайым икемділіктерді қалыптастыру шеңберінен тыс шықпай отырғандығы анықталған. Болашақ педагог мамандардың өзіндік дамуға даярлаудың жүйелілігі мен бірізділік сипатына ерекше назар аударылған. Студент тұлғасын кәсіби дамытатын, жоғары оқу орынында рухани-адамгершілік ортасын қалыптастыратын факторлар атап көрсетіліп, оларға сипаттама берілген. Кәсіби дамудың мазмұндық сипаттамалары нақтыланған. Жоғары оқу орындары педагогикалық мамандықтары студенттерін кәсіби-тұлғалық өзіндік дамуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталған

және оның негізгі бағыттары атап көрсетілген. Болашақ педагог мамандардың кәсіби-тұлғалық өзіндік дамуға даярлығы деңгейін анықтаудың критерийлері нақтыланған.

Түйін сөздер: педагогикалық мамандықтар, студент, болашақ мұғалім, кәсіби өзін-өзі дамыту, кәсіби өзін-өзі дамытуға даярлық, кәсіби сана-сезім, кәсіби білімдер мен икемділіктер.

А.Б. Нурлыбекова¹, А.Е. Боранбай²

*¹д.п.н., профессор, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
г.Шымкент, Казахстан*

*²магистрант 2 курса специальности 6М010300 –«Педагогика и психология»
Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
г.Шымкент, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ САМОРАЗВИТИЮ

Аннотация

В статье рассматривается проблема подготовки студентов педагогических вузов к профессиональному саморазвитию. Уточнены сущность и структура профессионального саморазвития. Дана содержательная характеристика подготовки будущих учителей к профессиональному саморазвитию в вузе. Определены навыки и умения профессионального саморазвития педагога в условиях модернизации школьного образования, непрерывного обновления содержания труда педагога и требований к его профессионально-личностным качествам. На основе анализа содержания учебно-методических комплексов педагогических специальностей вузов отмечается, что в содержании педагогического образования до сих пор недостаточно полно отражаются цели формирования готовности будущих педагогов к профессиональному саморазвитию. Подготовка будущих педагогов к устойчивому саморазвитию часто ограничивается формированием общих представлений и элементарных умений профессионально-личностного саморазвития. Обращается внимание на целенаправленный и системный характер процесса подготовки будущего учителя к профессиональному саморазвитию. Выделены и охарактеризованы факторы профессионального развития и формирования развивающей духовно-нравственной среды в вузе. Уточнены содержательные характеристики профессионального саморазвития педагога. Определены педагогические условия и основные направления подготовки будущего учителя к профессиональному саморазвитию в учебно-воспитательном процессе вуза. Уточнены критерии готовности будущего учителя к профессиональному саморазвитию.

Ключевые слова: педагогические специальности, студент, будущий учитель, профессиональное саморазвитие, готовность к профессиональному саморазвитию, профессиональное самосознание, профессиональные умения и навыки.

Nurlibekova A.B.¹, Boranbay A.E.²

*¹d.p.s., professor of the South Kazakhstan State University named by M.Auezov
Shymkent, Kazakhstan*

*master² 2nd course speciality of “Pedagogical and Psycholog”
South Kazakhstan State University named by M.Auezov
Shymkent, Kazakhstan*

FEATURES OF THE PREPARATION OF STUDENTS OF PEDAGOGICAL SPECIALTIES TO PROFESSIONAL SELF DEVELOPMENT

Abstract

The article deals with the problem of preparing students of pedagogical universities for professional self-development. The essence and structure of professional self-development is specified. The content of the training of future teachers for professional self-development in the university is given. The skills and abilities of the professional self-development of the teacher are determined in the conditions of modernization of school education, continuous updating of the teacher's work content and requirements to his professional and personal qualities. On the basis of the analysis of the content of educational and methodological complexes for pedagogical specialties of higher educational institutions it is noted that the content of pedagogical education is still not sufficiently fully reflected in the goals of forming the readiness of future teachers for professional self-development. The preparation future teachers for sustainable self-development is often limited to the formation of general ideas and elementary skills of professional-personal self-development. Attention is drawn to the purposeful and systematic nature of the process of preparing the future teacher for professional self-development. The factor of professional development and formation of the developing spiritual and moral environment in the university are singled out and characterized. The content characteristics of the professional self-development in the educational process of the university are determined. The criteria of the future teacher's readiness for professional self-development are specified.

Key words: pedagogical specialties student, future teacher, professional self-development, readiness professional self-development, professional self-awareness, professional skills.

Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жаңартылған білім беру мазмұнына көшу міндеттері алға қойылып, олар педагог мамандарды кәсіби дайындау мәселесінің ерекше маңыздылығын арттырады [1].

Мектепте білім беруді жаңғырту міндеттерін іс-жүзіне асырудың маңызды факторы – мұғалімдердің ұдайы өзіндік кәсіби дамуға деген бағытталғандығы. Мұғалімнің кәсіби дамуының үздіксіз, тұрақты үдеріс болуы – заман талабы. Педагог маман әр күні, әр сағатта дамуы зәру. Өзіндік кәсіби-тұлғалық даму заманауи мұғалімнің өмірлік кредосына айналуы қажет.

Кәсіби дамуға даярлықтың іргетасы жоғары оқу орнында, болашақ педагог тұлғасын қалыптастырудың барлық сатысында жүзеге асырылуы – педагогикалық заңдылық. Студент кәсіби білім алу мен бірге, кәсіби өзін-өзі жетілдіруге даярлық туралы білімдер, оған қажетті дағдылар мен икемділіктерді меңгереді.

Педагогикалық мамандықтардың студенттері нарық заманында еңбек рыногында бәсеке қабілетті маман бірінші кезекте кәсіби дайындық деңгейі жоғары болуы, сонымен бірге өзін-өзі кәсіби және тұлғалық дамытуға дағдыланған болуы керектігін жақсы пайымдаған болуы тиіс.

Білім берудің жаңалықтарға толы, икемді даму жағдайларында болашақ мұғалім өзін-өзі дамытудың мынандай дағдылары мен икемділіктерін меңгерген болуы керек:

- кәсіби білімдері мен икемділіктер жүйесін;
- педагогикалық қарым-қатынас дағдыларын;
- инновациялық білім беру жағдайларына тез бейімделетін, жаңалықтарды жылдам қабылдайтын және қолданатын болу;
- кәсіби ұтқыр маман болуы.

Дегенмен, бәсекеге қабілеттілік, оны сақтап тұру және дамыту өзіндік білім алу мен өзіндік даму икемділіктерісіз қалыптасуы да, дамуы да мүмкін емес. Сол себепті, жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандарды даярлауда студенттерді кәсіби өзін-өзі дамытуға даярлығын қалыптастыру арнаулы назар аударылатын мәселе болуы қажет.

Педагогтардың кәсіби өзін-өзі дамытуы олардың педагогтық қызметті жүзеге асырудағы қалыптасқан кәсіби бағыттылығын, кәсіби өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін, рефлексивті ептіліктерін дамығандығын қажеттейді [2].

Жоғары оқу орындары педагогикалық мамандықтары оқу жұмыс жоспарлары мен оқу-әдістемелік кешендерін жүйелі талдау нәтижесінде, қазіргі таңда оқу-жоспарлау құжаттарда болашақ мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі дамытуы мәселесі әлі де жеткілікті көрініс таппай отырғандығын анықтауымызға мүмкіндік береді. Педагогикалық мамандықтардың оқу-әдістемелік кешендерінде болашақ маманды кәсіби өзін-өзі дамытуға бағыттаудың айқын көрініс таппай отырғандығы байқалады. Дер кезінде студенттің бүкіл жоғары оқу орнында білім алу кезінде кәсіби өзіндік дамуының жекедара ерекшеліктері ескерілмеген. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өзіндік дамуы отандық педагогикалық зерттеулерде жан-жақты зерттелмеген. Ресейлік ғалымдардың осы бағыттағы бірнеше диссертациялық жұмыстары мен мақалалары жарық көрген [2;3;4].

Атап айтқанда, тұлғаның өзіндік даму мәселелері философиялық, әсіресе психологиялық еңбектерде көбірек қарастырылған [5;6;7]. Педагогикалық тұрғыдан болашақ мұғалімнің кәсіби өзіндік даму мәселелерінің зерттелінмеген аспектілері көп. Олардың бірі – болашақ мұғалімнің кәсіби өзіндік дамуға даярлығын қалыптастыру мәселесі.

Жоғары оқу орындарында педагогтардың басым көпшілігі студенттерді өзіндік дамуға дайындауға қазіргі жаңа білім беру тұғырларының өзі жеткілікті деп есептейді. Кредиттік оқу жүйесі студентті кәсіби білімдерді өзіндік игеруге, ал өзіндік білім алу тәсілдерін өзіндік оқу жұмыстарын орындау жолымен меңгеруге мүмкіндік береді.

Бірақ, өзіндік білім алу – өзіндік дамудың бір бөлігі, құрамасы, сатысы. Осымен өзіндік даму мәселесі толық өз шешімін таппайтындығын тәжірибе айқын көрсетеді. Соңғы жылдардағы ресейлік ғалымдардың зерттеулері осыған анық дәлел бола алады.

Өзіндік кәсіби-тұлғалық даму – күрделі үдеріс. Оның құрамына өзіндік білім алумен бірге кәсіби маман дамуы мен табысты еңбегінің негізгі шарттары – тиді жоспар құру, өзін табысты еңбек етуге мотивациялау, кәсіби қызығушылығын өзіндік дамыту, өзін ұйымдастыру, рефлексия дағдылары мен икемділіктері жатады.

Жоғары оқу орындары педагогикасы адамның кәсіби дамуын жеделдетудің құралдарын әзірлеуге ерекше назар аударуда. Бірақ, педагогикалық зерттеу жұмыстарында кәсіби дамуға даярлау студенттің болашақ кәсіби қызмет жағдайларын модельдейтін оқу жағдайларында жүзеге асырылады. Қарапайым айтқанда, студентті маман ретінде дамыту негізінен «өндірісте» емес, аудиторияларда жүзеге асырылады. Бір жағынан бұл дұрыс, өйткені студентке сол өндірісті үйретуге арнайы оқу-танымдық жағдайлар жасалынады. Дегенмен, шынайы кәсіби тәжірибе беретін көптеген сезімдер мен эмоциялар, білімдер мен дағдылар, ынта-жігерлер мен ұмтылыстарды студент жоғары оқу орынында өндіріс жағдайындағыдай қабыладай алмайды.

Студенттерде кәсіби маңызды тұлғалық сапаларды қалыптастырудың шарты ретінде өзіндік кәсіби даму туралы түсініктерді қалыптастыру, жалпылай түсініктермен қарапайым икемділіктерді қалыптастыру шеңберінен әрі отпей отыр.

Тұлғаның өзіндік дамуының маңыздылығы оның түзетуші қызметімен анықталады. Студент өзінің айналадағы шындықтың әр түрлі тараптарына субъективті қатынасына қарай шешімдер қабылдайды. Бұл салаға өзіне әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретіндегі қатынасы да жатады. Маманның кемелділік дәрежесі өзіндік шешімдер қабылдау және күрделі жағдайларда саналы түрде таңдау жасаумен анықталады. «Психолог-ғалымдар кәсіпті өзіндік таңдаған, қалыптасқан қатынастар мен құндылықтар жүйесі негізінде, жұмыс жағдайларына жылдам және жеңіл бейімделеді», - деген тұжырым жасайды [6, 71 б.].

Студенттің тұлғалық өзіндік дамуы және омен байанысты педагогтың өзіндік даму мәселесі жоғары педагогикалық білім беру жүйесі оқу-тәрбие үдерісін ізгілендірудің факторы, шарты, құралы мен критерийсі болып табылады. Педагогикалық жоғары оқу орындарында рухани-адамгершілік ортасын жасайтын барлық нәрселер кәсіби білім берудің құралы болып табылады. Студент тұлғасын кәсіби дамытатын, жоғары оқу орнында рухани-адамгершілік ортасын қалыптастыратын факторлар ретінде мыналарды атап өтуге болады:

- студенттер арасындағы қарым-қатынастың сипаты;
- оқыту үдерісінде педагогикалық қарым-қатынас және өзара әрекеттесудің стилі;
- біріккен оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- оқытушылар мен студенттердің бейресми қарым-қатынастары.

Егерде жоғары оқу орнында бұл қатынастардың бәрінің руханилығы сақталынса, онда мұндай қатынастар студенттер мен оқытушылардың тұлғалық-кәсіби дамуының маңызды факторына айналады. Білім беру үдерісі субъектілерінің белсенді тұлғалық өзіндік дамуы бұл жағдайда жоғары педагогикалық оқу орнының дамығандығы өлшеміне айналады.

Студенттердің өзіндік дамуы үдерісін қамтамасыз ету жоғары оқу орнында оқу-тәрбие үдерісінің маңызды элементі болып табылады. Өзіндік даму дегеніміз, тұлғаның өзіндік адамгершілік, зияткерлік және әлеуметтік қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өзінің дене, психикалық және рухани күштерін өзін тұтас тұлға идеясының бейнесі дәрежесіне дейін саналы, сапалы және артқа қайтпайтындай өзгертуі.

Өзіндік даму – тұлғаның өз бетінше, тұтас, құндылықтарға бағдарланған өзін-өзі үздіксіз өзгертуі және жеке-дара тәжірибесін ішкі «Мен» бейнесіне, өзекті әлеуметтік күтулеріне сәйкес байытуы. Өзіндік даму адамның өзін өзгертуге, мұндай өзгерулердің құралдарын меңгеруге ұмтылысы.

Кәсіби өзіндік даму мәселесінің негізгі идеясы – бұл тұлға дамуының іс-әрекет пен анықталуы. Сол себепті көптеген зерттеу жұмыстарында адам оның өзі айналысатын кәсіпке сәкестігі және ондағы қызметінің табыстылығы жағынан зерттелінеді. Кәсіби өзіндік даму тұлғалық даму мен кәсіпқойлықтың бірлігі нәтижесімен ғана мүмкін.

Кәсіби дамудың мазмұндық сипаттамаларына мыналар жатады:

- кәсіби өзіндік сана-сезім, өзін кәсіпқой адам ретінде қабылдау;
- ұдайы өзін-өзі анықтау;
- кәсіби қабілеттерді өзіндік дамыту;
- өз дамуын, кәсіби дамудың өзіндік стратегиясын жобалау, жоспарлау және жүзеге асыру.

Кәсіби өзін-өзі дамытудың әртүрлі тұжырымдамаларын талдау арқылы өзіндік дамудың мәнін анықтаудың екі негізгі тұғыры анықталды. Олардың бірі – тұлғаның дамуы және өзіндік дамуымен байланысты, екіншісі адамның кәсіби қызметтің белгілі бір жүйесіне кіруімен анықталады.

Бұл екі тұғырды бірлестіруші – адамның жеке-дара ерекшеліктерінің және әлеуметтік-мәдени ортаның өзара әсерлесуі, тұлғалық даму мен кәсіби қалыптасуының тәуелділігі туралы тұжырым.

Кәсіби өзін-өзі дамытудың педагогикалық шарттары ретінде психолог және педагог ғалымдар өзіндік білім аруды атап көрсетеді. Өзіндік білім алу өзіндік дамудың негізі болып табылады. Кәсіби өзіндік білім алу педагогикалық ынтымақтастық принциптері, рефлексивтік қабілеттерді дамытуға бағытталған өзіндік даму әдістері көмегімен жүзеге асырылады.

Бірақ озық тәжірибелер болашақ педагог маман тұлғасының кәсіби-тұлғалық өзіндік дамуы үдерісінің нәтижелілігі тек өзіндік білім алумен шектелмеу тиістігін көрсетеді. Жоғары оқу орындарында кредиттік оқыту жүйесінде студенттің өзіндік білім алуына ерекше назар аударылады. Дегенмен, бұл жағдай әрқашанда болашақ маманның үздіксіз кәсіби-тұлғалық дамуын толық қамтамасыз етпейтіндігін көрсетеді. Өзіндік даму студенттің тек өзіндік білім алу емес, өзіндік кәсіби-тұлғалық дамудың маңыздылығын жете пайымдауын қажет етеді. Болашақ маманның өзін-өзі кәсіби-тұлғалық жетілдіруге мотивациясы, ынта-жігері, қызығушылығы жоғары болуы керек. Студент табысты тұлғаларға еліктеп, олардың өмірлік жолына қызығушылық танытып, өзідіген дамуды мақсат етуі мүмкін. Дер кезінде оның алдында «Қалай даму керек?», «Қай бағыттарда өзіндік жетілу керек?» сыңары сұрақтар турады. Демек, мәселе болашақ педагог маманға өзіндік даму әдістерін меңгертуде. Студент өзіндік кәсіби және тұлғалық дамудың озық технологияларын игеріп алуы керек. Әдетте жоғары оқу орындарындағы дәрістер мен семинар сабақтары мұндай икемділіктерді қалыптастыруға мүмкіндік бере алмайды. Сабақтарды тренингтер түрінде ұйымдастыру жақсы нәтижелер береді. Өзіндік даму дағдылары мен икемділіктерін машықтануға арнаулы білімдік орта қалыптастыру керек.

Болашақ педагог мамандарды кәсіби-тұлғалық өзіндік дамуға даярлаудың тағы бір шарты – оларды өзіндік даму нәтижелерін талдауға баулу. Дамудың белгілі сатысында талдаулар жасалынмайтын болса, қорытындылар шығарылып, түзетулер жасалынмаса, онда өзіндік даму уақтылы құбылысқа айналып қалады. Рефлексия дағдыларын қалыптастыру өзіндік дамуға даярлықтың маңызды педагогикалық шарты болып табылады.

Болашақ педагогті кәсіби өзін-өзі дамытуға даярлау үдерісінің нәтижесі – кәсіби өзіндік дамуға даярлық. Кәсіби өзіндік даму мәселелеріне арналған психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді және озық тәжірибелерді талдау, педагогикалық мамандық иелерінің кәсіби даму құзыреттіліктері ерекшеліктерін, жоғары оқу орындарында педагог мамандарды даярлау үдерісінің сипатын ескеру негізінде студенттің кәсіби өзіндік дамуға даярлығын қалыптасқандығының мынандай критерийлерін анықтадық:

- тұрақты кәсіби өзіндік дамудың маңыздылығын пайымдау;
- кәсіби-педагогикалық өзіндік дамудың мәні, бағыттары, мазмұны мен әдістері туралы тәжірибелік бағытталған білімдерді болуы;
- өзіндік дамуға мотивацияның болуы;
- кәсіби-педагогикалық өзіндік даму дағдылары мен икемділіктерінің қалыптасқандығы (өзіндік даму мақсаттарын анықтау, өз даму деңгейін бағалау, өзіндік дамуды жоспарлау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін бақылау, өзіндік дамуына талдау жасау және өзіндік даму деңгейіндегі өзгерістерді бағалай алу, жаңа даму міндеттерін қою);

Қорыта келе, кәсіби өзін-өзі дамыту тұлғалық және кәсіби маңызды үдеріс. Оның мазмұнына кәсіби өзіндік сана-сезім, ұдайы өзін анықтау, кәсіби қабілеттерді өзіндік дамыту, өз дамуын, кәсіби дамудың өзіндік стратегиясын жобалау, жоспарлау және жүзеге асыру жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. Гомзякова И.П. Формирование компетентности студентов в вопросах личностного саморазвития // Автореф... дис. канд. пед. наук. – СПб., 1999. – 23 с.
3. Ефимова Е.И. Саморазвитие как фактор становления будущего инженера. – М., 2001. – 61 с.
4. Маралов В. Г. Основы самопознания и саморазвития: Учеб.пособие для студентов сред. проф. образования. - М.: Академия, 2002. – 250 с.
5. Битянова Н. Р. Проблема саморазвития личности в психологии. – М.: Флинта 1998. – 46 с.
6. Вазина К. Я. Модель саморазвития человека: концепция, технологии. – Нижний Новгород, 1999. – 255 с.
7. Куликова Л.Н. Проблемы саморазвития личности. – Благовещенск: Изд-во БГПУ, 2001. – 342 с.
8. Алметов Н.Ш. Өзін-өзі дамыту менеджменті (Мемлекеттік қызметкердің персоналды менеджменті): оқу құралы. – Шымкент, 2014.

ӘОЖ 371.3
МРНТИ 14.01.85

Қ.Н. Сарыбекова¹, М.К. Нұрпеисов², Б.Т. Сұрабалдиева³

¹ п.ғ.к., доцент, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті
Тараз қ., Қазақстан

² п.ғ.м., аға оқытушы, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Тараз қ., Қазақстан

³ п.ғ.м., оқытушы, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Тараз қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада соңғы он жылда Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық тұрғыда болып жатқан түбегейлі өзгерістер, әсіресе білім беру жүйесіндегі өзгерістерге, атап айтқанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық алғышарттарын ұтымды қолдану арқылы қалыптастырудың мазмұны көрсетілген. Ғылыми мақалада авторлар технологиялық мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық алғышарттарын анықтап, оларды ұтымды пайдаланудың мүмкіндіктері мен көкейкесті мәселелерін ашып және оны тексеруден өткізген эксперименттік жұмыс талданған. Мақала тақырыбының өзектілігін, болашақ мұғалімдердің технологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық алғышарттарын айқындай түскен.

Мектеп мұғалімдерінің технологиялық мәдениетінің қазіргі жағдайы мен оны оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алуларының дидактикалық мүмкіндіктері анықталған. Мектеп мұғалімдерінің технологиялық мәдениетінің қазіргі жағдайы мен оны оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алуларының дидактикалық мүмкіндіктері нақтыланды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық алғышарттарын айқындай түсуге көмектесетін факторлар көрсетілген.

Түйін сөздер: ақпараттық сауаттылық, ақпараттық технология, жана ақпараттық технологиялар, инновация, компьютерлік сауаттылық, мониторинг, мультимедиялық технологиялар.

Сарыбекова К.Н.¹, Нұрпеисов М.К.², Сұрабалдиева Б.Т.³

¹ к.п.н., доцент, Таразского государственного педагогического университета
г. Тараз, Казахстан

² м.п.н., старший преподаватель, Таразского государственного педагогического университета
г. Тараз, Казахстан

³ м.п.н., преподаватель, Таразского государственного педагогического университета
г. Тараз, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРЕДУСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В Республике Казахстан за последние десятилетия произошли коренные изменения в социально-экономической области, в том числе в системе образования. Однако необходимость адаптации системы образования к новой социально-экономической среде в быстро меняющемся современном мире предъявляет новые требования к подготовке конкурентноспособных и компетентных специалистов сферы образования. Это в свою очередь относится к подготовке будущих учителей.

В связи с этим, в статье раскрыта специфика реализации профессиональной деятельности в современных условиях, в структуре профессиональной деятельности учителя. Особую значимость приобретает информационно-инновационная, исследовательская деятельность, эффективность реализации которой определяется уровнем актуализации готовности будущего учителя. Анализ характеристик «умений» учителя показывает, что использование информационно-инновационной технологий способствует их совершенствованию, повышает уровень мастерства специалиста. Авторы излагают вопросы определения, описания, классификации технологической культуры. Однако заметили, что отсутствуют специальные педагогические предпосылки, в которых обосновывается и выстраивается система подготовки будущих учителей к использованию инновационно-информационной технологий.

Ключевые слова: информационная грамотность, информационная технология, новая информационная технология, инновация, компьютерная грамотность, мониторинг, мультимедийные технологии.

Sarybekova K.N.¹, Nurpeisov M.K., Syrabaldieva B.T.

¹k.p.s., associate professor at Taraz state pedagogical University,
Taraz, Kazakhstan

m.p.s., senior lecturer at Taraz state pedagogical University,
Taraz, Kazakhstan

m.p.s., lecturer at Taraz state pedagogical University,
Taraz, Kazakhstan

PEDAGOGICAL PRECONDITIONS OF FORMATION OF TECHNOLOGICAL CULTURE OF FUTURE TEACHERS OF NATURAL CLASSES

Abstract

In the Republic of Kazakhstan over the past decade, there have been fundamental changes in the socioeconomic field, including in the education system. However, the need to adapt the education system to a new social and economic environment in a rapidly changing world presents new requirements for the training of competent and competent education specialists. This in turn refers to the training of future teachers.

In this regard, the article discloses the specifics of the implementation of professional activity in modern conditions, in the structure of the professional activity of the teacher. Of particular importance is the information-innovation, research activity, the effectiveness of which is determined by the level of actualization of the readiness of the future teacher. An analysis of the characteristics of the "minds" of the teacher shows that the use of information and innovation technology contributes to their perfection, raises the skill level of the specialist.

The authors describe the issues of the definition, description, classification of technological culture. However, we noticed that there are no special pedagogical preconditions in which the system of training future teachers for the use of innovative information technology is justified and built.

Key words: information literacy, information technology, new information technology, innovation, computer literacy, monitoring, multimedia technologies.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарындағы Қазақстан халқына арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы – біздің еліміздің стратегиялық даму курсының жүзеге асуын лайықты жалғастырудың кепілі болып отыр. Жолдаудың жетінші міндеті – «Адами капитал – жаңғыру негізі» болып көрсетілді. Біз білім берудің жаңа сапасын, яғни, оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуы тиіс екендігі баса назармен айтылды. Яғни, өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет екендігі көрсетілді [1].

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында технологиялық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Технологиялық мәдениетті, сауатты адам-ақпараттың қажет кезін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын пайдалана білуі керек.

Адамзаттың қолы жеткен ең үлкен табыстарының бірі – осы. Оны шектен тыс ашық қолдана берсе, жастар санасын улайтын да нәрсеге айналып кетуі мүмкін. Бұл ақпараттың пассивті түрде пайдаланатын бөлігінің артуына байланысты болып отыр. Интернеттің кең таралуына орай ақпарат таратудың бақылауға көнбейтін кері процесінің күнен-күнге артып бара жатқаны байқалады.

Қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғанған адам – ол технология ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, әрі жан-жақты адам. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Қорытындысында білім беру – адамға үздіксіз оқуға, білім алуға жан-жақты білім қызметін ұсынатын әлеуметтік институт болуы керек.

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүние-жүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр.

Педагогика ғылымында шарттарды объективті және субъективті деп ажыратады. Философтар шарттарды қажетті және жеткілікті деп бөліп қарастырады. Шарт оқиға салдарының, заттар өзгеруінің және әлемнің объективті құбылысын анықтаушы ретінде қарастырылады.

Сондықтан, біз «алғышарт», «жағдай», «педагогикалық әдістемелік шарт» деген ұғымдардың мәнін талдауға көңіл аудардық. «Шарт», «жағдай» деген ұғымдар қазақ тілінде бір мағынаны білдіре бермейді, дей тұрғанмен, біздің зерттеуіміздің осы тарауында біз «педагогикалық алғышарт – педагогикалық жағдай» ұғымындарын синоним ретінде пайдаланғанымызды ескертуді жөн көрдік. «Шарт», «жағдай» ұғымдарының көптеген анықтамаларын талдау оларда төмендегідей жіктеуге мүмкіндік берді:

- Біріншіден, бұл – белгілі заттың, дененің, өзін қоршаған ортаға құбылыстарға қатынасын білдіретін философиялық категория, яғни, дене, зат жағдайға (шартқа) тәуелді, ал жағдай (шарт) – ол денеге, затқа сырттай ықпал жасайтын, объективті әлемнің алуан түрлі құбылыстары; белгілі құбылысты немесе үрдісті дүниеге әкелетін себепті күштен шарттың немесе жағдайдың айырмашылығы, ол – пайда болған құбылысқа, нәрсеге, затқа өмір сүретін және әрі қарай дамуға мүмкіндік беретін орта болуында;

- Екіншіден, бұл – өзіне бір нәрселердің тәуелді жағдайы;
- Үшіншіден, бұл – өмірдің қоғамның қажеттілігіне орай қалыптасқан ережелер, ұстанымдар;
- Төртіншіден, басшылыққа алынатын талаптар [2, 33 б.].

Шарт – бұл белгілі бір объектінің қызмет етуінің негізі болып табылады. Кез келген ғылым аясында шарттар объективті және субъективті, қажетті және жеткілікті болып бөлінеді.

Осы қағиданы басшылыққа алып болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық алғышарттарын пайымдадық.

Аталған қағиданы басшылыққа ала отырып, педагогикалық алғышарттарды былайша жіктедік:

1. Педагогикалық әдебиеттердегі технологиялық мәдениет, ақпараттық құзырлылықтың қалыптасу факторлары.

2. «Технологиялық мәдениет» ұғымының бірізбен жүйеленуі.

3. Болашақ мұғалімдердің технологиялық мәдениетін қалыптастыру моделінің жасалуы.

4. Болашақ мұғалімдердің технологиялық мәдениеті мен сауаттылықтарын, ұстанымдарын арнайы таңдау курсына дамытудың әдістері мен тәсілдері.

5. Болашақ мұғалімдердің технологиялық мәдениетін қалыптастыру мазмұны мен құралдарының эксперименттік-тәжірибелік жұмыста тексерілуі.

Талданған педагогикалық шарттарды іс-әрекетте жүзеге асыруда олардың әрқайсысы өзіндік қызмет атқарады.

Сонымен, болашақ мұғалімдердің технологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық алғышарттары дегеніміз – технологиялық мәдениетті қалыптастыруды бірізділікпен жүйелей отырып, мұғалімдердің технологиялық мәдениетін қалыптастыру моделі жасалынып, бұларды іске асырудың әдістемесі практикада тексеріліп, оң нәтижелерге жеткізетін іс-әрекеттер жиынтығы [3.55 б.].

Біз мақаламызда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық мәдениетінің қалыптасуына ерекше мән беріп, оның қалыптасуын біртұтастықта дамитын жүйе тұрғысынан қарастырдық. Технологиялық мәдениеттің қалыптасуы дегеніміз – болашақ мұғалімнің ақпараттық технологиялармен өзара әрекеті барысындағы білім беру процесінің өзгеріске түсу үрдісі және оның дене құрылысы мен әлеуметтік-психологиялық жаңаруындағы өзгерістердің пайда болуы. Болашақ мұғалімдердің технологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық алғышарттарын сызба 1-ге сәйкес көре аламыз:



Сызба 1 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық алғышарттары

Мұғалімнің ақпараттық құзырлығы мен технологиялық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Қарастырылып отырған мәселе "Жаңа ақпараттық технологиялар" ұғымының пайда болуымен және білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесі іске асырудан негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер – білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Бірақ әлі күнге дейін біз осы зор құралдың шексіз мүмкіндіктерінің оннан бірін де пайдалана алмай отырмыз. Себеп не? Басты себеп – мұғалімнің ақпараттық коммуникациялық құзырлығы мен технологиялық мәдениетінің қалыптаспауына немесе төмендігінде. Соңғы жылдарда білім беру жүйесіне енген «құзырлылық» немесе "күзиреттілік" ұғымы жеке қасиеттері мен білім, білік, дағды, іс тәжірибесі, түсінігінің бірлігін сипаттайды [4, 141 б.].

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеруі үшін компьютердің қажет екендігі даусыз.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру қазақстандық білім беру үшін үлкен перспективалар ашады. Соңғы жылдары компьютерлік, телекоммуникациялық техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі рөлі мен орнында түбегейлі өзгерістер болды. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бірге қатарға және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды. Алынған білім мен дағдылар бұдан әрі көптеген жағдайда қоғамның даму жолдарын анықтайды.

Ақпараттандырудың негізгі бағыты XXI ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Осыған сәйкес қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне – оның іргелілігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыттарының бірі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру саласына енгізу жұмыстары болып саналады.

Ақпараттандыру және бұқаралық телекоммуникацияларды ғаламдастыру кезеңінде қазіргі қоғам ақпараты нақты тұтынушының ұсыныстары мен қызығуына сай ақпарат ағынын қалыптастыруға, ақпаратқа көлем және жылдамдық жағынан шектеусіз қол жеткізуді, сондай-ақ кез келген қашықтықтағы ақпарат көзіне, оның ішінде оқу ақпаратына назар аударуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әлемдік ақпараттық орта жағдайында ақпаратты қоғамдық өнім ретінде белсенді пайдаланумен сипатталады. Бұл өскелең ұрпақты ақпараттық қоғаммен зиялы қарым-қатынасқа оқытып, тәрбиелеуге және технологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесіне оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сол елдің әлемдік қоғамдастықта алатын орны, басқа елдермен экономикалық және саяси ықпалдасу мүмкіндіктері, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешуі де байланысты. Сонымен қатар әлдебір елде қазіргі технологияның дамуы мен қолданылуының деңгейі оның материалдық базасының дамуымен ғана емес, негізінен қоғамды парасаттандыру деңгейімен, оның жаңа білімді туындату, игеру және қолдана білу қабілетімен де анықталады. Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісінде жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде ол тануды қажет етеді. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, телеконференция, видео-конференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іскеасырылуда [5, 87 б.].

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез-келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айналдыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі – оны компьютер жадында сақтау мүмкіндігі, оны компьютерлік желілер арқылы тарату болып табылады.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп.

Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз.

Жоғарыда айтылған ой-пікірді тұжырымдай келе, компьютерді қолдану негізінде мектеп пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады.

Мектепті ақпараттандыруға осылай мемлекет тарапынан үлкен экономикалық қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз өндірістің жоғары психологиясын меңгерген дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, өндіріс өнімдерін өндіреалатын алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілетінің жететініне сенім мол.

Педагогтың технологиялық мәдениетін қалыптастыру және дамыту – ұзаққа созылатын, педагогтың ақпараттық және педагогикалық қызметінің интеграциялау процесі. Бұл процестің күрделілігі сонда – технологиялық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы жолында көптеген кедергілерден өтуге тура келеді.

Ғалымдар мен мамандардың пікірінше, педагогтың технологиялық мәдениетін дамытудың негізгі факторы ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдануға байланысты біліктілікті көтеру жүйесі болып саналады. Педагогтардың ақпараттық технологияларды оқыту процесінде қолдана білу мүмкіндігін дамыту мақсатында оқу курстарын ұйымдастырудың қажеттілігі бүгінгі білім беру жүйесінің кезекті мәселесінің біріне айналып отыр.

Жалпы, педагог – кадрлардың технологиялық мәдениетін қалыптастыруда факторлардың екі тобын бөліп көрсету қажет сияқты.

Біріншісі – педагогикалық білім беретін орта кәсіптік және жоғары оқу орындары студенттерінің технологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Сонымен, ақпараттық технологияларды оқыту процесінде қолдануға байланысты педагог – кадрлардың біліктілігін көтеру қазіргі кезеңде білім беруді технологияландырудың маңызды міндеттерінің біріне айналып отыр. Бұл маңызды міндетті шешпейінше, білім беру ұйымдарының техникалық базасын нығайту, компьютерлерді желілерге қосу, электронды оқу құралдарын дайындау ешқандай нәтиже бермейді. Бұл-өте күрделі, ауқымды мәселе, сондықтан оның нормативтік, ұйымдастырушылық, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жақтарына тоқталып өтпеске болмайды.

Педагогикалық білім берудің нормативтік базасы (білім берудің мемлекеттік стандарттары мен оқу пәндерінің типтік бағдарламалары) білім беруді дамытудың қазіргі заманғы басым бағыттарын белгілі бір дәрежеде бейнелей алуы тиіс.

Стандарттағы бітірушілерге қойылатын бірыңғай талаптар жүйесін болашақ педагог-мамандардың ақпараттық құзырлылығына қойылатын талаптармен толықтыру қажет.

Ұйымдастырушылық тұрғыдан қарастырғанда:

- орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында педагогикалық білім алып жатқан студенттердің ақпараттық технологиялар жайлы жалпы біліммен қатар, педагогикалық қызметіне байланысты кәсіби білім мен дағдыларды игеруіне;

- білім беру ұйымдарындағы педагог - қызметкерлердің қазіргі заманғы білім берудің қажеттіліктеріне сай ақпараттық технологияларды қолдануға байланысты біліктіліктерін көтерулеріне мүмкіндік беріліп, барлық жағдай жасалуы керек.

Мәселенің ғылыми-әдістемелік жағы педагогтардың ақпараттық құзырлылығының қажетті деңгейін анықтаумен және сол деңгейге жетуді қамтамасыз ететін негізгі (студенттер үшін) және қосымша (мұғалімдер үшін) білім беру бағдарламаларын жасаумен байланысты.

Мұнан басқа, біліктілікті көтеруге, мұғалімдердің өз білімін көтеруіне, оларды кәсіби қайта даярлауға арналған бағдарламаларды жасауға негіз болатын оқу-әдістемелік *базаны құру* мен дамытудың да маңызы зор [6,55 б.].

Зерттеу жұмысында технологиялық мәдениетті қалыптастыруға байланысты жұмыстардың 3 кезеңі атап көрсетілген: 1) Компьютермен, түрлі коммуникациялық жүйелермен жұмыс жасауда; 2) Жеке пәндерді оқытуда қолдана білуді меңгеру; 2) Ақпараттық технологиялардың жеке түрлерін терең зерттеу, жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру;

Әрине, отандық білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жеке пәндерді оқытуда қолдануға байланысты атқарылған жұмыстар жоқ деуге болмайды. Көптеген электрондық оқулықтар, электронды оқу бағдарламалары, мультимедиялық оқу бағдарламалары жасалды және жасалып та жатыр.

Білім беру жүйесінің жаңа талаптарын меңгеру дамыған 50 мемлекет құрамына кіру үшін кезкелген сала маманымен қатар жеке пәндерден дәріс беретін оқытушы мен мектеп мұғалімі ғаламдық ақпарат жүйесіне кіре білуі қажет.

Екіншіден, алынған ақпараттарды тиімді пайдалана білу қажеттілігі туындайды, бұл мәселенің де шешімін таба білу керек.

Үшіншіден инновациялық (жаңашылдық) үрдісті игеру қазіргі таңда болашақ мұғалімнің алдына қойылған басты мәселелердің бірі болып саналады.

Төртіншіден электронды оқулықтарды пайдалана білу. Мектеп оқушылары қызығатын, мұғалімдердің де электрондық оқулықтардағы материалдардан ақпараттық білімі болу керек. Оқыту процесінде оқушылармен ынтымақтаса отырып электрондық кітаптардың ішіндегі материалдарды талқылап, оқушының ой-өрісін дамытуға болады.

Бесіншіден қазіргі таңда ақпарат алу құралы көп, оны кейде пайдаланып үлгірмейміз сондықтан да болашақ маманның ақпараттық мәдениеті жоғары деңгейде болу үшін педагогикалық бейімділік, шеберлік, іскерлік қабілеті болуы керек.

Алтыншыдан, болашақ мұғалім жан-жақты хабардар болуы керек сол себепті бұқаралық мерзімдік баспа ақпараттарын уақытылы пайдаланып отырған абзал.

Жетіншіден болашақ мұғалімнің психологиялық-педагогикалық даярлықта болғаны дұрыс [7,174 б.].

Болашақ мұғалімді білімдендіруге бағытталған іс-әрекетінің негізгі бағыттарының бірі өз-өзін танып білуге, өзін-өзі дұрыс бағалауға, қоршаған болмысты объективті қабылдауға, өз мақсаттарын қоршаған ортаның мақсат мүддесімен ұштастыруға жеке басының жетістіктері мен кемшіліктерін саралай білуге, мамандықты меңгеру жолындағы өз ісін жоспарлап ұйымдастыруға үйретеді.

Мақаланың мақсаты орындалды, яғни - болашақ мұғалімдердің технологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық алғышарттарын анықтап, оларды ұтымды пайдаланудың мүмкіндіктері мен көкейкесті мәселелерін ашып және оны эксперименттік тексеруден өткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.А. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері атты Жолдауы. //Егемен Қазақстан. 2018. №6. – 1-3 б.

2 Лихачев Б.Т. Педагогика. – М.: Феникс, 2002. – 528 с.

3 Таңатаров К.А. Ақпараттық технология. – Алматы: ҚазҰПУ, 2009. – 201 б.

4 Барсай Б. Болашақ педагогтің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың технологиялары // ҚАЗҰПУ Хабаршысы. – 2013. №2. – 36-43 б.

5 Карпова С.Ю. Информационные технологии. – М.: Высшая школа, 2012. – 302 с.

6 Маракова Н. Информационные технологии. – М.: Высшая школа, 2012. – 200 с.

7 Глушков Н. Инновационное обучение: стратегия и практика. – М.: МГУ, 2012. – 204 с.

МРНТИ 14.25.09

Л.М. Искакова¹

¹6D010200–Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс докторанты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан. e-mail: leila-7777@mail.ru

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМУДА СЫНИ ОЙЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз қандай да бір сұрақтар немесе проблемаларды шешуде ойлаудың концентрациясын білдіреді. Ол "құптамау" немесе "терістеу" дегенді білдірмейді. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз бұл ойлауды тұжырымдау, реттеп қорытындылауда немесе мәселелерді шешуде көрініс табады. Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру саласының дамуы үшін заманауи, жетекші педагогикалық өзекті ұғым болып табылады. Саналы және ойлану әрекеттеріне бейімделу мұғалімдердің сын тұрғысынан дамуына әкеледі. Әр мұғалім жастарды тәрбиелеу мен оқытуда өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарай отырып, әлемдік идеяларды білуі, сонымен қатар, өз тәжірибесінде пайдалануы керек. Зияткерлік білімді жинақтай отырып оны үйлестіруге және адамдардың бойында дамытуға көмектесуге, сонымен қатар, ақыл-ой өмірдің басты қағидасы деп қалыптастыруы қажет.

Түйін сөздер: зияткер, интеллектуалды ұлт, тәсіл, жоба, критерий, стандарт, сыни ойлау, нұсқаулық.

Искакова Л.М.¹

¹докторант 2-курса по специальности 6D010200 – Педагогика и методика начального обучения,
КазНПУ имени Абая, leila-7777@mail.ru

ЗНАЧЕНИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В РАЗВИТИИ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

Критическое мышление означает концентрацию мышления на процессе решения, каких – либо вопросов или проблем и в данном контексте не означает «неодобрение» или «отрицание». Критическое мышление проявляется, когда происходит процесс рассуждения, формулировке выводов или решения проблем. Это – ведущее современное педагогическое понятие, актуальное для развития преподавания и обучения в Казахстане. Данный модуль предполагает адаптацию сознательного и обдуманного подхода к развитию критического мышления учителей. Каждому учителю необходимо с целью воспитания и обучения молодежи с большей ответственностью относиться к работе, знать и использовать мировые идеи в собственной практике.

Интеллектуальность как качество личности – способность координировать, накапливать знание, помогать обретать его людям, сделать развитие разума основным жизненным приоритетом.

Ключевые слова: интеллект, интеллектуальная нация, подход, проект, критерий, стандарт, критическое мышление, инструкция.

L.M. Iskakova¹

¹2-doctoral course by specialty 6D010200 – Pedagogy and methodology of primary education,
Abai Kazakh national pedagogical university, leila-7777@mail.ru

THE IMPORTANCE OF CRITICAL THINKING IN THE DEVELOPMENT OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS' INTELLIGENCE

Abstract

Critical thinking means the concentration of thinking on the process of solving any issues or problems and in this context does not mean "disapproval" or "denial". Critical thinking occurs when there is a process of reasoning, the formulation of conclusions or solving problems. It is a leading modern educational concept, relevant for the development of teaching and learning in Kazakhstan. This module requires the adjustment of a conscious and deliberate approach to the development of critical thinking teachers. Each teacher is required to educate and train young people with greater responsibility to work, to know and use the world's ideas in his own practice.

Intelligence as a quality of personality is the ability to coordinate, accumulate knowledge, help to acquire it to people, make the development of the mind the main life priority.

Key words: intelligence, intellectual nation, approach, project, criterion, standard, critical thinking, manual.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасында мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауды қамтиды делінген [1,13].

Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, білім саласы әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты рөл атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

«Сыни ойлау» термині Ж.Пиаже, Дж.Брунер, Л.С. Выготский сияқты белгілі психологтардың еңбектері арқылы бұрыннан танымал болғанымен, Ресейдің практик-педагогтарының кәсіби тілінде ол салыстырмалы түрде жуық арада қолданыла бастады.

Бүгінде әртүрлі ғылыми дереккөздерден «сыни ойлау» терминінің әртүрлі анықтамаларын табуға болады. Дж.А. Браус және Д.Вуд оған неге сеніп және не істеу керектігін шешуге бағытталған ақылға қонымды рефлексивті ойлау деген анықтама беруде. Сыншылар өзіндік «Мен»-ді ұғынып және сезінуге, объективті, қисынды болуға, басқа көзқарастарды түсінуге тырысуда. Олардың пікірінше, сыни ойлау – ақылға сыйымды шешімді іздеу (өзінің, сондай-ақ өзгелердің көзқарасын ескере отырып қалайша объективті түрде пайымдап және әрекет ету керек) және өзіндік қате түсініктерден бас тарта білу. Сыни ойшылар жаңа идеялар ұсынып және жаңа мүмкіндіктерді көре алады, бұл проблемаларды шешуде аса маңызды болып табылады [2, 63].

Бұл технология Кеңес өкіметі кезінде 1973 жылдан, Қазақстанда 1997 жылдан бері таныла бастады. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады. Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. Кезінде жоба ретінде ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тапқан бұл технологияда Выготский, Пиаже, Эльконин-Давыдовтардың, басқа да ғалымдардың еңбектерінің ең құнды жерлері көрініс тауып, идеялар тоғысып, біріктірілген іспетті.

Жалпы білім беру ордаларындағы педагогикалық технологиялардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы». Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау немесе ой қозғай отырып, баланың өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы» Жолдауында «Білім беру стандарты – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін

камтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетуі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап ететіндігін көрсетеді. Демек, заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде, оқушыларға қажетті білімді меңгерудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін талмай іздеу – әр ұстаздың міндеті [3].

Қазіргі таңдағы әлемдік өркениет көшіне ілесу тек қана экономикалық өрлеу талаптарымен шектеліп қана қоймай, ол өз кезегінде қоғамның рухани-мәдени саласын қайта жаңғыртуды талап етеді. Тұтастай алғанда, қоғамдық өмірдің барлық саласын қайта жанарту мен инновацияға ұмтылудың нақты нәтижелерге қол жеткізуі түптеп келгенде, еліміздің адам ресурсына, әсіресе, сыни тұрғыдан ойлау қабілеті, зиялылығы мен зияткерлігінің сапалық деңгейіне байланысты болып шығады.

Адам қашан терең ойлана бастайды? Бірінші кезеңде оның алдында дайын жауабы жоқ қандай да бір мәселе немесе әлі де үйреншікті бола қоймаған жаңа ақпарат пайда болғанда. Екіншіден, адам бұл мәселенің жауабын табуға ұмтылыс жасағанда немесе жаңа нәрсені түсініп, оның байыбына жетуге тырысқанда.

Рефлексия жасағанда адам көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой елегінен өткізіп, өз құндылықтары мен түсініктерінің, түйсігі мен қажеттіліктерінің таразысына салып, салыстырады, мәселенің байыбына жетуге тырысады. Осыдан соң адам өзі таңдап алып, көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай, оны жан-жақты қарастырады, оның оң мен солын ажыратады, кемшіліктерін келтірумен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді. Бұл тұжырымдауға қанағаттанбай, өз шешіміне балама іздестіреді, жаңа ұсыныстар мен болжамдар жасайды. Ылғи да өзіне еш бүкпесіз шындық тұрғысынан сұрақ қойып, оған жауап іздейді, жауап тапса, қайтадан сұрақ қойып, енді соның жауабын іздестіреді, оған да қанағаттанбай, әрі қарай «қаза береді», «қаза береді». Сұрақтар, сұрақтар, сұрақтар. Жауап іздеу, жауап іздеу, жауап іздеу. Үздіксіз іздену мен зерттеу.

Ойлаудың осындай толассыз түрі *сыни ойлау* деп аталады. Мұнда ойлау тізбекті (сызықты) түрде бір нүктеден екінші нүктеге бір бағытпен жылжымай, біресе алға, біресе артқа ойысады. Мәселенің шешімін табу мұнда ең аяққы нүкте деп саналмайды: оны дәлелдеп беру керек, оның тиімділігі мен ықтимал қолайсыздықтарын айқындау қажет, оған балама келтіру керек.

Сыни ойлау мәселе шешуге бағытталумен қатар дербестілікпен ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе/ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау болып табылады.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Осылайша сыни ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жокқа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден ықтимал.

Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «екшеп-текшеп, жан-жақты қарастыру», «өзіңе сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады.

Сонымен, сыни ойлау мынадай жағдайларда болады:

- кез келген мәселе не ақпаратпен өздігімен жұмыс жасағанда;
- кез келген мәселе не ақпаратты өзіндік тәжірибе (өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастырғанда;
- кез келген мәселе не ақпарат туралы өзіндік (дербес) пікір қалыптастыру барысында; өз пікірі мен көзқарастарын тұжырымдап, оларды дәлелдеуде;
- кез келген мәселе не ақпаратты жан-жақты тұрғыдан қарастырғанда; бірлесе жұмыс жасағанда (топта, жұпта, командада);
- өзгелердің пікірлерін бағалап, қабылдағанда.

Ал сыни ойлаушының ерекшеліктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- кез келген мәселе не ақпарат бойынша нақты сұрақтар қояды;
- ең маңызды жәйттерді бөліп шығарады;
- мәселе не ақпаратқа қатысты деректерді қолданады;
- критерийлер мен стандарттарды қолданады;

- критерийлер мен стандарттарға негізделінген дәлелді қорытынды мен шешімдер келтіреді;
- өз пікірі мен көзқарастарына деген жоғары жауапкершілігі бар;
- ақпаратты бір мағыналық жүйеден екіншіге аударады (вербалдыдан визуалдыға немесе керісінше);
- қарастырып отырған мәселені басқаларымен салыстырады;
- балама ұсыныстар мен көзқарастарды тұжырымдайды;
- икемді болады: өз ойлары мен пікірлерін өзгерте біледі, қателерін мойындап, оларды түзейді;
- себеп-салдарды анықтайды;
- талдайды, тұжырым жасап, қорытындылайды;
- мәселеге ауқымды тұрғыдан қарап, бірінші мезетте тек қомақты жәйттерді бөліп қарастырады;
- шешім қабылдауда басқалармен тиімді түрде ынтымақтасады;
- ақпаратты шығармашылық тұрғыдан түрлендіреді;
- әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпарат табады, оның мазмұнын, бағытын, мақсатын өздігінше түсінеді;
- өз әрекеттерін бақылайды, оларға баға береді, жақсарту жолдарын іздейді;
- басқалармен тіл табысып, ортақ мәмілеге келуге тырысады.

М.Липман сыни ойлау Институтының негізін қалаушы ретінде Колумбия университетінде логикадан сабақ берді. Сондықтан да оның шәкірттері тек ақпараттарды жұту, оған қанағаттанбау, игерумен ғана шұғылданды, зерттеп отырған объектінің ішкі байланыстарына қол жеткізу сырт қалды.

М.Липманның пікірі бойынша, білім алушылар, ғалымдар сияқты өз бетінше ойлауы қажет. Біз, деп атап өтеді ол, ғылыми жаңалықтардың түпкі нәтижесін ғана түсіндіреміз, оған қол жеткізуге асықтырмай, үдерістің өзін тыс қалдырамыз деп атап өтті. Ол мәселеге деген қызығушылық болып, ол талқыланбаса, білім беру пародияға айналады деп түсіндірді.

М.Липман сыни ойлаудың төрт кезеңі мен қадамын көрсетеді: 1) өз ұжымдастарының тәжірибесіне сын; 2) өзіне-өзі сын; 3) өзгелердің тәжірибесі түзеу; 4) өз тәжірибенді түзету. Оның түсінігі бойынша сыни ойлау дағдылардан құралады: пікірді негіздеу, баламалы мүмкіндіктерді ашу, идеяны қабылдау мен қалыптастырудағы өндірушілік т.б. (барлығы 30 шақты). Сондай-ақ, зерттеу әдісінің өзін-өзі түзеу қажеттілігіне көз жеткізу, өзгелердің көзқарастарын да есепке алып отыру, сыни және өзін сынауға дайын болу т.б. М.Липман бұларды жинақтай келе, «зерттеу рухына деген адал берілгендік» деп атады [4, 188].

Қай мемлекеттің болсын, даму деңгейін, рухани мазмұнын, интеллектуалдық қуатын, өркендеу әлеуетін айқындайтын бірден-бір құдірет оның экономикасы да, әскери күші де, материалдық байлығы да емес, тек қана білім беру жүйесінің сапасы болып табылады. Әсіресе, дамудың жаңа сатысына көтерілген біздің еліміз үшін білім саласының атқарар қызметі өлшеусіз.

Қазақстанның білім беру мазмұны сөзсіз жаңа сатыға көтеріліп, алға қадам басып келеді. Кембридж оқу бағдарламасына сүйенетін болсақ, ол төмендегідей жеті модульден тұратынын білеміз:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Сыни тұрғыдан оқытудың негізгі мақсаты мұғалімдердің педагогикалық тәжірибелерін жетілдіріп, оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістерімен жаңалықтарын ескере отырып, әлеуметтік сындарлы тұрғыдан оқытуды түсіндіру. Оның маңызымен мақсатын жай ғана түсініп қоймай, осы бағыттағы жүргізіліп отырған жұмыстардың негізгі мазмұны жеті модульдің мұғалім үшін де және оның оқытып отырған оқушысы үшін деоқыту мен оқудағы жетістікке жетудің тиімді стратегиясы болып табылатындығы. Осыған байланысты еліміздің болашағы зор көркеюі үшін мұғалім сыни тұрғыдан ойлайтын, өзінің жұмыс тәжірибесінде жаңа тәсілдерді қолдана отырып және бағалау

әрекеттеріне сыни көзқараста болғаны абзал. Сондықтан дәстүрлі жүйедегі бірсарындылықтан арылып, жаңаға, жаңалыққа қарай өзгеру дұрыс болар.

Бұл бағдарламаның мақсаты – Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру және Кембридж университеті тәсілінің теориялық негіздерін үйрену. Бағдарламаның басты міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалай білуге көмектесу, сындарлы ойлауға бағыттау болса, осыған орай, біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру біздердің міндетіміз. Қазіргі заман мұғалімі заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгергенде ғана білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде болатыны сөзсіз. Мұғалім үнемі ізденіс үстінде болу керек. Жаңашыл ұстаз ғана заман ағымына ілесе алады.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік деп қарастыратын болсақ, онда бұл модуль мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы ой мен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау–бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және жинақтауға бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақтың ағартушы зиялыларының ұстанымы – білімді (сауатты) ұлт қалыптастыру болса, XXI ғасырдың басында, сол білімді ұрпақ негізінде, орындалған армандар бойынша интеллектуальді ұлт қалыптастыру саясаты жолға қойылып келеді. «Білімділік» XX ғасырдың басында қандай деңгейде өзекті болса, XXI ғасырдың басында зияткерлікте сондай дәрежеде көкейкесті болып отыр.

Елбасының бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздейді. Зияткер тұлғаны, ұлтты қалыптастыру – қоғамдағы ең көкейтесті мәселелердің бірі [5].

Алдымен мұғалімнің зияткерлік қабілеттері қандай болуы қажет деген сұрақ туындайды. Зияткерлік қабілеттерге:

- тәуекелшілдік қабілет;
- ойлау мен әрекетте икемділік;
- өзіндік идеяларын айта білу және жаңа бірнәрсені ойлап табу қабілеті;
- бай қиял;
- әркелкі нәрселерді қабылдау;
- жоғары эстетикалық құндылықтарды жатқызуға болады.

Ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу мақсатында еңбек ету – әрбір ұстаздың міндеті. Қай заман-да, қандай реформа болсын мектептің басты тұлғасы – мұғалім. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспак. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Қазіргі қоғам қажет еткен жеке тұлғаны қалыптастыру жолдары көрсетілген.

Зияткерлік мектептердің білім беру бағдарламасы ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін кіріктіруді көздейді. Зиялы азаматты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухымықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылатын білім беру бағдарламасында тәрбиемен оқыту ажырамас байланыста болады.

Орта білімнің маңызын белгілейтін құндылықтар: құрмет, әріптестік, азаматтық, жауапкершілік, ашықтық, өмір бойы білім алу [6].

Интеллектуалды тұлға – өмірдің кез келген ағымында пікірлесе алатын, жаңашыл-шығармашылық тұрғыда өзіндік білім алуға дайын, интеллектуалды қабілеті дамыған тұлға.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы бері еліміздің рухани өмірінде көптеген өзгерістер болды. Бұл оң өзгерістер болашақ жастарды тәрбиелеуде жаңа мақсат – міндеттер жүктеп отыр. Қазақстан

жастарының рухани кеңістігін қалыптастырудың алғышарты бастауыш мектепте жасалынады. ХХІ ғасыр мектебінің мақсаты жауапкершілігі жоғары, парасатты, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді, ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Болашақ мұғалімдер осы мақсатты орындауға бейімделген маман болуы шарт.

Қарыштап дамып бара жатқан заманда сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту ұстаздардың бірден-бір міндеті болып саналады. Сыни ойлауға қойылатын талаптардың негізінде білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын зияткерлігі дамыған нағыз көшбасшы тәрбиелейтіндігіміз сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей: Үшінші басылым. 2012. – 46 б.
- 2 Жарова М.В. Использование технологии «Развитие критического мышления через чтение и письмо» в вуз. Вестник Балтийской педагогической академии. Вып. 79. – 2008 г. Интенсивные методы и технологии в обучении и профессиональном развитии личности: зарубежный и отечественный опыт. – Санкт-Петербург.
- 3 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» // Егемен Қазақстан. – 2010, наурыз – 19.
- 4 Lipman M. Thinking in education. – Cambridge: Cambridge university press, 1991. – 188 p.
- 5 Қазақстан Республикасы Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы. /Айқын. 2008.
- 6 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы. Астана, 2011. – 404 б.

МРНТИ 14.07.07

Н.Ш. Алметов¹, С.Ж. Бекжанова²

*¹п.ғ.д., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан*

*²6D010300 – Педагогика және психология мамандығының I курс докторанты,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Шымкент қ., Қазақстан*

МЕКТЕПТЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУ ҮДЕРІСІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ: БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫ ДАЙЫНДАУ КОНТЕКСТІ

Аңдатпа

Мақалада мектептегі инновациялар жағдайында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тұрғысынан болашақ педагог-психологтарды дайындау мәселесі қарастырылған. Мектептегі инновациялық үдерістер оқушы тұлғасына дамытушылық әсерімен қатар, оқу үдерісін ұйымдастыруда бірқатар қиындықтар тудырады. Педагогикалық инновацияларды ендіру жағдайларында оқу жұмысын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің маңыздылығына назар аударылады. Болашақ педагог-психологтарды дайындаудың жоғары оқу орындарындағы тәжірибесі қазіргі таңда мамандардың мектептегі инновациялық білім беру жағдайларында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге даярлығын қалыптастыруға жеткілікті мән берілмейтіндігі атап өтіледі. Болашақ педагог-психологтарды мектептегі инновациялық өзгерістер жағдайында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге дайындаудың мәні нақтыланып, ерекшеліктері айқындалған.

Болашақ педагог-психологтарды мектептің инновациялық дамуы жағдайларында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге дайындау мәселесінің өзектілігі, ғылыми және қолданбалы маңызы негізделеді. Ғылыми әдебиет пен озық педагогикалық тәжірибелерді талдау негізінде мектептің инновациялық-білімдік ортасында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары айқындалған. Мектеп психологының педагогикалық инновацияларды ендіру жағдайында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағытындағы жұмысы болашақ педагог-психологтарды іс-әрекеттің осы бағытында дайындау моделін әзірлеудің әдіснамалық негізі ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: болашақ маман, педагог-психолог, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, білім беру, инновация, мектеп, оқу үдерісі, жоғары оқу орны.

Н.Ш. Алметов¹, С.Ж. Бекжанова²

¹*д.п.н., доцент, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан*

²*6D010300 – Педагогика–психология 1 курс докторант,
Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан*

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА В УСЛОВИЯХ ШКОЛЬНЫХ ИННОВАЦИЙ: КОНТЕКСТ ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА

Аннотация

В статье рассматривается проблема подготовки будущего педагога-психолога к психолого-педагогическому сопровождению учебного процесса в инновационных условиях школьного образования. Отмечается, что инновационные процессы в школе, наряду с развивающим влиянием на личность учащихся, вызывает ряд психологических трудностей в организации учебной работы. Подчеркивается важность психолого-педагогической поддержки учебной работы в условиях внедрения педагогических инноваций. Указывается, что в практике вузовской подготовки будущих педагогов-психологов все еще недостаточно уделяется внимание формированию их готовности к психолого-педагогическому сопровождению учебного процесса в условиях инновационного образования. Уточняется сущность и особенности подготовки будущих педагогов-психологов к психолого-педагогическому сопровождению учебного процесса в условиях инновационных преобразований в школе.

Обоснована актуальность, научная и прикладная значимость изучения проблемы подготовки будущих педагогов-психологов к психолого-педагогическому сопровождению учебного процесса в условиях инновационного развития школы. На основе анализа научной литературы и передового педагогического опыта выявлены организационно-педагогические условия подготовки будущих педагогов-психологов к психолого-педагогическому сопровождению учебного процесса в инновационно-образовательной среде школы. Работа школьного психолога в направлении психолого-педагогического сопровождения учебного процесса в условиях внедрения педагогических инноваций рассматривается как методологическая основа разработки модели подготовки будущих педагогов-психологов к данному аспекту деятельности.

Ключевые слова: будущий специалист, педагог-психолог, психолого-педагогическое сопровождение, образование, инновация, школа, учебный процесс, вуз.

N. Sh. Almetov¹, S.Zh. Bekzhanova²

¹*PhD (in pedagogy) associate professor, M. Aueyev South Kazakhstan University,
с. ShymkentKazakhstan*

²*6D010300-Pedagogy-Psychology, the doctoral candidate M. Aueyev South Kazakhstan University,
с. Shymkent Kazakhstan*

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT OF THE EDUCATIONAL PROCESS IN THE SCHOOL INNOVATIONS: THE PREPARATION CONTEXT OF A FUTURE EDUCATIONAL PSYCHOLOGIST

Abstract

The article shows the problem of the future educational psychologist's preparation for psychological and pedagogical support of the educational process in the innovative conditions of a school education. It considers that the innovative processes in the school, along with the developing influence on the personality of students, causes a number of psychological difficulties in the organization of academic work. Also, the importance of psychological and pedagogical support of educational process in the conditions of implementation of pedagogical innovations is underlined. The article points out that in the practice of higher education of future educational psychologist is still not paid attention to the formation of their preparation for psychological and pedagogical support of the educational process in the conditions of innovative education. The essence and peculiarities of the preparation of future pedagogical psychologists for the psychological and pedagogical support of the educational process in the conditions of innovative transformations in the school are specified.

The urgency, scientific and applied significance of studying the problem of future psychologists' preparation for psychological and pedagogical support of the educational process in the conditions of the school innovative development is substantiated. Basing on the analysis of scientific literature and advanced pedagogical experience, the organizational and pedagogical conditions for the preparation of future pedagogical psychologists for psychological and pedagogical support of the educational process in the innovative and educational school environment are revealed. The school psychologist' work in the direction of psychological and pedagogical support of the educational process in the context of the implementation of

pedagogical innovations is considered as a methodological basis for developing a model for the preparation of future educational psychologist for this activity aspect.

Key words: future specialist, educational psychologist, psychological and pedagogical support, education, innovation, school, educational process, higher education.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бағыттары арасында білімнің салтанат құруы мәселесіне арнайы тоқталып, «табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деп атап өткен [1, 10 б.]. Сондықтан, қазіргі Отандық білім беру жүйесінде инновациялық дамудың өзектілігі мен қатар оқушы-жастарды педагогикалық жаңалықтарға бейімделуін жеделдетудің маңызы арта түседі.

Қазақстан Республикасында білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру деңгейіне бағыт алуда. Бүгінгі таңда Отандық білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісі инновациялық тәртіппен даму сатысында. Жалпы орта білім беретін мектептерге жаңартылған білім беру мазмұны ендірілуде. Мектептегі инновациялар білім беру мен тәрбиелеу нәтижелерін жаңа, жоғары сапалық деңгейге көтеруі сөзсіз. Инновациялар мектептегі педагогикалық үдерісті ғана емес, мұғалім тұлғасында, оқушыны да өзгертеді. Бірақ инновациялардың әсерін тек бір тараптан көру сыни тұрғыдан дұрыс болмас. Педагогикалық жаңалықтар жақсы нәтижелер беруі мүмкін. Дегенмен, олардың оқушылар, мұғалімдер психологиясына әсері қалай болмақ?

Педагогикалық инновациялар әсіресе мектеп оқушыларының психологиясына әрқашанда оң әсерін тигізеді деуге бола ма? Педагогикалық тәжірибе оның терісін көрсетеді. Мектепке тіпті шектеусіз педагогикалық жаңалықтар енгізіліп отырған жағдайларда оқушылар оларға қаншалықты тез бейімделеді? Бір жаңалыққа бейімделіп үлгірмей, жаңасы енгізіледі. Оған бейімделмей, тағыда бір жаңалық келеді.

Бүгінгі оқушылардың психологиясы, әрине кешегі оқушылар емес. Олар ақпараттық сауаттылығы жоғары, тілдерді меңгеруге бейім, еркін ойлайтын және сөйлейтін, мұғалімдерден өз құқығын талап ететін балалар. Педагог-ғалымдар қазіргі балаларда «педагогикалық үдерістің объектісі емес, белсенді субъектісі» ретінде, оларға жоғары баға беруде. Оқушыларға «өзін-өзі дамыта алатын», педагогикалық үдерістің толыққанды мүшелері ретінде қарастырады. Бұл мәселеде пікірталастың қажеті жоқ секілді. Өйткені, мұндай көзқарас қазіргі педагогика теоретиктері мен тәжірибешіл педагогтар басшылыққа алатын үлгі, яғни парадигмаға айналды.

Бірақ, педагогикалық жаңалықтарға оқушылар қаншалықты бейімделіп жатыр? деген сұрақ жауабын күтеді. Мектеп психологиялық қызметі осы мәселе төңірегінде қандай жұмыстар атқарып отыр. Оқушыларды педагогикалық инновациялар жағдайында оқуға бейімдеу, негізінен мектеп психологтарының қызмет міндеттеріне жатады. Болашақ педагог-психологтар жоғары оқу орындарында осы бағыттағы жұмыстарға қажетті құзыреттіліктерді игеруі тиіс.

Осы мәселе болашақ педагог-психологтарды мектептегі білім берудің инновациялық өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық жағдайларда оқу үрдісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге даярлау, инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды болып отыр. «...мемлекеттік білім стандарты болашақ педагог-психологтарды инновациялық жағдайларда оқу үдерісін педагогикалық-психологиялық даярлау, жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін психологиялық-педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. Осыған байланысты педагогикалық-психологиялық технологияларды қолдану, жаңа білім мазмұнын, инновациялық жағдайларда әдіс-тәсілдерді, жаңа оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын ендірудің тиімді құралы болып отыр [2, 25-26 бб.].

Болашақ педагог-психологтарды инновациялық жағдайларында мектепте оқу үдерісін психологиялық - педагогикалық сүйемелдеуге даярлаудың өзектілігін үш тұрғыдан қарастырамыз:

біріншіден *ғылыми жағынан* білім берудегі қызмет мәселелерінің зерттелуін, психодиагностика жасау, теориялық және әдіснамалық негіздемесін, қазіргі мектептегі білім берудің нақты жағдайына сай психологиялық-педагогикалық білімді қолдану түрлері мен әдістерін дамыту, білімдегі педагогикалық-психологиялық қызметтің жан-жақты жүйесіндегі жұмыстарына тікелей қатысты және психологиялық түзетулерді қамтиды.

Екіншіден *қолданбалы жағынан* мектепте оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге даярлаудың оқыту мен тәрбиенің, оқулықтардағы дидактикалық және әдістемелік материалдардың, оқу бағдарламаларының педагогикалық-психологиялық негіздерін жасау және оны талдау мен білім беру үдерістерін педагогикалық-психологиялық жағынан қамтамасыз ету.

Үшіншіден *практикалық жағынан* педагог-психологтардың білім берудің инновациялық жағдайларында оқу үдерістері мекемелеріндегі (балабақшалар, мектептер, гимназиялар, колледждер, ЖОО да және т.б.) педагогикалық-психологиялық сүйемелдеуге даярлау, қызметті атқару болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ұғымына келер болсақ: мысалы ҰБТ кезеңін алатын болсақ, ата-аналармен жұмыс бітірушілерге қолдау жасаудың негізгі аспектілері олардың жақындарын балаларымен дұрыс қарым-қатынас жасау, оларға психологиялық қолдау көрсету. Ата-аналардың балаларына шынайы қолдау көрсетуі оның жағымды жақтарын – қабілеттерін, мүмкіндіктерін көтермелеуге негізделуі тиіс. Бала өзін еркін ұстауға, қабілеттілігі және даярлығы жағынан дайын екенін дәлелдеу маңызды. Баласына сенетінін көрсету үшін ата-ана мынадай жағдайларға дайын болуы тиіс: баланың өткен сәтсіздіктерін біржолата ұмытуы; бұл міндетті орындап шығатындығына баланың сенімін ояту; бұған дейінгі сәттіліктерін еске түсіріп, сәтсіздіктері жайлы жақ ашпау. Егер ата-ана баласының күшті жақтарына ғана сүйеніп, мүлт кеткен жағына мән бермеуге үйренсе, бала ата-анасынан тек қолдау күтетінін естен шығармаған жөн.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда өңделген қызмет принципіне сәйкес (Н.А. Мореева) болашақ педагог-психологтарды мектептегі білім беруде инновациялық жағдайларда оқыту, жеке тұлғаларының шығармашылық қасиеттерінің дамуы тек қоғамдық тәжірибені меңгеру, болашақ педагог-психолог мамандардың өздерінің белсене қызмет ету арқылы жүзеге асатын меңгеру негізінде ғана жүре алады. Адамзат мәдениетінің қол жеткізулеріне ие болу үшін әр жаңа ұрпақ осы қол жеткізулер үшін істелген қызметке ұқсас қызметті жүзеге асыруы керек. Осыған байланысты болашақ педагог-психолог мамандардың мамандандырылған қызметіне сәйкес оқу қызметін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің қажетті кешені болып табылады [3, 165 б.].

Ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік, педагогика-психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру, оны инновациялық жағдайларында оқу үдерісін педагогикалық-психологиялық сүйемелдеуге даярлау. Бұл үшін әрбір оқытушының инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық, психологиялық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Инновациялық технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Мектептегі білім беруді инновациялау – бұл инновациялық жағдайларында технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқу үдерісін психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету.

Педагогикалық-психологиялық сүйемелдеуге даярлау, оқыту және тәрбиемен қатар білім берудің үшінші жағы ретінде қарастыруға болады. Мектептегі білім беруді оқу үдерісін педагогикалық-психологиялық сүйемелдеуге даярлау, білім алушыға оқу жылының түрлі кезеңдерінде білікті көмек беру мен қолдаудың жүйелі технологиясы болып табылады [4, 26-27 бб.].

Көптеген зерттеушілер психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу деп нәтижесі өз бетінше таңдау мен шешім қабылдау арқылы тұлғалық және кәсіби дамуы болып табылатын білім алушылардың өзекті қажеттіліктерін (білім беру, жас ерекшелік, дербес-тұлғалық) шешу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған психологтың ұйымдастырылған іс-әрекеті болып табылады. Бұл жағдайда білім алушы ықпал студенті объектісі емес, субъектісі ретінде болады. Мектептегі білім алу үдерісінде оқушының тұлғалық-кәсіби дамуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мәнін анықтағанда бізге ресейлік ғалым Э.Ф. Зеердің тәсілі неғұрлым жақын. Ғалым «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу деп тұлғаның кәсіби қалыптасуын зерттеудің, қалыптастырудың, дамыту мен түзетудің тұтас үрдісі», - деп түсінеді [5, 123 б.].

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің барлық кезеңдерінде психологиялық-педагогикалық қызметтің нәтижесі метептегі білім беру тиімді кәсіби қызмет жасауға психологиялық даярлығы болып табылады [6].

Мектепте инновациялық білім беру оқушының психологиялық дайындығы - оқу мотивінің қалыптасуына байланысты болмақ. Осыған байланысты инновациялық білім беру бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады.

Болашақ мамандарды мектепте білім берудің инновациялық жағдайларында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге даярлау қажет етеді:

- студенттердің мектептегі инновациялық білімнің дамуы хал-күйі, мәселелері, болашағы, психологиялық аспектілерімен таныстыруды;

- болашақ педагог-психологтарды мектептегі инновациялық білім берудің оқушы психологиясына әсерін тәжірибелік тұрғыдан оқып-үйренуіне, қажетті қорытындылар шығаруына жағдай жасауды;

- болашақ педагог-психологтарды мектеп оқушыларын инновациялық оқу үдерісіне бейімделуін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қажетті материалдар даярлауға қатыстыруды;

- іс-тәжірибе мазмұнына оқушылардың жаңалықтарға бейімделуіне психологиялық қолдау көрсетудің жеке, топтық, ұжымдық формаларын пайдалану бойынша тапсырмалар енгізуді;

- болашақ педагог-психологтарды педагогикалық іс-тәжірибе барысындағы нақтылы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу іс-әрекетін ұйымдастыру, тәжірибелі мектеп психологтарынан сабақ алуына қолғабыс көрсетуді.

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді теориялық талдау және озық педагогикалық тәжірибелерді оқып-үйрену негізінде болашақ мамандарды мектепте білім берудің инновациялық жағдайларында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мынандай педагогикалық шарттарын анықтадық:

- жоғары оқу орнындағы психологиялық-педагогикалық пәндер мазмұнының болашақ педагог-психологтың мектептегі инновациялық үрдістерді ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуге даярлау мүмкіндіктерін анықтау және пайдалану;

- мектептегі инновациялық үдерістердің оқушы психологиясына әсерін зерделеу бойынша оқу-зерттеу және студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстарына қосу;

- педагогикалық іс-тәжірибе бағдарламаларына мектептегі инновациялардың оқушы психологиясына әсерін диагностикалау бойынша арнаулы тапсырмаларды қосу;

- оқытушының көмегімен мектеп оқушыларын педагогикалық инновациялар жағдайында табысты оқуға бейімдеу, мұғалімдерге оқушылардың жаңартылған білім беру мазмұны жағдайларында оқу-танымдық жұмысты басқаруға қажетті дидактикалық және әдістемелік материалдар әзірлеу;

- мектептегі іс-тәжірибе барысында мектеп психологы қызметін оқып-үйрену, оның инновациялық үдерістердегі қызметі мазмұны, ерекшеліктері, іс-әрекет формалары мен әдіс-тәсілдерін зерделеу.

Қорыта айтқанда, болашақ мамандарды мектепте білім берудің инновациялық жағдайларында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге даярлығын қалыптастыру жоғары оқу орнындағы студенттердің оқу, оқу-тәжірибелік және педагогикалық іс-тәжірибе барысындағы оқу-өндірістік әрекетін қамтитын біртұтас үдеріс болуы қажет.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Оңтүстік Қазақстан, 2017, 12 сәуір.
2. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру міндеті // Қазақстан мектебі, 2005. – № 9-10. – 25-26 бб.
3. Мореева Н.А. Педагогика среднего профессионального образования. В 2-х т. Том 1. Дидактика. – М.: Изд. центр «Академия», 2008. – 432 с.
4. Полянский В.С. Теоретические основы психолого-педагогического сопровождения обучаемых // Инновация в образовании, 2001. – №3. – 26-27 бб.
5. Зеер Э.Ф. Психология профессионального образования: Учебник. – М.: Изд. центр «Академия», 2013. – 416 с.
6. Абдукадирова С. Қазақстан педагогикалық газеттерінің оқушылардың білім санасын арттырудағы ролі // Пед. ғыл. канд... дисс. – Тараз, 1998. – 153 б.

ӘОЖ 371.13 (16)
МРНТИ 14.07.07

К.О. Оразбаева¹
*¹доктор PhD, Ш.Уалиханов атындағы КМУ,
Көкшетау қ., Қазақстан*

ЖАҒАНДАНУ – БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада болашақ педагогтардың жаһандану жағдайында келешек ұрпақты тәрбиелеудегі кәсіби құзыреттілік іс-әрекеттерге дайындау мәселелері қарастырылады. Жаһандану үдерісі болашақ педагог мамандарды басқа да әлемнің дамыған елдерінің ұлттық мүдделерін ескере отырып, университеттің оқу үдерісінде қолдануға мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттердің төңірегінде пайдалану мүмкіндіктері.

Түйін сөздер: жаһандану, білім беру, кәсіби құзыреттілік, педагог, үдеріс, жүйе, әлем, ұлттық, құндылық, маман, тәрбие.

Оразбаева К.О.¹
*¹доктор PhD, КГУ имени Ш.Ш.Уалиханова
г. Кокшетау, Казахстан*

ГЛОБАЛИЗАЦИЯ – НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

В статье рассматриваются формирование подготовки будущих педагогов к профессиональной компетентности деятельности по воспитанию подрастающего поколения в условиях глобализации. Глобализация ориентирует на возможности использования мировых ценностей в рамках национальных культур, что позволит будущим специалистам сферы образования освоить опыт иных цивилизаций в образовательном процессе вуза.

Ключевые слова: глобализация, образование, профессиональной компетентности, педагог, процесс, система, мир, национальный, ценность, специалист, воспитание.

Orazbayeva K.O.¹
*¹PhD doctor, Sh.Ualikhanov Kokshetau State University
Kokshetau, Kazakhstan*

GLOBALIZATION IS A PLACE OF NATIONAL VALUES IN FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF TEACHERS

Abstract

In this article, globalization has shown that man is increasingly absorbing the qualities of the world, and not the national characteristics of man, which is formed as a factor in the perception of other people. The world is attractive by its diversity. These features are the basis of the ethnos of the country, where national values are preserved. Folk, national upbringing of the future generation lies in the formation of the competence of future teachers.

Key words: globalization, education, professional competence, teacher, process, system, world, national, spiritual, value, specialist

Қазіргі жаһандану жағдайында білім мен ғылым жүйесінің қызметкерлерінің халықаралық академиялық тұрғыдан әмбебаптығы мен шапшаңдығын күшейтуді талап етеді, сонымен қатар ол Қазақстанның геосаяси жағдайы мен ұлттық мүдделерін ескере отырып, ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне шоғырландыруды да қажетсінеді. Әлемнің дамыған елдерінде білім - экономиканың өндіруші саласы болып табылады. Нақтырақ айтқанда, білім мен ғылым өзін-өзі асырайды және елді де асырайды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына кезекті Жолдауында еліміздің болашағын қазақстандықтарды жаңа бағыттар құрумен байланыстыра келе, «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабіле-

тін дамыту болуға тиіс» - деп көрсетілген 7-ші басым бағытының идеяларын жүзеге асыруға бағытталған [1].

Сол себепті ЖОО-ның оқу үдерісі бүгінгі күні жаһандану үдерісіне бағатталуы керек, оларды есепке алатын болсақ, біздің жас мамандарымыз тек өз республикамызда ғана емес, дүниежүзілік еңбек нарығында сұранысқа ие болып, сонымен қатар жастар қоршаған ортаның өзгеріп отыратын құбылыстарына оңай да, жылдам үйреніп кететін болады. Жаһандану адамның дүниеге, басқа адамдарға, өз-өзіне деген қарым-қатынасына септігін тигізетін фактор ретінде қалыптасып келе жатқан тұлға алдына жаңа талаптар қояды және ол жоғары оқу орындарында оқу үдерісі құрылымын қамтуы тиіс.

Сонымен жаһандануды бір ғана анықтамамен сипаттау мүмкін емес, ол өте күрделі үдеріс. Жаһандану – дегеніміз мемлекеттердің, этностардың әлеуметтік қауымдастықтың ғаламшар деңгейінде бірегей қатынастар жүйесіндегі өзара әрекеттесуі; «бұл ашық мәдени алмасу, өзін-өзі ұстау үлгілерін қабылдау, мәдени стереотиптерге бейімделу; бұл адамзат қызметінің барлық саласындағы қатынастар шекарасын кеңейту, халықтар мен мемлекеттердің өзара келісілген іс-қимылдарын жасау қажеттілігін туғызатын бірегей экономикалық, экологиялық, ақпараттық кеңістіктің пайда болуы» [2,11]. Қазіргі жаһандану үдерісінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну үшін, келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық.

Қоғамда әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық – білім. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Олай болса, білімге негізделген қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі.

«Құзыреттілік» түсінігін анықтауда өзіндік тәсілді Н.К. Кабардов пен Е.В. Арцишевскаядан байқауға болады. Берілген тәсіл «құзыреттілік», «қабілет» түсініктерін салыстыру әрекетінде бекітілген. Аталған авторлар, құзыреттілік - дегеніміз мінез-құлықтың сипаттамасы, жеке тұлғаның белсенділігі, қажетті дағдылардың қалыптасуы деген тұжырым жасай отырып, «құзыреттілік» – меңгеру сатысы және үйретудің нәтижесі ретінде анықталатындығына тоқталған [3].

Қай саланың маманы болмасын адам кәсібилігінің қажетті құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады. Кәсіби құзыреттіліктің заманауи бағыттары және түсіндірмелері тіптен әртүрлі. Қазіргі кезде шетел әдебиеттерінде бар кәсіби құзыреттілік анықтамалары, яғни ана тілімізге «терең білім», «тапсырманы барабар, сәйкесінше орындау күйі», «қызметті сапалы орындау қабілеттері» деп аударылып қолданылуда.

Ғалым Д.М. Фесслердің пікірінше, әлемдік кәсіби құзыреттілікке тұлғаның қызмет ортасының маңыздылығын жатқызады, себебі қазіргі заманда адамның кәсіби өсуі көбінесе қызмет ету ортасына байланысты дей келе, бір-бірімен өзара әрекет етуші үш ортаның дамуын көрсетеді:

- «жеке қоршаған орта»;
- «ұйымдастыру ортасы»;
- «мансап ортасы»; (білім беру, мамандыққа ену, құзыреттіліктің өсуі) [4].

Кәсіби құзыреттілік маманның дайындық сапасының сипаттамасы, еңбек қызметінің тиімділік әлеуеті ретінде қарастырылады.

Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жан-жақты жетілген жастарды қалыптастыру, адамгершілікке баулудың негізгі бағыттары мен идеялары Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Экономиканың және азаматтардың әл-ауқатының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту үшін оны түбегейлі жаңғырту [5]. Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-мәдени даму жолы дегеніміз – ең алдымен адамзат қазыналарына баса назар аудару, прогрешіл халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының толымды түлеуі, гуманитарлық ғылымдарға, өнерге, халықтардың адамгершілік

байлықтарына қайтып оралу, мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралықты сақтау, барлық ұлттық мәдениеттердің қазыналары мен дербестігін мойындау» - деп атап көрсетілген [6].

«Құндылық» – деген ұғым философия, қоғамтану және педагогика сынды гуманитарлық ғылымдарға тән негізгі ұғымдардың бірі болып табылады.

Сондай-ақ, құндылықты қоғамдық сана ретінде, яғни әділеттілік немесе әділетсіздік деп сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге оларға баға береді, оларды мақұлдайды немесе айыптайды және олардың жүзеге асуын талап етеді немесе кемшілікті жоюдың өлшемі болып табылады. Жалпы адамзаттық құндылықтардың арасында философтар мен прогресшіл ойшылдар, педагогтар әрқашан бірінші орынға адамның құқығын, оның бостандығын және соған сәйкес келетін тәрбие мен білімді бөліп қарастырған.

Халқымыздың салт-дәстүрлерін зерттеуге алғашқылардың бірі болып қадам жасаған ағартушы – ұстаз Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, алаш қайраткерлері Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамбетов, белгілі академик Ә.Марғұлан және Х.Арғынбаев, Е.Масанов, Б.Уахатов сынды ғалымдар өз еңбектерінде ұлттық салт-дәстүрлерді әр қырынан зерттеген [7]. К.Б. Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.А. Ұзақбаева, Қ.Бөлеев С.Кенжеахметұлы, Ж.С. Ғаббасов және т.б. ғалымдар қазақ халқының ұлттық құндылықтарын оқу-тәрбие үдерісіне ендіру мәселелерін талдауға алған.

Аталмыш ғалымдардың еңбектерінде құрсақтағы бала тәрбиесінен бастап, болашақ педагог мамандарды даярлау мәселелерін ұлттық құндылықтар тұрғысынан қарастыру көзделген [7].

Ұлттық құндылықтар дегеніміз халқымыздың ұлттық бет-болмысын, ерекшелігін көрсететін мәдениеті, өнері, тілі. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері ұлттық құндылықтарымызды дамыту, жаңғырту бағытында келелі жұмыстар атқарылуда. Ғасырлар бойғы ата-бабамыз сақтап келген ұлттық жәдігерлерімізді ұрпақ тәрбиесіне пайдаланып, мақтан тұту аса маңызды.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- педагог мамандардың ұлттық санасын қалыптастыру;

- жастардың санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- тіл, дін, діл оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

- жастардың бойында адамгершілік, жанашырлық, мейірімділік, қайырымдылық, сенімділік, намысшылдық, ұлттық сезіміні мен мінез-құлықтарын қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық құндылықтарды зерттеушілердің бірі, А.Қасабек: «Ұлттық діл мен діни сенімдер арасында тығыз байланыс бар. Тарихымызға үңілсек осындай байланыстарды халқымыздың санасында кең орын алған аңызда аңғартады. Аңыздың негізгі өзегі – мәңгілік, мәңгі-бақи өмірлік, жанның мәңгі бақи екендігіне сену, оны мәңгілік етуге талпыну. Осындай сенім арқылы адамның рухани түпқазығы нығыздалған, ділі нығайған. Рухани тұтастық бар жерде текті адам белсенділік арқылы қоғамдық қатынастарды шыңдайды», – деп көрсетеді [8].

Біздің ойымызша, ең алдымен болашақ педагог тұлғасы мен оның ұлттық және трансұлттық білімдік кеңістіктегі кәсіби әрекетінің роліне шынайы баға берілуі тиіс. Сонымен қатар, жаһандану жағдайындағы халықаралық әрекеттестікке дайындығының теориялық әдіснамалық негіздері жаңартылуы қажет.

Ұлттық сананы жетілдірудің бір жолы – жастар бойында әлемдік көзқарас қалыптастыру. Әлемдік көзқарас элементтері өзіне этникалық құндылықтарды қосады. Өмірлік тәжірибе ең алдымен отбасында қалыптасады. Адамдардың ұлттық мәдени, педагогикалық ерекшеліктерімен анықталады. Ұлттық сананы қалыптастыру этностық этномәдени қажеттіліктерде Қазақстан ұлттық саясатының анықтаушысы болып есептеледі [9]. Бұл үдеріс ішкі және сыртқы факторлардың қайта жаңғырылуымен жүргізіледі. Ең алдымен оған білім мен тәрбиелік орта әсер етеді.

XXI ғасыр – мәдениеттер түйісуі, мәдениеттер сұхбаты, мәдениеттер тоғысуы, мәдениеттердің кірісуі, мәдениеттер күресі заманы. Ендігі өркениеттің келешек тағдыры да осы мәдениеттер түсіністігіне тәуелді дейтін қоғамдық пікір қалыптасқаны шындық. Олай болса, қазіргі болмыстың, мұсылмандық дүниетанымның мәдени-философиялық бейнесін қалыптастыру дәуір талабы, жаһандану үдерісіндегі идиоэтникалық келбет сұранысы. Болашақ педагог мамандардың жаһандану жағдайын-

дағы құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі педагогикалық-психологиялық және ұлттық құндылық тұрғысында тереңдете зерттеуді қажетсінеді. Жаһандану мәселесінің маңыздылығы ең алдымен ел ішіндегі және елдер арасындағы өзара қатынастардың өзгеруімен, сонымен қатар жеке және қоғамдық сананың өзгеруімен де анықталады.

Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану арқылы жастарымыздың бойында ұлттық рухани - адамгершілік құндылықтарды жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Бұл мәселе: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шынға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсетілген [10]. Ұлттық құндылықтарды болашақ педагог мамандардың және сол арқылы оқушы жастардың бойына сіңірудің тағы бір маңызды бағыты, өзін-өзі бағалай білуге бет бұру, ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық сананы дамыту.

Қорыта келе, болашақ педагог мамандардың жаһандану жағдайындағы құзыреттілігін ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру жүйесі дегеніміз – педагогтардың ұлттық құндылықтар жайлы ғылыми теориялық, философиялық және психологиялық ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыруға бағытталған жұмыстың мызғымас реттілігі. Ұлттық құндылықтар болашақ педагог маманның тұлғасындағы басты қасиеттер ретінде орнығып, іс-әрекетінде көрініс беріп, оның қазақ ұлтының өкілі екендігін бейнелеп тұруы маңызды. Сонымен қатар оқу орны тұтынушының бүгінгі мүддесіне ғана емес, келешек тағдырына (карьерасына, материалдық және рухани ынсап-берекесіне) ықпал ететіндей білім беруі тиіс. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ маманның сапасын оның білімділігі мен құзыреттілігін анықтайды. Еңбек нарығы осы қасиетті талап етіп отыр. Бұдан шығатын қорытынды: білім сапасы - өмір сапасының негізі.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы.
2. Теодор Левитт 1983 году (англ. Theodore Levitt), профессор Гарвардской школы бизнеса опубликовал статью «Глобализация рынков», ('Globalization of Markets'), опубликованной в майско-июньском выпуске 1983-го 'Harvard Business Review'.
3. Арцишевская Е.И., Кабардов М.К. Типы языковых и коммуникативных способностей и компетенций / Вопросы психологии. 1996. - №1. – С. 34-49.
4. Fessler D. M. Home education regulations: What parents need to know about Ohio home education regulations. Cassidy & Nells Pub. Dayton, OH. 2008. // <http://www.bologna-center.com/ru/node/711>
5. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010 ж.
6. Тәлім тәрбие тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 1993 жыл 5 ақпан.
7. Персонс Т. Крымский С.Б. Контуры духовности: новые контексты индивидуальности. // Вопросы философии. 1992. – №12. – С.213.
8. Қасабек А. Ұлттық ділі // Ақиқат. – 2000. – №8-9. – Б. 35-41.
9. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясы, 1977. – 631 б. Т.11. – Б 261.
10. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2007. – Б 192.

УДК 371.2
МРНТИ 14.43.47

Г.С. Саудабева¹, Г.К. Шолтанқұлова², А.М. Қожан³

¹п.э.д, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Алматы қ., Қазақстан

²п.э.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Астана қ., Қазақстан

³магистр, ҚазСТА,

Алматы қ., Қазақстан

ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ САНДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада интеграцияның студенттердің сандық сауаттылығын қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Білім берудегі интеграция мәселесін жан-жақты зерттеу оның маңыздылығын және ойлау жүйесін меңгерген, өз іс-әрекетін саналы түрде талдауға, цифрлік технология жағдайында дербес өз бетімен әрекетке, сонымен бірге жаңа білім мен дағдыны меңгеруге қабілетті қазіргі заманғы тұлғаны дамытуда педагогикалық үдеріске жағымды ықпалын көрсетеді. Білім беру жүйесі дамудың өзіне тән ішкі әлеуметтік заңдылықтары бар қоғамның маңызды әлеуметтік институты болып табылады. Адамның рухани, мәдени, ақпараттық қажеттіліктері үздіксіз білім беру факторы және оны дамытудың негізгі күшейткіші болып саналады. Сауаттылық ЮНЕСКО-ның «Барлығына арналған білім» бағдарламасының негізгі міндеттерінің біріне саналады, онда сол міндетке сәйкес ересектердің сауаттылығын көтеру, базалық және үздіксіз білімнің барлық ересектерге де қолжетімді болуы қарастырылады.

Түйін сөздер: ақпарат, сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, функционалдық сауаттылық, сандық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, ақпараттық коммуникативтік технология, интеграция.

Саудабева Г.С.¹, Шолтанқұлова Г.К.² Қожан А.М.³

¹д.п.н., КазНПУ им. Абая,

г. Алматы, Қазақстан

²к.п.н., доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,

г. Астана, Қазақстан

³магистр, КазАСТ,

г. Алматы, Қазақстан

РОЛЬ ИНТЕГРАЦИИ В ФОРМИРОВАНИИ ЦИФРОВОЙ ГРАМОТНОСТИ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В данной статье рассматривается роль интеграции в формировании цифровой грамотности студентов. Всестороннее изучение проблемы интеграции в образовании подтвердило ее значимость и положительное влияние на педагогический процесс, выразившиеся в стремлении развития современной личности, обладающей системным мышлением, способностью к осознанному анализу своей деятельности, самостоятельным действиям в условиях цифровой технологии, а также приобретению новых знаний и навыков. Система образования является важнейшим социальным институтом общества, который имеет свои внутренние социологические закономерности развития. Духовные, культурные, информационные потребности человека являются основными ускорителями развития, факторами непрерывного образования. Грамотность является одной из основных целей Программы ЮНЕСКО «Образование для всех». Цель повышение уровня грамотности взрослых и предоставление всем взрослым равного доступа к базовому и непрерывному образованию.

Ключевые слова: информация, грамотность, информационная грамотность, функциональная грамотность, цифровая грамотность, компьютерная грамотность, информационная коммуникативная технология, интеграция.

G.S. Saudabeva¹, G.K. Sholpankulova², A.M. Kozhan³
¹doctor of pedagogical sciences, associate professor KazNPU them. Abay,
Almaty, Kazakhstan

²Candidate of Science (pedagogic), Associate professor,
Eurasian National University named after L.N. Gumilev,
Astana, Kazakhstan

³master of pedagogical and psychological sciences, KazAST,
Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF INTEGRATION IN THE FORMATION OF DIGITAL LITERACY OF STUDENTS

Abstract

This article discusses the role of integration in the formation of digital literacy of students. A comprehensive study of the problem of integration in education confirmed its importance and positive impact on the pedagogical process, expressed in the desire to develop a modern person who has systemic thinking, the ability to consciously analyze his activities, take independent action in digital technology, and acquire new knowledge and skills. The education system is the most important social institution of society, which has its own internal sociological laws of development. Spiritual, cultural, information needs of man are the main accelerators of development, factors of continuous education. Literacy is one of the main objectives of the UNESCO Education for All Program. The goal is to increase the level of adult literacy and provide all adults with equal access to basic and continuing education.

Key words: information, literacy, information literacy, functional literacy, digital literacy, computer literacy, information communication technology, integration

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында [1]: «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, оны жүзеге асыру бағыттарының айқындалуы цифрлық технологияны дамыту жағдайында студенттердің ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру мәселесін өзектендіреді.

Сонымен бірге қазіргі заманғы білімнің жылдам жанаруы және ақпараттық-білім беру ортасының белсенді қалыптасуы жоғары орындары алдына ғылым және білім мақсатын шешу үшін ақпараттық ресурстарды тиімді пайдаланатын, өңдейтін, ақпараттармен сауатты жұмыс істей алатын, қажетті білім мен дағдыны өзбетімен меңгеретін болашақ маманды даярлау міндеттерін қояды.

Ақпарат термині латынның «information» сөзінен шыққан, түсіндіру, мазмұндау деген мағыналарды білдіреді, күнделікті өмірден бастап техникалық салада пайдаланылатын көп мағыналы ұғым. Жалпы алғанда бұл ұғым шектеу, байланыс, бақылау, форма, инструкция, білім, мағына, құрылым, бейнелеу, сезіну тағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты [2].

Философиялық көзқарас тұрғысынан, ақпарат – мәліметтер немесе хабарлама көмегімен нақты әлемді бейнелеу; ал хабарлама – бұл ақпаратты ұсыну формасы (мәтін, сан, кесте, график, бейне) [3].

Кең мағынада ақпарат қазіргі заманғы ғылымның материя, энергия, уақыт, кеңістік, т.б. жетекші ұғымдарымен қатар қолданылатын түйінді ұғым, өзіне адамдар арасында мәліметтер алмасу, тірі және өлі табиғат белгілерінің алмасуы, адамдар мен құрылғылар алмасуы сияқты әрекеттерді енгізеді.

Бүгінде «ақпарат» ұғымы үш тұрғыдан (ғылыми, абстрактылық, нақты) анықталады. Сондай-ақ ақпарат теорияда, кибернетикада, семантикалық теорияда, тұрмыста, техникада терең және көпқырлы мәнге ие. Демек ақпарат ақпараттанған қоғам дамуының маңызды атрибуты болып табылады.

Жалпы сауаттылық түсінігі мәдени-тарихи сипатқа ие. Өргүрлі мәдени контексте «сауаттылық» ұғымы сан алуан мағынаны білдіреді. Мысалы, дәстүрлі түсінікте ол - оқи білу, жаза білу, санай білу. Қазіргі заманда сауаттылық – бұл білім алу, сонымен бірге өмір бойы құзыреттіліктердің жаңа түрін (білім, дағды және әлеуметтік тәжірибе) меңгеру, ақпараттарға және білімге негізделген қоғам өміріне белсенді және табысты қатысудың міндетті шарты болып табылады.

ЮНЕСКО-ның негізі қаланғаннан бастап «сауаттылық идеясы» білім алу және оқу құқығының бөлінбейтін бөлшегі ретінде қарастырылады. 1985 жылы адамның күнделікті тіршілік әрекетіне қажетті сауаттылықтың базалық деңгейі ретінде оқу мен жазуды меңгеруді қарапайым қысқа хабарламаларды түсіну үшін анықтады. 1990 жылы сауаттылықтың кең түсінігі ұсынылды, оған адамның өзін және оның қоршаған әлеуметтік ортасын дамыту, тіршілігі үшін қажетті оқу, жазу, санау қабілеттері енгізілді. 2004 жылы сауаттылық қайтадан қарастырылып, «ақпаратты теңестіру, түсіну,

түсіндіріп беру, құрастыру, коммуникацияға түсу, әртүрлі контекстегі қолжазба және басылған материалдарды қолдану қабілеттері, сонымен бірге жеке адамның мақсатына жетуде білімді меңгеруі және әлеуетін дамытуы, тұтас алғанда, қоғам өміріне қатысуы үшін білімнің үздіксіздігі ретінде» анықталды [4, 131 б.].

Технологияның қарыштауы, ақпараттар санының өсуі және оның формалары мен тасымалдаушыларының әртараптандырылуы жағдайында «сауаттылық» ұғымының «жаңа сауаттылық» ұғымына дейін дамуы аса кең метафорлық мағынаға, жаңа түрге ие болуда.

Сондықтан «сауаттылық» ұғымы өзіне ақпараттарды алу, қабылдау, өндіру, сақтау және беру үшін негізгі дағдыларды меңгерумен байланысты «функционалдық сауаттылық», «сыни сауаттылық», «шешендік сауаттылық» түсініктерін енгізеді.

1978 жылы ЮНЕСКО-ның анықтауына сәйкес «адам функционалды сауатты деп саналған, егер ол тобының немесе қауымдастығының тиімді қызмет атқаруы үшін қажетті кез келген іс-әрекет түрін жүзеге асырса, онда сауаттылық өзінің немесе қауымдастығының дамуы үшін оқу, жазу немесе санауды қолдануға мүмкіндік береді» [4, 133 б.].

Функционалдық сауаттылықтың параметрлері сан алуан түрлі: тілдік сауаттылық; құқықтық сауаттылық; азаматтық сауаттылық; қаржылық сауаттылық; экологиялық сауаттылық; кәсіби және арнайы аспектідегі сауаттылық [5].

Ақпараттық коммуникативтік технология (ИКТ) қолданумен білімге, ақпараттарға мүмкіндікті қамтамасыз ететін дағдыларға қатысты «технологиялық сауаттылық», «компьютерлік сауаттылық», «аудио-визуальдық сауаттылық» ұғымдары қолданылады. Осыдан нақты саладағы білімге қолжеткізу дағдысын белгілеу үшін сол салаға сәйкес түсініктер пайда болды, мысалы, өнер, экономика, денсаулық сақтау, экология, география және т.б.

Цифрлық ресурстар санының артуына байланысты жаңа дәуірде бір жағынан, сандық құрылғылар, ресурстар мен қызметтердің, екінші жағынан, жаһандық ақпараттық медиа ортаның өрістеуінен ақпараттық қоғамдағы білімді тасымалдау, беру, жинақтау, құрастыру және тарату жүйесі ретінде жаһандық бұқаралық ақпарат құралдары ортасының адамға ықпалының күшеюі айқындала түсуде.

Сондықтан бүгінде «цифрлық сауаттылық» ұғымы ғылыми айналымға енді. Ол ақпараттық іс-әрекет құралы ретінде компьютерді пайдалана білу шеңберінен шығып, технологиялық сауаттылықпен байланысты компьютерлік сауаттылық және ақпараттық коммуникативтік технологияны қолдана білу сауаттылығы ұғымдары қатарында қарастырылады.

Цифрлық сауаттылық даму катализаторы қызметін атқарады, өйткені электрондық қызметті тұтынушы ақпараттық қоғамның азаматының маңызды өмірлік дағдыларын меңгеруге және өздігінен білім алу сұраныстарын қанағаттандыруға әсер етеді.

Цифрлық сауаттылық – дағдылар топтарын біріктіретін кең ауқымды құрама бөлшектерден тұратын шекті ұғым: компьютерлік сауаттылық (компьютер саласындағы пайдаланушылық және арнайы дағдыларды енгізеді); АКТ сауаттылық (Интернет арқылы сервисті пайдалану үшін тұтынушылық дағдыларының жиынтығы, коммуникативтік және сандық ақпаратты іздеу, іріктеу, құрастыру, өңдеу, сақтау, тарату ақпараттық құраушылар). АКТ қоғамдық дамуға, адамның әлеуметтік тәжірибесіне, оның қоғамдағы кеңістігіне көбірек ықпал етеді. Мұнда ақпарат негізгі стратегиялық ресурс және әлеуметтік - мәдени даму факторы болса, ал АКТ адам іс-әрекетінің жетекші құралдарының бірі болып табылады.

Интеграцияның студенттердің сандық сауаттылығын қалыптастырудағы рөлін қарастыруда бұл ұғымға берілген анықтамаларға назар аударылды.

А.А. Бейсенбаеваның пікірінше, ғылым мен практика интеграциясын генетикалық қағида деңгейінде пайдалану сапалы жаңа жүйе жоғары реттегі интегралды білімдік кеңістікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал бұл педагогикалық теория мен практика арасында сапалы байланыс құру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл тұрғы ғылым мен практика интеграциясын генетикалық қағида ретінде мұғалімнің іс-әрекетінде теориялық педагогикадан білімді жүйелі пайдалануға бағдар береді [6].

И.А. Колесникова философиялық-педагогикалық тұрғыдан, интеграция «Адамзаттың ақыл-ой жиынтығы мен жеке ойлау деңгейлерінің сай келуін қамтамасыз ететін механизм ретінде қарастырылуы тиіс», - деп есептейді [7].

Н.В. Груздева «интеграцияны әлем бейнесін құруға және сол әлемде өзін түсінуге жағдай жасауға, ақиқат шындықты өзара толықтыруға негізделген білім процесін жүзеге асыратын принцип» ретінде анықтайды [8].

М.Г. Чепиков ғылыми білім «интеграциясы тенденциядан заңдылыққа айналады» – деген пікірін білдіреді [9].

Г.Ф. Федорец интеграцияны элементтердің бірлігін тұтастыққа біріктіретін, бірлікті қайта қалпына келтіретін дифференциацияға қарама-қарсы процесс деп түсіндіреді [10].

Сондықтан білімді жаңа аспектіде түсіну қажет, білімді интеграция деңгейінде жан-жақты ойлау және араластыру қайта ойлау оқытылатын пәнде іргелі мәселелерді таратуға мүмкіндік беріп, қоғамда білім беру жүйесінің рөлінің өзгеруіне алып келеді.

1993 жылы ЮНЕСКО-ның сессиясында интеграция ұғымына «өзара органикалық байланыстағы білімдердің бір-бірімен кірігуі, білім алушының ғылымды біртұтас түсінуіне қол жеткізу» деп дүниетанымдық мақсатта жұмыстық анықтама беріледі [11].

Интеграцияның мәні студенттің іс-әрекеті мен шығармашылық әлеуетін іске асыруға негізделіп, оның оқытылатын пәндерге сәйкес келетін білім алуын, білім нәтижелері ретінде құзиреттіліктерді меңгеруін талап етеді. Интеграция базалық құзиреттілікпен тікелей байланысты дағдының біріне саналады. Сандық сауаттылық жағдайында бұл дағды АКТ құралдарын пайдалану арқылы ақпаратты түсіндіріп беру және қайта таныстыруды іске асырады. Мұндағы ең күрделісі – әртүрлі көздерден алынған ақпараттарды жинақтау, қосу, салыстыру және қарама-қайшылықтарын айқындау. Интеграция техникалық міндеттерді шешуді талап етеді, атап айтқанда, әртүрлі типтегі мәліметтерді бірімезгілде өңдеуге мүмкіндік туғызады. Осыдан, интеграция үрдісі үшін мәтінді, кестені және бейнені басқасымен салыстыру және байланыстыру үшін визуалды, вербалды сауаттылық қажет. Демек АКТ арқылы нақты пәндерде қалыптастырылған оқу бағдарламалары бұл контекстте пәнаралық тұғырға бағдарланған және құнды деп саналады.

Жаңа білімді құрастыру сауаттылықтың барлық түрлеріндегі негізгі міндет ретінде компьютерлік бағдарламаны қолдану, авторлық материалдарды жасау жаңа цифрлік ақпараттың өзгені құрайды.

Сандық сауаттылықты бағалау үшін сандық құралдар аса тиімді, ең көп таралғандарының бірі электрондық немесе цифрлік портфолио – ол Web сайтты пайдаланумен жинақталған электрондық мәліметтер. Әрбір электрондық мәліметтер ді электрондық тесктке, файлге, мультимедия, гиперсілтемеге енгізуге болады. Электрондық портфолионың үш типі бар: дамуға бағытталған, рефлексивтік, презентациялық.

Қорыта келгенде, цифрлік дәуірдің жастары (балалар, студенттер) үшін визуалды оқыту тілін қалыптастыруда АКТ қолдануға бағытталған дамудың жаңа үлгісі қажет, ол сандық сауаттылықтың шығармашылық түріне бағдарлануы тиіс. Құзиреттілік - өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын оқу нәтижесінде алынатын сапа.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 10 қаңтар 2018 жыл. <http://www.akorda.kz>
2. <https://kk.wikipedia.org>
3. Әлікенова К.Н. Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы. – Талдықорған; ЖМУ, 2012. – 256 б.
4. Информационные и коммуникативные технологии в образовании: монография/Под ред. Б.Дендева. – М.: ИИТО ЮНЕСКО, 2013. – 320 с.
5. Социология: энциклопедия <http://voluntary.ru>
6. Бейсенбаева А.А. Мендигалиева Г.К. Теоретические основы интеграции науки и практики в инновационных типах школ. РИПК СО. – Алматы, 1999. – 57 с.
7. Колесникова И.А. Педагогическое проектирование. – М.: «Академия», 2005. – 288 с.
8. Груздева Н.В. Интегативность как методологический и дидактический принцип (на примере школьного естественного образования) // Гуманист. Потенциал ест.н.обр. /Под ред. Алексаишиной И.Ю. ГПУМ. – 1996. – 264 с.
9. Чепиков М.Г. Интеграция науки. - М.: Мысль, 1988.- 135с.
10. Федорец Г.Ф. Межпредметные связи а процессе обучения // Нар.образование, 1985. №3. – С. 36-40.
11. Тезаурус ЮНЕСКО МБЛ по образованию. 1993.

ӘОЖ 378.147.1
МРНТИ 14.35.09

Н.Н. Салыбекова¹, Ф.И. Исаев¹, Ж.Т. Абдрасулова²

¹PhD., Қожса Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

²техн.э.к., доцент м.а., Қожса Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

³PhD., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ МАЗМҰНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа

Мақалада болашақ биолог мамандарды дайындауда көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелерін оқу үдерісінде қолданудың құрылымдық-мазмұндық жүйесі жасалынды. Білікті биолог маман дайындау мақсатында оқу үдерісін ұйымдастыру және нәтиже алу жолдары қарастырылды. Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлері туралы білімін сапа көрсеткіштеріне сәйкес менгерудегі компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері нақтыланды.

Түйін сөздер: модель, биологиялық білім, саңырауқұлақ түрлері, компоненттер.

Салыбекова Н.Н.¹, Исаев Г.И.¹, Ж.Т. Абдрасулова²

¹PhD., *Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссауи*
г. Туркестан, Казахстан

²к.техн.н., и.о. доцент, *Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссауи*
г. Туркестан, Казахстан

³PhD., *Казахский национальный университет им. аль-Фараби,*
г. Алматы, Казахстан

СТРУКТУРНАЯ И СОДЕРЖАТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА ФОРМИРОВАНИЯ БИОЛОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Аннотация

В статье построена структурно-содержательная система применения в учебном процессе результатов исследования биоэкологических особенностей видов грибов, поражающих овощи, в подготовке будущих специалистов биологов. Рассмотрены пути организации учебного процесса и получения результатов при подготовке квалифицированных специалистов биологов. Конкретизированы компоненты, величины и показатели освоения знаний о грибах, поражающих овощи, согласно показателям качества.

Ключевые слова: модель, биологическое образование, виды грибов, компоненттер.

Salybekova N.N.¹, Issaev G.I.¹, Abdrassulova Zh.T.²

¹PhD., *Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*
Turkistan c., Kazakhstan

² *Candidate of Technical Sciences, assoc. prof., Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,*
Turkistan c., Kazakhstan

³PhD., *al-Farabi Kazakh national university,*
Almaty c., Kazakhstan

STRUCTURAL AND SUBSTANTIAL SYSTEM OF FORMATION OF BIOLOGICAL KNOWLEDGE OF STUDENTS

Abstract

There is constructed the structural and substantial system of application in educational process of research results of bioecological features of fungi species striking vegetables in training of future experts of biologists. There are considered ways of the organization of educational process and obtaining results for training qualified specialists of biologists. Components, sizes and indicators of development of knowledge about fungi striking vegetables are concretized according to quality indicators.

Key words: model, biological education, species of fungi, components.


Кез келген білімді қалыптастыру үшін ең алдымен оның құрылымдық тетігін қарастырып барып мазмұнын құрастыру арқылы ғылыми жүйелік ұстаным жасайды. Бұл жүйе үлгілік (модельдік) сипатта болуы тиіс.

Модельдеу – зерттелетін тақырыптың, педагогикалық құбылыстардың мазмұнын ашуға көмектесетін зерттеудің бірден-бір өзекті әдісі болып табылады. Мұндағы басты артықшылық – мәлімет ұсынудың бүтіндігі. Әдіс арқылы ғылыми танымның зерттеу объектілерін олардың модельдерін жасап, неғұрлым тиімді тәсілмен зерттеуге мүмкіндік береді. Педагогикалық моделдеу, сипаттау педагогикалық тәжірибенің мақсатын, яғни модель-мақсатты қарастырады. Осындай мақсат аралық нәтижелерді түзуге және басқарудың ықпал жүйесін қалыптастыруды керек етеді. Сондықтан биологиялық білім беруде көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеу нәтижелерін қолданудың әдістемесін жасаудың құрылымдық-мазмұндық тұрғыдан сипаттау, барысында модель сөзіне түсінік береміз. Модель, үлгі сөзі (франц. *modele*, итал. *modello*, лат. *modulus*) - «өлшеуіш, өлшем, үлгі, норма» деген мағынаны береді [1].

А.Н. Дахиннің пікірінше педагогикалық модельдеу зерттеудің жалпы әдістеріндегі жеке бағыт, бұл бағытты модельдеу құбылыстарының ерекшелігін көрсететін үлгі ретінде көрсетсе [2], Г.И. Саранцева модельге материалдың бір бөлігін ойша немесе практикалық түрде қысқартып, көрнекі түрде беру, нақты немесе болжанған ерекшеліктер мен құрылымдар көрініс табатын зерттелетін нысанның нақты бейнесі деп анықтама береді [3]. А.Ф. Зотов педагогикалық модельді зерттеу барысында объектілер мен салалар арасындағы тәуелділікті ажыратумен шектелетін байланыстылық пен біртұтастық, зерттеу объектілерінде көрсетілетін теориялық модельдердің шешуші жағдайларын шын эффектілермен байланыстырудың қажеттігі ретінде сипаттайды [4].

Модель таным объектісінің орнын басатын және ол туралы ақпарат көзі болып табылатын материалдық жүйе деп түсіндіріледі. Модельдер зерттеу мақсатына байланысты әр түрлі қағидалармен топтастырылады. Таным үдерісінде қолдану мақсатына, түпнұсқа туралы ақпараттың орындалу әдісіне, адамның оларды жасау барысында қатысу дәрежесіне қарай топтастыру қағидаларын бөліп көрсетуге болады. Аталған қағидаларға сәйкес модельдер үш үлкен топқа ажыратылады. Эвристикалық және дидактикалық, таңбалы және заттық-техникалық, табиғи және жасанды. Таным үдерісінде модельдер әр түрлі функцияларды атқарады. Олар кейбір құбылыстарды түсіндіру функцияларын орындайды. Сондықтан ғылыми зерттеулердегі модельдің мәні болжау яғни эвристикалық функциялары болып табылады.

Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеу нәтижелерін оқу үдерісінде қолданудың негізінде білімгерлердің биологиялық білімін толықтырудың мазмұндық-құрылымдық жүйесі жасалды (1-сурет).



Сурет 1– Болашақ биолог мамандар дайындауда көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелерін оқу үдерісінде қолданудың құрылымдық-мазмұндық жүйесі

Модель құрылымы білім беру мақсатымен тікелей байланысты зерттеу нысанының сипаттамасын негізге ала отырып құрылды [5-7].

Білімгерлердің биологиялық білімді игеруде сапа көрсеткіштеріне сәйкес меңгерудегі компоненттерді, өлшемдер мен көрсеткіштерді 2-кестеге сәйкес келтіруге болады.

Кесте 2 - Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтар туралы білімін сапа көрсеткіштеріне сәйкес меңгерудегі компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
Мақсатты-мотивациялық	Білімгерлердің оқу іс-әрекетіндегі көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктері туралы мәліметтер мен пәнге қызығушылығы, зерттеу жүргізуге, пәнді меңгеруге белсенділігі, ұмтылысы	<ul style="list-style-type: none"> - саңырауқұлақтар туралы білім мазмұнына қызығады; - саңырауқұлақтардың биоэкологиялық ерекшеліктері, күрес шараларын іздеу, генетикалық зерттеу жүргізу әдістері туралы білімді қажеттілік деп ұғады; - көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтар туралы білімді игеруге, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, педагогикалық іс-әрекеттерді белсенді жүзеге асыруда, бәсекеге қабілетті маман қалыптасуына ұмтылысы жоғары
Мазмұндық-танымдық, іс-әрекеттік	Саңырауқұлақтар туралы қалыптасқан білімі. Ғылыми жобалық іс-әрекеттің негізгі субъектісі ретінде тани отырып, ғылыми зерттеу жұмыстарды меңгеруі мен оны практикада пайдалану біліктілігінің болуы	<ul style="list-style-type: none"> - саңырауқұлақ түрлері, генетикалық-молекулалық түсініктер бойынша білімі терең, толық сипаттай алады, оқу материалдарының мазмұнын түсініп, ұғынады; - пәнаралық оқу материалдарының мазмұнын танып-біліп, оқи алады, білімі терең; - ғылыми-зерттеу іс-әрекет әдістері мен тәсілдерін білуі, жаңаны табуда танымдық біліктерінің қалыптасуы; - ұжымдық зерттеушілік жұмыстарды атқаруы, білімін қажетті жағдайда практикалық тұрғыда сабақтастыра білуі
Рефлексиялық-бағалау	Рефлексияның қалыптасуы	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-жобалық іс-әрекетке, ізденімпаздық жұмыстарға талдау жасай білуі; - жеке іс-әрекетін ұйымдастырушылық тұрғыда өз бетімен сараптау; - іс-әрекетті объективті бағалай білу, кемшіліктерді жоюға жауапкершілікпен қарау, рефлексиялық бағытты таңдау, білімін, білімнің негізін, оларды меңгерудің жолдарын таба білуі

Мақсатты-мотивациялық компонент – білім берудің жаңа парадигмасына сай болашақ биология мұғалімдерінің саңырауқұлақтар туралы білімді игеруге, ғылыми-зерттеу іс-әрекетке құндылық бағдары ретінде ынтасы, жаңалыққа қызығушылығы, зерттелетін мәселенің шешімін табуға қызығушылығы, өз іс-әрекетін зерттеушілік сипатта ұйымдастыруға талпынуы. Саңырауқұлақтар туралы білімді игеру 5B011300- Биология мамандығы білімгерлеріне 2-курста оқытылатын кәсіби элективті модульдің бірі «Өсімдіктер систематикасы» пәнінен басталады.

Мазмұндық-танымдық, іс-әрекеттік компонент – саңырауқұлақтар туралы білімінің толықтығы, ғылыми-жобалық іс-әрекеттерді іске асыру біліктілігінің болуы, ұйымдастыра білуі, пәнаралық ғылыми білімдерін байланыстыра отырып, қажетті жағдайда қолдана алу мүмкіндігінің болуы.

Рефлексиялық-бағалау компоненті – ғылыми-жобалық жұмыстары мен зерттеулерге талдау жасай, жетістіктер мен кемшілік себептерін айқындай білуі, рефлексиялық бағыты қалыптаса отырып, жоғары дәрежеде танымдық қызығушылық негізінде зерттеушілік, шығармашылық бағыттылығының тұрақтылығы.

Көрсетілген модельдің негізінде саңырауқұлақтар туралы білімді меңгеру деңгейлері және сапасы таным деңгейіне байланысты (А.Әлімов бойынша) үшке бөліп қарастырылды.

Жоғары деңгей: талдау, синтез, бағалау;

Орта деңгей: түсіну, қолдану;

Төмен деңгей: білім (білу) деңгейін қамтиды.

Компонеттер бойынша көрсеткіштерді талдайық:

Мақсатты – мотивациялық компонент өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Болашақ биолог мамандарды дайындау құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның кәсіби шеберлігін жетілдіруге, дамытуға талпынуы, таңдаған мамандығын жақсы көруі, ұрпақ тәрбиелеуде мұғалімнің орнын сезінуі, біліктілік, кәсіби шеберлік деңгейін дамытуға бағыттылығы, көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлеріне зерттеу жүргізуге, пәнді меңгеруге белсенділігі, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық, педагогикалық технологияларды таңдай білуі, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері жатады.

Мазмұндық-танымдық, іс-әрекеттік өлшемдеріне болашақ маманның пәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, саңырауқұлақтар туралы теориялық білім негіздерімен қарулануы, ғылыми-зерттеу жұмыстарды меңгеруі, зерттеулерді жүргізуі, кәсіби білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүргізе алуымен өлшенеді.

Рефлексиялық-бағалау өлшемдеріне зерттеушілік ептілікті, шығармашылық белсенділікті, білімгерлердің ғылыми-ізденушілігін дамытуы, болашақ биология мұғалімінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, білімін көтеруге, жетілдіруге талпынуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады. Осы аталған көрсеткіштер арқылы білім, іскерлік, іс-әрекет, нәтиже қалыптасады.

Жобалық оқыту жүйесін жасау білімнің игерілуіне, білім беру теориясы мен практикалық салаларына белсендендірудің амалдарын ғана емес, білімгерлердің тұлғалық дамуының, білікті маман қалыптасуының жүйесін енгізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Словарь иностранных слов.* – М.: Русс.яз., 1988. – 624 с.
- 2 *Дахин А.Н. Педагогическое моделирование: сущность, эффективность и неопределенность / А.Н. Дахин // Педагогика.* – 2003. – № 4. – С. 21–26.
- 3 *Саранцева Г.И. Цель, объект, предмет педагогического исследования // Педагогика.* – 2002. – №7. – 16 с.
- 4 *Зотов А.Ф. Идеализированная модель как основа научной теории.* – М.: Высшая школа, 1976. – 293 с.
- 5 *Salybekova N.N., Kuzhantaeva Zh.Zh., Abdrassulova Zh.T., Babaeva G.A., Serjanova A.E. Searching laboratory research of students on biological features of species of fungi affecting vegetable crop /3rd International Conference «Role of nonmaterial factors in ensuring the social and psychological condition of a society» - Sheffield, UK, 2015. – P. 52-57.*
- 6 *Салыбекова Н.Н., Кужантаева Ж.Ж., Сержанова А.Е., Бабаева Г.А. Биология мамандығы студенттерінің ғылыми ізденушілігін арттырудың әдістері // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы (Педагогикалық ғылымдар сериясы).* – Алматы. - 2015. - № 3 (46). – Б. 148-155.
- 7 *Salybekova N.N., Kuzhantaeva Zh., Shildebaev Zh., Issayev G. Some innovative methods of teaching the special course about fungi which damage vegetables / Pedagogical and psychological problems of the modern Society: scientific approaches to the study and Overcoming practices 2nd edition: research articles. B&M Publishing. - San Francisco, California, USA, 2015. – P. 48-53.*

ӘОЖ 378.02:39.016:57
МРНТИ 14.35.17

А.К. Нурғалиева¹, Ж.Б. Чилдебаев²

¹PhD докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан
²n.э.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ БИОЛОГ-БАКАЛАВРЛАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңда биолог-бакалаврларды дайындауда білім беру құзіреттілігі мен тәжірибелі маман ретінде қалыптастырудың жолдары қарастырылған.

Болашақ биолог мұғалімдерін даярлау жүйесінде педагогикалық тәжірибе олардың кәсіби қалыптасуының негізгі формасы болып саналады әрі теориялық білім және практикалық тәжірибені синтездеуге мүмкіндік береді. Студенттерде қалыптасатын тұлғалық-шығармашылық әлеуеттің дамуы, кәсіби құзіреттіліктердің деңгейімен анықталады. Сондай-ақ жеке өзіндік әдістемелік жүйені құру арқылы көптеген нәтижелі педагогикалық жетістіктері, биологияны оқытудың ауытқымалы әдіс-тәсілдері, оқыту технологиялары мен авторлық бағдарламаларды жүзеге асуы, жобалауға қол жеткізуге тікелей байланысты болады. Мақалада практиканттардың іс-әрекеті олардың оқушылармен, ата-аналармен, мектеп мұғалімдерімен, әкімшілікпен түрлі қарым-қатынастармен сипатталуы тиіс. Бұл іс-әрекеттер кәсіби дайындықтың айтарлықтай нәтижеге жетуге негіз болатыны жан-жақты тоқталған.

Түйін сөздер: биолог-бакалавр, модернизация, педагогикалық практика, кәсіби құзіреттілік, педагогикалық білім беру, кәсіби дайындық, кәсіби шеберлік.

Нурғалиева А.К.¹, Чилдебаев Ж.Б.²
¹PhD докторант, ҚазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан
²д.п.н., профессор, ҚазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ БАКАЛАВРОВ-БИОЛОГОВ

Аннотация

В настоящей статье основными функциями преподавания биологии бакалавров являются: компетентность в образовании и практика. В системе подготовке будущих учителей педагогическая практика является одной из основных форм их профессионального становления, которое позволяет синтезировать теоретические знания и практический опыт. Формируемые профессиональные компетенции предполагают наличие или развитие у студента личностно-творческого потенциала, стремления добиваться максимальных педагогических результатов с помощью построения собственной методической системы, варьирования различных приемов и методов обучения биологии, проектирования и реализации авторских программ и технологий обучения. В статье рассмотрена деятельность практикантов, характеризующее отношение между учащимися, их родителями, учителями школы и администрацией. Эти мероприятия дают всесторонний импульс преимуществам профессиональной подготовки.

Ключевые слова: бакалавр-биолог, модернизация, педагогическая практика, профессиональная компетентность, педагогическое образование, профессиональная подготовка, профессиональное мастерство.

Nurgaliyeva A.K.¹, Childebayev Zh.B.²

¹PhD doctoral student, Abay KazNPU,

Almaty, Kazakhstan

² st Ph.D., Professor, Abay KazNPU,

Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF PEDAGOGICAL PRACTICE IN THE PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE BIOLOGICAL PREPARING

Abstract

In this article, the main functions of teaching bachelor biology are: competence in education and practice. In the system of preparing future teachers, pedagogical practice is one of the main forms of their professional development, which allows synthesizing theoretical knowledge and practical experience. Formed professional competencies presuppose the presence or development of the student's personal creative potential, the desire to achieve maximum pedagogical results by building his own methodological system, varying the various techniques and methods of teaching biology, designing and implementing author's programs and teaching technologies. The article examines the activities of trainees as characterizing the diversity of relations with students, their parents, teachers, school administration, which makes it one of the most difficult forms of vocational training.

Key words: bachelor-biologist, modernization, pedagogical practice, professional competence, pedagogical education, vocational training, professional skills.

Қоғам дамуында білім беру жүйесінде өзгеріс жасауды талап етіп отыр. Оның ішінде педагог кадрларды даярлау сапасын әлемдік деңгейге көтеру мәселесін Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында айтып келеді [1].

Отандық кәсіби білім берудің негізгі мақсаты – рухани жанғырту жағдайында білім сапасын көтеру. Жоғары педагогикалық оқу орындарындағы биолог-бакалаврлардың тұлға ретінде қалыптасуы, жоғары білімді, өз ісінің шебер маманын даярлау мәселесі қай кезде де өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі таңда жаңартылған білім бағдарламалары негізінде практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастыру білім беру саласы алдында тұрған негізгі міндеттің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім заңы», Қазақстан Республикасының білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайын Қазақстан халқына ұсынатын жолдауының негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде кәсіби мамандарды шебер де іскер етіп даярлауға, бүгінгі заманға лайықты өмір сүру мен жұмыс жасау болып табылады делінген [2].

Педагогикалық практика туралы бірқатар авторлардың еңбектері мен зерттеулері студенттердің педагогикалық іс-әрекетіне, ынтасына, қабілетіне, мамандыққа қызығушылығына, мотивіне арналған.

Педагогтарды даярлайтын жоғары педагогикалық білім беруді дамыту ең алдымен педагог-тұлғасына адамгершілік әлеуетіне, шеберлігіне т.б. байланысты. Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ биолог мамандарды практикаға бағыттап дайындауда жаңа талаптарға қайта қарау, оның теориясы мен ғылыми-әдістемелік негіздерін жаңарту мәселелерін зерттеу айрықша мәнге ие.

Біріншіден – студенттердің жоғары оқу орны қабырғасында алған теориялық білімдері мен кәсіби дайындығы нәтижесі, педагогикалық практика кезінде шыңдала түседі.

Екіншіден – педагогикалық практика кезінде студенттер оқушылармен тікелей қарым-қатынаста болу арқылы олардың тұлғалық ерекшеліктері мен қабілеттерін айқындайды, мінез-құлықтарындағы кейбір кемшіліктерді түзетуге ұмтылады.

Үшіншіден – педагогикалық практика кезінде студенттердің кәсіби қалыптасуының мәні арта түсіп, «мен білемін», «үйренемін», «үйретемін», «тәрбиелеймін», «қарым-қатынас жасай аламын» деген сенімдері нығаяды. Оқушыларды тәрбиелеп, үйретумен қатар, студент өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады, сондай-ақ қиындықты жеңуге, оқу үдерісінде кездескен мәселелердің шешімін табуға үйренеді, педагогикалық ойлауы үздіксіз дамып отырады. Педагогикалық практика барысын ұйымдастыру кезеңіндегі басты мәселелердің бірі – студенттерге практиканың негізгі міндеттерін айқындап талдап жеткізу.

Педагогикалық практика студенттердің өзін-өзі дамытуға, ізденісіне, өз икемдігі мен дарындылығын айқындауға себепкер болады. Өйткені, қазіргі таңда педагогтардың өзінің алдына қойған міндеттерінің бірі бұл – мұғалімнің өзін-өзі бағалау қасиеті.

«Практика» ұғымы ежелгі грек тілінен енген, ол «әрекет, қимыл» деген мағынаны білдіреді. Практикада білімгер өз бойындағы іскерліктер мен дағдыларды, кәсіби құзіреттілігін тиімді дәлелдеуі тиіс.

Философиялық сөздікке көз жүгіртсек, практика ұғымы бұл – қоғамның заманауи дамуын қамтамасыз ететін білім алушылардың іс-әрекеті [3].

Студенттердің университет қабырғасында алған теориялық білімі жоғарғы курста педагогикалық практика барысында кәсібиленеді. Педагогикалық практика барысында, биолог мұғалімдерді дайындау бұл – студенттердің әдістемелік дағдысын қалыптастырумен бірге олардың кәсіби шеберліктерін дамытудың жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданудың керектігін көрсетеді.

Педагогикалық практикалардың кәсіби деңгейде ұйымдастыру мақсатында біз келесідей қағидаларды ескеруіміз керек:

1. Педагогикалық практиканы ұйымдастырудың мәні – студенттердің дайындық деңгейінің ескерілуі.

2. Студенттер педагогикалық практикада сабақ барысында кездескен жағдаятты талдап, тұжырым жасау арқылы болашақ маман ретінде біліктілігін арттыруы.

3. Педагогикалық практика бағдарламасының мазмұндық құрылымының дұрыстығы мен студенттерге алдын-ала берілген тапсырмалардың кешенінің болуы.

4. Педагогикалық практика жетекшілерінің студенттердің болашақ мұғалім ретінде жұмыс жүргізуін қадағалап, оларға дұрыс бағыт беруі.

Болашақ мамандардың педагогикалық практика барысында кәсіби шеберліктерінің қалыптасу деңгейі үш кезеңнен тұрады:

- жоғары деңгей: оқытуды жүйелі ұйымдастыруы; әдіс-тәсілдерді қолдана білуі; жаңа технологияларды игеруі; шығармашылыққа баулуы; қарым-қатынастық стильдің сақталуы; педагогикалық іс-құжаттарды басшылыққа алуы;

- орта деңгей: жаңа технологияны жете меңгерген; мұғалімдік жұмысқа қызығушылығы бар болғанымен, барлық жұмыстарды дәстүрлі ұйымдастыруға бейімдігі, тұйықтық, қысылушылық қасиеттердің болуы.

- төменгі деңгей: тиімді әдістерді қолдануда педагогикалық дайындығы төмен, теориялық түсінік болғанымен, практикалық тұрғыда қолданыстың және мәдениеттің төмендігі [4].

Жоғары оқу орындарында модернизация жағдайында ұйымдастырылған педагогикалық практика – студенттердің кәсіби бағытын қалыптастыруда маңызды. Себебі, практика барысында студенттер таңдаған мамандығы бойынша кәсіби-тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Биология бакалаврын дайындау барысында кәсіби бағыттылығын қалыптастыру бұл педагогикалық практиканы ұйымдастырудың басты мақсаты болуы тиіс.

Биолог бакалаврлардың кәсіби бағыттылығының қалыптасуын ескере отырып, педагогикалық практиканың кәсіби бағытының моделі құрылды. Бұл модельде студенттердің кәсіби қызығушылығы, құзыреттілігі, іскерлік қабілетінің негізгі өлшемдері басшылыққа алынды. Жасалынған талдауларды ескере отырып, мынадай ұсыныстарды беруге болады:

- жоғары оқу орындарында педагогикалық практиканың ұйымдастыруда жүйелілік, бірізділіктің болуы;

- биолог бакалаврларды даярлау жүйесінде кешенді педагогикалық практиканың алатын орнын айқындау;

- студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, практиканың атқаратын міндеттерін шешу;

- биолог бакалаврларды дайындау үдерісіндегі педагогикалық практиканың мазмұнын толықтыру [5].

Қорыта келгенде, педагогикалық практика болашақ педагогтарды кәсіби қалыптастыруды үлкен рөл ойнайды. Практика барысында студенттердің теориялық білімдері тереңдеп кеңейе түседі, олардың педагогикалық білік, дағды іскерліктері және кәсіби-тұлғалық сапалары, сапалық қасиеттері қалыптасады, педагогикалық ойлау, шығармашылық белсенділік және өз бетінше жұмыс жасау әрекеттері дамиды. Оқытушылар мен студенттердің алдында педагогикалық практиканың мүмкіндіктерін болашақ педагогтардың дайындығын өз бетінше педагогикалық әрекет орындауда кеңінен қолдану міндеті тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР-ның білім беруді дамыту тұжырымдамасы. 2004 ж.
2. Сарменова Ж.Н., Рахметов Қ.Ж. Философия: Оқу құралы. – Алматы, 2003. – 87 б.
3. Философиялық сөздік Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 1996. – 347 б.
4. Балабаева А. Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру: п.ғ.к. автореф. дисс. – Алматы, 2005. – 24 б.
5. Чилдебаев Ж.Б., Нурғалиева А.К. Формирование профессиональной компетентности будущего учителя биологии посредством педагогической практики в школе. Международная научно-практическая конференция. «Биологическое и экологическое образование в школе и вузе: теория, методика, практика». – Санкт-Петербург, 2017. – 257-259 б.

УДК 371.64/.69
МРНТИ 14.85.09

У.А. Байзақ¹, Б.У. Байзакова², А.С. Минтасова³

¹п.ғ.д., доцент, А.Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қ., Қазақстан

²б.ғ.к., аға оқытушы, А.Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қ., Қазақстан

³6D011000–Физика мамандығының I курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан

МЕДИЦИНАЛЫҚ БИОФИЗИКА ПӘНІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕХНИКАНЫ КӘСІБИ БАҒЫТТА ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Жалпы, жоғары білім беру жүйесі ғылыми педагогикалық тұрғыдан құрылған, жүйелі түрде бір-бірімен тығыз байланысқан, бір мақсатқа негізделген процестерден тұрады. Осындай процестер арқылы фундаменталды, базалық және клиникалық біліммен қаруланған, мамандығы бойынша теориялық білім мен кәсіби дағдыларды толық меңгерген, сонымен қатар ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге дағдыланған, өз бетінше білімін жетілдіре алатын маман дайындауға болады. Болашақ маманды кәсіби дайындаудың алғы шарты. Бұл зерттеуде жоғарыдағыдай міндеттерді іске асырудың бір жолы ретінде медициналық ЖОО оқылатын «Медициналық биофизика» пәнінде медициналық техниканы кәсіби бағытта оқытудың педагогикалық технологиясы қарастырылады. Жүргізілген талдаулар медициналық ЖОО негізгі 4 түрлі клиникалық пәндерде (ішкі арулар, хирургиялық арулар, балалар арулары, акушерия және гинекология) 5 түрлі физикалық факторларға (механикалық, термодинамикалық, электрлік, оптикалық, атомдық) негізделген 61 түрлі диагностикалық іс-әрекеттер қолданылатындығына көз жеткіздік.

Түйін сөздер: медициналық физика, студент, кәсіби оқыту, медициналық техника, педагогикалық технология.

Байзақ У.А.¹, Байзакова Б.У.², Минтасова А.С.³

¹д.п.н., доцент МКТУ им. А.Ясауи,
г. Туркестан, Казахстан

²к.б.н., ст.преподаватель МКТУ им. А.Ясауи,
г. Туркестан, Казахстан

³докторант I-курса КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ МЕДИЦИНСКОЙ ТЕХНИКИ В КУРСЕ «МЕДИЦИНСКАЯ БИОФИЗИКА»

Аннотация

Принято считать, что высшее образования – это научно педагогическая система состоящая из многих процессов, связанная между собой по определенной системе. С помощью таких систем, можно готовить специалистов вооруженные фундаментальными, базовыми и клиническими знаниям, обладающие профессиональными навыками, самостоятельно вести научно- исследовательскую работу и способны самообразованию и т.д. Эти критерии является обязательными предпосылками профессиональной подготовкой специалистов. В статье рассмотрены педагогическая технология профессиональной направленности обучения медицинской техники в курсе «Медицинская биофизика». Анализ показал, что медицинских вузах в основных 4 клинических дисциплинах (внутренние болезни, хирурги-

ческие болезни, детские болезни, акушерия и гинекология) используется 5 физические факторы (механические, термодинамические, электрические, оптические и атомные) на которых основан 61 диагностические действия.

Ключевые слова: медицинская биофизика, студент, профессиональная обучения, медицинская техника, педагогическая технология.

U.A. Baizak¹, B.U. Baizakova², A.S. Mintassova³

¹d.p.s, associate professor IKTU named after A.Yassawi,

Kazakhstan, Turkestan

²c.b.s., senior lecturer of the IKTU named after A.Yassawi

Kazakhstan, Turkestan

³PhD student of the KazNPU named after Abay,

Kazakhstan, Almaty

PEDAGOGICAL TECHNOLOGY OF PROFESSIONAL ORIENTATION OF TEACHING MEDICAL EQUIPMENT IN THE "MEDICAL BIOPHYSICS" CURRICULUM

Abstract

It is considered that higher education is the scientific and pedagogical system consisting of many processes and connected with each other by a certain system. With the help of these systems it is possible to educate experts armed with fundamental, basic and clinical knowledge, having professional skills for independent research work, capable to self-education, and etc. These criteria are obligatory prerequisites of vocational training of specialists. This article deals with the pedagogical technology of a professional orientation of training medical equipment in "Medical Biophysics" curriculum. The analysis showed that medical faculties in the main 4 clinical disciplines (internal diseases, surgical diseases, childhood diseases, obstetrics and gynecology) use 5 physical factors (mechanical, thermodynamic, electrical, optical and atomic) on which 61 diagnostic actions are based.

Key words: Medical Physics, student, vocational education, medical equipment, pedagogical technology.

Мемлекеттің байлығы жер астындағы темір мен көмір, мұнай мен газ, т.б. кен байлықтармен ғана өлшенбейді, оның басты байлығы халықтың денсаулығы. Мұны, Ел Басы, ҚР тұңғыш Президенті Ә.Назарбаевтың әр жылғы Қазақстан халыққа арналған жолдауында халықтың денсаулығы туралы мәселені жолдаудың басты бағыттарының бірі ретінде қарастыратындығынан көруге болады.

Осы міндеттерді іске асыру денсаулық сақтау қызметкерлерінің, оның ішінде дәрігерлердің алдында тұрған басты міндеттердің бірі, олай болса, болашақ дәрігерлерді-медициналық факультет студенттерін заман талабын қанағаттандыратындай, нарықтық қарым-қатынастағы бәсекелестікке төтеп беретіндей деңгейде дайындау медициналық жоғары оқу орындары (ЖОО) алдында тұрған мемлекеттік, әлеуметтік маңызы бар міндеттердің бірі деп қарау керек.

Медициналық жоғарғы оқу орындарында оқылатын медициналық физика курсының алдында тұрған негізгі міндеттер ҚР жоғары медициналық білім стандарттарында көрсетілген дәрігердің біліктілік сипаттамасынан және арнаулы клиникалық пәндер бағдарламаларынан келіп шығады. Бұл бағдарламаларға сәйкес студент-болашақ дәрігерлердің медициналық физикадағы негізгі фундаменталды заңдар мен қағидаларды меңгерумен қатар, физикалық факторлардың адам ағзасына тигізетін әсерлерін, оларды диагностикалық және терапевтік, клиникалық лабораториялық құрал жабдықтарда пайдалануды және бұл құралдармен жұмыс істетуді және оны меңгертуді басты бағыт ретінде қарастыру жүктелген.

Қазіргі заманғы медицинаны, кеселдің симптомдары мен себебін анықтау және оны жою сияқты, көп сатыдан тұратын диагностикалық және терапиялық процесі деп қарастырады [1-2]. Мұндай процесс: клиникалық мәліметтерді жинау, оларды талдау, шешім қабылдау және емдеу сияқты негізгі сатылардан тұрады. Көп жағдайларда аурудың себептерін анықтауда және оны емдеуде дәрігер өз білімі мен тәжірибесімен қатар, қазіргі заманғы диагностикалық және терапевтік медициналық құралдар мәліметі мен физикалық емдеу факторларына сүйенеді, яғни қазіргі заманғы дәрігерді түрлі медициналық құралдарысыз жеке қарастыру мүмкін емес. Шет ел ғалымдарының зерттеулеріне сәйкес дәрігер өзінің білімі мен біліктілік деңгейіне қарамастан диагностикалау мен емдеу ісінің 25-45% жағдайда медициналық құрал-жабдықтар мәліметіне сүйенеді [3]. Ресей ғалымдарының зерттеулері бойынша стационарда жатқан аурулардың 80%, амбулаторлық емделуде жүрген аурулардың 60%, санаториядағы ем қабылдаушылардың барлығы медициналық техника көмегімен жүргізілетін физиотерапевтік емдеуге зәру [4]. Олай болса дәрігердің диагностикалық және емдеу іс-әрекеті


медициналық құралдардан алынған мәліметтерге байланысты және олардың көмегіне тікелей зәру, яғни медициналық мекемелердің, денсаулық сақтау орындарының, медициналық кадрлар дайындауда, білім беру мен ғылыми - зерттеу жұмыстарында, медицинаның мұнан да басқа салаларында медициналық техниканың алатын орнының ерекше екендігіне көз жеткізуге болады. Осы анықталған жайтарды басшылыққа ала отырып, медициналық жоғары оқу орындары (ЖОО) студенттерін «Медициналық биофизика» пәніндегі түрлі физикалық құбылыстарды «жалаң» түрде оқытпай, аталған физикалық құбылыстардың жоғары курстарда оқылатын клиникалық пәндерде қарастырылатын диагностикалық және терапиялық құрал жабдықтарда қолданылатындығы арасындағы байланысқа назар аудару керек.

Соңғы жылдары медициналық ЖОО студенттерінің физикалық білім деңгейін кәсіби бағыт бойынша дайындауға арналған ғылыми зерттеулер көптеп жүргізілуде, солардың ішінде Н.Г. Арзуманянның медициналық ЖОО физиканы оқыту барысында физикалық эксперимент арқылы студенттерде кәсіби дағдыларды қалыптастыру, Е.Л. Рязанованың жоғары медициналық оқу орын жағдайында физика пәнін медбикелер үшін кәсіби бағытта оқыту, С.А. Суровикинаның болашақ дәрігерлердің физикалық эксперимент барысында кәсіби құзыреттілігін қалыптасыру, О.Е. Акуличтың медициналық және биологиялық физиканы мәндік-бағалық бағытта оқытудың әдісін қарастыруды, А.Н. Бирюкованың медициналық ЖОО студенттерін пән аралық интеграция негізінде физиканы оқытуда кәсіби тапсырмаларды шешуге дайындауға арналған зерттеулерді атауға болады [5]. Осы бағыттағы ғылыми жұмыстарды шет ел ғалымдары да жүргізген, олар медициналық ЖОО студенттеріне физиканы белсенді меңгерудің инновациялық жоладарын ұсынған [6].

Медициналық ЖОО студенттерінің физика пәнін меңгерудегі құзыреттілік мәселесі кең түрде зерттелуде, бұл зерттеулерде медициналық факультет студентінің болашақ мамандыққа байланысты физика пәнінде меңгеретін дағдылары анықталған және оны меңгерудің жолдары ұсынылған [7]. Бірақ бұл зерттеулердің барлығында физика құбылыстарын медицинада кәсіби бағытта қолданудың механизмін ашып көрсетпеген.

Осы ғылыми тұжырымдар мен көз қарастарды талдай келе, медициналық факультет студентін - болашақ дәрігерді кәсіби тұрғыдан дайындау көп факторларлы құбылыс екендігіне көз жеткіздік, яғни оның болашақта заман мен қоғам талабын қанағаттандыратын, нарықтық қатынасқа бейімделген, ғылым мен білімнің, оның ішінде медициналық білімнің терең теориялық негізін меңгерген кәсіби маман болып шығуына төмендегі факторлар әсер етеді деген қорытындыға келдік: мемлекеттік медициналық білім стандарты, пәннің типтік бағдарлама мазмұны, оқулықтар, ЖОО материалдық жағдайы, ЖОО оқытушы профессорлар құрамыны, қоғам талабы, нарықтық қатынастың талаптары, мотивация, психологиялық күй, танымдық іс- әрекетер т.б. факторлар кіреді. Осы тұжырымдар негізінде медициналық ЖОО студентін-болашақ дәрігерді физика бойынша кәсіби дайындауды мына жоба бойынша жүргізу қажет деген қорытынды жасадық (1- сурет).

Болашақ дәрігерлерді – медициналық факультет студенттерін кәсіби бағытта дайындаудың ғылыми-педагогикалық проблемаларын зерттеу жұмыстарында ҚР жоғары медициналық білім стандарттарын, медициналық биофизика мен негізгі клиникалық пәндердің типтік бағдарламаларын, медициналық жоғары оқу орындарында оқылатын медициналық биофизика мен клиникалық пәндердің оқулықтарын талдай келе және бірқатар жоғары оқу орындарының тәжірибесімен танысу нәтижесінде мынандай жайларды байқадық. Медициналық биофизика пәнінің типтік бағдарламасы ұсынған оқулықтардағы қарастырылған түрлі физикалық құбылыстар мен заңдылықтар «жалаң», яғни кейін бұл құбылыстардың немесе заңдылықтардың қандай клиникалық пәнде, қандай ауруларды диагностикалауда мен емдеуде және қандай медициналық құралдарда қолданылатындығы қарастырылмаған, бұл өз кезегінде болашақ дәрігерді кәсіби бағытта дайындауды қиындатады және білім беру процесіндегі педагогикалық үйлестіктіке сай келмейді. Бұл жерде біздің айтайын деген ойымыз мынандай психологиялық жайт. Өздеріңізге белгілі, егер студент, медициналық биофизика бойынша оқыған тақырыбындағы физикалық құбылыстың тікелей медицинадағы қатысы бар екендігіне көзі жетсе, онда ол бұл тақырыпты терең меңгеруге тырысады және оның тарапынан бұл тақырыпқа деген үлкен қызығушылық пайда болады, бұл студенттің үлгерімін жоғарылататын бірден бір педагогикалық фактор. Осы себепті біз, медициналық биофизика оқулықтарында қарастырылған «таза» физикалық түсініктерді, заңдылықтарды қандай клиникалық пәндерге қажет болатындығын қарастырдық.



1–сызба. Медициналық жоғары оқу орны студентін физика пәні бойынша кәсіби даярлауды ұйымдастырудың жобасы (моделі)

Осы мақсатты іске асыру үшін біз алдымен клиникалық пәндердің типтік бағдарламаларындағы тақырыптарды және типтік бағдарлама көрсетілген оқулықтардағы түрлі физикалық құбылыстардың медицинада, оның ішінде диагностикалық мақсатта қолданылуын қарастырдық. Ол үшін 5В30100 - «Жалпы медицина» мамандығы бойынша білім алатын 3-5 курс студенттері оқитын «Ішкі арулар», «Хирургиялық аурулар», «Балалар аурулары», «Акушерия және гинекология» пәндерінің типтік бағдарламаларын және осы пәндердің негізгі оқулықтарына талдау жүргіздік [8]. Мұндағы басты мақсат аталған клиникалық пәндерде және оқулықтарда қолданылатын түрлі физикалық құбылыстардың, әдістердің тікелей медицинада, оның ішінде түрлі ауруларды анықтауда қолданылуын және олардың қажеттілігіне көз жеткізу болатын.

Осы талдаулар медициналық ЖОО негізгі 4 түрлі клиникалық пәндерде (ішкі арулар, хирургиялық аурулар, балалар аурулары, акушерия және гинекология) 5 түрлі физикалық факторларға (механикалық, термодинамикалық, электрлік, оптикалық, атомдық) негізделген 61 түрлі диагностикалық іс-әрекеттер қолданылатындығына көз жеткіздік. Олардың ішінде диагностикалық мақсатта ең көп қолданылатын физикалық құбылыстыға жататын ультрадыбысты (19 рет), биопотенциалды (8 рет), рентген сәулесін (9 рет) жатқызуға болады. Ал мына физикалық құбылыстар мен заңдар сирек қолданылған, турбулентті ағыс (2 рет), Доплер құбылысы (3 рет), дыбыс құбылысы (4 рет), температура және қысым туралы мәлімет (2 рет), Кулон заңы мен электрлік диполь туралы мәлімет (2 рет), жоғары жиілікті ЭМ толықын (2 рет), толық шағылу құбылысы (3 рет), гамма және ультракүлгін сәулесі туралы мәліметтер (3 рет), радиоизотоптар (3 рет).

Жоғарыда аталған оқулықтарға жүргізілген біздің зерттеулеріміз клиникалық оқу құралдарында тек диагностикалық іс-әрекеттерді ғана қарастырғандығын, ал физикалық факторларды емдеу (терапия) ісінде қолдану туралы ешқандай мәлімет жоқ екендігін көрсетті, ал қазіргі заманда медицинада түрлі физикалық факторларға сүйенген емдеу әдістері мен құралдары көптеп қолданылатындығы белгілі.

Медициналық биофизика пәнін ЖОО студенттеріне – болашақ дәрігерлерге кәсіби бағытта оқытуда осы анықталған жайттарды ескеру қажет деп санаймыз. Бірақ бұл анықталған жайттар әлі де толық зерттеуді талап етеді, өйткені біз тек 4 түрлі клиникалық оқулықты ғана талдадық, ал медициналық ЖОО бұлардан басқа көптеген оқулықтар мен оқу құралдары қолданылатындығы белгілі.

Енді осы зерттеулерде анықталған физикалық құбылыстарды және соған сәйкес диагностикалық мақсатта оларды қолдауды физика пәнін оқып үйренуде студенттерге қалай жеткізудің педагогикалық технологиясын қарастырайық. Медициналық ЖОО студенттері физика пәнін 1 курста оқып үйренеді және олардың бұл пән бойынша білуі тиісті физикалық білімдері мен меңгеретін іс-әрекеттері ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің білім, ғылым және кадрлық ресурстары департаментінің 18.06.2007 ж. бекіткен типтік оқу бағдарламасы негізінде анықталынады [9].

Медициналық ЖОО физика пәні бойынша типтік бағдарламасын және негізгі оқулықтар бойынша дайындалған оқу жоспарларын талдай келе, студенттердің болашақта меңгеретін мамандығына сәйкес физика пәнін кәсіби бағыттап оқытуға болатындығына көз жеткіздік.

Жалпы, медициналық физика пәні биологиялық мембранадағы биопотенциалдық пайда болу механизмін талдаудан басталды. Студенттерге потенциал және биопотенциалдың негізгі түрлерін, олардың жасушада пайда болуы механизмін толық қарастырған соң, оның медицинадағы маңызын, оның қаншалықты қажет екендігін жүректің ЭКГ тіркеу арқылы көрсетеміз және клиникада тіркелген жүрек ЭКГ есептеу арқылы пациенттің жүрегінің күйін анықтаймыз. ЭКГ құрылымына терең талдау жасап, олардағы интервалдың ұзақтығы, ЭКГ тістерінің биіктігі диагностикалық мәлімет болатындығына баса назар аудару керек және осы педагогикалық іс-әрекеттерді мынадай мысалдармен нақтылаған жөн: жүрек ревматизі кезінде ЭКГ-ның Р-Q интервалы ұзарады, бұл жүрек құлақшаның жиырылуының ұзарғандығын, яғни жүрек бұлшық етіндегі деполяризация құбылысының ұзақ уақытқа созылғандығын көрсетеді, сонымен қатар Т-тісінің биопотенциалы кемиді, яғни тістің биіктігі төмендейді, бұл қарыншадағы биопотенциалдың кемігендігін көрсетеді. Осындай мысалдарға жүрек перикардиті кезінде ST-сегменті күмбез тәрізді, Q-тісі болмайтындығын, QRS-биопотенциалы кемітіндігін де атауға болады. Осындай мәліметтерді тіркеу үшін түрлі деңгейдегі электрокардиографиялық құралдар қолданылатындығын және олардың түрлерімен студенттерді тікелей таныстыру және осы құралдар арқылы студенттердің тікелей қатысуымен пациенттің ЭКГ жазу, ол арқылы пациент жүрегінің физиологиялық күйін сипаттау сияқты іс-әрекеттер студенттердің үлкен қызығуын тудырады және биопотенциал ұғымының қажеттілігін тікелей сезінуге ықпал етеді.

Тағы бір физикалық құбылысты қарастырайық және оның медицинадағы қолдануына тоқталайық. Гемодинамика, яғни қанның тамыр бойымен ағуы ерекшелігін зерттеу кезінде, қан ағысының ламинарлы және турбулентті болатындығы туралы айтылады. Физикадан белгілі, турбулентті ағыс өзіне тән дыбыс шығарумен қатар жүретін құбылыс. Бұл құбылыс медицинада, оның ішінде диагностикада кең түрде қолданылады.

Аталған тақырыптарды талдауда оның диагностикада қолданылуына физикалық тұрғыдан түсінік беру қажет, бұл біріншіден құбылыстың физикалық негізін түсіндірсе, екіншіден бұл құбылыстың не себепті диагностикада қолданылатындығына жауап береді.

Осындай педагогикалық әдістер арқылы студенттерде физикалық құбылыстың медицинада, оның ішінде диагностикада маңызды орын алатындығына, яғни осы физикалық құбылыстардың негізінде түрлі диагностикалық әдістердің орындалатындығын, көптеген медициналық құралдардың жұмыс істеу принциптері осындай физикалық құбылыстар негізінде жүзеге асатындығын көрсетеміз, осындай педагогикалық іс-әрекеттердің арқасында студенттердің физика пәніндегі тақырыптарды саналы түрде, терең оқып үйренуіне ықпал етеміз. Өздеріңіз байқағандай барлық диагностикалық әдістердің соңғы этапы медициналық техниканы қолдануға алып келеді.

Бұл тақырыптардың барлығы да клиникалық пәндермен тікелей байланысқан, яғни дәрігерлердің диагностикалық және терапиялық іс-әрекеттерінде қолданылатын, түрлі физикалық құбылыстар мен заңдылықтар және олардың негізінде жұмыс істейтін медициналық құралдар қарастырылған. Ендігі кезекте жоғарыда біз талдау жүргізген 4 түрлі клиникалық оқулықтарда анықталған түрлі физикалық факторлардың (құбылыстардың) диагностикалық мақсатта қолданылуын физика пәнінің типтік бағдарламасындағы тақырыптармен байланыстырып, яғни физикалық факторларды негізгі бағыт ретінде алып, мына жүйе бойынша 1 кестеге жинақтайық: **«диагностикалық мақсатта қолданыл-**

ған физикалық фактор – диагностикалық іс-әрекет – диагностикада қолданылған физикалық фактордың сипаттамасы – осы құбылыс негізінде жұмыс істейтін медициналық құрал».

1–кесте

Диагностикалық мақсатта қолданылған физикалық фактор	Диагностикалық әдістер (іс-әрекеттер)	Диагностикада қолданылған физикалық фактордың сипаттамасы	Диагностикалық мақсатта қолданылатын медициналық құралдар
Механикалық шамалар			
Дыбыс	Аускультация	дыбыс қаттылығы, тембрі	фонендоскоп
	ФКГ	дыбыс қаттылығы, жиілігі, тоны	Түрлі маркалы фонокардиографтар
	Аудиометрия	дыбыс жиілігі, тербеліс периоды, амплитудасы, тон, тембр, фон, Белл, децибелл, логарифимдік график	«Maico MA-52» және т.б.
	Қан қысымын өлшеу	турбулентті ағыс, қысым, мм.сын.бағ.	Түрлі маркалы тонометрлер
Ультрадыбыс	УДЗ	шағылу, сыну, жұтылу, жылуға айналу, денеге енуі; механикалық, физика-химиялық, биологиялық құбылыстардың орын алуы	Ультрадыбыстық зерттеу құралы «SSD -630» және т.б.
	Доплерография	шағылысу, жиіліктің жылдамдықтың өзгеруіне тәуелділігі.	Түрлі маркалы эходоплерографтар
	Стерилизация	амплитудасы өте жоғары тербеліс әсерінен бактериялар қырылады	түрлі медициналық құралдарды залалсыздандырады
Қысым	Тимпанометрия	атмосфералық қысым, дыбыс толқыны, жиілігі.	Тимпанометр «АИ-02» және т.б.
Электрлік шамалар			
Жүрек биопотенциалы	Электрокардиография	электр диполі, диполдық момент, потенциал айырмасы, Эйнтховен үшбұрышы, жүректің электрлік осі, ЭКГ тістері мен толқынды сипаттаушы шамалар,	ЭКГ
Ми биопотенциалы	Электроэнцефалография	синаптикалық потенциал, электродтарды «10-20» жүйемен жалғау, толқын жиілігі, альфа, бета, гамма ритмді	Түрлі маркалы ЭЭГ
Электр кедергі, импеданс	Реография, реомиография, реоэнцефалография	импеданс, толқын амплитудасы, жоғары жиілікті ток	Түрлі маркалы «РЭГ-04» және т.б.
Жоғары жиілікті радиотолқын	МР томография (МРТ)	магнитті-резонанстық әсер, спин, магнит индукциясы, бір текті магнит өрісі, радио жиілікті диапазондағы толқын, магнит градиенті, X, Y, Z-градинет катушкалары, T-релаксация уақыты, асқын өткізгіштік	«R23 Tomikon», «Образ-2»
Оптикалық шамалар			
Жарық толқыны	Хемилюминесценция	квант, фотохимиялық реакция, еркін радикал, липид, әлсіз сәуле, квант	хемилюминометр ХЛМЦ-01
	Бронхскопия, фиброгастро-дуоденскопия, эндоскопия	толық шағылу, сыну, оптикалық талшық	-

	Рефрактометрия	линза, сыну, фокус, оптикалық күш, абберация	Түрлі маркалы рефрактометрлер
УК сәуле	Заласыздандыру	УК сәуле диапазондары, толқын ұзындығы, квант энергиясы	«ДБ-15», «ДБ-30» және т.б.
Атомдық физика			
Рентген сәулесі	Рентгенграфия, флюорография, рентгенскопия	рентген сәулесі, электронды тежеу, электронды үдету, люминофор, доза түрлері, доза қуаты	түрлі конструкциялы рентген аппаратары
	Компьютерлік томография (КТ)	рентген түтігі, детекторлар жүйесі, көлденең қима	Philips «Tomoscan R-7000»
Радиоактивтілік	Радионуклидті диагностика	радиоизотоп, клиникалық радиометрия, гамма-томография, биологиялық үлгінің радиобелсенділігін анықтау, радиоизотопты зерттеу	Гамма топограф «ГТ-60», Сцинтиляциялық санағыш «СКС-60»

Осы жүйе бойынша жинақталған мәліметтер арқылы медицина факультетінің студенттерін – болашақ дәрігерлерді физика пәніндегі физикалық құбылыстардың медицинада кең түрде қолданылатындығына, оның ішінде диагностикада үлкен маңызы бар екендігіне, сондықтан физиканы саналы түрде оқып, ондағы құбылыстардың физикалық мәнін терең түсіну болашақтағы дәрігер мамандығына үлкен ықпал етендігіне көздерін жеткізіп, студенттерде саналды түрдегі мотивация тудырамыз, бұл өз кезегінде студенттердің оқу үлгерімін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Willis J. Tompkins, John G. Webster *Design of Mikrocomputer-Based Medical Instrumentation* // -Prentice - Hall., Englewood Cliffs, New Jersey, 1981. – 541 p.
2. Мақолкин В.И., Овчаренко С.И. *Внутренние болезни*. – М.: Медицина, 1999. – 459 с.
3. Gross R., Spechmeger H. // *Rationelle Diagnostik in innere Medizin* / Hrsq. H. Loose, E. Wetzels. – Stuttgart, 1997.- P.3-18.
4. Викторов К.А., Белов С.В. *Состояние и перспективы развития физиотерапевтической аппаратуры* // *Медицинская техника*. – 2003, №1. – С.41-43.
5. Арзуманян Н.Г. *Формирование обобщенных экспериментальных умений студентов медицинского вуза в процессе обучения физике* // 13.00.02 – теория и методика обучения и воспитания. – Омск, 2014. – 176 с.
6. Thwaites D., Franich R., Carolan M., Fielding A., House M., Kuncic Z., Metcalfe P., Pollard J., Rosenfeld. *The academic, medical physics university network: initial activity and progress* // DOI 10.1007/s13246-014-0248-y. *Engineering & Physical Sciences in Medicine Conference 2013, Pan Pacific Hotel, Perth, Australia, 3–7 November 2013, Australas Phys Eng Sci Med (2014) 37:153–269 p.*
7. Ualikhanova B.S., Baizak U.A., Turmanbekov T.A., Sarybaeva A.H., Kurmanbekov B.A., Rumbeshta E.A. *Formation of Medical Students' Competences in the Republic of Kazakhstan* // *Indian Journal of Science and Technology Vol 8(S10) December 2015*
8. *Внутренние болезни. Типовая программа для специальности 5В30100- «Общая медицина»*. Астана. Утв. МЗ РК приказ №651 от 05.11.2009 г.
9. *Медицинская биофизика. Типовая программа для специальности 5В30100-«Общая медицина»* Утв. Директором департамента образования, науки и кадровых ресурсов МЗ РК от 18.06.2007 г. – Астана. – 12 с.

УДК 378.016.02:53:005(574)

МРНТИ 14.35.09

А.Қ. Козыбай¹, А.Б. Искакова²

¹п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қаз ҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан

²PhD докторант, Абай атындағы Қаз ҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан

ФИЗИК-МЕНЕДЖЕРЛЕДІ ДАЯРЛАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Аңдатпа

Қарастырылып отырған мақалада физик-менеджерлердің кәсіби құзыреттіліктері мен негізгі қызметтері аталып көрсетілген. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибелер келтіріліп, физик-менеджерлерді дайындаудың қажеттілігінің басты себептері, мүмкін болатын бағдарламалар бірі жайлы айтылған. Сонымен қатар, дуальдік оқыту мен STEAM-жүйесі инновациялық технологияларының артықшылықтары туралы келтірілген.

Түйін сөздер: физик-менеджер, интеграция, бағалау критерийі, физик-менеджерлердің кәсіби құзыреттіліктері, физик-менеджерлердің функциялары.

Козыбай А.Қ.¹, Искакова А.Б.²

¹д.п.н., профессор, Каз НПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²PhD докторант, Каз НПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

АКТУАЛЬНОСТЬ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПОДГОТОВКЕ ФИЗИК-МЕНЕДЖЕРОВ

Аннотация

В данной статье рассматриваются профессиональные компетенции и ключевые функции физик-менеджера. Кроме того, приведен зарубежный опыт подготовки таких специалистов, основные причины востребованности подготовки физик-менеджера и возможные программы подготовки. А также рассмотрены такие инновационные технологии, как дуальная система обучения и STEAM-система.

Ключевые слова: физик-менеджер, интеграция, критерии оценки, профессиональная компетентность, функции физик-менеджеров.

A.K. Kozybay¹, A.B. Iskakova²

¹d.p.s., professor, Kaz NPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan

²PhD student, Kaz NPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan

THE RELEVANCE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES AT THE PREPARATION OF PHYSICS MANAGERS

Abstract

In this article, professional competencies and the main functions of the activity of the manager physic are considered. The main reasons for the preparation of the manager physic are indicated, the foreign practice of training such specialists, as well as possible training programs, is given. Also, such innovative technologies as dual training system and STEAM-system are considered.

Key words: physicist-manager, integration, criteria for evaluation, professional competence, functions of physic managers.

XXI ғасыр заман талабына сай үлкен өзгерістер, жаңа серпілістер, қайта жаңғырулар, оның білім беру жүйесіне де айтулы реформалар әкелді және осы мәселелерді жүзеге асыру үшін білім беру жүйесінде жаңа мақсаттар айқындалды. Жалпыға бірдей білім берудің жаңа стандарттарының жасалынуы, білім беру жүйесінің жаппай ақпараттандырылуы, сапалы білім беретін инновациялық технологияларды оқу-тәрбие процесіне ендіруі, білім мазмұнын жаңартылуы, әлемдік білім кеңістігіне енуі сияқты игі істері – сол өзгерістердің нәтижесі.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу, еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу мақсаттары атап көрсетілген [1].

Осыған байланысты жаһандану жағдайында еліміздің білім беру мекемелері жоғары сапалы, әлемдік бәсекеге қабілетті, аз уақыт аралығында мекемелерде тиімді басқару жүйесін құра алатын білім менеджерлерін дайындауды қажет етеді. Ол үшін педагогтың жаңашыл білім беру жүйесі мен инновациялық білім беру мекемесін дамыту қажет. Білім беру аясындағы инновацияны жасау, игеру және тарату – жаңа білім беру жүйесін қалыптастырады. Бұл икемді, ашық, жеке тұлғалық, жасампаздық білімнің, адамның бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алуының жаһандық жүйесі.

Еліміздің болып жатқан жаһандану үрдісі тек қана экономика аймағында емес, сондай-ақ саясатта және әлемдік қауымдастықтың қоғамдық өмірінде де байқалады. Жаһандану кеңістігінде уақыт үнемделеді, қарым-қатынас шекаралары ашылады, әлемнің кез келген жерімен байланыстарды орнатуға мүкіндік береді, әлемдік процестерге әрбір жеке тұлға белсенді қатысушы бола алады. Бұл шарттармен білім берудің құрылымы мен мазмұны түбегейлі жаңарып, оқу орындарында жаңа формалар мен оларды ұйымдастыру тәсілдері түрленіп, инновациялық өзгерістер жүзеге асуда.

Инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың тиімділігін бағалау критерийлеріне инновациялық білім беру үдерісінің шынайлығы, жүзеге асырылғыштығы (ресурстық қамтамасыз етілу деңгейі), басқарылғыштығы, инновациялық деңгейі, гуманитарлылығы, өңделгендігі және таралу мүміндігі жатады. Ғылым мен оқыту процесіне технологияны ендіру қажеттілігі туып, оқытуды жоғары дәрежеге көтеруде маңызды орынға ие бола бастады.

Білім берудегі реформалаудың қазіргі кезеңі мамандарды кәсіби тұрғыдан даярлаудағы белгілі бір өзгерістерімен сипатталады. Бұл әлеуметтік-экономикалық жағдайда олардың кәсіби іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне байланысты. Қазіргі таңда барлық сала бойынша болашақ мамандарды менеджерлік біліммен, дағдыларымен қаруландыру үлкен мәнге ие. Осы мәселелерге байланысты болашақ мамандарды менеджерлік іс-әрекетке дайындауға қатысты көптеген елдерде менеджерлерді ғылымның түрлі саласы бағытында мамандықтар ашып, қажетті мамандар даярлау жүзеге асырылуда. Атап айтатын болсақ, Ұлыбританиядағы Лидс университетінің «Физики және астрономия» факультеті «Физика және бизнесті басқару» бағдарламасын жыл сайын ұсынады. Бұл бағдарламаның ең басты міндеті коммерциялық және бизнес орталардың жұмысын, қолданбалы іргелі ғылымдарды игеру болып табылады. Осы бағдарламаны жүзеге асырудың бірден-бір себебі жұмыс берушілер STEM жүйесінің түлектері әлі де сауда туралы хабардар емес екендігін жиі айта бастауы болып табылады. «Физика және бизнесті басқару» бағдарламасы осы жетіспеушіліктерді жоюға бағытталған. Осы бағдарламаның аясында білім алушылар өнеркәсіп, өндіріспен бірігіп, нақты бизнес-есептерді шешуде бизнес пен ғылым элеменеттерін біріктіруге болатын зерттеу жобалары жүзеге асырылады. Ал королева Марияның Лондон университеті «Физика (басқарушылық іс-әрекеті)» бағдарламасын ұсынады. Беларусь мемлекеттік университеті, Франциск Скорина атындағы Гомель мемлекеттік университетінде «1-31 04 01-04–Физика (басқарушылық іс-әрекет)», М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде «Физикалық зерттеулер мен жоғары технологиялардың физик менеджері» бағытында мамандарды дайындайды. Себебі осындай мамандар қазіргі таңда үлкен сұраныстарға ие және қолданбалы ғылыми құрастырулар да сауатты басқаруды қажет ететін тауар болып табылады. Бағдарламаның басты міндеттері жоғарыдағы аталған міндеттерді қамтиды. Осы аталған бағдарламаларға қойылатын ең басты талаптарына сай келетін арнайы курстарға ең мықты түлектер мен студенттер қабылданады.

Жоғарыда аталған мамандықтар бойынша мамандарды даярлауда келесі кәсіби құзыреттіліктер қалыптастырылуы тиіс:

- 1) физикалық эффектілер мен құбылыстарды теориялық талдау;
- 2) заманауи теориялық түсініктер, математикалық және компьютерлік әдістер негізінде жаңа физикалық заңдылықтарды орнату;

- 3) физикалық принциптер негізінде жаңа материалдар, технологиялар мен приборларды жасау;
- 4) техника, экономика мен басқару есептерін шешудің тиімді физика-математикалық әдістерін құрастыру;
- 5) физикалық процестер мен объектілердің математикалық модельдерін жасау және оларды пайдалану;
- 6) жобалық-конструкторлық және эксплуатация-басқарушылық іс-әрекетті бағдарламалық-ақпараттық тұрғыда қамтамасыз ету;
- 7) ғылыми-өндірістік, тәжірибе-конструкторлық және ғылыми-педагогикалық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру;
- 8) білім беру жүйелерін зерттеу мен талдау және оларды білім беру процесінде қолдану;
- 9) оқу қондырғылары мен ғылыми-әдістемелік материалдарды білім беру процесі үшін құрастыру;
- 10) жобаларды басқару;
- 11) туындаған мәселелерді тез арада шеше білу және оларға талдау жасау.

Осы көрсетілген кәсіби құзыреттіліктерді жақсы меңгерген мамандар физик-менеджер біліктілігін алып, аталған салада келесі қызметтерді орындай алады:

- 1) нарықты дамытқысы келетін жоғары технологиялық шағын компаниялардың жоғары лауазымы;
- 2) тұрмыстық электроника, энергетика, денсаулық сақтау, ақпараттық технологиялар мен коммуникациялар сияқты секторлардағы өзгерістер мен өсуін басқаратын ірі корпоративтік ұйымдардағы жоғары лауазым;
- 3) бизнесті басқару;
- 4) ғылыми зерттеулерді нарыққа ұсыну;
- 5) ғылыми жобаларды басқару [2].

Экономикалық жоғары оқу орындарының түлектері тек экономика саласы бойынша ғана мамандықты игеріп, өндірістердегі көптеген жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандырмайды. Ал физик-менеджер біліктілігін игеріп шыққан мамандар, экономиканың, өндірістің және ғылым салаларын меңгерген әмбебап құзыреттіліктерге ие болады.

Елімізде бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауда қазіргі таңда STEAM- жүйесі және дуалдық оқыту секілді инновациялық білім беру технологиялары білім беру жүйесіне екпінді түрде еніп жатыр.

Еліміздің нарықтық экономикаға ену барысы білім беру және ғылым саласына көптеген өзгерістерге енгізеді. Өндірістің сандық өсуі және нарықта әр түрлі тауарлардың пайда болуы, оның сапалық жағынан артуына әсерін тигізеді. Осыған байланысты бәсеке қабілеттілік мәселесін шешуі үшін, ғылым мен техниканың жетістіктерін тез арада өндіріске енуіне және мамандардың біліктілігін арттыруға себебін тигізеді [3].

Қазіргі таңда білім беру мекемелерінің өндіріспен бірге іскерлік серіктестікте қызмет атқару қызығушылықтарының арту себептерінің бірі, өндірістік процестердің өзгеру жағдайлары туралы тікелей ақпараттар алуға боладындағында. Бұл мүмкіндіктер білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізуге және білікті маман даярлауға қажетті арнайы пәндердің өзектілігін анықтауға қол жеткізеді [4].

Көптеген дамыған елдерде STEAM-білім беру жүйесі келесі себептерге байланысты ерекеше орынға ие:

- болашақта әлемде IT-мамандар, бағдарламашылар, инженерлер, жоғары технологиялық өндірістердің мамандары секілді адамдар күрт жетіспей бастайтын болады;
- болашақта қазіргі таңда елестетуге болмайтын мамандықтар қажет бола бастайды, олардың барлығы да жаратылыстану ғылымдарының тоғысында технологиялар мен жоғары технологиялық өндірістермен тығыз байланыста болады. Әсіресе био-және нанотехнология мамандары сұраныста болатын болады;
- болашақтың мамандарына жаратылыстану ғылымдары, инженерия мен технологиялар сияқты әр түрлі білім беру салалары бойынша білімдер мен жан-жақты дайындық қажет болатын болады.

Сондықтан, шетелдің мамандар даярлау тәжірибелеріне сүйеніп, инновациялық білім беру жүйелерін тиімді қолдана отырып, нарықтық сұраныстарға жауап беретін құзыретті мамандарды даярлауда физик-менеджерлердің қажеттілігінің өзектілігі артуда.

Қазақстан Республикасы президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілетті» атты Қазақстан халқына жолдауында білім беру жүйесінің қазіргі таңдағы рөлін өзгерту керек, сонымен қаржылық сауаттылықты қалыптастыру керек деп атап көрсеткен. Сондықтан әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, қазіргі таңда ғалымның, инженердің, экономист пен менеджердің теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын үйлестіріп, техникалық мамандықтар бойынша физик-менеджерлерді дайындаудың қажеттілігі бар екендігіне көз жеткізіп отырмыз.

Біздің ойымызша, физик-менеджерлерді жоғары оқу орындарының техникалық мамандықтарына басқарушылық іс-әрекет бағытындағы арнайы білім беру бағдарламасын жасап, магистрлерді дайындауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2. Аганина К.Ж., Исакова А.Б. Техникалық мамандықтар бойынша физик-менеджерлердің кәсіби құзыреттіліктері. //Білім әлемінде. В мире образования. In the world of education, №6, 2017. – 16-18 б.

3. Козыбай А.К. О проблемах подготовки специалистов аграрного производства. Международная научная конференция «Профессионализм педагога: сущность, содержание, перспективы развития», 2015 г., Москва, МГОУ.

4. Козыбай А.К., Гаазе Ж.Б., Бейсеналиева Ж. Особенности внедрения дуального образования в Казахстане. Международная научно-практическая конференция. «Инновационный менеджмент и технологии в эпоху глобализации», ОАЭ. – Дубай, 2017.

УДК 378.02:37.016

МРНТИ 14.35.09

Ахметова М.К.¹

¹докторант PhD,

*Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан*

РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ИНОЯЗЫЧНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СПЕЦИАЛИСТА ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОГО ЦИКЛА

Аннотация

Данная статья посвящена формированию профессиональной иноязычной компетенции у будущих специалистов естественнонаучного направления в условиях глобализации образования. В настоящее время необходимость формирования высококвалифицированного учителя иностранного языка, специалиста естественнонаучного цикла, который способен самостоятельно решать задачи в сфере своей профессиональной деятельности и адекватно реагировать в условиях динамично развивающегося полиязычного и поликультурного мира, становится актуальной. Интеграция компетентного подхода в системе высшего профессионального образования позволяет повысить конкурентоспособность выпускников – будущих специалистов, способствует улучшению сотрудничества с работодателями, происходит обновление целей, контента и методологии обучения. В статье раскрывается комплексно-контентно базируемая компетенция, которая является ключевой при формировании специалиста естественнонаучного цикла и описывается ее основной компонент. Ядром данной компетенции должен выступать когнитивный компонент, так как через первичную концептуализацию знаний на родном языке, через профессиональный метаязык происходит вторичная реконцептуализация отраслевого знаниевого блока, формируется вторичное когнитивное сознание и межъязыковая концептуализация.

Ключевые слова: профессиональная иноязычная компетенция, специалист естественнонаучного цикла, компетентный подход, комплексно-контентно базируемая компетенция, когнитивный компонент, вторичная реконцептуализация.

М.К. Ахметова¹

¹Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің PhD докторанты, Алматы қ., Қазақстан

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ ЦИКЛІ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ШЕТТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Аңдатпа

Аталмыш мақала білімнің жаһандануы жағдайында келешек жаратылыстану-ғылыми бағыты мамандарының бойында кәсіби шеттілдік құзыреттілігін қалыптастыруға арналады. Қазіргі кезде көптілді және көп мәдениетті әлемнің серпінді даму барысына орай әрекет етуге және кәсіптік қызметінің саласында туындаған мәселелерді өздігінен шешуге қабілетті жоғары білікті жаратылыстану-ғылыми циклі маманын, шетел тілі мұғалімін қалыптастыру қажеттілігі өзекті мәселе болып табылады. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі құзыреттілік тәсілдерінің бірлесуі түлектердің – болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін көтеруге мүмкіндік береді, жұмыс берушілермен ынтымақтастығын арттыруға ықпалын тигізеді, оқыту мақсаттары, контенті және әдіснамасының жаңаруы іске асады. Мақалада жаратылыстану-ғылыми циклі маманын қалыптастыруда басты болып табылатын кешенді-контенті негізделген құзыреттілік туралы айтылады және оның басты құраушы бөлімдері сипатталады. Аталған құзыреттіліктің негізі ретінде когнитивтік компонент болуы тиіс, себебі ана тілінде білімді алғашқы концептуалдау, кәсіби метатіл арқылы салалық білім блогын екінші реконцептуалдау болады, екінші когнитивтік сана мен тіл аралық концептуалдау қалыптасады.

Түйін сөздер: кәсіби шеттілдік құзыреттілік, жаратылыстану-ғылыми циклі маманы, құзыреттілік тәсілдеме, кешенді-контенті негізделген құзыреттілік, когнитивтік компонент, екінші реконцептуалдау.

М.К. Akhmetova¹

¹PhD student of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

THE DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL FOREIGN LANGUAGE COMPETENCE OF THE SPECIALIST OF THE NATURAL SCIENTIFIC CYCLE

Abstract

This article is devoted to the formation of professional foreign-language competence among future specialists in the natural sciences in the context of the globalization of education. At present, the need for the formation of a highly qualified teacher of a foreign language, a specialist in the natural science cycle, who is able to solve tasks in the sphere of his professional activity independently and respond adequately in the conditions of a dynamically developing multilingual and multicultural world, is becoming urgent. The integration of the competence approach in the system of higher professional education allows to increase the competitiveness of graduates – future specialists, contributes to the improvement of cooperation with employers, the goals, content and methodology of teaching are updated. The article reveals the complex-content-based competence, which is a key to the formation of a specialist in the natural-science cycle, and describes its main component. The core of this competence should be the cognitive component, because through the primary conceptualization of knowledge in the native language, through the professional metalanguage, a secondary reconceptualization of the subject knowledge block occurs, secondary cognitive consciousness and interlanguage conceptualization are formed.

Key words: professional foreign-language competence, a specialist in the natural-science cycle, a competence approach, a complex content-based competence, a cognitive component, secondary reconceptualization.

В современных условиях интеграции и глобализации во всех сферах жизни перед образованием стоит задача формирования личности, готовой к общению на международном уровне. Присоединение Казахстана к Болонскому процессу и вступление нашей страны в мировое образовательное пространство требуют от современного образования усовершенствования профессионализма будущих учителей иностранных языков. Профессия учителя иностранного языка приобретает новое положение и становится наиболее востребованной в наши дни. Современный специалист-профессионал должен владеть определенным уровнем иностранного языка, но в настоящее время для широкого круга специалистов недостаточно знание только иностранного языка, необходимо расширять уровень владения иностранного языка до формирования способности к профессиональной коммуникации в поликультурном мире.

В Государственной программе развития образования РК на 2011-2020 годы отмечается, что английский язык необходимо изучать не только как иностранный язык, но и использовать его как язык для обучения на всех уровнях образования [1]. Поставленная задача требует особого внимания,

так как английский язык не используется в повседневной коммуникации, по сравнению с казахским и русским языками.

Таким образом, для формирования конфликтологической компетенции будущих специалистов социальной работы необходима ориентация всего учебно-воспитательного процесса вуза на объект деятельности. Это возможно, если:

- работа со студентами в этом направлении должна проводиться целенаправленно с первого курса;

– в преподавании и изучении учебных дисциплин грамотно используются межпредметные связи.

Соблюдение этих условий способствует развитию личностных качеств у студентов, формированию теоретических знаний, укреплению мотивации выбранной профессии, то есть позволяет сформировать когнитивный, деятельностный и личностный компоненты конфликтологической компетенции.

В совокупности представленная система педагогических условий, как мы полагаем, будет способствовать развитию профессионально-значимых личностных качеств будущего специалиста социальной работы, формированию теоретических знаний, практических умений и укреплению положительной профессиональной мотивации.

Таким образом, результаты выявления возможностей учебно-воспитательного процесса высшей школы подтвердили наше предположение о необходимости разработки системы педагогических условий формирования конфликтологической компетенции будущих специалистов социальной работы.

Список использованной литературы:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118. [Электрон.ресурс]. – 2010. – URL: http://bilimvko.gov.kz/assets/images/document/5_GPRO_RK.pdf (дата обращения: 10.01.2018)
2. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя / Н.Д. Хмель. – Алматы: Гылым, 1998. – 423 с.
3. Жук О.Л. Педагогика. Практикум на основе компетентностного подхода: учеб.пособие / О.Л. Жук, С.Н.Серенко. – Минск, 2007. – 192 с.
4. Кенжебеков Б.Т. Сущность и структура профессиональной компетентности специалиста // Высшая школа Казахстана. – № 2. – 2002 г.
5. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. Авторская версия / И.А.Зимняя. - М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 42 с.
6. Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты. Интернет-журнал "Эйдос". [Электрон.ресурс]. – 2002. – URL.: <http://eidos.ru/journal/2002/0423.htm>. (дата обращения: 10.01.2018)
7. Кожамкулова Л.Т. Социальная работа как социальный институт: мировой опыт и Казахстан. / Л.Т. Кожамкулова. – Алматы, 2003. – 416 с.
8. Философский энциклопедический словарь. – 2-е из. – М.: Советская энциклопедия, 1990.
9. Ожегов С.М. Словарь русского языка: 7000 слов //Под ред. Н.Ю.Щецова 23 изд-е испр. – М.: Педагогика-пресс, 1996.
10. Сериков В.В. Личностный подход в образовании: концепция и технологии. / В.В.Сериков. – Волгоград, 2003. – 343 с.
11. Садвакасова З.М. Поведенческий калькулятор в конфликте: работа с «группой риска»: учеб-метод. пособие. / З.М. Садвакасова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 138 с.

МРНТИ 14.43.43

Р.К. Толеубекова¹, Т.Б. Имашева²

¹п.ғ.д., «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, toleubekova@mail.ru,
Астана, Қазақстан

²«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының докторанты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 4161222@mail.ru,
Астана, Қазақстан

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік педагог қызметінің қоғамда алатын орны мен әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің контексі баяндалған. Қоғамның үдемелі жаһандану жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби жетілу мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылған. Студенттердің әлеуметтік педагогиканы игеру жағдайында, қоғамның әлеуметтік проблемасының педагогикалық аспектілерінің меңгерілу жағдайы қарастырылады. Мақала күрделі экономикалық және әлеуметтік-мәдени қайта құруды, жалпыәлемдік кеңістікке ерудің белсенді үдерістерін сипаттайтын Қазақстандық қоғамның заманауи кезеңі, кәсіби іс-әрекеттің барлық салаларындағы мамандарды даярлаудың сапасына талаптарды өзгертуді және арттыруды мақсат етеді. Болашақ әлеуметтік педагогтың өзін-өзі кәсіби жетілдіруінің, өзін-өзі кәсіби кемелдендіруімен, педагогикалық кәсіби шеберлігін шыңдаумен, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі өзектендірумен ұштастырады. Болашақ ұрпақты қоғамдық өмірге қатыстыру, жеке тұлғалық қасиетін дамыту және оны қоғамда толық мәнді өмір сүруге дайындау тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі шарттары келтірілген.

Түйін сөздер: әлеуметтік педагог, кәсіби жетілу, өзін-өзі дамыту, болашақ маман, өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіби белсенділік, құзыреттілік.

Р.К. Толеубекова¹, Т.Б. Имашева²

¹д.п.н., профессор кафедрасы «Социальная педагогика и самопознания», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, toleubekova@mail.ru
Астана, Казахстан

²докторант кафедрасы «Социальная педагогика и самопознания», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, 4161222@mail.ru
Астана, Казахстан

ВОЗМОЖНОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМОРАЗВИТИЯ БУДУЩЕГО СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА

Аннотация

В статье описывается роль социальной педагогической деятельности в обществе и контекст предоставления социальных услуг. В контексте прогрессивной глобализации общества подробно рассматриваются возможности развития для будущего профессионального социального педагога. В случае социальной педагогики учащихся социальная проблема общества будет изучаться в аспекте педагогики. Целью статьи является изменение и повышение качества подготовки специалистов во всех областях профессиональной деятельности, современном этапе казахстанского общества, характеризующих сложные экономические и социокультурные преобразования, активные процессы интеграции в глобальное пространство. Профессиональное самосовершенствование будущего социального педагога сочетается с самосовершенствованием, педагогическим профессионализмом, самодисциплиной и самореализацией. Основными условиями социализации человека являются подготовка будущих поколений к общественной жизни, развитие личностных качеств и подготовка к полной жизни в обществе.

Ключевые слова: социальный педагог, профессиональное развитие, саморазвитие, будущий специалист, самовоспитание, профессиональная активность, компетентность.

R.K. Toleubekova¹, T.B. Imasheva²

¹doctor of pedagogical sciences, professor of the department "Social pedagogy and self-knowledge",
L.N. Gumilyov Eurasian National University, toleubekova@mail.ru,
Astana, Kazakhstan

²doctoral student of the department "Social pedagogy and self-knowledge",
L.N. Gumilyov Eurasian National University, 4161222@mail.ru,
Astana, Kazakhstan

POSSIBILITIES OF PROFESSIONAL SELF-DEVELOPMENT OF THE FUTURE SOCIAL TEACHER

Abstract

The article describes the role of social pedagogical activity in society and the context of the provision of social services. In the context of the progressive globalization of society, opportunities for development for the future professional social teacher are discussed in detail. In the case of social pedagogy of students, the social problem of society will be studied in the aspect of pedagogy. The purpose of the article is to change and improve the quality of training specialists in all areas of professional activity, the current stage of Kazakhstani society, characterizing complex economic and socio-cultural transformations, active processes of integration into the global space. Self-professional self-improvement of the future social teacher is combined with self-improvement, pedagogical professionalism, self-discipline and self-realization. The main conditions for the socialization of man are the preparation of future generations for public life, the development of personal qualities and the preparation for a full life in society.

Keywords: social pedagogue, professional development, self-development, future specialist, self-education, professional activity, competence.

Жаһандану жағдайында өркениетті мемлекеттерде тәрбиенің теориясы мен практикасындағы жетекші тенденция – әлеуметтік педагогика рөлінің белең алғанын көрсетеді. Қоғамдық өмірдің рухани жаңғыруы Қазақстан Республикасының білім жүйесінде адами-тұлғалық қатынастың атмосферасын объективті тұрғыдан жасалуын талап етеді. Бұл өз кезегінде кәсіби мемлекеттік-қоғамдық тәрбиелеу құрылымдарының өмірден, отбасынан, әлеуметтік-мәдени ортадан алшақтауын жою арқылы балалар мен жастарды әлеуметтік тәрбиелеу жүйесін өзгерту жолдарын іздестіруді қажет етеді.

1991 жылы біздің елімізде әлеуметтік педагог қызметінің енгізілуі кездейсоқтық емес. Бұл мамандықтың болашағына, мемлекеттің әлеуметтік саясатының жастар саясатының өзекті проблемаларының шешілуіне кадрлар санасының тигізер әсері мол. Білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагог мамандығының енгізілуі, бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамға әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр.

Болон келісімінің ережелеріне сәйкес әлеуметтік педагогтар даярлайтын ЖОО-дарда оқу үдерісін ұйымдастыруға, білім мазмұнына, оқыту әдістеріне өзгерістер енгізуді талап етеді. Ол көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге бейімділік, білім мен практиканың өзара байланысы, өмірлік жағдаяттарды шешу, түрлі әлеуметтік мәселелерді шеше білу сияқты келелі мақсаттарды көздейді.

Қазіргі кезде бірқатар ғалымдар атап айтсақ, В.Г. Бочарова, В.А. Слостенин, А.В. Мудрик, М.А. Галагузова, І.Р. Халитова, Н.С. Әлқожаева, А.Б. Айтбаева әлеуметтік педагогикадан оқу құралдарын жазып, санаттық сипаттама берді. Шетелдік көптеген ғалымдар әлеуметтік педагогиканың тұжырымдамасы мен теориясын білім туралы ғылымды дамытуға ықпал ете отырып, білім берудің жалпы теориясына сүйене қарастырды. Швецияда әлеуметтік педагогика кәсіби әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі контекстінде дамыды. Бұл жағдай Финляндия, Дания және Норвегия секілді басқа да скандинавия елдерінде көрініс тапты. Испанияда тарихи себептерге баланысты әлеуметтік педагогика халықтық білім беру, өз-өзіне көмек көрсету, қоғамдастықтың іс-әрекеті тұрғысынан дамыды. Ұлыбритания мен Ирландияда әлеуметтік педагогика білім берудегі коммуникативтік дағдыларға, әсіресе балалар мен жастарды тәрбиелеуге қатысты сұрақтарды зерттеді. Әлеуметтік педагогика балалардың күнделікті іс-әрекетін жақсарту үшін және интернат мекемелерінде балаларды дамыту мәселесін шешу үшін негіз ретінде қарастырады.

Қазақстандағы әлеуметтік педагогика мәселесіне жүргізілген талдаулар бойынша әлеуметтік сала мамандарын кәсіби даярлау және олардың қызметінің бағыттарын зерттеуге Г.Ж. Меңлібекова, Ш.Ж. Колумбаева, М.Т. Баймұқанова және т.б. диссертациялық жұмыстарын атап өтуге болады [1].


Зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектерін саралай отыра, мақала тақырыбының түйіні боп табылатын әлеуметтік педагог терминін жан-жақты зерттей келе, әлеуметтік педагог – әр түрлі әлеуметтік-мәдени ортада балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырушы маман. Әлеуметтік педагог жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен оның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, мінез-құлығындағы ауытқуды анықтай отырып, оны қоршаған микроортаны зерттейді және балаға уақытында әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді. Әлеуметтік педагогтар – балалармен, олардың ата-аналарымен, ересектермен, тұрғындарымен отбасы-тұрмыстық микроортада және көршілер ортасында, жасөспірімдермен, жастардың, топтарымен және бірлестіктерімен тәрбие жұмысымен жүргізетін, мәдени-сауық, дене шынықтыру-сауықтыру, еңбек, ойын және басқа жұмыстарды, топпен қарым-қатынас жасауды, балалармен ересектердің социумда техникалық, көркем шығармашылық және шығармашылықтың басқа да түрлерін ұйымдастыратын мамандар. Әлеуметтік педагог балаларды, жасөспірімдер мен жастарды әлеуметтендіру процесінде мүмкін болатын және мақсатты «араласуды» қамтамасыз етеді, отбасы мен басқа да тәрбиелеу институттарына көмек береді, балалар мен ересектер арасындағы байланыстырушы жік, делдал «үшінші тұлға» рөлін атқарады, жеке тұлғамен және қоғаммен жұмыс жасайды. Ол жасөспірімдердің әлеуметтік және кәсіби бағдар алу кезеңінде көмектеседі, балалардың қоғамдағы құқықтарын қорғайды [2].

Қазақстанның ертеңгі болашағы – бүгінгі білімді ұрпақты тәрбиелеу ісінде әлеуметтік педагогтың атқарар рөлі зор. Мектептерде педагог – психолог, қосымша білім беру педагогі, тәлімгер, әлеуметтік педагог мамандары пайда болды. Бұлардың әрқайсысының білім беру үрдісінде өзіне ғана тән қызметтік мазмұны мен өзіндік орны бар. Қоғамға, мектепке керек бұл мамандықтың қыр-сыры, қызмет ерекшелігі жан-жақтылықты талап етеді. Мектептегі әлеуметтік педагогтің негізгі міндеті – әр адамның өмір сүру сапасының жақсарту мақсатында жеке тұлға мен қоғам арасындағы өзара жағымды қарым-қатынас қалыптастыру. Әлеуметтік педагог қызметінің негізгі ортасы – баланың оқып, білім алу қызметі жүзеге асырылатын мектеп, үйі мен әр түрлі спорттық секциялар, мектептен тыс қоғамдық орындар және бала қарым-қатынаста болатын барлық орта. Әлеуметтік педагог жұмысының осындай кең ауқымдылығына байланысты маман сан қырлы, жан-жақты болуы керек. Кез келген мәселелерді шешу үшін әлеуметтік педагог әр түрлі рөлдерді атқарады.

ҚР Мемлекеттік Жалпыға Міндетті Білім беру стандарттарына сәйкес әлеуметтік педагогика мамандығын меңгеру үшін болашақ мамандығына қажетті ғылыми білімдер ғана емес, сараптама-лық, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, жобалық және т.б. біліктіліктерді игеруі міндетті.

Білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагог мамандығының енгізілуі, бүгінгі тағдағы оқушылардың қоғамға, әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенудегі қиыншылықтар оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал ету қажеттігінен туындап отыр. Әлеуметтік педагог балалардың әлеуметтік тәрбиесін ұйымдастырушы және әлеуметтану процесінің жоспарды және мақсатты түрде өтуіне жағдай жасайтын маман.

Әлеуметтік педагогтің қызметінің нақты мақсаты – баланың өмір сүру ортасындағы туындаған мәселелерді уақытында анықтау; олардың себептерін жою жолдарын қарастыру; баланың өмір сүру ортасында туындауы мүмкін әр түрлі қоғамға жат құбылыстардың алдын алу; ең маңыздысы, әлеуметтік педагог осы айтылғандарды мүмкіндігінше этикалық деңгейді сақтай отырып, баланың құқығы мен еркіндігіне нұқсан келтірмейтіндей жағдайда жүзеге асыруы тиіс (сурет 1).



Сурет 1 – Әлеуметтік педагогтың қызметі

Әлеуметтік педагогтың мектепте іс-әрекетінің мынандай бағыттары болады: диагностикалық, ұйымдастырушылық, болжамдық, алдын алу, ұйымдық байланыстық, қорғаушы, әлеуметтік-психологиялық. «Ерекше назардағы» балаларды «қиын топ» ретінде емес, қайта қоғам тарапынан көмек қажет етуші бала ретінде түсіну қажет. Олардың мақсаты осындай балалармен жеке жұмыс жасап, олардың себебін дұрыс түсіне отырып, педагогикалық-психологиялық көмек беру [3]. Қорыта келе, өскелең ұрпақты қоғамдық өмірге қатыстыру, жеке тұлғалық қасиетін дамыту және оны қоғамда толық мәнді өмір сүруге дайындау тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі шарттары болып табылады деуге болады.

Жалпы білім беретін мектептердегі әлеуметтік педагогтар білім беру мекемелерінде қолайлы орта құруға, оқушының педагогтардың тұлғалық мәселесін шешуге әлеуметтік орта мен бала арасында кең байланыс әлеуметтік педагогтар білім беру мекемелерінде қолайлы орта құруға, оқушының, педагогтардың тұлғалық мәселесін шешуге әлеуметтік орта мен бала арасында кең байланыс жасауға мамандалады.

Балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау – баламен бірге оның өзіндік көзқарасын, мақсатын, мүмкіндігін анықтау үшін және қоғамда қалыпты өмір сүруге кері ықпал кедергілерді жою үшін жолын анықтау. Өмір сүруіне, қарым-қатынасына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, алдына қойған мақсатына жету және адамгершілік қасиетін сақтап қалуына көмектесу.

Әлеуметтік педагогты әлеуметтік қызметкердің бір түрі деп санау қателік болар еді. Оның қызметінің негізгі сферасы социум-әлеумет. Негізгі басымдық бала мен отбасы, бала мен тұрғылықты жеріндегі жақын ортасының арасындағы қарым-қатынасын зерттеуіне беріледі. Әлеуметтік педагог балалармен, оның отбасымен көршілік ортасымен жұмыс жасайды. Оның қызметінің мақсаты-социумда балалар мен ересектердің әлеуметтік маңызы бар, профилактикалық қызметін ұйымдастыру, баланың дамуын, білім алуын әлеуметтік қолдау [4].

Сонымен, жоғарыда сөз етілген әлеуметтік педагог қызметін нақтылай келе, ол мүмкіндігінше проблеманың алдын-алуына тырысады, проблеманы тудыратын себептерді анықтай және уақытында оны жойып отыру, адам бойындағы олардың қарым-қатынасындағы әртүрлі ауытқушылардың алдын-алып, отыру, осы арқылы қоршаған әлеуметтік ортаны сауықтырып отырады деп пайымдаймыз. Әлеуметтік қызметкер проблеманың алдын-алумен емес, проблеманың өзімен жұмыс жасайды (алкоголизм, нашақорлық, әлеуметтік депрессия, қаңғыбастық, ауру, өзін-өзі қызмет ете алмаушылармен, мүгедектермен, стихиялық зіл-зала, көпші-қонмен, жанының күйзелуі әлеуметтік бейімделу) арнайы көмектің түрін, арнайы мамандануды қажет ететін (қарт адаммен жұмыс, босқындармен, әлеуметтік риск тобына жататын адамдармен жұмыс) [5]. Сонымен қатар, ол арнайы жас ерекшеліктері бойынша топтардың (балалар, жасөспірімдер, жастар, қарттар) мекемелердің, микроорталықтың

ерекше сфераларының (ауыл-әскери бөлім) әлеуметтік проблемаларын шешуге мамандануы да мүмкін.

Әлеуметтік қызметкер мен әлеуметтік педагогтың кәсіптік қызметтерінің жұмыстарының түрі мен әдістемесі бір-бірімен қиылысып жатқанымен әр маманның өзіндік айырмашылықтары бар. Дегенмен әлеуметтік қызметкер жұмысының нәтижелілігі әлеуметтік педагогтың жұмысымен тығыз байланысты, тиісінше әлеуметтік педагог жұмысының нәтижелілігі де әлеуметтік қызметкердің қорытындысынсыз жоққа шығар еді. Әлеуметтік педагог бірінші кезекте тұлға мен отбасы қорғауға арналған мемлекеттік-қоғамдық әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелер мен ұйымдар арасын байланыстырушы буын.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби өзін-өзі дамытуы оның өзін-өзі кәсіби кемелдендіруімен ұштасады. Әлеуметтік педагогтың табысты өзін-өзі кемелдендіруі талап шегі оның қазіргі дағдылары мен машықтарынан недәуір жоғары қойылады дегенді білдіреді, олай болмаған жағдайда қолда бар мен қаланатынның арасында қайшылықтар пайда болып, өзін жетілдіру үшін атқарылатын жұмыстар еш нәтиже әкелмейді. Әлеуметтік педагогтың өзін-өзі кемелдендіру ісіндегі жұмыс өрісі барынша кең. Кез келген педагогтық машықта шеберлікті шыңдай беруге болады.

Әлеуметтік педагогтың өзін-өзі дамытуының келесі көрсеткіші – педагогикалық кәсіби бағыттылығы деп есептейміз. Өйткені оның маңызды құрылымдылық компоненттеріне кәсіби педагогикалық бағыттылық, кәсіби белсенділік, кәсіби білімдер мен шеберліктер, кәсіби педагогикалық қабілет, ес, ойлау мен қиял, кәсіби өзіндік сана, құндылықтар қатары енеді [6].

Әлеуметтік педагогтың педагогикалық кәсіби бағыттылығы – өзіне, іс-әрекетке, балаларға деген қатынастардың ерекше класымен анықталады. Кәсіби-педагогикалық бағыттылықтың дамуы төмендегі факторларға байланысты: педагогтың тұлғалық ерекшеліктері, оның қызығушылықтары, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс, басшылар тарапынан педагогикалық іс-әрекеттің ұйымдастырылу ерекшеліктері, ұжымдағы өзара әрекеттің ерекшеліктері т.б.

Кәсіби белсенділік педагогтың өзінің іс-әрекетінің аймағын кеңітуге деген ұмтылысымен, оқытудың жаңа формалары, әдістері мен құралдарын іздестірумен, әріптестермен, ата-аналармен, оқушылармен жақсы қарым-қатынаста болуымен, өзін-өзі тәрбиелеудің барлық амалдары мен құралдарын қолдана отырып, өзін-өзі дамытумен айналасуымен сипатталады. Қарастырылатын мәселелер контекстінде кәсіби белсенділік – өзін-өзі дамытудың маңызды шарты болып табылады.

Әлеуметтік педагогтың өзін-өзі дамытуында өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі жетілдіру жетекші рөл атқарады. Өзінің әрекетінің қорытындысын сараптай отырып әлеуметтік рефлексия жасайды онсыз білім беру процесінің заңдылығын түсіну мүмкін емес, педагогикалық шеберлікке бастайтын қозғалыс жоқ.

Кәсіби өзін-өзі дамытудың бастапқы компоненті өздігінен білімін көтеру [болып табылады](#), біз бұл жерде «мақсатты түрдегі жалпы адамдық құндылықтарды әдістемелік және арнайы білім арқылы, кәсіби ептілігі мен дағдысы арқылы игеру бойынша педагогтың танымдылық әрекеті». «Орыс оқытушыларының оқытушысы» деген атақ алған К.Д. Ушинский оқытушы оқу барысында ғана өмір сүреді деп санаған, қазіргі кезеңгі белгілі ғалымдардың бірі Д.С. Лихачев жастарға «Үнемі оқу керек. Барлық ірі ғалымдар тек қана біреуді оқытып қойған жоқ өздері де оқыды. Оқуды тоқтатқан күні – оқыта да алмайсың. Себебі білім үнемі өсіп жетіліп отырады» деген [7,8]. Өзін-өзі жетілдіру білімі мен тәжірибесі өзін-өзі тәрбиелеудің алғышарттарын құрайды, ол өз кәсіби жекелігін дамытудағы үш бағытын меңзейді:

- а) өзінің жеке-қайталанбайтын ерекшелігін педагогикалық әрекеттер талаптарына бағыттау;
- ә) кәсіби компетенттігін үнемі арттырып отыру;
- б) жеке тұлғаның әлеуметтік-адамгершіліктік басқа да қасиеттерін үнемі арттырып отыру.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу, ол басқа да әрекеттер сияқты өзінің негізгі күрделі жүйесі, мотивтері, белсенділік мотивтері бар. Әдетте мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеудің қозғаушы күші мен көзі жетілуге деген қажеттілік арқылы түсіндіріледі. Алайда бұл қажеттілік қажеттілік арқылы талаптар арасындағы қарсылықты шешуді құрамайды. Оқытушыға ұсынылатын Талаптар «өзін-өзі ынталандырады немесе оқытушыны осы қарама-қайшылықты шешетін қандайда болмасын әрекеті қолдануға итермелейді».

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу негізінде оқытушының әрекетті негізіндегі сияқты мақсат пен мотив ара-сында қарама-қайшылық туындап отыр. Мотивтің мақсатқа қара жылжуын қамтамасыз ету - өзін-өзі тәрбиелеуге деген нақты қажеттілік деген сөз. Оқытушының өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажеттілігі одан әрі жеке белсенділігі арқылы көрініп отырады (сенімі; парызын сезіну, жауапкершілік, кәсіби адалдық, дұрыс бағалай білу т.б.).

Бұл айтылған әлеуметтік педагогтың өзін-өзі дамытуы – оның кәсіби біліктілігін анықтайтын кәсіби құзырлылықтан көрініс табады. Әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзырлылығы – оның мақсат, мән, құрылым, құрал, тәсілдер жөніндегі ақпараттануын, кәсіби қызметін, осы қызмет технологиясын меңгеруін, педагог қызметінің маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ететін педагогтың жеке психологиялық сапаларын жетілдіру және стандартты емес тасымалдарды орындауға қабілеттілігі.

Құзырлылық оқытушының мамандықпен ғана шектеліп қалмай, ауқымды сұрақтар төңірегінде бағытталуын, кәсіби мобилділігін, өзгерістерге ашықтығын, өз білімін дамытуға дайындығын қамтамасыз етеді. Кәсіби құзырлылық негізіне тәжірибелік біліктілік жатқызылады. Ол педагогикалық тапсырмаларды орындауға бағытталған педагогикалық әрекеттер жүйесі [9].

Сонымен, әлеуметтік педагогтың кәсіби құзырлылығы кәсіптік-білімділік (теориялық) құзырлығымен, кәсіптік-әрекеттік құзырлығымен және кәсіптік-тұлғалық құзырлығымен анықталады. Әрқайсысына жеке-жеке тоқтала келе, кәсіптік-білімділік (теориялық) құзырлық келесідей өлшенеді:

а) әлеуметтік педагогиканың теориясы мен тарихын білумен;

ә) баланың тұлғалық қасиеттерін зерттейтін, оның физикалық, рухани және әлеуметтік дамуын, мінез-құлқының қалыпты және ауытқушылығын зерттейтін жас ерекшеліктері психологиясын білумен;

б) адамдардың бірлестіктерін және топтарын (отбасы, шағын топ, мектеп ұжымы, құрбы-құрдас ұжымы) зерттейтін социологияны білумен.

Кәсіптік-әрекеттік құзырлығы немен өлшенеді:

а) коммуникативтік құзырлығы жоғары болуы тиіс (латын тілінен аударғанда «байланысамын», «қарым-қатынас жасаймын», «бірге жасаймын», басқа сөзбен айтқанда қарым-қатынасқа мән беремін деген мағынаны білдіреді.) әлеуметтік педагогтың коммуникативтік қабілеті оның балаға, әріптестеріне, ата-аналарға әсер ету шеберлігінен көрінеді;

ә) эмпатикалық құзырлығы-басқа адамның эмоционалдық жағдайын түсіну, оның уайымына, ішкі сезіміне ене білуінен көрінеді.

Бұл жерде әлеуметтік педагогтың баланың проблемаларына көңіл бөле алу, оның эмоциялық жағдайын сезімін, қиын шақтарын түсіне алу қабілеті туралы айтып отыр. Осыдан барып оның өзін бала орнына қоя білу, дүниені оның көзімен көре білу мүмкіндігі көрінеді. Сонымен қатар әлеуметтік педагог оқушыға ересек адам оны көріп, тыңдап түсінетіні жайлы білдіре алуы тиіс. Бұл түсініктің өзіне алдағы іс-әрекетті болжау, айтылған әңгімелердің ішінен негізгі және жанама факторларды, аргументтерді анықтау мүмкіндігіне жол ашады. Тек осы жағдайда тәрбиеленушінің сеніміне, педагогикалық қарым-қатынаста баланың белсенділігіне үміт арта алады.

б) ойлауды, іс-әрекетті оңтайландыра алу құзырлығы-проблеманы шешудің бір емес, бірнеше жолын тат білу қабілеті. Себебі әлеуметтік педагог баланың және жасөспірімдердің тобына және қиын балалармен олардың ата-аналарымен қарым-қатынасының өзгермелі жағдайларына тез бейімделуі қажет. Әлеуметтік педагог баланың жас ерекшелігіне, жеке мінезіне және білімділік деңгейіне байланысты қарым-қатынас құралын, түрін, әдістерін өзгертіп отыруы қажет. Баламалы әр түрлі байланыс процестерінде тез, оңтайлы шешім қабылдай білу жағдайында қабілеті үлке маңызға ие болады. Себебі кез-келген әлеуметтік педагогикалық шешуі ол тұлғаға бағытталған процес болғандықтан әлеуметтік педагогика дайын шабылдардың, рецептерден, стандартан бас тарту қажет. Әлеуметтік педагогтың ойлауды және әрекетті оңтайландыра алуы кәсіптік міндеттерді шешуде үлкен рөл атқарады. Әлеуметтік педагогпен байланыста болатын әрбір баланың ашылмай жүрген шығармашылық мүмкіндігі болады, бұл жерде әлеуметтік педагогтың міндеті-баланың осы мүмкіндігінің ашылуына, өзінің жақсы қасиеттеріне назар аударуына, сенуіне көмектесу.

Кәсіптік-тұлғалық құзырлығы:

Бұл мамандықты таңдаған адамның ерекше тұлғалық сапасы болу керек. Әлеуметтік педагог қызметі ол адамдар арасындағы сенімділік зонасы, олардың өзара түсінушілігі, өзара көмек, өзара жауапкершілік жолы. Әлеуметтік педагогтың кәсіптік-тұлғалық жарамдылығын анықтайтын сапа:

- а) адамгершілік-өзінің түсінушілігін, ол көзқарасын басқа адамды қолдай алатындығын көрсете алу;
- ә) сыпайылық-әдептілік, басқа адамдармен қарым-қатынаста сыпайы болу;
- б) аутентілік-адамдармен қарым-қатынаста шынайы болу, адал болу, ортамен байланыста өзімен-өзі болу;
- в) ашықтық-басқа адамға ішкі дүниені аша білу, адал болу, өзінің сезімі мен ойын айта білу;
- г) нақтылық-жалпылама пікір айтуда бас тарту, сұраққа жауап бере алу;
- д) «Осы жерде және қазір» жағдайында сөйлей алу-және әрекет алу, адам туралы, оның жағдайы туралы нақты білу және оны көрсете білу.

Сонымен, қорытындылай келе, әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігі әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық даярлықтың бірлігін, оның кәсіби біліктілігін сипаттайды. Әлеуметтік педагог іс-әрекетінің негізгі мазмұнын баланы қоғамға бейімдеуге, оны дамытуға, тәрбиелеуге, білім беруге, кәсіби қалыптасуына көмектесуге, яғни баланы әлеуметтендіруге көмектесу деп пайымдаймыз. Алайда, ең бастысы заман талабына сай білім беру мен тәрбиелеудегі тиімді ізденістер және әр елдің озық тәжірибелерін жүзеге асырып, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту, қоғамдық ортада өз ойын еркін айта алатын, мәдени-рухани құндылықтарға жан дүниесі бай, саналы, тәрбиелі азамат қалыптастыру – әр ұстаздың басты міндеті болуы керек екені басты назарда болуы шарт.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Галагузова М.А., Мардахаев Л.В. *Методика и технологии работы социального педагога.* – М.: Академия. 2002. – 192 с.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі «Педагогика және психология». – Алматы: Мектеп. 2002. – 62 б.
3. Ситшик А.И., Мисько А.В. *Методическая помощь социальному педагогу образовательного учреждения по ведению текущей документации.* – М.: Академия. 2005. – 22 с.
4. Шептенко Н.А., Воронина Г.А. *Методика и технологии работы социального педагога.* – М.: Академия. 2001. – 208 с.
5. Арыбаева К.М. *Девиянтты мінез-құлық жасөспірімдерімен түзетушілік-педагогикалық жұмыс атқару.* – Шымкент. 2001. – 174 б.
6. Аскеров Н.В., Белова Е.В., Мельникова Н.А. *Шпаргалка по социологии.* – М.: Аллель. 2011. – 64 с.
7. Тесленко А.Н., Керимбаева М.С., Джакупова Г.А. *Профилактика подростковой девиации: теория и практика. Научное издание / Под ред. А.Н. Тесленко – Астана: Центр СПСИПК и ПК СО, 2005. – 156 с.*
8. Тесленко А.Н. *Социальная педагогика: введение в специальность: учебно-методическое пособие / А.Н. Тесленко. – Астана : ИПКиПК СО, 2005. – 148 с.*
9. Коджаспирова Г.М. *Педагогика. Практикум и методический материалы.* – М.: Владос. 2003. – 416 с.

УДК 37.015.3
МРНТИ 14.35.17

Т.Н. Жүндібаева¹, Ә.А. Базарбаева²

¹п.ғ.к., қауым. профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

*²Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУ

Аңдатпа

Мақала «рефлексиялық іс-әрекет» түсінігін талдауға арналған. Мақалада кәсіптік оқыту үдерісінде студенттердің рефлексиялық белсенділігі олардың жеке және кәсіби өзін-өзі дамыту шарттары ретінде қарастырылады. Студенттердің рефлексиялық белсенділігін дамыту педагогикалық білім берудің басты міндеті болып табылады. Мақалада студенттердің рефлексиялық іс-әрекеті тұлғалық даму тетігі ретінде, рефлексияға жетелейтін іс-әрекеттер мен амалдар, студенттердің рефлексиялық белсенділігінің мәні мен маңызы нақтыланған.

Түйін сөздер: болашақ педагог, рефлексия, рефлексиялық іс-әрекет, өзін-өзі дамыту.

Жүндібаева Т.Н.¹, Базарбаева А.А.²

*¹к.пед.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая
²магистрантка 2 курса Казахского национального педагогического университета имени Абая
Алматы, Казахстан*

РАЗВИТИЕ РЕФЛЕКСИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

Статья посвящена анализу понятия «рефлексивная деятельность». В статье рассмотрена рефлексивная деятельность студентов в процессе профессиональной подготовки как одно из условий их личностного и профессионального саморазвития. Развитие рефлексивной деятельности студентов рассматривается как ведущая задача педагогического образования. В статье рассмотрена рефлексивная деятельность учащихся как механизм развития личности, рассмотрен деятельностный подход к рефлексии, обоснована актуальность и сущность рефлексивной деятельности учащихся.

Ключевые слова: будущий педагог, рефлексия, рефлексивная деятельность, саморазвитие.

Zhundybaeva T.N.¹, Bazarbayeva A.A.²

*¹Candidate of Ped.Sc., professor, Kazakh national pedagogical university named after Abay
²Master of 2 course of the Kazakh national pedagogical university named after Abay
Almaty, Kazakhstan*

DEVELOPMENT OF THE REFLEXIVE ACTIVITY OF FUTURE TEACHERS

Abstract

The article is devoted to the analysis of the concept of "reflexive activity." The article considers reflexive activity of students in the process of professional training as one of the conditions for their personal and professional self-development. The development of reflexive activity of students is considered as the leading task of pedagogical education. The article deals with reflexive activity of students as a mechanism of personality development, the activity approach to reflection is considered, the relevance and essence of reflexive activity of students is grounded.

Key words: the future teacher, reflection, reflexive activity, self-development.

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру саласының алдына шешілуге тиісті біраз міндеттер қойылды. Осыған орай, қазіргі таңда елімізде білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енгізілетін қадамдар жасалынууда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды инновациялық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі жаңашыл технологияларды қолданудың мақсаты білім саласында бәсекелестікке жауап беретін шығармашыл тұлға тәрбиелеу. [1]

Жанашылдықтың артуына байланысты рефлексияның педагогикадағы алатын орнының мәні артып отыр. Өзін-өзі дамытумен қатар индивидтің жан мен тән үйлесіміне сәйкес өз ойын жинақтау қабілетін бейнелейтін рефлексия ұғымы пайда болды. Сондықтан бұл қазіргі кездегі білім саласындағы көкейтесті мәселелер қатарына жатады.

Рефлексия сөзі латын тілінен кірген «reflexio – кейінге айналым» мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локк 17 ғасырда берген. Рефлексия – адамды, білімді дамытудың шарттарының бірі. Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау.

Ғалымдар «рефлексия» ұғымын жан-жақты ашуға тырысты. Мысалы, В.В. Давыдов, А.З. Зақ, Е.И. Машбиц «Рефлексия – субъектінің іс-әрекетінің құралын өзгертуді сезінуі» деген болса, О.С. Анисимов, Г.П. Щедровицкий «Рефлексия – басқа субъектінің іс-әрекетіне қатысты бір субъект іс-әрекетінің сыртқы бағыты» деген анықтама ұсынды. [2,25 б.]

Рефлексияны адамның рухани әлеуетін ашу мен анықтаудың инновациялық жолдарының бірі деп тани отырып, Б.З. Вульф пен В.И. Харькин «Рефлексияны ешкім және еш нәрсе алмастыра алмайды» деген пікір білдіреді. [3,98 б.]

Белгілі зерттеуші А.А. Бизьева рефлексия терминін «кең ауқымды практикалық мағынада адамның өзін-өзі талдау, қоршаған әлеммен өзінің заттық-әлеуметтік қатынастарын ұғыну және ол жайында қайта ойлану қабілеті және дамыған интеллектінің қажетті құрамды бөлігі болып табылады», - деп қарастырады. [4,105 б.]

Рефлексияны түсінуге өте көп мәнді үлес қосқан С.Л. Рубинштейн болды. Оның пікірінше, рефлексия адам санасының дамуының белгілі бір деңгейі, адам ойша өз өмірінің шегінен шығады және одан тыс позицияға барады деген пікірде болған.

Осы жерден рефлексияның қазіргі таңда зерттелу жағдайы қуантарлық деңгейде екенін байқаймыз.

Рефлексия іс-әрекетпен тығыз байланысты. Рефлексиялық іс-әрекет болашақ педагог-психологтың өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара қабілеттерін тануына мүмкіндік туғызады. Осы тұста Н.Г. Алексеев, В.К. Зарецкий, В.И. Слободчиков, Г.А. Цукерман және т.б. сияқты ғалымдар «Рефлексиялық іс-әрекет – іс-әрекеттер арасындағы қатынасты орнату үдерісі» деген анықтамасына тоқталып кетсек болады. [5, 61 б.]

Педагогикадағы рефлексиялық іс-әрекет – мұғалімнің өзіне, өзінің қылықтарына объективті баға беру, оны балалар, басқа адамдар, ең әуелі педагогикалық қатынас процесінде мұғалім әрекеттесетін адамдар қалай қабылдайтынын түсінуі. Педагогикалық рефлексия орталығында - оқушы тәрбиешімен өзара қарым-қатынасында нені қабылдайтынын және түсінетінін, тәрбиешінің әрекеттеріне қалай икемделе алатынын ұғыу тұрады.

Рефлексиялық іс-әрекеті қалыптасқан педагог тәрбиелеу – бүгінгі заман талабы. Осындай адам өзінің тұлғалық және кәсіби таптауының (стереотиптерін) шығармашылықпен өзгерте алады. Бұл дегеніміз – сана, өзін-өзі ұйымдастыра білу, өз-өзіне талдау жасау, өзін-өзі іске қосу, бағалау сияқты сапалармен сипатталады. Рефлексиялық іс-әрекет студентке өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Рефлексиялық қабілеті бар педагог алдында отырған білім алушының бойына осы дағдыны кіріктіріп, дамытады, өмірлік қажеттілік екенін есінен шығармайды. Оқытушының басты міндеті – білім алушыны рефлексия жасауға үйрету.

Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Болашақ педагог-психологтарды даярлау мәселесінде олардың рефлексиялық іс-әрекетін қалыптастыру маңызды. Олардың белгілі бір педагогикалық мәселелер туралы барлық ақпаратты жинақтай алуы, оның тиімдісін тандай білуі, нақты жағдайды шешуге байланысты оған өзіндік қолтаңбамен өзгерістер енгізе білуі, осылайша мәселені шешудің өзіндік жолын таба білуі сыни ойлау нәтижесінде жүзеге асады. Бұл жағдайда сонымен бірге шығармашылық, тапқырлық пен өнертапқыштық сияқты сапалар қатар дамуға мүмкіндік алады.

Болашақ педагогтаррефлексиялық іс-әрекет жағдайында алынған білімдерін ой елегінен өткізеді және оның мотивтері мен мақсаттары анықталады. Рефлексиялық іс-әрекет бұл тек қана адамның өзін-өзі білуі мен түсінуі ғана емес, сондай-ақ басқалар өзінің жеке тұлғалық ерекшеліктерін, эмоционалдылық реакцияларын, когнитивтік көзқарастарын қалай білдіретінін білу болып табылады. Олай болса, педагогикадағы рефлексиялық іс-әрекет мәселесі болашақ педагогтың өзінің тұлғасын өзі өзектендірумен тығыз байланысты. Өзін-өзі өзектендіру тұлғаны дамыту тетігі ретінде адамның

элеуметтік ерекшеліктерін көкейкесті етумен сипатталады. Бұл өзіндік рефлексияға алып келеді. Өзіндік рефлексияның өлшеу бірлігі- өзіндік талдау.

Бүгінгі күні болашақ педагогтардың кәсіптілігі өзінің жеке тәжірибесін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оның біліктілігінде болып отыр. С.Ю. Степанов берген анықтауы бойынша рефлексиялық біліктілік – бұл рефлексиялық үдерістерді анағұрлым тиімді және бара-бара жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке тұлғаның кәсіптік қасиеті, бұл даму және өзін-өзі дамыту үдерісін қамтамасыз етеді, кәсіптік қызметке шығармашылық жолмен қарауға, оның ең жоғары тиімділігі мен нәтижелілігіне қол жеткізуге ықпал етеді.

Рефлексиялық іс-әрекеттің жоғары деңгейі педагогтың мүмкіндіктерінің мазмұнын, түсініктері мен толғаныстарын анықтайды. Мүмкіндіктер шекараларының рефлексиясы өзі мен басқалардың арасындағы айырмашылықтарды тұжырымдау кезіндегі қарама-қайшылықты туындатып, оны шешуге тырысады. Өзінің осал тұстарын өзгерту және ішкі мүмкіндіктерін пайдалануға ұмтылу болашақ педагогты инновациялық іс-әрекеттегі табысқа жетелейді. Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру кезіндегі рефлексиялық іс-әрекет екі үрдіспен қоса жүреді: 1) болашақ педагог болжау кезеңіне қайта оралғандай болады, сол кезеңнен тұжырымдаманың жекелеген құрамды бөліктерін іздестіреді; 2) екінші үрдіс өз іс-әрекетінің рефлексиясымен, яғни мақсатты жүзеге асыру үрдісімен тығыз байланысты: педагог мүмкіндіктері мен сыртқы жағдайлардың ара қатынасына талдау жасайды. Өз іс-әрекеті мен оның компоненттерін (қажеттеліктерді, мотивтерді, мақсаттарды, мақсат пен нәтижелерге жету тәсілдерін) бағалау жөніндегі өзіндік алгоритмдерді меңгеру шарты ретіндегі өзін-өзі бағалау педагогтың рефлексиялық іс-әрекетінің шарты болып табылады.

Сонымен, кез-келген деңгейдегі кәсіби күзіретті маман рефлексия жасауға, яғни қоршаған ортада өзінде болып жатқан өзгерістерге сын көзбен қарап, ойлануға қабілетті.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша, рефлексиялық іс-әрекет педагогтың төмендегідей кәсіби іс-әрекетінде айқын көріне бастайды:

– оқытушы студенттің ойын, зейінін және іс-әрекетін мақсатқа бағыттау барысындағы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің практикалық іс-әрекетінде;

– студенттің іс-әрекетін жобалау үдерісінде: педагог студенттің жеке, дара, дербес ерекшеліктерін ескере отырып, оның қабілеттерінің дамуына бағыттайтын оқытудың мақсатына сәйкес жоба құрастыру;

– педагог өз іс-әрекетін субъект ретінде өзі талдауы, өзін-өзі бағалауы, сондай-ақ педагог өзінің студенттерін де өз іс-әрекеттерін талдауға, ой елегінен өткізуге, бағалауға көмектеседі.

Болашақ педагогтардың рефлексия іс-әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

– жобалау (педагогикалық үдеріске қатысушылардың қызметін жобалау);

– ұйымдастырушылық (тиімді әдіс – тәсілдерді өзара іс-қимыл нәтижесінде ұйымдастыру);

– коммуникативтік (педагогикалық үдеріске қатысушылардың қарым- қатынастары);

– түзетуші (іс-қимыл нәтижесіне өзгерістерді өзара енгізу).

Қазіргі заман талабына сай, болашақ педагогтар рефлексиялық іс-әрекетті толықтай меңгеруі тиіс.

Осыған орай рефлексиялық іс-әрекетті ұйымдастыруды бірнеше кезеңге бөлуге болады:

1 кезең – өзінің күйін талдау-өзінің жетістіктерін талдау;

2 кезең – күнделікті өзін-өзі талдау (рефлексивті күнделік жүргізу);

3 кезең – әріптестерінің (бірге оқитын достарының) жұмысын талдау;

4 кезең – өзін-өзі және басқаларды бағалай алу.

Осы кезеңдерді орындау барысында әрбір болашақ педагог өзіне рефлексивті іс-әрекетті жүзеге асыру күнделігін толтыруы қажет.

Алдағы уақытта не жасауым керек?	Бүгін қандай жұмыстар атқардым?	Тапсырмалар қаншалықты орындалып жүр	Осы уақытқа дейін қандай жетістіктерге жеттім?

Болашақ педагогтардың рефлексиялық іс-әрекетін дамыту мақсатында төмендегідей жаттығуларды орындатудың маңызы зор:

«Қателіктер өткелі»

Мақсаты: Болашақ педагогтардың өз қателіктерін ұғынып, өз-өзіне сыни көзбен қаруға мүмкіндік беру.

Бұл жаттығу арқылы студент өзінің сабаққа дайындығы қаншалықты деңгейде екенін түсініп, өзін бағалайды. Негізі жаттығуды сабақтың соңында өткізген тиімді.

«Егер мен педагог болсам.....»

Мақсаты: Студенттерді өз ісінің шебері, кәсіби маман ретінде өсуге мүмкіндік беру.

Бұл жаттығуды көбіне үй тапсырмасы ретінде берген кезде, нәтижелі болады.

«10 ұпай» жаттығуы

„Мен“ 0 _____ 10 „Біз“ 0 _____ 10 „Сабақ“ 0 _____ 10

Мақсаты: өткізілген сабағының бағасын беруге дайындау.

Бұл жаттығуды сабақтың соңында өткізу шарт. Болашақ педагогты өз-өзіне және өзгелерге баға беруге үйретеді. Сабақтың бағасын беруді әдетке айналдырады.

«Ертең эмтихан» жаттығуы

Мақсаты: студенттердің эмтихан алдындағы дайындығын, сонымен қатар эмоциялық көңіл-күйін анықтау. Бұл жаттығуды кері байланыс ретінде жүргізеді.

«Рефлексивті экрандағы сөздер тізбегі:»

Мақсаты: студенттерді өз ойын еркін айтуға бағыттау.

Бүгін мен білдім.....

Қызықты болды.....

Енді мен істей аламын.....

Мен білгім келеді.....

Мен ойлаймын.....

Студенттер сабақты өздері қорытындылауға дағдыланады. Сабақ соңында мұғалім кері байланыс ретінде жүргізеді.

Рефлексияны өткізу тәсілдері:

Рефлексия сабақ үдерісі бойы жүреді, сабақтың әр кезеңінде әр түрлі қызмет атқаруы мүмкін. Мұнда тек оқытушы ғана емес, студент те қатысып отырады. Тәжірибе көрсеткендей, егер бір адам рефлексияға қатыспайтын болса, рефлексияны тиімді деуге болмайды.

Рефлексиялық іс-әрекетке тек болашақ педагогтың өзі ғана емес, сонымен қатар білім алушылар да қатысатындағы айқын. Сонымен қатар басқа да субъектілер қатысады. Болашақ педагог өзінің кәсіптік қызметінде әртүрлі функцияларды атқарады. Педагогтардың зерттеуі бойынша, оның негізгісі – оқу мақсатына сәйкес өз іс-әрекетін ұйымдастыру, екіншісі – осы іс-әрекеттерді ұйымдастырудағы өзінің көзқарасы. Соңғы функцияда болашақ педагог өзінің іс-әрекетінің нәтижесін талдайды, бағалайды. Сондықтан, болашақ педагогтың рефлексиясы оның кез келген жағдайда да дұрыс шешім таңдауға, өзінің іс-әрекетін бағалауға, өз жұмысының түпкі нәтижесін талдауға жол салып, студенттің кәсіби жетілуіне көмегін тигізеді. Кәсіби жетілу дегенде сабақтың тиімділігі мен нәтижелілігі көзделеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта отырып, айта кететін жайт – рефлексия үрдісі жеке-дара сипатқа ие. Болашақ педагогтың инновациялық іс-әрекеті бойынша рефлексиялық ұстанымының жоғарлауы педагог тұлғасымен, оның өзін-өзі дамытуға бағдарлануымен байланысты екендігі сөзсіз. Бұл үрдістің қайнар көзі болып студенттердің педагогикалық іс-әрекетінде сезінетін қарама-қайшылықтарының жүйесі саналады, сондықтан да оқу-кәсіби іс-әрекет барысында рефлексиялық ұстанымды өзектендіре түсетін, жағымды өзіндік қабылдауды қалыптастыратын, өзін-өзі көрсету үрдістерін ынталандыратын жағдайларды жасау қажет.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 2 Метельский Г.И. Психологические особенности рефлексивной деятельности учителя. – Л., 1979. – 25 с.
- 3 Вульффов Б.З., Харьков В.И. Педагогика рефлексии. – М.: «Наука», 1997. – 98 с.
- 4 Бизяева А.А. Психология думающего учителя: Педагогическая рефлексия. – М., 2004. – 105 с.
- 5 Мушкина И.А. Педагогическая рефлексия как основа совершенствования профессионального мастерства учителя. – М., 1999. – 61 с.

УДК 378
МРНТИ 14.35.01

Н.Б. Қарабаева¹
¹аға оқытушы, магистр,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті
Атырау қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада болашақ педагог-психологтарды денсаулық сақтау әрекетіне даярлаудың ерекшеліктері қарастырылады. Салауатты өмір салтына құндылық қатынас адамдардың өмір сүруінің сапа өлшемі ретінде азаматтарға өзінің денсаулығына қайтадан қалпына келмейтін құндылық, дені сау ұрпақты жалғастыру шарты, адамның еңбек әлеуетін, шығармашылығы мен руханилығын сақтау және нығайту мүмкіндігі болып табылады. Білім беру үрдісіне қатысушылардың денсаулығын сақтау, нығайту және қалпына келтіру білім беру мекемелерінде бұл мәселені жүйелі кешенді тұрғыдан қарастырғында ғана мүмкін болмақ. Болашақ педагог-психологтарды денсаулық сақтауға бағдарланған іс-әрекетке дайындау тәжірибесі көрсеткендей, ол жүйелі емес, сонымен қатар мазмұны бойынша жеткілікті айқын құрылымдалмаған. Сондықтан болашақ педагог-психологтарды даярлау үрдісінде денсаулық сақтау іс-әрекетінің ерекшеліктеріне ерекше назар аудару қажет. Демек денсаулық сақтау технологиялары тұлғалық экспрессияға, денсаулық және оны түзетудің базалық әлеуетін өзектендіруге, денсаулық сақтау кеңістігін құруға бағытталған.

Түйін сөздер: денсаулық, денсаулық сақтау әрекеті, денсаулық сақтау технологиясы.

Н.Б. Карабаева¹
¹старший преподаватель, магистр
Атырауский Государственный Университет имени Х.Досмухамедова
г. Атырау, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ - ПСИХОЛОГОВ К ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩЕЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности подготовки будущих педагогов – психологов к здоровьесберегающей деятельности. Ценностное отношение к здоровому образу жизни выступает как мера качества жизнедеятельности людей, возможность гражданам относиться к своему здоровью как к непреходящей ценности, условие продления здорового рода, сохранения и укрепления трудового потенциала, творчества и духовности человека. Сохранение, укрепление и восстановление здоровья участников образовательного процесса возможно в образовательном учреждении при системном комплексном подходе к этой проблеме. Как показывает практика, существующая подготовка будущих педагогов-психологов к здоровьесберегающей деятельности, как правило, носит несистемный характер, а также недостаточно четко структурирована по содержанию. Поэтому необходимо концентрировать внимание в процессе подготовки педагогов - психологов на вопросах особенностей здоровьесберегающей деятельности. Таким образом, здоровьесберегающие технологии направлены на личностную экспрессию, актуализацию базовых потенциалов здоровья и их коррекцию, создание здоровьесберегающего пространства.

Ключевые слова: здоровье, здоровьесберегающая деятельность, здоровьесберегающие технологии.

Karabaeva N.B.¹
¹Senior lecturer master
Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov
Atyrau, Kazakhstan

PECULIARITIES OF PREPARING FUTURE TEACHERS – PSYCHOLOGISTS FOR HEALTH-SAVING ACTIVITIES

Abstract

In this article, the peculiarities of preparing future teachers - psychologists for health-saving activities. The value attitude to a healthy lifestyle acts as a measure of the quality of people's livelihoods, the ability for citizens to treat their health as an

enduring value, a condition for prolonging a healthy family, preserving and strengthening the labor potential, creativity and spirituality of a person. The preservation, strengthening and restoration of the health of participants in the educational process is possible in an educational institution with a systemic integrated approach to this problem. As practice shows, the existing training of future psychologists for health-oriented activities, as a rule, is non-systemic, and is also not clearly structured in content. Therefore, it is necessary to concentrate attention in the process of training and professional development of teachers - psychologists on the issues of health-oriented activities. Thus, health-saving technologies are aimed at personal expression, actualization of basic health potentials and their correction, creation of health-saving space.

Key words: health, health-saving activity, health-saving technologies.

Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттер ел экономикасының өсу темпін адамның денсаулығына басымды ықпал етуімен, дені сау ұрпақ тәрбиелеумен байланыстырады. Осыдан қазіргі қоғамда тұлғаның денсаулығына құндылық қатынасты саналы түсіну тенденциясы байқалады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) «Адами даму индексі» ұзақ және салауатты өмір сүруді басты көрсеткіштің бірі ретінде анықтауы денсаулық феноменінің дүниежүзілік деңгейде ең басты құндылық екенінің айғағы [1].

Олай болса, ұлттың саулығы оның тірегі болар жас ұрпақтың саулығына тікелей байланысты. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады. Дені сау ұлт – жалпыұлттық міндет» - деп атап көрсетеді [2].

Сондықтан бүгінгі таңда адамның денсаулық әлеуетін сақтау және оны дамытуды белгілейтін факторларды (табиғи, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени) күшейту жөніндегі әртүрлі бағыттағы жұмыстар жүзеге асырылып, көптеген құжаттар қабылданды. Бұл денсаулық сақтау мәселесін қоғам дамуының басымдыққа ие бағыты ретінде қарастыруды, оны теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеуді, сонымен бірге әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыруды талап етеді.

Осыған байланысты білім беру жүйесінде ұрпақ денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі өзекті болып саналады. Білім алушылардың денсаулығын сақтау мәселесіне (Р.И. Айзман, Г.Л. Апанасенко, И.И. Брехман, Л.А. Семенов, А.Г. Щедрина, Т.Ж. Накипбеков, А.Каплиева, Г.Е. Калменов, Б.А. Жолдасбекова және т.б.), сондай-ақ білім алушылардың денсаулығын қамтамасыз етудің жеке бағдарламаларын құруға (Н.К. Смирнов, В.Д. Сонькин, т.б.) арналған педагогикалық-психологиялық еңбектер баршылық.

Денсаулық сақтауға бағдарланған іс-әрекеттің дамуы білім беру үрдісі субъектілерінің денсаулығын сақтауды және нығайтуды әртүрлі тұрғыдан бірқатар тұжырымдамаларда (Н.П. Абаскалова [3], В.Н. Ирхин [4], т.б.) тереңірек ашып көрсетіледі.

Бұл тұжырымдамалардағы тұлғалық даму идеясы болашақ педагог-психологтардың кәсіптік іс-әрекетінде денсаулық сақтау технологияларын пайдалануға даярлығын қалыптастыруда басшылыққа алынып, білім алушылардың әлеуетін белсендіретін тұлғалық қасиеттерін дамытуға негіз болады.

Демек денсаулықты сақтауға бағдарланған іс-әрекеттің мақсатына қол жеткізуде денсаулық адамның операциялық-ұйымдастырушылық, құрылымдық (пәні, құралы, мақсаты және нәтижесі) белсенділігі және адамның белсенді мінез-құлқының мотиваторы ретінде сипатталады.

Н.К. Смирнов «денсаулық сақтау әрекетін білім беру үрдісіне қатысушылардың денсаулығына зақым келтірмейтін жүйелі ұйымдастырылған бағдарлама, тәсілдер, әдістердің жиынтығы» - деп сипаттайды [5].

Сонымен денсаулық сақтау іс-әрекеті – бұл білім беру үрдісіне қатысушылардың денсаулығын сақтауға бағытталған мақсатты бағдарлы іс-шаралар, арнайы өлшемдердің кешені.

Осыдан болашақ педагог-психологтардың денсаулықты сақтауға бағдарланған іс-әрекеттерінің түрлері ашып көрсетіледі:

Денсаулықты сақтау іс-әрекетінің бірінші түрі адамның денсаулығын сақтау қағидасына негізделеді. Ол оқушылардың оқу үрдісінде санитарлық-гигиеналық нормалары мен талаптарын сақтауға, олардың алдын алу шараларын ұйымдастыруға, психогигиеналық іс-шараларды жүзеге асыруға, білім мен білікті меңгеру темпі мен деңгейін анықтауда жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталады.

Денсаулық сақтау іс-әрекетінің екінші түрі денсаулықты нығайту іс-әрекеті болып табылады, ол денсаулықтың қорын көбейту қағидасын жүзеге асырады. Бұл тәсіл үздіксіз, бірізділікпен іске асырылады. Педагог-психологтардың жұмыс тәсілі сыныптан тыс іс-шараны өткізумен байланысты.

Оқушының адамгершілік тәжірибесін байытатын оқу үрдісі оның денсаулығының әлеуметтік компонентін нығайтуға сай келеді.

Денсаулық сақтауға бағдарланған іс-әрекеттің үшінші түрі ретінде денсаулықты қалыптастыру әрекеті салауатты өмір салтын қалыптастыру қағидасына негізделеді. Онда оқу материалы мен тәрбиелік іс-шараның мазмұны арқылы валеологиялық білім мен дағдыны меңгерту, салауатты өмір сүру мотивациясын қалыптастыру жүзеге асырылады. Бұл бағыттар оқытылатын пән мазмұны, фактілер, заңдар арқылы денсаулық мәдениетін қалыптастырумен; пән бойынша денсаулыққа бағдарланған сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырумен; дене мәдениеті мен рекреативті іс-шараларды іске асырумен тығыз байланысты.

Болашақ педагог-психологтардың денсаулық сақтау іс-әрекетінің мәнін ашу оқушылардың денсаулығына жағымсыз ықпал ететін факторларды талдауды қажет етеді.

Кейбір ғалымдар (А.В. Радионов, М.А. Ступницкая, О.В. Кардашина) оқушылардың денсаулығының төмендеуі сан алуан факторлар әсер ететін объективті үрдіс деп есептеп, оларды шарты түрде төрт топқа (биологиялық, әлеуметтік, экологиялық, оқыту мен тәрбиелеу шарттары мен технологиясы) біріктіреді. Оның ішінде, төртінші топ білім беру жүйесінде жұмыс істейтін мамандардың (педагог, психолог, медициналық қызметкер, т.б.) ықпалына бағытталған [6].

Д.В. Колесов валеологияны қазіргі педагогиканың жаңа бағыты ретінде қарастырып, «педагогикалық валеология – өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулық мәдениетін қалыптастыру құқығын мойындайды» десе [7], басқа ғалымдардың «салауаттылық педагогикасы» деп жеке бағыт ретінде бөліп көрсету керек деп санайтыны, «салауаттылық педагогикасының негіздері» деген пәннің шыққанына көп уақыт болса да, әлі жоғары мектептің оқу жоспарына енгізілмегені туралы пікірлері кездеседі. Біздің пікірімізше де бұл көзқарастар болашақта аталған пәнді жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізу қажеттігін көрсетеді.

Н.К. Ивановтың пікірінше, мектепшілік орта факторы бастауыш сыныптағы оқушылардың ауруларының 10% анықтайды [8].

Бірқатар ғалымдар (В.Р. Кучма [9]) оқушылардың денсаулық деңгейін төмендететін факторлар ретінде оқу үрдісінің физиологиялық-гигиеналық талаптарын сақтамауды, оқу жүктемесінің үлкен көлемінің болуын; ал екіншілері (М.М. Безруких [10]) оқушылардың денсаулығының нашарлауына алып келетін мектептік қауіп-қатер факторының пайда болуының себептерін ашып көрсетеді: оқу үрдісінің оқушылардың психофизиологиялық мүмкіндіктеріне әдістемелік сәйкессіздігі; оқу жүктемесінің көбеюі; стрессогенді педагогикалық тактика; оқуды ұтымсыз ұйымдастыру; мұғалімдердің денсаулықты сақтау және нығайту мәселесіндегі төмен құзыреттілігі және т.б.

Дене бітімінің саулығы факторына келетін болсақ, ол генетика заңы бойынша тектілік, тұқым қуалаушылыққа тікелей байланысты. Психикалық фактор адамның көңіл-күйі мен рухани дүниесін сипаттайды. Әлеуметтік факторға келсек, ол қоғамдағы бағытын және онымен қарым-қатынасын көрсетеді.

Мектеп оқушысы өзінің белгілі бір биологиялық сипаттамаларымен (жасы, жынысы, тұқым қуалаушылық қасиеттері) басқа кез келген адам сияқты «денсаулық» атты жүйенің ортасында тұр. Олар тек тәндік жақтан ғана емес, сонымен қатар психологиялық жақтан оңтайлы топ болып табылады. Тұрақсыз психика, көптеген тұрмыстық мәселелерді білмеу, тез өзгеретін әлеуметтік-экономикалық жағдайларға баяу үйрену, сексуалдық қатынастардың проблемалары, қақтығыс жағдайлардағы тәртіп тәжірибесінің болмауы – бұл жас адамның ішкі қақтығысының туындауына, эмоционалдық келіспеушілікке және теріс шешім қабылдауына әкеліп соғатын факторлар.

Сондықтан ол факторларды төмендегідей топтарға топтастырамыз:

Бірінші топ факторларына денсаулыққа әсер ететін жеке өмір сүру салты мен дағдыларын жатқызамыз. Мектеп оқушыларына олармен қарым-қатынастағы орта және адам денсаулығын жақсартатын немесе нашарлататын қоғамдық тәртіп нормалары да ықпал етеді.

Екінші топ факторлары – бұл қалыптасқан әлеуметтік жағдайлар, адамдар арасындағы қарым-қатынастар жүйесі, бұған ата-аналар, құрбылар, оқытушылар, қарама-қарсы жыныс өкілдері арасындағы қарым-қатынастар жатады; қолайсыз жағдайлардағы қоғам мүшелерінің бір-біріне жәрдемдесуі. Кейде мұндай қолдаудың мүлде болмауы мүмкін, кейде әлеуметтік жағдайлар теріс ықпал етеді.

Үшінші топ инфрақұрылым факторларынан құралған: тұрғын үй, оқу және жұмыс істеу жағдайлары, қызметтер мен қажетті жайлылық деңгейінің қол жетімдігі.

Төртінші топ факторлары – бұл әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдениет, қоршаған ортаның экологиялық жәй-күйі.

Сонымен бірге болашақ ұрпақтың салауатты өмір сүруге әсер ететін объективті және субъективті факторлардың өзара әрекеттестігінің диалектикасы «тұлға – орта» жүйесінің бірлігін көрсететіні де анықталды. Адам табиғат құрайтын әлеуметтік ортаның материалдық әлемінде өмір сүреді.

Сана қоршаған әлемнің үрдістері мен пәндерін бейнелеп көрсетеді, яғни субъективтілік объективті әлемді бейнелейді және ойлау мен әрекетке әсер ететін сезім ретінде әлеуметтік және табиғи орта ретінде саналы ойлауды ұсынады. Объективті үрдістер (әлеуметтік, экономикалық, экологиялық) адамдар ортасына өсіп келе жатқан темпмен өтеді. Субъективті үрдістер (сана, мәдени-рухани дәстүр) адамның қоршаған ортасында өсіп келе жатқан темп, ол социумның жылдам дамуынан қалып кетеді. Осылайша адамның өмір сүруінде денсаулыққа әсер ететін объективті және субъективті факторлар бір-біріне қарама-қайшы келуі де мүмкін. Осы факторлардың үйлесімділігі оқушылардың салауатты өмір сүруіне алып келеді.

Сондықтан осындай ерекшеліктер болашақ педагог-психологтардың денсаулық сақтауға бағдарланған іс-әрекеттерінде негізге алынатын жағымды факторларды топтастыруға мүмкіндік береді:

- әдістеме мен педагогикалық технологиялардың оқушылардың жас және функционалдық ерекшеліктерімен сәйкестігі;
- оқушылардың жұмысқа қабілетін көтеруге мүмкіндік беретін дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру;
- денсаулықты сақтауға бағдарланған іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті тұлғалық қасиеттердің (толеранттылық, мейірімділік, т.б.) болуы;
- оқушылардың физикалық, психикалық және әлеуметтік денсаулықтарын қалпына келтіруге бағытталған сауықтыру және алдын алу іс-шараларын және оқыту үрдісінің денсаулық сақтау сипатын ұйымдастыру;
- оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту сұрақтары бойынша педагог-психологтар мен ата-аналардың құзыреттілігі;
- салауатты өмір салтын насихаттау іс-шараларын өз уақытында ұйымдастыру;
- сабақта оқушылардың психологиялық денсаулығына және дербес өмірге тиімді әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне қолдау көрсету үшін қажетті «табыс» пен «қуаныш» тәжірибесін қалыптастыратын технологияларды қолдану; т.б.

Қорыта келгенде, болашақ педагог-психологтардың денсаулық сақтауға бағдарланған іс-әрекетінің мақсаты мектептік білім беру үрдісінде оқушылардың физикалық, психологиялық, адамгершілік, эмоционалдық, әлеуметтік денсаулықтарын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды құру болып табылады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://gtmarket.ru> Центр гуманитарных технологий.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына жолдауы. //Ақиқат. №1, 2013. – 5-27 б.
3. Абаскалова Н. П. Системный подход в формировании здорового образа жизни субъектов образовательного процесса (школа ВУЗ): Монография. – Н.:НГПУ, 2001. – 316 с.
4. Ирхин В.Н. Теория и практика отечественной школы здоровья. Монография. – Барнаул: Изд-во БГПУ, 2002. – 238 с.
5. Смирнов Н.К. Здоровьесберегающие образовательные технологии в современной школе. – М.: АПК и ПРО, 2002. – 121с.
6. Здоровьесберегающая деятельность в системе образования: теория и практика: учебное пособие /Э.М.Казин и др. – М.: Омега-Л., 2013. – 443 с.
7. Колесов Д.В. Оценка: психология и прагматика оценки. – М., 2006. – 816 с.
8. Иванова Н.К. Организационно-педагогические условия формирования здорового образа жизни школьников: дис...к.п.н. 13.00.01. – Самара, 2000. – 221с.
9. Актуальные проблемы здоровья детей и подростков и пути их решения: материалы 3-го Всероссийского конгресса с международным участием по школьной и университетской медицине /Под ред. В.Р. Кучмы. – Москва: Изд-во НИЦД РАМН, 2012. – С. 45-46.
10. Безруких М.М. Здоровьесберегающая школа. – М., 2006. – 240 с.

МРНТИ 14.35.07

А.М. Усенова¹

¹PhD доктор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты,
Алматы қ., Қазақстан

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨҢІЛ-КҮЙІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ – ОҚУ ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу орнының студенттерінің психологиялық көңіл күйінің тұрақтылығының оқуға тигізер әсері туралы айтылған. Автор студент ұғымын тәптіштеп талдап, мамандықты таңдап алуы бойынша студенттердің топтарын көрсетіп, студенттердің жас ерекшелік кезеңі мәселесін талдап, олардың психологиялық ерекшеліктеріне тоқталған. Сонымен қатар ол психологиялық көңіл-күй тұлғаның ортаға сәтті әлеуметтенуі үшін өте қажетті қасиет және ол өз дәрежесінде дұрыс жүзеге аспаған жағдайда өз құрдастарымен қарым-қатынас орната алмау, достарының шеңберін тарылту, жағымсыз сезімді шақыру, ұжымда өзін жалғыз сезіну сияқты сезім тудырады ал, ол өз кезегінде студенттің оқу іс-әрекетіне кері әсер береді деген ойды алға тартады. Сонымен қатар жағымды эмоциялар мен жоғары деңгейлі ерік сапалары студенттердің оқу іс-әрекетіндегі қиындықтарды жеңулеріне мүмкіндік береді ал, ол өз кезегінде студенттің оқуда табысты болуының кепілі деген пікір білдіреді. Сондай-ақ, автор студенттің психологиялық көңіл күй қасиеті аз зерттелген және оны зерттеу олардың оқыту процесінен, әлеуметтік деңгейінен алатын қанағаттану деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді деген қорытынды жасаған.

Түйін сөздер: жоғары оқу орны, студент, жастық шақ, еңбекқорлық, мұқияттылық табыс, мақсат, жетістік, сәттілік, үлгерім, мәртебе, мақтаныш, рахат, еңбек, мәдениет, қарым-қатынас, тұрақтылық, беделге сын көзбен қарау, эмоциялық өзін өзі реттеудің жоғары деңгейде болуы, ұстамдылық.

Усенова А.М.¹

¹PhD доктор, Институт педагогики и психологии, КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

УСТОЙЧИВОСТЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО НАСТРОЯ СТУДЕНТОВ ВУЗА – ОСНОВА УСПЕШНОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы влияния устойчивости психологического настроения на успешность обучения студентов. Наряду с этим, автор рассматривает семантику понятия «студент» и подразделяет обучающихся на группы по выбору профессии. Автор рассмотрел особенности переходного периода студентов и подробнее остановился на их психологических особенностях. Психологический настрой влияет на успешную адаптацию личности в обществе и это является немаловажным фактором. В случае, если психологический настрой развивается не на должном уровне, у студента возникают трудности в построении отношений со сверстниками, сужается круг друзей, ощущается неприятное чувство одиночества, что негативно отражается на учебном процессе. Как известно, положительные эмоции и сила воли позволяют обучающимся преодолевать трудности в их учебной деятельности, что, в свою очередь, является залогом успешного обучения студента. Автор, на основе исследований, пришел к выводу о том, что качество психологического настроения студента малоизученная проблема, но очень важная, которая способствует определению уровня удовлетворенности учебной деятельностью.

Ключевые слова: высшее учебное заведение, студент, трудолюбие, тщательность, цель, достижение, удача, успеваемость, статус, гордость, удовольствие, труд, культура, общение, стабильность, критическое отношение к власти, высокий уровень эмоциональной выдержки, выдержка.

А.М. Ussenova¹

¹Doktor PhD, of the Institute Of Pedagogi and Psychology at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

THE STABILITY OF THE PSYCHOLOGICAL STATE OF STUDENTS AND THE BASIS OF SUCCESSFUL LEARNING

Abstract

This article describes how the stability of the psychological attitude affects the success of student learning. Along with this, the author considers the meaning of the word "student" and divides into groups for the choice of profession. The author examined the features of the transition period of students and dwelt on their psychological features in more detail. Moreover,

the article states that the psychological condition impacts the successful adaptation of the individual in society and this is an important factor. If the psychological condition does not develop at the proper level, the student has difficulties in building relationships with peers, the circle of friends is narrowing, an unpleasant feeling of loneliness is felt and all this negatively affects the learning process of the student. Positive emotions and willpower allow students to overcome difficulties in their learning activities, which, in turn, are the key to successful student learning. In addition, the author came to the conclusion that the quality of the student's psychological attitude was poorly understood and research enabled them to determine the level of satisfaction received from the educational process and the social level.

Key words: higher education institution, student, diligence, thoroughness, purpose, achievement, success, achievement, status, pride, pleasure, work, culture, communication, stability, critical attitude to authority, high level of emotional restraint, endurance.

Біздің қоғамның болашағы болашақ педагогтарды, психологтарды, өндіріс басшыларын және басқа да мамандарды тек қана сауаттылыққа ғана емес, сонымен қатар белсенділікке, алдына қойған мақсат-міндеттеріне жетіп, өз ісіне қызығушылықпен қарауға тәрбиелеумен байланысты. Соның негізінде тұлғалық көзқарасы белсенді, өзінің күшіне сенімді, орындалатын іс-әрекетке шығармашылықпен қарайтын, табысты тұлға қалыптасады. Әрине психологиялық көңіл күйі дұрыс қалыптаспаған студенттерде осындай сапалардың көрініс беруі қиындайды немесе қалыптаспауы да мүмкін. Студенттің оқу табыстылығы мен білім сапасын арттыру тұлғаның психологиялық қасиеттерінің дамуымен, оның тұрақтылығымен тығыз байланысты. Оқу үрдісін меңгерту жеке тұлғалық қасиеттердің дамуын ұйымдастырумен көрінеді. Студенттердің ерік сапаларының дұрыс дамуын ұйымдастыру және жағымды эмоциялардың туындауына жағдай жасау оқу үрдісін нәтижелі меңгеруге жетелейді.

Студенттер – жоғары білім беру институтымен бірлесіп ұйымдастырылған жастардың ерекше әлеуметтік категориясы.

Студент (лат.–students, шұғылданушы, оқып білуші, үйренуші) – білімдерді меңгеруші, ежелгі Римде таным процесімен айналысатын адамдарды «студент» деп атаған. Студенттік кезең – бұл ерекше әлеуметтік мәдениет, жоғары білім беру институтымен біріктірілген адамдардың қоғамы. Тарихи жағынан бұл әлеуметтік-кәсіби құрылым бірінші университеттің пайда болуынан, 11-12 ғасырдан басталады. Қазір қазіргі колледждерде оқитын оқушыларды да студент деп атайды.

Кеңес психологы Б.Г. Ананьев студенттік кезеңді «жеке қатынаста адамгершілік және эстетикалық сезімдердің және өзіне азаматтық, қоғамдық-саяси, кәсіби еңбекті біріктіретін ересек адамдардың функцияларының қалыптасып, тұрақталуының айрықша белсенді мәніне ие», - деп қарастырады.

Әлеуметтанушы Л.Я. Рубина «студенттерді қоғамға пайдалы түрлі іс-әрекетпен белсенді айналысушы, жоғары квалификациялы ақыл-ой еңбегіне дайындалу жолындағы негізгі зиялы қауымның қайнар көзін толықтыру үшін қажетті үлкен қоғамдық топ», - деп есептейді. Ғалымның көзқарасына жүгінсек, студенттер негізгі болашақ зиялы қауым және елдің болашағы болып табылады [1; 287-289 б.].

Студенттердің барлық жиынтығын жоғары оқу орнындағы білім беру және мамандық алуларына байланысты үш топқа бөледі.

Бірінші топты жоғары оқу орындарындағы оқу процесіндегі білім беруге және мамандыққа құндылық ретінде қарайтын студенттер құрайды.

Екінші топты бизнеске бағытталған студенттер құрайды. Олар ғылыми ізденіске қызығушылық танытпайды және білімге болашақта өз ісін құру үшін құрал ретінде қарайды.

Үшінші топты әлі де болса кәсіби білім алу мәселелері шешілмеген, өзінің және тұрмыстық мәселелері артық қызықтыратын студенттер тобынан тұрады.

Жоғары оқу орнындағы білім алушылардың білімге деген қатынасын келесідей топтарға бөлуге болады.

Бірінші топқа білім жүйесін, өзіндік жұмыстардың орындалу әдістерін меңгеруге тырысатын, кәсіби білім және біліктілікке ие болуға тырысатын студенттер жатады. Олар үшін оқу іс-әрекеті – таңдаған мамандықты меңгерудің жолы болып табылады.

Екінші топқа барлық оқу пәндері бойынша жақсы білім алуға тырысатын студенттер жатады. Олар іс-әрекеттің көптеген түрлерімен әуестенеді де, үстірт білімдермен қанағаттанады.

Үшінші топқа кәсіби қызығушылықтары айқын студенттер кіреді. Мұндай студенттер болашақ кәсіби іс-әрекетке қажет болатын білімдерді мақсатты түрде меңгереді. Олар қосымша әдебиеттер оқиды, тек қана кәсіби іс-әрекетпен байланысты пәндерді ғана қарастырады.

Төртінші топқа жақсы оқитын, бірақ өзі қызықты деп тапқан оқу бағдарламасына және лекцияларға, семинарларға таңдап қатысатын студенттер тобы жатады. Мұндай студенттерде кәсіби қызығушылық әлі де болса қалыптаспаған.

Бесінші топқа өз біліміне енжар қарайтын студенттер жатады. Мұндай студенттер оқуға немқұрайлы болады, не ата-анасының күштеуімен немесе жұмыс істеп, әскерге бармау үшін оқиды [2; 197-2016.].

Студент белгілі бір жас аралығындағы адам немесе тұлға ретінде келесідей 3 жақпен сипатталады:

1) тұлғаның психологиялық процестері, күйлері мен қасиеттерінің бірлігін көрсететін психологиялық жағымен сипатталады. Психологиялық жақтың ең маңыздысы – психикалық қасиеттер (бағыттылық, темперамент, мінез-құлық, қабілеттілік), психикалық процестердің жүру барысы, психикалық күйлердің пайда болуы осы психикалық қасиеттерге тәуелді. Дегенмен нақты студентті зерттей отырып, сонымен қатар сол индивидтің ерекшеліктерін, психикалық процестері мен күйлерін ескерген жөн.

2) жоғарғы жүйкелік іс-әрекетті қосатын, анализаторларды құратын, шартсыз рефлексстерді, инстинктерді, физикалық күшті, дене бітімін, бойын, бет әлпетін, терісінің түсін, көзін және т.б. білдіретін биологиялық жағымен сипатталады.

3) қоғамдық қатынастар жүзеге асатын, студентті белгілі бір топқа, ұлтқа жатқызуға себеп болатын қасиеттер жүзеге асатын әлеуметтік жағымен сипатталады.

ЖОО білім алу кезеңі жастық шақтың екінші, ал ересектіктің алғашқы кезеңімен сәйкес келеді. Бұл кезеңде жоғары сыныптарда толық жетіспеген мақсатқа бағыттылық, шешімге жылдам келушілік, тұрақтылық, дербестік, инициатива, өзін ұстай білу сияқты сапалар күшейе түседі.

Б.Г. Ананьевтің айтуынша, студенттік кезең адамның негізгі социогендік потенциалының дамуы үшін сенситивті кезең болып табылады. Жоғары білім алу адам психикасы мен оның тұлғалық дамуына зор ықпал етеді. Жоғары оқу орнында білім алу үшін жалпы интеллектуалды дамудың, оның ішінде қабылдаудың, қиялдың, естің, ойлаудың, зейіннің, танымдық қызығушылықтың кеңдігінің деңгейлері жоғары болу керек.

Егер студентті тұлға ретінде зерттейтін болсақ, онда 17-21 жас – бұл адамгершілік және эстетикалық сезімдердің белсенді дамиды, мінез-құлықтың тұрақталатын, ересек адамдардың кешенді әлеуметтік рөлдерін толық меңгеретін кезең болып табылады. Бұл кезең спорттық рекордтар жасау, көркемдік, техникалық және ғылыми жетістіктер кезеңі [3; 77-81 б.].

Бұл кезең жеке тұлғалық ерекшеліктердің қалыптасуының қиындығымен айрықшалаанады (Б.Г. Ананьев, А.В. Дмитриев, И.С. Кон, В.Т. Лисовский, З.Ф. Есарева). Жоғары сыныптарда жеткіліксіз болған бағыттылық, өзбеттілік, инициативтілік, шешімділік секілді қасиеттер айтарлықтай нығаяды. Моральдік мәселелерге (мақсат, өмір сүру образы, парыз, махаббат, адалдық) қызығушылықтары артады [2; 197-201 б.].

Жоғары оқу орнына түсу жастардың өздеріне, өздерінің күштері мен қабілеттеріне деген сенімдерін күшейтеді, толыққанды және қызықты өмір сүруге деген үміт пайда болады. Сонымен қатар II-III-ші курста оқу орнын, мамандығын дұрыс таңдау туралы мәселелер жиі мазалайды. III-ші курстың соңына қарай өзін-өзі кәсіби анықтау мәселесі толық аяқталады.

Жоғары оқу орнында білім алу кезінде студенттер адамның ақыл-ойының бағыттылығын анықтайды, яғни тұлғаның кәсіби бағыттылығын сипаттайтын ойлау қорын қалыптастырады. Жоғары оқу орнында жақсы оқу үшін студенттің интеллектуалдық деңгейі, оның ішінде қабылдаудың, қиялдың, есте сақтаудың, ойлаудың, зейіннің, ерік сапаларының деңгейлері жоғары және танымдық қызығушылықтары кең болу керек. Егер қандай да бір жағдайлармен осылардың деңгейлері төмендесе, олардың орнын жоғары мотивация немесе оқу іс-әрекетіндегі еңбекқорлық, мұқияттылық толтырады [3; 77-81б.].

Студенттердің әрбір курста дамуының өзінің ерекшеліктері бар.

Бірінші курс талапкерді ұжымдық өмірдің студенттік формасына қатыстыру міндетін шешеді. Студенттердің әрекеттері конформизмнің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Бірінші курс барысында студенттік ұжым қалыптасады, ақыл-ой әрекетін ұтымды ұйымдастырудың білік, дағдылары қалыптасады.

Екінші курс – студенттердің оқу әрекетіндегі ең бір күрделі кезең. Екінші курс студенттерінің өміріне оқыту мен тәрбиенің барлық формалары енеді. Студенттер жалпы дайындық алады, оларда мәдени сұраныстар мен қажеттіліктер қалыптасады. Бұл ортада бейімделу процесі негізінен аяқталады.

Үшінші курс – мамандандудың басталуы, ғылыми жұмысқа деген қызығушылық күшейеді.

Төртінші курста – студент оқу тәжірибесін өткізу кезеңінде мамандығымен алғаш рет шынайы танысады. Студенттер арнайы дайындықтың ұтымды жолдары мен формаларын қарқынды іздейді. Материалдық, отбасы, жұмыс орнына және т.б. байланысты өзекті құндылықтар көрініс бере бастайды [4; 251-258 б.].

Лисовский өндеген студенттер типологиясы шамамен келесідей.

1. «Үйлесімді». Өзінің мамандығын саналы таңдаған. Жақсы оқиды, ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Дамыған, мәдениетті, қарым-қатынасшыл, әдебиет және өнерге қызығушылық танытады, спортпен айналысады. Ұжымдағы беделін жақсы және сенімді дос ретінде пайдаланады.

2. «Өз ісінің шебері». Өзінің мамандығын саналы таңдаған. Жақсы оқиды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына сирек қатысады. Өйткені оны жоғары оқу орнынан кейінгі тәжірибелік іс-әрекет қызықтырады. Қоғамдық жұмыстарға қатысады. Мүмкіндігіне байланысты спортпен айналысады, әдебиеттер мен өнерге қызығады, ол үшін ең маңыздысы – жақсы оқу.

3. «Академик». Өзінің мамандығын саналы таңдаған. Тек беспен оқиды. Ғылыми-зерттеу жұмысына бағытталған, сондықтан да уақытының көпшілігін ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсайды.

4. «Қоғамшыл». Қоғамдық іс-әрекеттерге бейім, кейде осы ерекшелік оның оқу және ғылыми белсенділігіне нұқсан келтіруі мүмкін. Дегенмен де мамандығын дұрыс таңдағанына сенімді. Әдебиет пен өнерге қызығады.

5. «Орташа». Онша күш жұмсамай, әлінің келгенінше оқиды және осыны мақтан етеді. Оның басты қағидасы: «Диплом аламын және өзгелерден кем түспейтіндей жұмыс істеймін». Мамандық таңдауда онша ойланбаған. Жоғары оқу орнына түскеннен кейін оқуым керек, дейді. Жақсы оқуға тырысады, бірақ одан қанағаттанбайды.

6. «Түңілген». Қабілетті адам, бірақ таңдаған мамандығы оны қызықтырмайды. Жоғары оқу орнына түскеннен кейін оқуым керек, дейді. Жақсы оқуға тырысады, бірақ одан қанағаттанбайды. Өзін әр түрлі хоббилерге, өнерге, спортқа тартуға тырысады.

7. «Енжар». «Күшті аз жұмсау керек деген» қағидамен, нашар оқиды. Өзіне толық риза. Мамандығы туралы саналы ойланбайды. Ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмыстарға қатыспайды.

8. «Шығармашыл». Кез келген іске - оқуға болсын, қоғамдық жұмысқа болсын, бос уақытқа болсын шығармашылықпен қарайды. Бірақ, мұқияттылықты, қарқындылықты, тәртіпті талап ететін пәндер оны қызықтырмайды. «Маған мынау қызықты» немесе «мынау маған қызықты емес» деген қағиданы ұстанатындықтан, олардың оқу үлгерімдері туралы біржақты пікір айту қиын. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысқанда ғалымдардың пікірлерімен санаспай, мәселенің шешімін өз бетінше шешеді.

9. «Белсенді». Жақсы оқиды, студенттерге жоғарыдан қарайды. Лидер болуға талпынады.

Студенттер – шығармашылық, танымдық-ізденімпаздық қабілеті жоғары, өзін қоршаған әлеуметтік орта, қоғамдық болмыс туралы өзіндік ішкі ой-пікірі жүйелі түрде қалыптасып келе жатқан алдыңғы қатарлы жастар тобы.

Жоғары оқу орындарында, яғни жоғары білім беретін негізгі субъект – ол студент. Студенттің өмірі мен іс-әрекетінде эмоциялар шындықтың санадағы объективті бейнесі ретінде маңызды рөл ойнайды. Кейбір жағдайда эмоциялар студенттердің шығармашылық және ақыл-ой іс-әрекеттерін ынталандыра отырып, жағымды ықпал етсе (жағымды эмоциялар), келесі жағдайда зиянды ықпалын тигізуі мүмкін (жағымсыз эмоциялар) [6; 355-356 б.].

Сондай-ақ, қалыптасқан сезімдер, яғни жағымды эмоциялар студенттердің адамгершілік және тұлғааралық мәселелерге кездеспеуіне мүмкіндік тудырады. Егер студенттердің эмоциялық тұрақтылықтары жоғары болса, олардың өздерін басқару деңгейлері соғұрлым жоғары бола түседі [7; 11-18 б.].

Сонымен қатар жағымды эмоциялар мен жоғары деңгейлі ерік сапалары студенттердің оқу іс-әрекетіндегі қиындықтарды жеңулеріне мүмкіндік береді. Жағымды эмоциялар мен ерік сапалары өз кезегінде студенттердің достарымен, оқытушылармен қарым-қатынастарын жеңілдетеді және жеке

өміріндегі қиындықтарды жеңулеріне көмектеседі. Ал, ол өз кезегінде студенттің оқуда табысты болуының кепілі. Студенттің эмоциялық өмірімен барлық психикалық процестер байланысты. Студенттің эмоциялық-ерік сферасы ертеден психиканың маңызды бір құбылысы ретінде есептеліп келеді.

Ал керісінше, мазасыздану деңгейлері жоғары курс студенттері емтихан кезінде сәтсіздіктерге ұшырайды, бұл сәтсіздіктерге олар қабілеттіліктің, білім, білік, дағдының жетіспеуінен емес, осы уақытта пайда болған стрестік күйдің салдарынан ұшырайды. Сынақ туралы хабар оларда мазасыздануды тудырады, ол қалыпты ойлауға кедергі келтіреді, аффективті сипаттағы ой туады, зейіннің шоғырлануына мүмкіндік болмайды, ұзақ мерзімді естен мәліметтер алу қиындайды. Мұндай студенттер әдетте емтиханды өздерінің Меніне төнген деген қауіп деп түсінеді, өздеріне күмәнданады, шектен тыс эмоциялық күйзелісте болады, әрине осылардың салдары кері нәтижеге әкеліп соқтырады. Дәл осы жерде айта кететін ұсыныс, мазасыздану деңгейлері жоғары студенттер өзіне деген сенімділік деңгейлерін қалыптастырулары керек. Ал, мазасыздану деңгейлері төмен студенттер белсенділіктерін жоғарылатып, іс-әрекеттің мотивациялық компоненттеріне көңіл аударулары керек, жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеулері керек [8; 159-166 б.].

Кеңес физиологы П.К. Анохин былай деген: «Адамзат ерекше эмоциялық күйзеліс эрасына келіп отыр. Біз осыған тек қана ерік сапаларын тәрбиелей отырып, эмоциямызды басқара білуге үйрене отырып және «эмоциялық стресс» деп аталатын эмоцияны саналы түрде жоя отырып қана қарсы тұра аламыз».

Стресс дегеніміз (ағылшын тілінен stress - басу, қысым деген мағынаны білдіреді) – сыртқы және ішкі ортаға жағымсыз әсер ететін факторлардан пайда болатын күшті эмоциялық күй. Әрине әр нәрсенің өзінің шегі бар және ерік бәріне қарсы тұра алмайды. Стрестік күйдің ерікке әсерін Ю.А. Аргенов зерттеген. Эксперименттің көрсетуі бойынша стрестік күй және шаршау кезінде зерттеушілердің көпшілігінде ерік процесінің бұзылуына белсенді күрес байқалған және ол тұлғаның ерік сапаларының даму дәрежесіне байланысты әр түрлі көріністе болған.

Осындай тәуелділік фрустрациялық жағдайда міндеттерді шешу экспериментінде жақсы көрініс береді. Фрустрация – іс-әрекеттің ұйымдастырылуына толығымен кедергі келтіретін психикалық күй. Фрустрация күйі көп жағдайда ерік-жігері әлсіз адамдарда пайда болады. Фрустрациялық күй кезінде студенттердің тек қана эмоциялық сфераларында (қанағаттанбау, ашулану, апатия) ғана емес, сонымен қатар ерік сфераларында да өзгеріс пайда болды: әрекет ету мақсаттары жойылып кетті, жоспарлары іске аспады, қимылдары тәртіпсіз бола бастады [7; 11-18 б.].

Студент өзінің эмоциялық – ерік сфераларының ерекшеліктеріне байланысты белгілі бір әрекет тандайды. Студенттің айналысатын іс-әрекеті, яғни оқу үлгерімінің ерекшелігі олардың психологиялық көңіл-күйлерінің қалыптасуына тікелей әсер ететіндігін біз жоғарыда атап өткен болатынбыз. Оқу үлгерімінің ерекшелігі өзінің мүмкіндігіне, шешімділігіне, ерік сапаларының деңгейін бағалауларына мүмкіндік береді. Студенттердің жоғары деңгейлі эмоциялық-ерік сфералары әр түрлі тұлғалық қасиеттердің жиынтығынан тұрады: қарым-қатынасшылдық, тұрақтылық, беделге сын көзбен қараушылық, эмоциялық өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейде болуы, ұстамдылық т.б. Сонымен қатар эмоциялық – ерік сфералары жеткілікті қалыптаспаған студенттер де кездеседі, оларға келесідей ерекшеліктер тән: эмоциялық тұрақсыздық, топқа тәуелділік, өзін басқарудың әлсіздігі, шыдамсыздық т.б.

Адамда қаншалықты қажеттілік күші, тілегі айқындалса, эмоциялық тұрақтылығы жоғары болса, адамгершілік қасиеті қаншалықты дамыса, соған байланысты ерік күшінің дәрежесі байқалады. Осыған байланысты ерік сапасының көрінуі әр түрлі эмоциялық реактивтілікке байланысты.

Студенттік өмір көбінесе стрестік ситуациялармен ерекшеленеді. Зерттеулердің көрсетуі бойынша, эмоциялық қолдау көрсету студент санасынан маңызды орын алады екен. Жас ерекшелік және педагогикалық психологияда студенттердің психологиялық көңіл күй сфералары аз зерттелген. Студенттердің психологиялық көңіл күй аймағын зерттеу олардың оқыту процесінен, әлеуметтік деңгейінен алатын қанағаттану деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Сөз соңында біз өз тарапымыздан, ЖОО-ң барлық мамандық студенттерін психологиялық практикалық тренингтерге жаппай қатыстыру қолға алынса деген ұсыныс білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ерментаева А.Р., Назбиева А.Б. Жантанушы студент - оқу кәсіби іс-әрекет субъектісі. Материалы Междунар.научно-прак.конф. «Аманжоловские чтения – 2005», ч.3.
2. Асмолова Л.А., Русанов В.П. Психологические особенности студенческого возраста и проблема воспитания в высшей школе. Материалы Междунар.научно-прак.конф. «Аманжоловские чтения – 2005», ч.3.
3. Оспанова Б.А. Учет психолого-педагогических особенностей студенческого возраста при проектировании креативности будущего специалиста // Вестник ун. «Қайнар». – А., 2005. – № 4 (1).
4. Ерментаева А. Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау тұрғысы // Қазақстан жоғары мектебі. - 2005. - №3.
5. Основы педагогики и высшая школа /Под.ред. Петровского. – М., 1986.
6. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования. – М., 2005.
7. Селиванов В.И. Воля и ее воспитание. – М., 1976.
8. Глуханюк Н.С. Практикум по общей психологии. – М., 2005.

УДК 37.01:001.8

МРНТИ 14.35.07

М.И. Джексембекова¹

д.п.н., профессор кафедры Музыкального образования и хореографии, КазНПУим. Абая

ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ПРИОРИТЕТНАЯ СФЕРА В ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

Все развитые страны мира рассматривают высшее образование как приоритетную сферу в своей инвестиционной политике, так как качественное образование становится одним из главных геополитических и геоэкономических факторов развития не только государства в целом, но и развития отдельно взятой личности. Республика Казахстан, определившая для себя рыночный путь развития экономики и выход на международную арену, также придает огромное значение системе образования, стратегическим задачам которой выступают за повышение качества образования; за создание высоконаучной, конкурентноспособной системы образования, способной дать кадровое сопровождение и стимулы развитию рыночной экономики, культуры, науки и техники, ибо современный учитель – не просто разносторонне образованный человек с широкой эрудицией в рамках своей специальности, но прежде всего педагог, имеющий хорошую педагогическую подготовку.

Ключевые слова: общие и специальные знания, качество подготовки студентов-музыкантов, диалектическая взаимосвязь теоретических и педагогических направлений профессиональной подготовки учителей, механизмы управления, результативность.

Жексембекова М.И.¹

¹п.э.д., Абай атындағы ҚазҰПУ музыкалық білім және хореография кафедрасының профессоры, djeks49@mail.ru

ЖОҒАРЫ БІЛІМ – ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДА БАСЫМДЫҚ САЛА РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Әлемдегі барлық кемелденген елдер жоғары білімі бар өзіндік инвестициялық саясаттың басымды саласы ретінде қарастырады. Ал сапалы білім беру тұтастай алғанда жалпы мемлекеттік қана емес жеке тұлға дамуының геосаяси және геоэкономикалық факторларының ең бастысы болып табылады. Қазақстан Республикасы өзі үшін экономикалық дамуда нарықтық жолды анықтауы мен халықаралық аренаға шығуы, сондай-ақ, білім беру жүйесіне, білім беру сапасын арттыруға, білім берудің жоғары ғылыми, бәсекеге қабілетті жүйесін құруға, нарықтық экономика, мәдениет, ғылым және техниканы дамытуға ынталандыру мен кадрды қолдауға қабілетті стратегиялық міндеттерге аса мән береді, өйткені, қазіргі заманауи мұғалім – өз мамандығы бойынша білімдарлығы кең, жан-жақты білімді жай ғана адам емес, ол ең алдымен жақсы педагогикалық дайындығы бар педагог.

Түйін сөздер: жалпы және арнайы білім, студент-музыканттардың сапасы, мұғалімдердің кәсіби дайындығындағы теориялық және педагогикалық бағыттың диалектикалық өзара байланысы, басқарудың механизмі, нәтижелілігі.

M.I. Dzhexembekova¹

¹ Ph.D., professor of the Department of Musical Education and Choreography, KazNPU named after Abai

HIGHER EDUCATION AS A PRIORITY SPHERE IN TRAINING TEACHERS SPECIALISTS

Abstract

All developed countries of the world view higher education as a priority sphere in their investment policy, since quality education is becoming one of the main geopolitical and geoeconomic factors of the development not only of the state as a whole, but also of the development of a single individual. The Republic of Kazakhstan, which has determined the market path of economic development and access to the international arena, also attaches great importance to the system of education, whose strategic tasks are for improving the quality of education; for the creation of a highly scientific, competitive educational system that can provide personnel support and incentives for the development of a market economy, culture, science and technology, since the modern teacher is not just a versatile educated person with a broad erudition within his specialty, but above all a teacher with good pedagogical training.

Key words: general and special knowledge, quality of training of students-musicians, dialectical interrelation of theoretical and pedagogical directions of professional training of teachers, mechanisms of management, effectiveness.

Современная школа является **базовым звеном становления личности**, обладающей творческими наклонностями, созидательными способностями и стремлением к преобразованию себя и окружающей действительности. Предположения выбранной нами проблемы подготовки будущих педагогов является одной из актуальнейших в многообразных сферах современной жизни. Это обусловлено тем, что все изменения, которые происходят в обществе в целом и в сфере образования в частности, сконцентрированы на личности педагога, являющейся ключевой фигурой в социальных процессах XXI столетия.

По мнению ученых (А.Г. Асмолов, Б.Бим-Бад, А.П. Петровский), стержневой целью образования должна быть личность обучаемого и создание условий для её саморазвития, самоактуализации и самореализации в условиях быстро меняющегося мира.

В этой связи стратегическая цель может быть реализована на достаточно большом интервале времени. Для выполнения этой миссии должен быть подготовлен особым образом учитель (педагог, преподаватель). Поэтому нужна новая педагогика с новой методологической платформой. Это должно стать одним из основных направлений развития образования.

При этом, осмысление накопленного материала в отечественной и зарубежной педагогике и психологии, музыкальной педагогике, в глубоком изучении учебно-методической документации, непрерывное обобщение передового практического опыта и проводимый анализ учебно-воспитательного процесса в ряде учебных заведений высшей школы, происходит путем постоянного наблюдения за апробированием и внедрением эффективных форм формирования профессионального мышления будущих педагогов, нацеливающих их на ориентацию современным требованиям.

На наш взгляд, все перечисленные нами параметры должны быть направлены на реализацию творческого потенциала будущего педагога, так как признак интеграции знаний и формирования учебно-познавательного процесса заложено на основе анализа, синтеза и оценки.

Основополагающим нормативным документом, для педагогических исследований, посвященных проблеме подготовки педагога, являются исследования О.А. Абдуллиной, С.И. Архангельского, Ю.К. Бабанского, Ю.К. Васильева, Э.А. Гришина, Н.В. Кузьминой, А.И. Пискунова, А.И. Рувинского, А.П. Сейтешева, В.А. Слостенина, А.И. Щербакова, Джердималиевой Р.Р., Джексембековой М.И. и др.

По их мнению, без глубокого теоретического осмысления рассматриваемых вопросов невозможно практическое решение профессиональных задач педагогов. Для разработки теоретико-методологических основ непрерывного педагогического образования в контексте достижений современной теории и практики определялись научные подходы, а также научные подходы к разработке теоретико-методологических основ определялись в связи с изучением содержания различных теорий.

В этой связи основу подготовки будущего педагога в вузе должны составлять процессы формирования его готовности к осуществлению инновационно-креативной педагогической деятельности в образовательном учреждении (школе), чтобы образовывать школьников на новом, более высоком уровне профессионального сознания, а саморазвитие креативного мышления уже во время прохождения педагогической практики в общеобразовательных учреждениях.

Известно, что смысл и сущность новой парадигмы педагогического образования состоит в целенаправленном формировании знаний, умений и навыков по осуществлению ими профессиональной деятельности в образовательном учреждении через изменение предметного содержания, использование интерактивных дидактических систем, создание специальных учебных пособий, дидактических материалов и информационно-электронной образовательной среды образовательного заведения.

Поэтому нами были рассмотрены методологические аспекты динамики развития содержания подготовки педагога, который может быть необходимым результатом прошлого и настоящего, в предвидении будущего. Думаем, что такой подход, помог бы увидеть исходные теоретические позиции деятельности учителя музыки, чтобы помочь педагогам-практикам шире взглянуть на свою профессию, дать возможность проанализировать разносторонний характер творческой деятельности каждого учителя музыки.

Такая постановка этих вопросов во многом обусловлена новой программой по музыке, которая дает возможность рассматривать деятельность учителя музыки с более широких позиций: не только вести уроки музыки, но быть воспитателем и пропагандистом в самом широком значении этого слова.

В новом тысячелетии в мировом образовательном процессе наметились тенденции, которые свидетельствуют о значении системы образования в контексте общей и духовной культуры личности. В силу этого подготовка современного педагога связана с формированием у него общекультурных личностных качеств, включающих формирование музыкально-эстетической культуры и чтобы реализовать важнейшую функцию образования – введение человека в мир культуры – преподаватель вуза должен сам владеть рациональным и образным, эстетически выраженным способом освоения реальности.

Для решения проблем нового века образование должно ориентироваться на новые задачи и социальные потребности, изменить представление о целях образования. Его новые концепции должны предусмотреть возможности создания каждому человеку условий для профессионального развития. Каноны дисциплинарной модели обучения в вузе стали узкими для решения новых задач.

Как известно, перечень причин, вызывающих недовольство качеством подготовки учителей, велик. Но самая важная задача порождена несоответствием образовательной системы профессиональной подготовки современным представлениям о личности и ее профессиональном становлении, профессиональном труде учителя и новым методологическим ориентациям педагогической деятельности.

Подготовка будущего учителя нового тысячелетия также требует пересмотра учебных планов, программ, разработки современного учебно-методического комплекса, внедрения новых технологий преподавания и диагностики профессиональной деятельности, оценки и контроля знаний студентов, повышения квалификации самого преподавателя вуза.

Анализ современных музыкально – педагогических исследований свидетельствует о возросшем интересе к проблеме специфики подготовки педагога музыки, так как музыкальное образование является по существу принципиальным фактором гуманизации общества.

Необходимо помнить, что особый вклад в подготовку современного учителя музыки, его образование и воспитание внесли учёные – педагоги: О.А. Апраксина, Л.Г. Арчажникова, Б.В. Асафьев, Л.А. Баренбойм, В.И. Лях, Г.Г. Нейгауз, Л.А. Рапацкая, Т.И. Стражникова, Н.Р. Туравец, Б.М. Целковников, Г.М. Цыпин, П.А. Черватюк, В.Н. Шацкая, которые исследовали различные аспекты практической подготовки студентов совместно с анализом музыкально – образовательной деятельности.

Осмысление накопленного материала в отечественной и зарубежной педагогике и психологии, изучение учебно-методической документации и обобщение передового практического опыта, анализ учебно-воспитательного процесса в ряде учебных заведений высшей школы, наблюдение за апробированием и внедрением эффективных форм формирования профессионального мышления будущих учителей музыки, их ориентации на современные требования.

При этом, изменение учебных планов и программ должно осуществляться с учетом главного требования профессиональной подготовки учителя, а именно, систематичности и последовательности изучения психолого-педагогических, музыкальных дисциплин на протяжении всего периода обучения в вузе.

Современный учитель музыки должен хорошо знать научные основы преподаваемого предмета и современные методы музыкального обучения в общеобразовательной школе, сущность и специфику урока музыки, определенные типы его построения.

Однако этого еще недостаточно, ибо современный учитель – не просто разносторонне образованный человек с широкой эрудицией в рамках своей специальности, но прежде всего педагог, имеющий хорошую психолого-педагогическую подготовку.

Ведь уровень педагогического мастерства учителя определяется не только за счет выполнения им образовательных функций, но и воспитательных, которые проявляются в единой системе педагогической деятельности. Необходимо помнить, что учитель – это всегда целостная личность, в то же время в зависимости от конкретных задач и от конкретной педагогической ситуации какие-то личностные качества учителя начинают превалировать.

Республика Казахстан, определившая для себя рыночный путь развития экономики и выход на международную арену, также придает огромное значение системе образования, в связи с этим возрастает роль образования в целом и музыкального образования в частности.

Учитывая, что в современных условиях обществу требуются специалисты, способные к творческой самореализации, гибкому мышлению, понимающие тенденции развития государства в целом, на наш взгляд, необходимо системное видение задач профессиональной деятельности, умение выдвигать цели и стремление к высоким результатам труда, что может способствовать высоко-профессиональная работа самих учителей школ и преподавателей вузов. В связи с чем, огромное значение следует уделять подготовке педагогических кадров.

Современный специалист-педагог должен обладать широкими общими и специальными знаниями, способный принимать решения и нести за них ответственность, быстро реагировать на изменения в технике и науке, соответствующие требованиям новых технологий, которые сегодня повседневно внедряются во все сферы жизнедеятельности человека. Также, ему необходимы социально-психологическая и музыкальная компетентность, аксиологические устремления, идеалы, ценности, человеческие и гуманные побуждения, аналитическое мышление, высокий уровень культуры, знание законов межличностного общения, самоорганизация и саморегулирование.

Учитывая все растущий спрос общества в высококвалифицированных педагогических кадрах, система образования начала осуществлять многовекторное развитие профессиональной подготовки учителей в Казахстане. Оно должно совершенствоваться на основе научно-обоснованной сравнительно-педагогической характеристики современного состояния и тенденций развития государственной политики в области педагогического образования, диалектической взаимосвязи теоретических и педагогических направлений профессиональной подготовки учителей с философией и психологией; систем непрерывного педагогического образования за рубежом.

В последнее время огромное внимание уделяется профессиограмме учителей, которая находится на стыке деятельности психологов, работодателей и педагогов. Профессиограмма представляет собой краткую характеристику условий и видов будущей работы, критерии и нормативы профессиональной пригодности, психогрammu, предназначенную для описания особенностей функционирования психических процессов в течение профессиональной деятельности, шкалу для оценки, выстроенную на выборе молодых специалистов.

Известно, что благодаря деятельности педагогов реализуется государственная политика в создании интеллектуально-творческого потенциала нации, развития науки и техники, формирование человека культуры и осмысление современных процессов развития общества и образования предполагает последовательное углубление понимания роли в них культуры.

Именно культура выступает, с одной стороны, эффективным фактором созидания и совершенствования нашего многогранного мира, а с другой формирует в человеке личность. Культура является той сферой, в которой развиваются творческая индивидуальность и интеллектуальный потенциал, создаются условия для самореализации и культуротворчества, открываются безграничные перспективы для самосовершенствования и саморазвития человека.

Важнейшим звеном в обеспечении такого развития выступает система образования, ориентированная на проблемы культурного развития личности, формирования ее духовности и поиск новых приоритетов, отражающих прогресс общечеловеческой культуры.

На сегодняшний день образование – значимая часть культуры общества и личности. Важнейшая функция образования состоит в передаче содержания культуры, ее смысла последующим поколениям. Общество заинтересовано в воспитании духовно богатой личности, способной ценить, сохранять и присваивать ценности культуры. Постановка этих вопросов во многом обусловлена новой программой по музыке, которая дала возможность рассматривать деятельность учителя музыки с более широких позиций: не только вести уроки музыки, но быть воспитателем и пропагандистом в самом широком значении этого слова.

Таким образом, все развитые страны мира рассматривают высшее образование как приоритетную сферу в своей инвестиционной политике, так как качественное образование становится одним из главных геополитических и геоэкономических факторов развития не только государства в целом, но и развития отдельно взятой личности. Республика Казахстан, определившая для себя рыночный путь развития экономики и выход на международную арену, также придает огромное значение системе образования, стратегическим задачам которой выступают за повышение качества образования; за создание высоконаучной, конкурентноспособной системы образования, способной дать кадровое сопровождение и стимулы развитию рыночной экономики, культуры, науки и техники, ибо современный учитель – не просто разносторонне образованный человек с широкой эрудицией в рамках своей специальности, но прежде всего педагог, имеющий хорошую педагогическую подготовку.

Список использованной литературы:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2010.
2. Гершунский Б.С. Педагогическая прогностика: методология, теория, практика. – Киев: Виццашк, 1986. – 200 с.
Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру ұйымдарына қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта құру мұның бәрі педагогтың кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда білім беру ұйымында оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін көрсетіп отыр. Зерттеуде, ең алдымен «технология», «педагогикалық технология» ұғымдары жөніндегі анықтамалар мазмұны жағынан толықтырылды [1, 68 б.].

Педагогикалық қызметте «технология» түсінігі ғылыми техникалық прогресс нәтижесінде, білім беру саласына жаңа компьютерлік технологияның ендірілуіне қатысты арнаулы бағыт технологияны ХХ ғасырдың 60-жылдары АҚШ орындады, ал қазір ХХІ ғасырдың басында іс жүзінде әлемдік барлық елдеріне таралды. Технология – өнім алу үшін керекті материалдарды өңдеу әдістері мен өнім шығаруға керекті жүйелі үрдіс.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу барысында «технология» ұғымы («tache» - өнер, шеберлік, «logos» ғылым, заң деген мағынаны білдіреді) алдын ала белгіленген қасиеттерге ие материал алу үшін, бастапқы материалды қайта өңдеу үрдісін білдіретінін анықтап, ал педагогикалық жүйедегі технология туралы халықаралық педагогикалық энциклопедияда: білім беру жүйесінде техникалық құралдарды пайдалану кезінде, яғни аудиовизуалдық білім беру жоспарының енгізілуіне байланысты, өткен ғасырдың 30 жылдарынан бастап АҚШ-та «білім беру технологиясы» пайда болғанына көз жеткізілді.

Кез келген технологияның (өндірістік, әлеуметтік) негізгі бөлігі - түпкі нәтижені мұқият анықтау және оған жету. Процестің жобасы жақсы болса, шығарылатын өнімнің қандай болатындығы анықталса, оны жасау құралдары белгіленсе, жағдай жасалса, онда өндірістік және әлеуметтік саладағы процестер "технология" деген атауға ие болады.

Педагогикалық жүйеде педагогтың атқарар рөлі, алатын орны өте жоғары екендігі белгілі. Ол жөнінде қазақ ағартушылары және жазушы педагогтары Ы.Алтынсариннің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың және басқалардың айтқан пікірлерінің мәні өте зор.

Ұлы ағартушыларымыздың бірі Ы.Алтынсарин «Оқытушыны бағалағанда олардың іс-рекетіне қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» - деп айтқан. [2, 148 б.]. Бұл нақыл сөзден оқытушылардың білімділігі, біліктілігі мен ізденпаздығы жайлы айтылған. Мұғалім туралы қазақтың аса көрнекті қайраткері, ақын,

аудармашы, лингвист-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керегі білімді, әрі педагогика, әдістемеден хабардар, оқытып білетін мұғалім» деп баға бергені бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ [3, 25 б.].

Бүгін педагогикалық технологияны, педагогикалық міндеттерді шешумен байланысты, педагогтің жалғастырмалы жүйедегі іс-әрекеті ретінде немесе алдын-ала жобаланған педагогикалық процестің тәжірибе де тұрақты және жалғастырмалы шығаруы ретінде түсіндіріледі. Педагогикалық технология туралы бұндай көріністер былай анықталады: өте жоғары деңгейде теориялық дайындығы және бай тәжірибесі бар мамандардың әр түрлі таңдаулы педагогикалық технологияларды дайындау мүмкіндіктері және мақсатқа сай педагогикалық технологияларды өзіндік таңдау мүмкіндіктері, педагог пен оқушының іскерліктерінің өзара байланысты мүмкіндіктері және шарттарымен байланысты. Педагогикалық технология – педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Сонымен педагогикалық процесс белгілі жүйе принциптерінде құрылатын болғандықтан, педагогикалық технология сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Осы принциптерді жалғастырмалы орындау олардың объективті қарым-қатынасында және тәрбиешінің тұлғасын толық көрсететін жинағы ретінде қарастырылады, яғни кез келген педагогикалық тапсырма тек қана белгілі жетілдірілген тәрбиеші маманның іс-әрекеті мен негізгі технологиялардың көмегімен тиімді шешіледі. Қазіргі кезде педагогикалық инновацияның білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерінің бірі – жаңалықтарды топтастыру. Педагог үшін ашылған жаңа әдісті жан-жақты түсіне білу үшін, бұл жаңалықтың басқа жаңалықтардан ерекшелігін, айырмашылығын, артықшылығын көре білу қажет.

Педагогикалық технология – педагогтың кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты мақсат – білім алушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Ал бұдан педагогикалық технологияның тиімділігі шығады.

Педагогикалық технология ұғымына шетелдік және отандық әдебиеттерде үш жүзден астам анықтама берілген. Бұл педагогикалық технология ұғымының қалыптасу мен дамуының тарихында оның оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деп ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер бар.

«Технология» термині алғаш рет 1904-50 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық үрдісте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Технология – өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай шикі заттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы

Педагогикалық сөздікте «педагогикалық технология – социо-мәдени өлшемді тұлғалық көрініс еркіндігін үйлестіруші әлемге қатынасын қалыптастыру мақсатында қоршаған ортамен дара қарым-қатынас мағынасында балаға, педагогтық әсер етуінің ғылыми негізделген кәсіби шешімін білдіретін педагогикалық шеберліктің компоненті», - делінген.

Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады. Қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу педагогтың педагогикалық шеберлігіне байланысты. Педагогикалық технологиялар тарихын, оның пайда болуын және маңызды құрылымдық ерекшеліктерін қарастыру педагогикалық құрылымды түсінуге мүмкіндік береді. Ғалымдардың тарихи-педагогикалық зерттеулерін талдау педагогикалық технологияның бірнеше ғасырлар бойында ғылыми пікірталастың басты нысаны болғанын айқындайды.

Сонымен, педагогикалық технологиясы оқыту әдістемесімен салыстырғанда, білім алушылардың өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері және мазмұнын өндіруді көрсетеді. Олар диагностикалық білім маңыздылығын және оқыту процесінің қасиеттерінің жалпы білім алушылардың тұлғасын дамытуға бағытталған объективті бақылауын қажет етеді. Ал инновациялық технология жаңа ғылыми немесе практикалық шығармашылықтың қорытындысы деуге болады.

«Педагогикалық технология» термині тек қана оқытуға байланысты қолданылады, ал технологияның өзі техникалық құралмен оқытуды түсіндіріледі. Бүгін педагогикалық технологияны, педагогикалық міндеттерді шешумен байланысты, педагогтің жалғастырмалы жүйедегі іс-әрекеті ретінде

немесе алдын-ала жобаланған педагогикалық процестің тәжірибе де тұрақты және жалғастырмалы шығаруы ретінде түсіндіріледі.

Қазіргі педагогикалық теорияда «білім беру технологиясы», «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» ұғымдары ғылыми айналымға енуде. Қарастырылып отырған мәселелер Б.Т. Лихачев, В.П. Беспалько, С.Сполдинг, В.В. Сериков, В.М. Монахов, М.В. Кларин, И.Я. Лернер, П.И. Пидкасистый, В.В. Гузеев, Н.Д. Хмель, Н.Н. Хан және т.б. ғалымдар үлес қосуда.

Дидактиканың негізін салушы Я.А. Коменский өз еңбектерінде мұғалім қарапайым балалардан сауатты да ойы ұшқыр жан-жақты тұлға қалыптастыра алатындай оқыту жүйесін құруға мүмкіндігін атап кетті [4, 27 б.]. Оның пікірінше, мұғалім педагогикалық құралдарды өз еңбегінде нәтижелі де саналы, тиімді болатындай етіп ұйымдастыруға ұмтылу керек екенін айтқан. Еңбектерін талдау барысында бізге бағытталған ұстанымдардың оң нәтижелер бергенін, ол оқу үрдісін ұйымдастырудың оқу іс-әрекет жүйесінің негізін құру және күні бүгінге дейін балабақшада қолданылып жүрген оқытудың деңгейлік, кезекті ережелерінің басты талаптарын жасағанын айқындауға негіз болады. Ұлы дидакт білімді адамдар легін даярлайтын өндіріске ұқсас педагогикалық технология құруға нақты қадамдар жасағанын көруге болады.

И.Г. Песталоцци оқыту технологиясын жасау мәселелерін жан-жақты қарастырды. Ол қарапайым оқыту технологиясының негізін салды және оның негізгі идеясы қарапайым элементтерден күрделі элементтерге біртіндеп үйрету болды [5, 145 б.].

Кеңес дәуірінің педагогтары А.С. Макаренко мен В.А. Сухомлинскийдің де еңбектері мен ұстаздық тәжірибелерін айтпай кетуге болмайды. Олар жасаған оқыту технологиясы қиын жасөспірімдердің тәрбиеге бағынбайтын өрескел әрекеттерін қоғамға пайдалы, саналы әрі, шығармашыл әрекетке айналдыруға ықпал етіп, жанартқыш идея екендігін таныта білді. Сондықтан оқыту технологиясын ұзақ тарихи дамудың нәтижесі деп те қарауға болады. Бірақ білім беруді технологияландыру мен оқыту технологиясы екеуі екі басқа ғылыми педагогикалық ұғымды білдіреді.

Түсіндірме сөздікте: «технология бұл қандай да болсын істе, шеберлік, өнерде қолданылатын амалдардың жиынтығы» деп анықтама берілген.

Бүгінгі таңда, қазіргі қоғамдағы білім беру үрдісінің дамуы, педагогикалық инновация бойынша жинақталған тәжірибе, жаңашыл тәрбиешінің жүргізген психологиялық педагогикалық зерттеу нәтижелеріне қарасақ өзгеріс жүйелілік пен жалпылауды қажет етеді. Осы мәселені шешу жолдарының бірі педагогикалық технологияларды білім алуға енгізу, яғни «технология» ұғымын педагогикалық үрдісте қолдану.

Шынайы оқу үдерісінде оқыту технологиясы – бұл оқу мазмұнын, оқу бағдарламасына сай, қойылатын мақсаттарға жетіп тиімді нәтижелер алуды қамтамасыз ететін оқыту құралдарының, әдістерінің, формаларының жүйесін қолдана отырып оқыту.

Қазірде «технология» ұғымы педагогикада үш мазмұнда қолданылады:

- «әдістеме» немесе «оқытуды ұйымдастыру формалары» ұғымдарының синонимдері ретінде (бақылау технологиясы, жазу технологиясы, топтық іс-әрекетті ұйымдастыру технологиясы, қарым-қатынас технологиясы және т.б.);

- нақты бір педагогикалық жүйеде қолданылатын әдістер, құралдар мен формалар жүйесі ретінде;

- алдын-ала берілген қасиеттеріне сәйкес келетін өнім алуға мүмкіндік беретін, жүйелі түрде орындалатын әдістер мен үрдістердің жиынтығы ретінде.

Білім беруді оқыту мен тәрбиелеу үрдістерінің жиынтығы ретінде ұғынатын болсақ, онда оқытудың мақсаттарын алдын-ала анықтауға болады. Оның қатарына оқу материалдарының түйінді тұстарын көре білу қабілеттерін арттыруға бағдарланған, іс-әрекет әдістерін жатқызуға болады, бұлар өз кезегінде тәрбиешінің біліктілігін арттырудың іс-әрекеттерге дайындығы барысында аса қажет болып табылады. Нақты оқу материалдарын меңгеруді бақылауды ақырғы нәтижесіне орай лайықты жүргізуге болады. Қорыта келе, педагогикалық технологиялар негізінде білім беру педагогтарда ғылыми түсініктерді қалыптастырумен қатар, ой әрекетінің негізгі тәсілерін, тәжірибелік іскерліктерін дамытады деп тұжырым жасаймыз.

Педагогикалық технология ұғымына соңғы уақытта көптеген анықтамалар берілген. Белгілі ғалымдардың осы терминге берген анықтамаларын келтірейік:

- Технология – дидактикалық жүйенің процесуалды бөлігі (М.Чошанов).

- Педагогикалық технология – практикада іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы (В.П. Беспалько).

- Педагогикалық технолоия – педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық дара, инструменталдық және методологиялық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіреді (М.В. Кларин).

- Технология – педагог пен балаға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған жүйесі (В.М. Монохов).

- Педагогикалық технология – оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен тәсілдерін айқындайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы; ол педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдістемелік аспабы (Б.Т. Лихачев).

- Педагогикалық технология бүкіл оқу процесін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі, білімді адами және техникалық ресурстарды ескере отырып игеру және білім берудің ең тиімді әдістеріне жету мақсатындағы олардың өзара ынтымақтастығы.

Сонымен, педагогикалық технология – оқу процесімен, яғни педагог пен оқушының іс-әрекетімен, оның құрылысымен, құралдарымен, әдістері мен түрлерімен түбегейлі байланысқан.

Педагогикалық технологияға қойылатын методологиялық талаптар:

1. Концептуалдығы. Қандай технология болса да философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми тұжырымдамаға негізделуі тиіс.

2. Жүйелілігі. Педагогикалық технологияда жүйенің белгілері – үрдістің логикасы, барлық бөліктердің өзара байланыстылығы және бүтіндігі болуы шарт.

3. Басқаруға оңтайлығы. Диагностикалық болжау жасауға, жоспарлауға, нәтижені өңдеу, өзгеріс енгізу мақсатында әдіс-тәсілдерді кезектеп пайдалану мүмкіндігі болуы керек.

4. Тиімділігі. Білім беру стандартын қанағаттандыруы тиіс.

5. Қайталануға жарамдылығы. Басқа ұжымда да дәл осы күйде қолдануға мүмкіндіктің болуы.

6. Өзектілігі. Дидактикалық, методологиялық және ұйымдастыру мәселелерін шешу.

7. Жобалау және алгоритмдеу мүмкіншілігі.

Оқу-тәрбие үдерісін жандандыруда қазіргі педагогикалық технологияларды жетілдіріп, оқу іс-әрекетінде тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлату үшін басты бағыт-бағдар берілуде.

Қазіргі кезеңде оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық технологиялар қолданылып жүргені мәлім.

«Педагогикалық технология» ұғымы үш деңгейде қолданылады:

1-кезең: жалпы педагогикалық (жалпы дидактикалық) – педагогикалық жүйе ұғымының синонимі. Оған: мақсат, мазмұн, оқыту құралдары мен әдістері, оқыту үрдісінің субъектілері мен объектілерінің әрекет алгоритмінің кіруі.

2-кезең: салалық (пәндік) – пән шеңберіндегі оқыту, тәрбие мазмұнын жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы

3-кезең: локальдік (модульдік) – оқу-тәрбие үрдісінің жеке әрекеттер технологиясы (ұғымды қалыптастыру, жеке қасиеттерді қалыптастыру, жаңа материалдары меңгеру технологиясы, қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы, өзіндік жұмысты ұйымдастыру технологиясы және т.б.).

Әрбір пәнді ұғымды меңгеруде оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы педагог әрекеті – технологияны қабылдауы, оған деген ынтасы, құштарлығына мұғалім тарапынан көңіл бөлінуі тиіс. Әдістемеге қарағанда педагогикалық технологияның артықшылықтары көп:

Біріншіден, технологияда түпкі нәтиже дәл анықталады. Дәстүрлі педагогикада мақсатқа жету жолдары анық болмайды. Технологияда мақсат негізгі болғандықтан, оны дәл анықтауға мүмкіндік бар.

Екіншіден, мақсат диагностикаға сүйеніп қойылғандықтан, оған жету үшін атқарылатын жұмыстардың нәтижесі объективтік әдістер арқылы тексеріледі.

Үшіншіден, педагог дайындықсыз оқыту үдерісін жүзеге асыра алмайды.

Төртіншіден, әдістемеді оқу іс-әрекет жоспарлары – педагогтың жоспары, оқыту үдерісінде жұмыс істейтін мұғалім. Ал, технологияда балалардың оқу іс-әрекетінің түрлері мен мазмұны көрсетіл-

ген жобада жасалады. Әдістеме бойынша әр педагог сабақ жоспарын өзінше жасайды, демек балалардың іс-әрекеті де түрліше ұйымдастырылады.

Педагогикалық технология педагогикалық шеберлікпен өзара қарым-қатынаста. Педагогикалық технологияны өте жақсы меңгеру дегеніміздің өзі – шеберлік. Технология және шеберлік қатынастарына қарағанда меңгеруге болатын педагогикалық технология басқалар сияқты тек қана орталықтанбайды. Педагогтің тұлғалық ерекшеліктерімен анықталатыны байқалады. Инновациялық технология тәрбиешілермен іске асуы мүмкін, бірақ оны іске асыру ерекшеліктерінде педагогикалық шеберлігі және кәсіпқорлығы көрінеді. Педагог алғаш жаңа педагогикалық технологияларды: оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден, оны дамытып, нәтижесін тексереді.

Педагогикалық технология баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Инновациялық технологиялардың білім беру ұйымдарында білім сапасын арттырудағы маңызы:

- әр оқу іс-әрекетінде интерактивті әдістер қолдану;
- тұлғаның педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу;
- инновациялық технологиялардың тиімділігін арттыру, білім беру ұйымдарының жағдайына бейімдеу;

Педагогтардың өз оқу іс-әрекетінде баланы жан-жақты тілін дамытуда, өздік жұмыс жасау, дағдыларын қалыптастыруда өз ойларын еркін жеткізе алуға баулуда. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек

Педагогикалық технология – педагогпен бала тұлғасының өзіндік дамуын, өзін-өзі іске асыра алуларын қамтамасыз ететін тұтас педагогикалық үрдісті басқарудағы диагностикалық мақсаттарға жетудегі әдіс-тәсілдер кешені. Осының нәтижесінде балалардың да, ұжымның да, педагогтың да жетілу кезеңдерін өлшеп, даму динамикасын көруге болады.

Педагогикалық технологиялар білім беру аймағына қатысты, егер білім берудің мақсаты білім беру жүйелерін меңгеру ретінде анықталса, онда технологияларда білім беру сияқты білімнің сапасы мен көлемін меңгеру мен бағаланады. Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін ғалымдар, педагогтар ізденістерінің нәтижесінде оқу тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келуде.

Қорыта айтқанда, білім беру саласында қазіргі кезде жетпістен астам жаңа технология қолданылады. Педагогикалық технология оқытудың ұтымды жолдарын зерттейді, ғылым ретінде де жұмыс істейді және оқуда қолданылатын тәсілдер жүйесі ретінде, оқытудың шынайы барысы ретінде де қарастырылады. Педагогикалық технология оқыту үрдісін іске асырудың мағыналы технологиясы. Педагогикалық технология оқыту жоспарының нәтижесі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз, 2000. – 367 б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар / Ы.Алтынсарин. – Алматы: Ғылым, 1994. – 288 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1997. – 23-28 б.
4. Коменский Я.А. Ұлы дидактика. – Алматы: Педагогика, 1993. – 127 б.
5. Коменский Я. А., Локк Д., Руссо Ж.-Ж., Песталоцци И.Г. Педагогическое наследие. — Москва: Педагогика, 1999. – 416 с.

ОРТА ЖӘНЕ ОРТАДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ СРЕДНЕЕ И ПОСЛЕСРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЯ: ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

УДК 37.012
МРНТИ 14.25.07

Кошербаева Г.Н.¹, Бейсембаева А.А.²

¹к.п.н., доцент, КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан

²к.п.н., доцент, КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются современные подходы к развитию творческих способностей учащихся в условиях обновленного содержания образования. Модернизация школьного образования, пересмотр ценностей, отношения к жизни, переосмысление и трансформация в сознании общества являются приоритетными направлениями современного образования.

Выделены главные задачи школьного образования – раскрытие способностей каждого ребенка, воспитание личности, готовой к жизни в высокотехнологичном, конкурентном мире. Одним из направлений модернизации является обновленное содержание школьного образования.

Показаны условия, способствующие эффективному развитию творческих способностей учащихся с применением мультимедийных технологий в процессе учебно-воспитательной деятельности.

Проанализированы современные исследования ученых в сфере развития творческих способностей учащихся с реализацией личностно-ориентированного подхода к обучению.

Сделаны выводы о том, что недостаточно педагогических работ, исследований в которых рассматриваются возможности развития творческих способностей школьников в общеобразовательных средних школах, в которых исследуются психолого-педагогические условия, способствующие раскрытию творческих способностей школьников. Отмечено, что простое владение фактическим материалом не способствует развитию творческих способностей школьников. Это показывает актуальность такого подхода к обучению, при котором создаются условия для их целенаправленного развития.

Ключевые слова: творчество, творческие способности, личность, модернизация, образование, развитие, воспитание, школьный коллектив.

Г.Н. Кошербаева¹, А.А. Бейсембаева²

¹п. э.к., Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті,
Алматы қ., Қазақстан

²п.э.к., Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті,
Алматы қ., Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН JAҢА RTY JAҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУY

Аңдатпа

Мақалада қазіргі білім саласындағы модернизация аясындағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуының жаңа жолдары қарастырылған. Қазіргі заманғы тәсілдер мен білім берудегі негізгі бағыттарды қолдану қоғамның санасында жаңартылған білім мазмұнына, құндылықтарға, өмірге деген көзқарасты қайта қарастыру ретінде және трансформациялау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуы болып табылады.

Әрбір баланың қабілеттерін ашу, тұлға ретінде жоғары технологиялар саласында өмір сүруге дайындығы, бәсекеге қабілетті болып мектептегі білім беру мұғалімнің негізгі міндеттері болып табылады. Жаңартудың бағыттарының бірі - мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұны деп атап өтіледі.

Оқу-тәрбие жұмысы барысында мультимедиялық технологиялардың қолдануы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға тиімді жағдай жасайтыны көрсетілген. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында зерттеушілердің қазіргі заманға бағытталған көзқарастары талданады.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттері және психологиялық-педагогикалық шарттар зерттеліп оқушылардың шығармашылық қабілеттерін даму мүмкіндіктері туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары жеткіліксіз болып қорытындыды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жалпы қолайлы құжаттарды қолдану маңызды емес екені көрсетілген, оқыту мақсатын жүзеге асыру үшін құрастырылған арнайы тәсілдердің өзектілігі қарастырылған.

Түйін сөздер: шығармашылық, шығармашылық қабілеттер, жеке тұлға, жаңғырту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу, мектеп ұжымы.

G.N. Kosherbaeva¹, A.A. Beisembaeva²

*¹Candidate of pedagogical sciences, associate professor,
Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

*²Candidate of pedagogical sciences, associate professor,
Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

THE DEVELOPMENT OF STUDENTS' CREATIVE ABILITIES IN THE CONDITIONS OF UPDATED CONTENT OF THE EDUCATION

Abstract

The article considers modern approaches on the development of students' creative abilities in the context of the updated content of education. Modernization of school education, reassessment of values, attitudes towards life, rethinking and transformation in the minds of society became foreground priority directions of modern education.

The main goals of school education are identified - they are the fulfillment of the abilities of each child, the development of a personality, which is ready to live in a high-tech, competitive world. The updated content of school education is one of the directions of modernization.

Conditions that contribute to the effective development of students' creative abilities with the use of multimedia technologies in the process of teaching and educational process are shown.

The scientists' modern researches in the sphere of the development of students' creative abilities with the implementation of personality-oriented approach are analyzed.

It is concluded that there is a deficiency of pedagogical work and researches which examine the possibilities of developing schoolchildren's creative abilities in secondary schools and explore the psychological and pedagogical conditions that facilitate the development of schoolchildren's creative abilities. It is noted that the mere possession of factual material does not contribute to the development of schoolchildren's creative abilities, shows the relevance of such learning approach, in which the conditions for their purposeful development are being created.

Key words: creativity, creative abilities, personality, modernization, education, development, upbringing, school collective.

Глобальные геополитические и экономические изменения последнего времени предъявляют новые требования к обучению иностранному языку. Возрастающая потребность в способных свободно общаться на иностранном языке специалистах обусловила некоторый пересмотр ориентации преподавания иностранного языка. Сегодня все чаще говорят о формировании иноязычной коммуникативной компетенции. Формирование такой компетенции предполагает, прежде всего, жизненность, естественность, эмоциональное моделирование ситуаций. Новые задачи предполагают изменения в требованиях к уровню владения иностранным языком, определение новых подходов к отбору содержания и организации материала, использование адекватных форм и видов контроля.

Одним из важнейших аспектов происходящей в казахстанском обществе экономической и социальной модернизации выступает политика в области преподавания языка. В нашей республике реализуется уникальный проект, инициированный Главой государства – триединство языков. В современном мире, полиязычном и мультикультурном, как никогда актуальна проблема сопряженности языков, поиск эффективных и жизнеспособных программ в области языков по консолидации обществ. [1]

Культурный проект «Триединство языков», предложенный Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым, в полной мере можно считать одной из долгосрочных стратегий развития Казахстана. Реализация данного проекта во многом обусловит становление нового поколения казахстанцев, владеющих несколькими языками, имеющих широкие возможности позитивного роста своих сущностных сил и формирования конкурентоспособности как в профессиональной сфере, так и в личностной самореализации. [2]

Обладая огромным воспитательным и образовательным потенциалом школьников, язык реализовывает и развитие творческих способностей в ходе осуществления целостного педагогического процесса, а это возможно только в том случае, если ученик в процессе полиязычной коммуникативно-познавательной деятельности (слушая, говоря, читая, пользуясь письмом и др.) будет расширять свое мировоззрение, кругозор, развивать свое мышление, память, чувства и эмоции; если в процессе иноязычного общения будут формироваться социально-ценностные качества личности: мировоззрение, нравственные ценности и убеждения, черты характера. [3]

Сегодня в быстроменяющемся мире образование молодого поколения, развитие его интеллектуальных и творческих способностей ставит перед педагогической наукой новые задачи, которые в свою очередь предполагают изменения в требованиях к уровню владения несколькими языками, определение новых подходов к отбору содержания и организации материала, использование адекватных форм и видов контроля при разных вариантах его изучения.

Как отмечается в Концепции структуры и содержания общего среднего образования, главной целью общего образования является формирование разносторонне развитой личности, способной реализовать творческий потенциал в динамичных социально-экономических условиях, как в собственных жизненных интересах, так и в интересах общества [4, с.56]. В быстро изменяющихся экономических условиях только человек с разносторонними знаниями, способностью варьировать их, применять в нестандартных ситуациях может быть социально защищенным, конкурентно способным на рынке труда. А потому задачей современной казахстанской системы образования стала ее модернизация, которая обусловлена необходимостью обеспечения перехода к постиндустриальному информационному обществу, что требует обновления общеобразовательной школы для достижения нового качества общего среднего образования, обеспечения процесса целостного развития личности каждого школьника, предполагающего разностороннее и гармоническое развитие его способностей, интересов и склонностей, формирование культурной, высоконравственной, творчески активной и социально зрелой личности. [5].

Согласно концепции А.Маслоу, мы переживаем сейчас совершенно особый исторический момент, связанный с тем, что жизнь ускорилась как никогда. Настала пора человека, способного жить в постоянно изменяющемся, постоянно движущемся мире. И развитие творческих способностей позволяет решать задачу адаптации в новых условиях, дает возможность личности в деятельности, в общении найти различные способы взаимодействия со своим окружением, решить возникающие проблемы, обнаружить выход из неразрешимых, на первый взгляд, ситуаций. Чем более сложной оказывается среда, в которой человеку приходится действовать, тем чаще от него требуется проявление творческих способностей. Именно с этим связана *актуальность* развития таких способностей для современного человека. [6, с.285]

Выготский Л.С. утверждал: «Все решительно, что окружает нас и что сделано рукой человека, весь мир культуры, в отличие от мира природы – все это является продуктом человеческого воображения и творчества, основанном на этом воображении». Эта мысль ученого и сейчас, через 70 лет, не утратила своего значения и сохраняет свой познавательный потенциал. [7, с.457]

В современных исследованиях развитие творческих способностей связывается с реализацией личностно-ориентированного подхода к обучению, необходимость которого обосновывали В.В. Давыдов, В.И. Звягинцев, В.В. Краевский, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, И.С. Якиманская. В разрабатываемой сегодня концепции личностно-ориентированного развивающего обучения делается акцент на воспитание личности, развитие индивидуальных качеств человека. При таком подходе процесс личностного развития выступает как ведущее звено образовательного процесса. Обучение выступает лишь как средство развития личности, а не как самостоятельная цель.

Процесс формирования и развития творческих способностей, как и любой другой стороны личности, происходит в деятельности. Чтобы содействовать развитию способности к творчеству школьников, педагог должен создавать условия для их собственной творческой деятельности. Эффект деятельности для формирования творческих способностей школьников зависит от педагогически правильной организации, использования объективных условий и внутренних возможностей личности ученика [8].

Одним из важнейших факторов творческого развития школьников является создание условий, способствующих формированию и развитию их творческих способностей.

Позиции различных исследователей относительно определения понятия «педагогические условия» позволяет выделить ряд положений:

1) условия выступают как составной элемент педагогической системы (в том числе и целостного педагогического процесса);

2) педагогические условия отражают совокупность возможностей образовательной (целенаправленно конструируемые меры воздействия и взаимодействия субъектов образования: содержание, методы, приемы и формы обучения и воспитания, программно-методическое оснащение образовательного процесса) и материально-пространственной (учебное и техническое оборудование, природно-пространственное окружение образовательного учреждения и т.д.) среды, влияющих положительно или отрицательно на ее функционирование;

3) в структуре педагогических условий присутствуют как внутренние (обеспечивающие воздействие на развитие личностной сферы субъектов образовательного процесса), так и внешние (содействующие формированию процессуальной составляющей системы) элементы;

4) реализация правильно выбранных педагогических условий обеспечивает развитие и эффективность функционирования педагогической системы.

Но создание благоприятных условий недостаточно для воспитания ребенка с высоким творческим потенциалом, хотя некоторые западные психологи и сейчас считают, что творчество изначально присуще ребенку и, что надо только не мешать ему свободно самовыражаться. Но практика показывает, что такого невмешательства мало: не все дети могут открыть дорогу к созиданию, и надолго сохранить творческую активность. Оказывается (и педагогическая практика доказывает это), если подобрать соответствующие методы обучения, то даже дошкольники, не теряя своеобразия творчества, создают произведения более высокого уровня, чем их необученные самовыражающиеся сверстники. Не случайно сейчас так популярны детские кружки и студии, развивающие школы и школы искусств. Конечно, ведется еще много споров о том, чему же и как учить детей, но тот факт, что учить надо не вызывает сомнений.

Современная наука трактует педагогические задачи в развитии творческих способностей очень широко (развитие интеллектуальных качеств, нравственных, эстетических качеств, развитие научного мировоззрения, развитие коммуникативных способностей и пр.) и их решение остается недостаточно разработанным. Нет единой теории творчества и развития творческих способностей. В понятие творческие способности разными исследователями вкладывается различный смысл.

Несмотря на существующую в теории ориентацию на развитие творческого потенциала личности, современная общеобразовательная школа готовит хороших специалистов лишь для репродуктивной деятельности. В рамках традиционной системы обучения, как показывает опыт преподавательской деятельности, преобладает метод обучения на основе шаблонных действий, формального усвоения не всегда полного и необходимого объема научной информации.

Формированием специальных творческих способностей (музыкальных, литературных, актерских и др.) занимаются в основном учреждения дополнительного образования, а на сегодняшний день наблюдается тенденция к увеличению числа школьников, нигде, помимо школы, не обучающихся. В реальной практике обучения в общеобразовательной школе отсутствуют методики развития интуиции, воображения, фантазии, что отрицательно сказывается на развитии способности к творчеству школьников. [5, с.285]

Консерватизм и репродуктивность школьного образования формирует у школьников соответствующие виды деятельности. Например, по данным социологов 68% старшеклассников

предпочитают пассивные виды деятельности (читать, смотреть, слушать) и лишь 15% учеников - активно-творческие виды деятельности.

Опираясь на выводы современных психолого-педагогических исследований, можно утверждать, что полученные данные вызваны не врожденным отсутствием способностей, а существенными недостатками современного обучения в школе. К таким недостаткам относится, в первую очередь, отсутствие развивающего и интеллектуального воздействия на творческий потенциал школьников, применение непродуктивных способов учебной деятельности.

Так, многие педагоги считают, что вначале надо сформировать глубокие и прочные знания, а уж затем решать творческие задачи, хотя возможности для творчества школьников можно найти на любом этапе учебно-воспитательного процесса. Известно, что до шести лет до 40% детей потенциально талантливы, однако обучение, построенное на основе традиционной дидактики, резко снижает их творческий потенциал. Творчество и активная самоорганизация не являются характерными для большинства выпускников общеобразовательных школ. Инертность мышления проявляется во всех областях деятельности школьников и приводит к образованию шаблонов мысли, к стереотипности действий. Все это свидетельствует о наличии противоречия между возрастающими потребностями общества в творчески мыслящих специалистах и отсутствием должных педагогических условий для развития творческих способностей школьников в реальной практике обучения и воспитания. [9]

Анализ теоретических психолого-педагогических исследований показывает, что в настоящее время выдвинут ряд интересных и продуктивных идей по проблеме развития творческих способностей школьников, сделаны серьезные шаги в освоении этой темы. Большинство теоретических исследований направлено на обоснование закономерностей формирования творческих способностей либо в специально организуемых учебных заведениях, либо средствами «творческих» специальностей – музыка, архитектура и т.п. Вместе с тем очень мало педагогических работ, в которых рассматриваются возможности развития творческих способностей школьников в общеобразовательных средних школах, в которых исследуются психолого-педагогические условия, способствующие раскрытию творческих способностей школьников. Только в единичных работах исследуется возможность развития интуиции, воображения, фантазии школьников в процессе обучения. Таким образом, в изучении проблемы развития творческих способностей школьников выявились характерные недостатки.

Резюмируя все вышесказанное можно отметить, что простое владение фактическим материалом не способствует развитию творческих способностей школьников. Это показывает актуальность такого подхода к обучению, при котором создаются условия для их целенаправленного развития.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев Н.А. *Новый Казахстан в новом мире. Послание Президента РК от 1 марта 2007 г.* – Алматы: Казахстанская правда, 2007. – №33(25278). – С.2
2. Назарбаев Н.А. *Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда. Программная статья Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева от 10 июля 2012 г.* – Алматы: Казахстанская правда, 2012. – №218-219. – С.2-4
3. *Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы.* [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL: <http://www.government.kz/ru/programmy/2254-gosudarstvennaya-programma-razvitiya-obrazovaniya-respubliki-kazakhstan-na-2011-2020-gody.html/> (дата обращения: 22.01.2018)
4. *Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы.* [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL: http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs/ (дата обращения: 24.01.2018)
5. Урунтаева Г.А. *Практикум по детской психологии.* – М.: «Просвещение». 1995. - 285 с.
6. Семилеткина М.С. *Исследование особенностей мотивационно-смысловой сферы детей с различным уровнем креативности.* Дис. канд. псих. наук. – М., 1998. – 276 с.
7. Выготский, Л.С. *Воображение и творчество в детском возрасте.* / Л.С. Выготский. – М.: Психология, 2001. - 457 с.
8. Бейсембаева А.А. *Патриотическое воспитание школьников средствами казахского героического эпоса.* Монография. – Алматы, 2015. – 215 с.
9. Кошербаева Г.Н. *Диалог культур как миропонимание новой эпохи // Сборник Международной научно-практической конференции «Культура. Наука. Творчество.* – Минск, Белоруссия, 2017 г. – С. 286-292.

МРНТИ 14.07.03

С.Т. Иманбаева¹, А.Е. Берікханова²

¹п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры,
Алматы қ., Қазақстан

²п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры,
Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУЫН ДАМУЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту технологиясын қалыптастыруда ұлттық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру жүйесімен сабақтастықта дамуына ерекше мән беріледі. Сыни тұрғыдан ойлау оқушыны күштеп үйрету емес, өз ынтасы негізінде ғана үйрене алатыны даму үдерісі дәлелдеп отырғаны, оқушының логикалық, аналитикалық тұрғыда ойлауы негізінде нәтижеге жететіні дәлелденіп отыр. Сыни тұрғыда ойлаудың негізгі аспектісі проблемаларды анықтауда аргументтерді, дәлелдерді, фактілерді, статистикалық мәліметтерді, эксперимент нәтижелерін, ақпарат құралды пайдалана алуы жататыны, сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік сипатта басқалармен бөлісу арқылы өзара пікір алмасу барысында шыңдала түсетініне, тұлғаның өз бетінше ойлауы, жекелік сипаттың болуы, өзін өзі көрсете алуына аса мән беріледі.

Сонымен қатар, көптеген зерттеуші ғалымдардың сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясын ынтаны, қызығушылықты ояту кезеңі (Evocation), ой қозғау, түсіну кезеңі (Realization of Meaning), рефлексия, ой толғаныс кезеңі (Reflection) жан-жақты ашылып беріледі. Сыни тұрғыда ойлау үдерісінде, бірінші тақырып бойынша не білетіндерін ортаға салып қызығушылықты ояту, екіншіден, жаңа ақпараттармен танысу және бөлісу, үшіншіден, бұл алған білімдерді не үшін және қалай қолдану жайлы ой толғаныстың жарияламдығын талап етеді. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының түйін сөздері: түсіне оқу, тиімді оқу, рефлексиялық жазудың маңызы ашылып беріледі.

Түйін сөздер. Сыни тұрғыдан ойлау, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту технологиясы, әлемдік білім беру жүйесі, ой қозғау, рефлексия, ынта, қызығушылық, логикалық, аналитикалық тұрғыда ойлау.

Иманбаева С.Т.¹, А.Е. Берікханова²

¹профессор КазНПУ им.Абая. д.п.н,
г. Алматы, Казахстан

²профессор КазНПУ им.Абая. к.п.н,
г. Алматы, Казахстан

АКТУАЛЬНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИИ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ШКОЛЫ

Аннотация

В связи с глобализационными процессами и развитием информационных технологий становится актуальным развитие мыслительных способностей молодого поколения для успешной социализации в изменяющихся условиях. В статье рассматривается важность развития критического мышления учащихся в условиях интеграции отечественного образования в мировое образовательное пространство. Также в статье анализируются характеристики критического мышления, этапы использования технологии развития критического мышления. Основной акцент делается на мотивацию, осмысление и рефлексию учащихся во время использования технологии критического мышления. Основное внимание уделяется развитию мыслительной активности учащихся посредством использования различных стратегий, дидактических приемов и методов.

Ключевой идеей в статье является необходимость использования в преподавании идеи таксономии Блума как базы для разработки дифференцированных заданий для учащихся. Приводятся примеры различных стратегий технологии критического мышления, требования к профессиональным компетенциям учителей.

Ключевые слова. Критическое мышление, технология развития критического мышления, мировое образовательное пространство, осмысление, рефлексия, мотивация, интерес, логическое мышление, аналитическое мышление.

S.T. Imanbaeva¹, A.E. Berikhanova²
¹doctor of Pedagogical Sciences, professor,
Kazakh National Pedagogical University named after Abai
²Kandidat of Pedagogical Sciences, professor,
Kazakh National Pedagogical University named after Abai

ACTUALITY OF USING OF TECHNOLOGY OF DEVELOPMENT OF CRITICAL THINKING IN THE SCHOOL TEACHING PROCESS

Abstract

In relation to globalization processes and the development of information technologies, becomes urgent the development of the young generation's thinking abilities for successful socialization in changing conditions. The article considers the importance of development of students' critical thinking ability in the conditions of integration of domestic education into the world educational space. The article also analyzes the characteristics of critical thinking, the stages of using the technique of critical thinking development. The main emphasis is on motivating, understanding and reflecting of students during the use of critical thinking technique. Also attention is paid to the development of students' mental activity through the use of various strategies, didactic techniques and methods. The key idea in the article is the necessity to use the idea of the Bloom taxonomy in teaching as a basis for developing differentiated tasks for students. The article gives examples of various strategies of critical thinking technique and requirements for teachers' professional competencies.

Key words: Critical thinking, the technique of critical thinking development, the world educational space, reflection, motivation, interest, logical thinking, analytical thinking.

Отандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірілуіне байланысты көптеген жаңаша үрдістер мен өзгерістер орын алуда. Ғылым мен техниканың дамуына қарай педагогика саласында технологиялық оқыту тәсілі жақсы өріс ала бастады. Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында білім беруді технологияландыруға көшудің қажеттілігімен келіспеу мүмкін емес, себебі әр оқушының жеке тұлғалық тұрғысының дамуы, білім беруді саралау және барлық білім беру жүйесін ізгілендіру және демократияландыру үрдістері технологиялық тәсіл арқылы жүзеге асырылмақ. Өсіп келе жатқан жас ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру мақсатында қазіргі кезеңдегі педагогикалық технологияларды пайдалану қажеттілігі көптеген педагогтар, тәжірибелі мұғалімдердің оқыту мен тәрбиелеуді жүйелі, тиімді ұйымдастыруға деген талпынысынан туындап отыр.

Сондықтан педагогикалық үрдісті технологияландыру мәселесі *білім беруші* мен *білім алушы* тұлғасын өздігінен дамытып, олардың ішкі әлеуеттерін барынша толығырақ ашқызу үшін оқыту мен тәрбиелеуді субъектілік негізге ауыстыратын тетік ретінде зерттелуде. Білім беру саласындағы шоғырланып қалған көкейкесті мәселелердің шешімдерін табуда қазіргі педагогикалық технологиялардың ықпалы зор, себебі жаңа технологиялардың негізгі өзегі – оқушы тұлғасы, оның ішкі интеллектуалдық әлеуетін жан-жақты дамыту.

Педагогика саласындағы белгілі технологиялардың ішінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту технологиясына аса көп мән беріліп отыр. Бұның негізгі себептерінің бірі ретінде қазіргі жаһандану заманындағы ақпараттық технологиялардың жедел дамуы деп түсіндіруге болады. Өзгермелі ақпараттық ағымның қоғамның әр саласына да және жас ұрпақтың санасына да екпінді әсер етуі оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін күшейту мәселесін өзектендіре түсті.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының авторлары американдық зерттеушілер Дж.Стил, К.Мередит, Ч.Темпл, К.Уолтер, т.б. Бұл технология мынандай қағидаға негізделеді: оқушыны күштеп *үйретуге болмайды, ол тек өз ынтасы негізінде ғана үйрене алады.*

Сыни ойлау – адамның логикалық, аналитикалық, өз тәжірибесіне негізделген, тәуелсіз, түрлі фактілер арқылы дәлелденетін, рефлексивті, бағалап ойлау түрі.

Көптеген әдебиеттерде сыни тұрғыдан ойлауды түсіндіруде Дэвид Клустердің төмендегідей сипаттамалары негізге алынады:

1. Өз бетінше ойлай алу, яғни *ойлау үрдісінде жекелік сипаттың* болуы маңызды. Біз үшін ешкім сыни тұрғыдан ойлай алмайды. Біз тек өзіміз үшін ғана сыни тұрғыдан ойлана аламыз.

2. Кез келген *ақпарат сыни тұрғысынан ойлаудың* соңғы емес *бастапқы сатысы*. Себебі ақпарат болмаса ойлауға да негіз жоқ.

3. Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қоюдан, *проблемаларды анықтаудан* басталады. Осындай мәселелерді шешу барысында оқушы шыныменен терең ойлана бастайды.

4. Сыни тұрғыдан ойлау **аргументтерді, дәлелдерді, фактілерді, статистикалық мәліметтерді, эксперимент нәтижелерін** қатыстыруды қажет етеді.

5. Сыни тұрғыдан ойлау үнемі **әлеуметтік сипатта** болады. Кез келген ой басқалармен бөліскенде шыңдала түседі. Сондықтан бұл технологияны қолдану барысында оқушылардың **өзара пікір алмасуына** мүмкіндік жасалуы керек.

Кез келген сабақ мұғалімнің монологына айналып кетпеуі маңызды. Ол кітаптағы мәліметтерді ауызша тасымалдаушы аппарат емес. Сол үшін оқыту үрдісінде ашық талқылау, диалог болуы қажет. Дәстүрлі оқытуда көп жағдайда оқушылар мектеп жасынан пассивті тындауға, конспектілеуге, дайынды көшіруге бейімделіп кететіні алаңдаушылық туғызады. Сондықтан кейбір оқушылардың ережелерді түсінбей жаттап алғандарын білім деп қабылдау қиын. Сонда қазіргі мектептерде оқушылардың жаттау қабілеттеріне баға қойылып жүр ме, әлде біліміне баға қойыла ма? Мұғалім үшін оқушының жаттанды білімі білім емес, ол тек уақытша ғана жатталған үстіртін білім екенін түсінуі маңызды. Сондықтан әр оқушы сыни тұрғыдан ойлауға үйреніп, әрбір айтқан жауаптарын негіздеп, дәлелдеп, мысалдармен бекіте алса және алған білімін өмірде қолдана алса ғана ол нағыз білім.

Көптеген зерттеушілер сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясын сабақ барысында қолдануда оның **үш негізгі кезеңін** атап көрсетеді:

1) Ынтаны, қызығушылықты ояту кезеңі (Evocation):

- тақырып бойынша белгілі білімдерін еске түсіру, ойландыру;
- тақырыпқа деген қызығушылықты ояту;
- оқушылардың осы тақырыпты меңгеру бағытын анықтауы;
- оқу ынтасын оятуға байланысты проблемалық сұрақтардың қойылуы,
- қызықты тарихи маңызды мысалдардың келтірілуі, т.б.

2) Ой қозғау, түсіну кезеңі (Realization of Meaning):

- Оқушылардың белсенді ой еңбегіне қатысуы;
- Тақырып көлемінде мәтіндермен түрлі жұмыс істеу әдістерінің болуы;
- Оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- Мәтінге, білімге деген жағымды көзқарас қалыптастыру;
- Оқушыларды өз беттерінше жұмыс істеуге, ізденуге үйрету;
- Педагог тек сырттай бақылаушы, кеңесші, бағыттаушы болуы;
- Сабақты жоспарлауда әртүрлі стратегиялардың пайдаланылуы, т.б.

3) Рефлексия, ой толғаныс кезеңі (Reflection):

- Бұрынғы білетін білімдерімен жаңа алған білімдерін салыстыру;
- Тақырып көлеміндегі білімдерін жүйелеу;
- Болашақта осы тақырыпты жетілдіру бағыттарын анықтау;
- Оқушының тақырыпты қаншалықты жақсы меңгергенін талдауы;
- Өздік танымдық жұмысын бағалаулары, өзара баға берулері;
- Кері байланыс карталарының сұрақтарына жауап берулері;
- Қорытынды тұжырым жасау үшін қысқаша эссе жазулары, т.б.

Сабақтың осындай құрылымы адам қабылдауының кезеңдеріне сай анықталған. Қысқаша айтқанда, ең бірінші тақырып бойынша не білетіндерін ортаға салып қызығушылықты ояту, екіншіден, жаңа ақпараттармен танысу және бөлісу, үшіншіден, бұл алған білімдерді не үшін және қалай қолдану жайлы ой толғаныстың болуы қажет.

Бұл технологияда ақпараттардың оқу арқылы қабылданып, жазу арқылы есте қалатынына аса мән берілген. Сондықтан аталып отырған технологияда оқу және жазу үрдістерінің түрлі тәсілдері қарастырылады. Мәтінмен жұмыс істей отырып оқушы өзінің қаншалықты түсініп отырғанын бақылайды, оған сырттан ешкім ықпал бермейді және танымдық мақсатқа өз бетінше жетуге тырысады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының түйін сөздері: *түсіне оқу, тиімді оқу, рефлексиялық жазу*. Мектептегі өзгермелі фактор - педагогтардың оқушыларды *неге* үйрететіндері емес, *қалай үйрететіндері*. Ең маңыздысы сол белгілі білім ақпараттарын тыңдаушыға қандай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жеткізуінде. Оқыту мен жазу білім берудегі ең негізгі үрдістер болғандықтан, оқушыларды дұрыс жазып, дұрыс оқу тәсілдеріне арнайы үйрету, ақпараттарға сын тұрғысынан қарап, ой елегінен өткізу тәсілдерін меңгерту қажет.

Оқуда кез келген ақпарат түрлі тәсілдермен талданып, мазмұны бойынша маңызды жақтары іріктеліп отырады. *Түсіне оқу* деген ұғымның өзі педагогты ойландыруы керек. Мұғалім ақпараттың күрделілік деңгейін дұрыс таңдап, оның оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келуін ескеруі қажет.

Сондай-ақ *тиімді оқудың* өзі үлкен өнер. Ол үшін мұғалім ой еңбегінің нәтижесіне әсер ететін барлық факторлар дұрыс ойластыруы керек. Қанша уақыт жұмсау, нені анықтау, қандай сұрақтарға жауап іздеу, не үшін оқу – осының барлығын дұрыс ұйымдастыру мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің және технологиялық құзіреттілігінің айқын дәлелі бола алады.

Рефлексиялық жазу – оқу барысында оқушылар көптеген жазба жұмыстарын атқарып отырады. Мысалы қысқаша конспект жасау, түртіп жазу, ұнаған ойларды жазып алу, ұлы адамдар сөздерін жазып алу. Сонымен қатар оқыған материал бойынша рефлексиялық жазба жұмыстарын жүргізу (оқылған материал бойынша эссе, шығарма, мазмұндама жазу, т.с.с.) білімді меңгеру деңгейін дұрыс анықтауға мүмкіндік беретін маңызды тетіктердің бірі.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда шетелдік білім беру үрдісінде көп жылдардан бері қолданылып келе жатқан *Блум таксономиясы* тиімді нәтижелер көрсетуде. Осы теория негізінде таным үрдісі ең қарапайымынан бастап 6 деңгейге бөлініп қарастырылады.

6-Кесте. Блум таксономиясының деңгейлері.

№	Таным деңгейі	Іс-әрекет мазмұны	Деңгейлер
1	Білу	Есте сақтау, жаттап алу, ажырату, қайта жаңғыртып айтып беру, т.с.с.	Төменгі
2	Түсіну	Өз сөзімен айтып беру, түйіндеу, ережелер мен анықтамаларды мысалдармен дәлелдей алу, т.с.с.	Орташа
3	Қолдану	Алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу, мәселелерді шешуде ең тиімді жолдарды таңдай алу, таныс емес жағдайда білімдерді пайдалана алу, т.с.с.	Орташа
4	Талдау (Анализ)	Зерттеу нысанасын түрлі бөліктерге бөлу, әр бөліктің мән-мағынасын саналы түрде түсіну, терминдерді, сөздерді топтастыру, т.с.с.	Жоғарғы
5	Біріктіру (Синтез)	Нәтижелерді шығармашылық тұрғыдан біріктіру. Тақырып құрылымы бойынша модель құрастыра білу, барлық білімдерді біріктіріп барлығын қамтитын бір тұжырым жасау, т.с.с.	Жоғарғы
6	Бағалау	Шешім қабылдай алу, түрлі пікірлердегі қарама-қайшылықтарды жою, өз пікірін қорғай алу, құбылыстарға баға беру, жүйелі тұжырым жасай алу, т.с.с.	Жоғарғы

Осы кестедегі көрсетілген таным деңгейлерін салыстыра отырып, жалпы білім беру мектептеріндегі дәстүрлі қалыптасып қалған оқыту жүйесінің қаншалықты жетілдіруді қажет ететінін айқын байқауға болады. Қазіргі орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы толығымен осы теориялардың тұжырымдамаларына негізделіп жасалуда. Яғни, сабақты жоспарлауда мұғалім оқушыларға берілетін тапсырмаларды Блум таксономиясының оқу мақсаттарына сай ойластырып дайындауы қажет.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының көптеген стратегиялық тәсілдері бар және олар жылдан жылға көбею үстінде: «INSERT (interaktiv notig system for reading and thinking)», «Синквейн», «Кластер», «Сенесіз бе?», «Зигзаг», «Рефлексиялық сұрақтарға жауап», «Сұхбат», «Эссе», «Джигсо (Jigsaw-пазл)», «Аралас мәтіндер», «Берілген мәтін бойынша сұрақтар құрастырып өзара тексеру», «Мұғалімнің жасырын қателері», «Жарнама», «Тақта алдындағы топтық жауап», «Тарау бойынша блиц-турнир», «Ассоциация», «Болжау», «Балықшылар сайысы», т.с.с. көптеген стратегиялары педагогикалық тәжірибеде жиі қолданылады. Тек әр мұғалім осы стратегияларды әр ситуацияда ұтымды пайдалана алуы оның жеке құзырында.

Оқу үдерісінде мұғалімнің дидактикалық тәсілдерді дұрыс пайдалана алуына байланысты оқушылардың ынтасы жоғарлай түседі. Дидактикалық тәсілдерді түрлендіріп отыру, әр сабақта әр түрлі стратегияларды пайдалану, іскерлік ойындар ұйымдастыру арқылы оқушылардың оқу-танымдық белсенділіктерін, шығармашылықтарын, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін қалыптастыруға болады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы оқушыны өзінің мүмкіндіктерін максималды жүзеге асыруға, жаңа тәжірибені қабылдауға талаптанатын бірегей тұлға ретінде қарастыруға бағытталған. Бұл технологияның жаңа бағытта зерттелуі әр тұлғаның қайталанбастығын, өзін-өзі белсендендіру және табысты іс-әрекеттік позицияға ауыса алу идеясымен өзекті. Әрбір оқушы оқу материалы бойынша жеке даму жолын таңдауға, оның мақсатына, қажеттілігіне және қызығушылығына жауап беретін қоғамдық тәжірибені меңгеруге ерікті.

Қорытынды. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту технологиясын қалыптастыруда ұлттық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру жүйесімен сабақтастықта дамуына ерекше мән беріледі. Сыни тұрғыдан ойлау оқушыны күштеп үйрету емес, өз ынтасы негізінде ғана үйрене алатыны даму үдерісі дәлелдеп отыр. Оқушының логикалық, аналитикалық тұрғыда ойлауы негізінде нәтижеге жететіні дәлелденіп отыр. Тұлғаның өз бетінше ойлауы, жекелік сипаттың болуы, өзін өзі көрсете алуы негізгі орын алады. Сыни тұрғыда ойлаудың негізгі аспектісі проблемаларды анықтауда аргументтерді, дәлелдерді, фактілерді, статистикалық мәліметтерді, эксперимент нәтижелерін, ақпарат құралды пайдалана алуы да жатады. Сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік сипатта басқалармен бөлісу арқылы өзара пікір алмасу барысында шындала түседі.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Безрукова В.С. Педагогика. Учебное пособие. – Ростовн/Д: Феникс, 2013. – 318 с.
2. Загашев И. О., Заир-Бек С. И. Критическое мышление: технология развития. – СПб.: Альянс-Дельта, 2003. – 284 с.
3. Кашиев С.С. Технология интерактивного обучения. – Мн., 2005.
4. Кусаинов Г.М. Педагогическая технология: теория, история, практика: Монография. – Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГУ, 2000. – 324 с.
5. Масырова Р.Р. Инновации в среднем общем образовании Казахстана: анализ и тенденции развития. – Алматы: КазГосЖенПУ. – 2008. – 320 с.
6. Нағымжанова Қ.М. Болашақ мамандардың педагогикалық креативтілігін дамытудың негіздері. – Өскемен: ШҚМУ, 2007. – 280 бет.
7. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 1-х т. – М.: НИИ школьных технологий, 2006. – 816 с.
8. Хуторской А.В. Педагогическая инноватика. Учебное пособие. – М.: Академия, 2010. – 254 с.

МРНТИ 14.07.03

Нурғалиева С.А.¹, Майлыбаева Г.С.²

¹к.п.н., ассоц.профессор,

*Восточно-Казахстанский государственный университет имени С.Аманжолова
г. Усть-каменогорск, Казахстан,*

²докторPhD, ассоциированный профессор

*Жетысуского государственного университета им. Жансугурова И.
г.Талдықорган, Казахстан*

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ В ОЦЕНКЕ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ОРГАНИЗАЦИИ МОНИТОРИНГА РЕЗУЛЬТАТОВ ОБУЧЕНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Аннотация

В данной статье раскрывается роль и значение международного опыта в оценке качества образования по организации мониторинга результатов обучения казахстанских обучающихся.

Новый вектор развития национальной образовательной системы требует объективной информации о состоянии образования страны в сравнении с другими странами мира, полученной на основе инструментария, отражающего мировые приоритеты в области образования. Однако, международный опыт в оценке качества образования в казахстанском академическом сообществе исследуются крайне слабо и специально не выделяется. Между тем, международная программа по оценке образовательных достижений учащихся PISA и является примером научно-педагогического исследования, основная задача которого – анализ реальных результатов, полученных в рамках объективных измерений, и извлечение из них научно обоснованных и созидательных для образовательной политики выводов.

Ключевые слова: качество образования, мониторинг, оценка, анализ, процесс, результаты.

С.А. Нургалиева¹, Г.С. Майлыбаева²

¹п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Өскемен қ, Қазақстан

²І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры. PhD докторы
Талдықорған қ, Қазақстан

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ МОНИТОРИНГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандық білім алушылардың білім сапасын бағалау мониторингін ұйымдастырудағы халықаралық тәжірибенің маңызы мен рөлі қарастырылған.

Ұлттық білім беру жүйесіндегі дамудың жаңа бағыты, мемлекеттік білім жағдайы білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды көрсететін тетіктер негізінде әлемдегі басқа елдерімен салыстырғанда алынған шынайы ақпаратты талап етеді. Бірақ, білім берудегі сапаны бағалаудың халықаралық тәжірибесі қазақстандық академиялық қоғамдастықта өте нашар зерттеледі әрі арнайы тоқталмайды. Дегенмен, білім берудегі оқушылардың жетістіктерін бағалаудың халықаралық PISA бағдарламасы ғылыми-педагогикалық зерттеулердің үлгісі болып, шынайы нәтижелердің сараптамасы негізінде объективті өлшемдердің аясында алынған және соның ішінен білім беру саясатының ғылыми негізді әрі жасампаз қорытындысын шығаруға болады.

Түйін сөздер: Білім беру сапасы, мониторинг, баға, сараптама, үрдіс, нәтиже.

S.A. Nurgaliyeva¹, G.S. Mailybaeva²

¹Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor

S.Amanzholov East Kazakhstan State University,
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,

²Associate Professor of Zhetysu State University after I. Zhansugurov., PhD
Taldykorgan, Kazakhstan

INTERNATIONAL EXPERIENCE IN ASSESSMENT OF QUALITY OF EDUCATION FOR MONITORING THE RESULTS OF TRAINING OF TRAINING

Abstract

This article reveals the role and importance of international experience in assessing the quality of education in the organization of monitoring the learning outcomes of Kazakhstani students.

A new vector of development of the national educational system requires objective information about the state of education of the country in comparison with other countries of the world, obtained on the basis of tools reflecting the world priorities in the field of education. However, international experience in assessing the quality of education in the Kazakh academic community is studied very poorly and is not specifically highlighted. Meanwhile, the international program on evaluating the educational achievements of PISA students is an example of a scientific and pedagogical study the main task of which is to analyze the real results obtained within the framework of objective measurements and extract from them scientifically valid and constructive conclusions for the educational policy.

Key words: quality of education, monitoring, evaluation, analysis, process, results.

Исследование Programme for International Student Assessment (далее - PISA) вызвало широкий общественный резонанс в мире, который свидетельствует о том, что намеченное в нем направление оценки качества образования оказалось адекватным не только назревшим проблемам образования, но и современным попыткам их осмысления.

Цель исследования PISA – это установление и оценка степени владения обучающимися, получившими общее среднее образование, знаниями и умениями, необходимыми для полноценного функционирования в обществе. Исследование направлено на проверку понимания сути изучаемых объектов, причинно-следственных связей; на степень сформированности умения учиться: навыков решения творческих задач и навыков поиска, анализа и интерпретации информации. Обучающиеся вовлекаются в проблемы, с которыми они встречаются в реальной жизни, выполняют задания, требующие от них комплексного мышления, планирования и оценки, решают проблемы, аргументируют выбор их решения и т.д.

Основная задача исследования PISA – анализ реальных результатов, полученных в рамках объективных измерений на основе инструментария, отражающего мировые приоритеты в области образо-

вания, и извлечение из них научно обоснованных и созидательных для образовательной политики выводов. В исследовании PISA оценка образовательных достижений обучающихся проводится по следующим трем основным направлениям: «грамотность чтения», «математическая грамотность», «естественнонаучная грамотность», а также по дополнительным направлениям «финансовая грамотность» и «решение проблем», в рамках которых особое внимание уделяется оценке овладения обучающимися общеучебными и интеллектуальными умениями.

Объектом исследования PISA являются образовательные достижения обучающихся 15-летнего возраста. Выбор данной возрастной категории объясняется тем, что во многих зарубежных странах образовательные программы имеют общую направленность, и освоение их к данному возрастному периоду завершается. В этой связи, представляется возможным на данном этапе определение уровня знаний и умений, полезных обучающимся в будущем, оценка способностей обучающихся к самостоятельному приобретению знаний, необходимых для успешной адаптации в современном мире.

В связи с этим, участие Казахстана в международной программе по оценке образовательных достижений учащихся Programme for International Student Assessment (далее - PISA) было продиктовано рядом факторов:

- интеграция казахстанской системы образования в мировое образовательное пространство;
- необходимость введения международных стандартов качества обучения и контроля его результатов;
- изменение содержания образования, построение казахстанской системы оценки качества образования [1].

Новый вектор развития национальной образовательной системы требует объективной информации о состоянии образования страны в сравнении с другими странами мира, полученной на основе инструментария, отражающего мировые приоритеты в области образования. Однако, международный опыт в оценке качества образования в казахстанском академическом сообществе исследуется крайне слабо и специально не выделяется. Между тем, международная программа по оценке образовательных достижений учащихся PISA и является примером научно-педагогического исследования, основная задача которого – анализ реальных результатов, полученных в рамках объективных измерений, и извлечение из них научно обоснованных и созидательных для образовательной политики выводов.

Чтобы внести свой вклад в линию исследований международного опыта в оценке качества образования, авторы в настоящей работе представили обзорный анализ по организации мониторинга результатов обучения обучающихся. Данные, полученные в ходе исследования, послужат основой для определения стратегий развития системы образования как с точки зрения содержания и методов обучения в целом, так и с точки зрения воздействия контекстных факторов (модель управления, язык обучения, социальный статус семьи и др.) на уровень развития функциональной грамотности школьников.

Результаты исследования повысят осведомленность об эффективности исследований международного опыта в оценке качества образования по организации мониторинга результатов обучения обучающихся среди академического сообщества и казахстанского общества в целом, могут служить базой для дальнейших теоретических исследований в области изучения международного опыта в оценке качества образования.

Проект PISA предоставляет возможность сопоставить различные системы образования и использовать опыт ведущих стран ОЭСР при разработке национальных стратегий образования. Исследование проводится трехлетними циклами. В каждом цикле определяется приоритетное направление в соответствии с таблицей 1.

Таблица 1. Приоритетное направление по циклам.

Читательская грамотность	2000, 2009, 2018
Математическая грамотность	2003, 2012
Естественнонаучная грамотность	2006, 2015

Источник: <http://iac.kz/ru/project/pisa>

Смена приоритетной области оценивания в каждом цикле исследования PISA представляет возможность получения полной информации по основному направлению и сравнительного анализа достижений в данной области.

В 2009 году Казахстан впервые принял участие в исследовании PISA. В фокусе программы PISA в 2009 году была читательская грамотность.

Результаты свидетельствуют, что доля казахстанских школьников, готовых:

1) адекватно использовать более или менее сложные учебные тексты и с их помощью ориентироваться в повседневных ситуациях, составляет 5% от числа участников исследования грамотности чтения (средний показатель по странам ОЭСР – 28,6%);

2) эффективно работать с конкретными моделями для конкретной ситуации, развивать и интегрировать разные задания, составляет 4,2% от числа участников исследования математической грамотности (средний показатель по странам ОЭСР – 16% участников);

3) эффективно работать с ситуацией, требующей сделать выводы о роли естественных наук, выбрать и объединить объяснения из разных естественнонаучных дисциплин и применить эти объяснения непосредственно к аспектам жизненных ситуаций, составляет 3,6% от числа участников исследования естественнонаучной грамотности (средний показатель по странам ОЭСР – 20,5%).

Таким образом, результаты участия Казахстана в PISA показывают, что педагоги общеобразовательных школ республики дают сильные предметные знания, но не учат применять их в реальных, жизненных ситуациях [2].

В PISA в 2012 году казахстанские учащиеся получили в среднем 432 балла по математике (главная область оценки), 393 балла по чтению и 425 баллов по естественным наукам, в то время как учащиеся стран ОЭСР в среднем получили 494, 496 и 501 балл, соответственно. Разница в среднем уровне результатов по математике указывает, что казахстанские 15-летние школьники в среднем на два года отстают от своих сверстников в странах ОЭСР. Примерно 45% казахстанских 15-летних учащихся показывают низкие результаты по математике, в лучшем случае они могут воспроизвести соответствующую информацию из одного источника и использовать базовые алгоритмы, формулы, процедуры или правила для решения задач с целыми числами. Данный показатель существенно выше среднего показателя по ОЭСР (23%). Примерно 0,9% учащихся показывают наивысочайшие результаты по математике, они могут разрабатывать и работать с моделями по сложным ситуациям, работать стратегически, используя обширные, хорошо развитые навыки мышления и рассуждения. Этот показатель ниже, чем в среднем по странам ОЭСР (13%). Разброс баллов небольшой, и разница в баллах по математике между верхними и нижними 10% учащихся является одной из самых небольших среди стран, участвовавших в PISA.

В Казахстане, согласно результатам исследования PISA, язык обучения в школах, расположение школ, социально-экономические характеристики учащихся и школ влияют на результаты учащихся. Однако существенной гендерной разницы не наблюдается. Учащиеся школ с казахским языком обучения показали более низкие результаты, чем учащиеся школ с русским языком обучения, в PISA-2012, при этом разница в результатах по чтению и математике эквивалентна примерно одному году обучения. Эти вариации могут отражать разницу в социально-экономическом статусе учащихся, посещающих разные виды школ, или разницу в ресурсах, имеющихся у учащихся этих школ.

Анализ, проведенный Всемирным банком, показал, что школьные ресурсы повлияли в такой же степени на улучшение средних баллов PISA между 2009 и 2012, как и социальное положение учащихся. По математике школьные ресурсы влияют больше на улучшение результатов школьников с хорошей успеваемостью, в то время как по читательской грамотности они влияют больше на детей с низкой и средней успеваемостью. Разница в результатах между учащимися школ, расположенных в сельской местности (менее 3 000 человек населения) или в поселках и малых городах (от 3 000 до 100 000 человек населения), была несущественной, но учащиеся школ в городах (более 100 000 человек населения) показали значительно более высокие результаты в PISA-2012. Однако результаты учеников сельских школ улучшились на один год обучения по сравнению с PISA-2009, тогда как их сверстники из городских школ улучшили результаты на полгода обучения. В целом, сельские школьники все еще отстают от городских сверстников по чтению и математике, однако разрыв по математике значительно сократился. Учащиеся, относящиеся к нижней четверти по показателю

экономического, социального и культурного статуса, тоже в среднем показали значительно более низкие результаты, чем учащиеся в верхней четверти, при этом разница по математике эквивалента более чем одному году обучения. В Казахстане 8% различий в результатах учащихся по математике относится на счет различий в социально-экономическом статусе учащихся (по сравнению с 15% в странах ОЭСР). В то время как в странах ОЭСР мальчики опережают девочек по математике в среднем на 11 баллов, в Казахстане существенной разницы между мальчиками и девочками в PISA-2012 не наблюдается. Гендерная разница также незначительна на нижних и верхних уровнях результатов в Казахстане, и эта разница меньше, чем в среднем в странах ОЭСР [3].

В конце 2016 года Организацией экономического сотрудничества и развития (ОЭСР) объявлены результаты международного исследования оценки учебных достижений 15-летних обучающихся PISA-2015.

Результаты по математике составили 460 баллов, естествознанию – 456, чтению – 427. Рост по математике составил 28 баллов и естествознанию 31 балл. Наиболее высокий показатель прироста баллов по читательской грамотности (+34).

Совершенствуется технология проведения исследования. В PISA-2015 57 стран из 71 приняли участие в компьютерном формате, который позволяет определить уровень читательской, математической и естественнонаучной грамотности на основе IT-навыков. ОЭСР рассматривается возможность в перспективе введения нового четвертого направления «Глобальные компетенции».

Исследовательская McKinsey&Company проанализировала ряд данных, чтобы выяснить: насколько важен образ мышления обучающихся; какие методы обучения работают лучше всего; какую роль играют новые технологии и пр. Источником выступила Международная программа по оценке образовательных достижений учащихся (PISA), координируемая Организацией экономического сотрудничества и развития (ОЭСР).

В 2015 году PISA охватила более **500 тыс. студентов в 72 странах**. Главная особенность программы – проведение широких опросов среди учащихся, родителей, учителей, профессоров, ректоров об отношении к образовательному процессу в целом, практических навыках, поведении и ресурсах.

В результате McKisney выявил факторы, которые играют решающую роль в достижении студентами отличных результатов.

• **Наличие правильного образа мышления (mindset – англ.) намного важнее, чем социально-экономический бэкграунд.**

Не секрет, что убеждения студентов, их отношение к окружающему влияют на успеваемость. Вопрос: в какой степени? Чтобы ответить на него, McKinsey определил **100 наиболее вероятных факторов**, влияющих на успеваемость студентов, из обзора PISA (всего их в отчете более тысячи). Далее аналитики отсортировали их по следующим категориям: обстановка дома, ресурсы учебных заведений, процесс обучения и преподаватели, лидерские качества студентов, их образ мышления и поведение. Они пришли к выводу, что из всего списка вероятных факторов именно образ мышления учащихся оказывает наибольшее влияние на их успеваемость.

Среди основных составляющих – мотивация и вера в себя. Так, студенты, которые изначально были мотивированы, в среднем оказались успешнее **на 12–15%** (в зависимости от региона), чем студенты, не имеющие особого стремления к обучению. Точно так же студенты, обладающие «майндсетом роста», то есть уверенные, что смогут добиться высот, если будут упорно трудиться, показывают успеваемость **на 9–17%** лучше, чем молодые люди с «ограниченным майндсетом», полагающие, что их возможности имеют определенные границы

McKinsey проанализировал результаты опроса PISA, чтобы понять уровень эффективности каждого из этих методов. Во всех пяти регионах, когда учителя проявляли большую инициативу, показатели были в среднем выше в сравнении со вторым методом обучения, когда ученики проявляют большую самостоятельность. На первый взгляд, выбор очевиден, однако, глубже проанализировав данные, можно сделать вывод, что наилучших результатов достигают те ученики, которые сочетают элементы как первого, так и второго метода обучения. Причем это является верным для всех пяти регионов.

И все же существуют региональные отличия. Так, в школах с развитой образовательной системой и более высокими показателями, по итогам опроса PISA, эффект от совмещения разных подходов в обучении намного сильнее. Тогда как в школах с менее прогрессивной системой наибольший эффект имеет все-таки обучение согласно инструкциям преподавателя [4].

Пожалуй, самым печальным фактом, выявленным в исследовании, является высокая межрегиональная дифференциация в качестве образования. А такую ситуацию сложно назвать приемлемой для унитарного государства. Судите сами: разница в Казахстане между самым успешным и самым отстающим регионами составляет примерно 90 баллов. А по новой методике ОЭСР (Организация экономического сотрудничества и развития) это эквивалентно трём годам обучения! Выходит, что 15-летний подросток из отстающего региона по своему умению принимать решения в сложных жизненных ситуациях подобен 12-летнему подростку из наиболее успешного региона. Другими словами – отстаёт на три года в развитии.

Кроме того, сохраняется большой разрыв в уровне знаний и функциональных компетенций между учащимися городских и сельских школ и колледжей, детьми из разных социальных групп, а также между школьниками, обучающимися на казахском и русском языках. При этом разница в уровне образования между вышеперечисленными группами составляет 1,5-2 года. Исследование выявило и причины такого «разрыва»: недостаточная квалификация учителей, нехватка педагогов (5-11 класс), потребность в современном оснащении кабинетов. Не будем забывать и о проблеме недостаточного финансирования: если брать за основу методику ОЭСР, то в среднем в мире на одного ребенка в возрасте 6-15 лет тратится в 4 раза больше средств, чем в нашей стране.

Наконец, было выявлено, что доля функционально неграмотных учеников (по стандартам PISA – таких, которые не справляются с заданиями 2-го уровня и ниже) остается высокой: до 40%. Процент выполняющих задания «высокого» и «продвинутого» уровней не слишком радует и по шкале TIMSS – менее 50%.

Выводы очевидны: сегодня система образования Казахстана не выполняет роль «социального лифта» – напротив, она усиливает имеющееся расслоение в обществе, работая как «сепаратор». Печально, что оба исследования (TIMSS и PISA) отмечают столь явную зависимость уровня развития казахстанских детей от социального статуса и возможностей их родителей. Разница немалая: дети из семей с высоким уровнем обеспеченности (дома есть компьютер, доступ к интернету, отдельная комната, более 100 книг в доме) на год-полтора опережают детей, у которых ничего этого нет.

Во-первых, следует сфокусировать внимание на отстающих школах и группах учащихся. Необходимо создать некие системы мотивации для перехода директоров из «сильных» школ в «слабые». Нужно наладить механизма привлечения, развития, поддержки и удержания сильных учителей в слабых школах. Одним из положительных примеров может служить запуск программы «Teachfor Kazakhstan». Также важно внедрение национальной системы ранней диагностики и корректирующей поддержки для слабоуспевающих детей, и увеличение охвата дошкольным образованием детей из уязвимых слоев населения за счет госзаказа.

Ну, и в целом, необходимо пересмотреть государственные расходы на образование. Разумеется, учителям нужно повышать заработную плату. Провести выравнивание среднемесячной зарплаты учителя со средней по Казахстану. Если брать методику ОЭСР, то зарплата учителя должна быть не меньше 85% от среднемесячной зарплаты по стране. Что касается повышения расходов на образование в целом, то его необходимо поднять до уровня 4-6% от национального ВВП и/или не менее 15-20% от общих госрасходов. Актуальная для Казахстана задача – увеличение доступа к высшему образованию. Ну и конечно же, нужно провести ряд системных исследований причин дифференциации качества образования – для принятия управленческих решений [5].

В заключении можно констатировать, что в исследовании PISA, как и во всех других международных сравнительных исследованиях, делается вывод о том, что нет ни одного единственного фактора, объясняющего те или иные результаты различных стран. Взаимодействие факторов носит сложный характер и требует дополнительного многофакторного анализа с учетом показателей, характеризующих различные уровни и объекты системы образования.

Оценка образовательных достижений изучается в контексте различных факторов, влияющих на степень их достижения: социально-экономические условия, преподавание и среда обучения, различные аспекты деятельности организации образования, содержание образования, формы и

методы обучения, материально-техническая база, кадровый состав и т.д., которые в совокупности обеспечивают формирование и развитие компетентности. Как уже было отмечено, подростки в возрасте 15 лет заканчивают ступень основного образования и готовятся к взрослой жизни. В связи с этим, исследование нацелено на выявление знаний, умений и навыков у 15-летних обучающихся, необходимых им в самостоятельной жизни.

Участие Казахстана в PISA заставляет задуматься о качестве, приоритетах в обновленном содержании образования, способствует появлению новых направлений исследований, например, в области изучения возможности реализации компетентностного подхода в образовании.

Анализ результатов исследования позволяет выявить стороны в образовательной подготовке обучающихся, требующие корректировки с целью повышения конкурентоспособности системы нашего образования, а также внедрять учебные и контрольно-измерительные материалы, учитывающие выявленные проблемы.

Большую пользу может принести изучение международного опыта стран, показывающих стабильно высокие результаты в исследовании PISA, которым удалось за довольно короткий срок добиться качественно иных результатов путем проведения ряда образовательных реформ в системе образования.

Список использованной литературы:

1. Национальный отчет по итогам международного исследования PISA2009 в Казахстане: Т.М. Амреева, У.М. Абдиганбарова, Ж.Р. Азмаганбетова, Ж.Н. Базарбекова, Н.Т. Байгелова. – Астана: НЦОКО, 2010. – 155 с.
2. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000832>
3. Обзор ОЭСР школьных ресурсов: Казахстан, 2015. ОЭСР И Всемирный банк, 2015 <http://documents.vseirnybank.org/curated/ru/280631468184451642/pdf/100524-RUSSIAN-PUBLIC-Reviews-of-School-Resources-Kazakhstan-RUS.pdf>
4. Как улучшить успеваемость студентов. <https://forbes.kz/process/education/uchitsya>
5. Как улучшить успеваемость детей в школах: анализ результатов TIMSS и PISA за 2015 год. <https://yvision.kz/post/767842>
6. «Основные результаты международного исследования PISA-2015», 2017 год: Национальный отчет/ С.Ирсалиев, А.Култуманова, Е.Сабырұлы, М.Амангазы – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017. – 241 стр.

УДК 323.28
МРНТИ 14.07.09

Д.О. Танаева¹

¹«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы, Алматы қаласы бойынша ПҚ БАИ
ИТ және ҒЖ(Г)ПОӘ кафедрасының аға оқытушысы

ҮШТІЛДІ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ CLIL ӘДІСІ

Аңдатпа

Мақалада Еліміздің әлеуметтік-экономикалық саласында болып жатқан, ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне сипат алған ағылшын тілінің рөлі және пән мен тілді кіріктіріп білім беруде CLIL әдісінің мақсаты, ерекшеліктері мен қолдану аясы туралы қарастырылған. Қазіргі таңда ғылым мен білім жүйесін дамыту жолында негізгі мақсат тиімді әдіс-тәсілдерді кіріктіру болып табылады. Соның ішінде қазіргі таңда CLIL әдісі – белсенді оқыту әдісі болып отыр. Бұл әдіс бойынша оқушы тілдік құзіретін дамытады, оқуға деген ынтасы артады, сөздік қоры байиды, сонымен қатар алған білімін өмірде қолдана білуге және тез өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімді болады.

Түйін сөздер: білімді ұрпақ, достық пен бейбітшілік, белсенді оқыту, бәсекелестік, түпнұсқалық, кіріктіріп оқыту.

Танаева Д.О.¹

¹старший преподаватель кафедры ИТ и МПЕН (Г) Д в ФАО НЦПК «Өрлеу» по г. Алматы

МЕТОД CLIL В ПРОГРАММЕ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В статье рассмотрена роль английского языка, который влияет на взаимопонимание людей разных национальностей в сфере социально-экономического происхождения нашей страны. Также рассмотрены цели метода CLIL, интегрированные предмет и язык, особенности метода CLIL и сфера его применения. На пути развития системы образования используются методы эффективного обучения для реализации программы трехязычного обучения. В настоящее время CLIL – один из активных методов обучения. Этот метод развивает языковую компетенцию не только в учебе, но и помогает использовать новые знания учащихся и способствует применению всего нового в часто меняющихся жизненных ситуациях.

Ключевые слова: образованное поколение, мира и дружба, активное обучение, конкурентоспособность, аутентичность, интегрированное обучение.

D.O. Tanayeva¹

¹Chief lecturer of department IT and MTNS (H) D in BJSC NCPQ “Orleu” in Almaty

CLIL METHOD OF TEACHING IN THE TRILINGUAL PROGRAM

Abstract

The article describes the role of the English language that affects understanding other Nations and peoples in the sphere of our socio-economic country, and the aims of the method CLIL are integrated in subject and language, features of CLIL method and the sphere its application. Right now, on the way of development of the education system is to use effective teaching methods. At present CLIL is one of the active learning methods. This method develops the language competence not only academically, but also helps you to use your new knowledge of students and contribute quickly apply everything new in frequently changing situations.

Key words: educated generation, peace and friendship, active learning, competitiveness, authenticity, integrated learning.

Бүгінгі күннен бастап ағылшын тілін оқыту өте қарқынды және тез өзгеруде. Осыған орай шет тілін оқыту және оқу өзгерістеріне тез бейімделуде ұстаздарымыз тынымсыз жұмыс жасауда. Білім берудің мақсаты тек адамның мәдениетін байыту емес, білім мен ғылымды үйреніп, әлемдік еңбек нарығында өзін көрсете білу. Ең негізгі көрініс тілді тиімді пайдаланып, қарым-қатынасқа түсу.

Сондықтан шет тілін үйрену жалпы және негізгі пән ретінде қабылданғаны дұрыс. Білім жүйесінде тілді оқыту мен оқу үдерісінде осы қабілеттерге жетудің негізгі шарттары тиімді әдіс-тәсілдерді кіріктіру болып табылады. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Кезінде ағылшын тілінде қатесіз жазып, бірі-бірімізбен диалог құрастырғанымызға, кітапта берілген мазмұнды қатесіз оқып, баяндап бергенімізге мәз болушы едік. Қазіргі мынау жаңа оқыту жүйесін жүзеге асыруға байланысты, кез-келген әлемдік тартыста қарулы болуға, сонымен қатар қазақтардың бәсекелестікке сай, білімді ұрпақ жалғасуына, дамыған елдер қатарына ену мақсатына орай ұстаздарымыз үздіксіз білімдерін дамытып отыр, білім беруді одан әрі ізгілендіру, жеке тұлғаны қалыптастыруда озық, жаңғыртылған әдістемелік жүйені меңгеру, әлемдік білім беру кеңістігіндегі ел дамуына оңтайлы ізгі қадамдарды игеру сияқты жаңа талаптарға сәйкес істерді жүзеге асыруға бет бұрды. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Ұстаздарымызды жаппай жаңартылған бағдарлама бойынша оқытып, әр түрлі семинар, конференция (Халықаралық, республикалық, қалалық, аудандық), вебинар, курстар жүргізілуде. Сонымен қатар, үштілді меңгеру бағдарламасы бойынша көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Негізінде, үш тілді саясат Қазақстан халқы үшін маңызды. Қазақ тілі – ана тіліміз, еліміздің басты бойтұмары, туған тілі. Сонымен қатар орыс тілі – достық пен бейбітшіліктің, этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде еліміздің екінші тілі болып табылады. Демек, орыс тілі ғаламдық экономикаға кірудің ең негізгі тілі ретінде өте маңызды боп табылады. Ал енді ағылшын тілінің жөні – бір басқа. Ағылшын тілі үйренудің заманауи көптілді және көпмәдениетті жаһандаған әлемде адамның күнделікті өмірі мен кәсіптік қызметін қамтамасыз ететін кепіл ретінде әлеуметтік маңызы зор болып тұр. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі көп. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы маңызы зор. Көптілділік дегеніміз көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі. Үш тілді қатар меңгерту білімді жастардың, іскер жастардың көбеюіне көмегін тигізіп, мемлекетімізге үлкен көмегі болатыны айқын. Бір себебін айта кетсек, бір жарым ғасырлық тарихы бар дүниежүзілік халықаралық көрме ЭКСПО – 2017 Еліміздің елордасы Астана қаласында өткізілді. Көрмеге әлемнің түкпір-түкпірінен түрлі ұлттар делегациялары және туристер халықаралық көрмеге келді. Олардың қатынас тілі ағылшын тілі болды. Көрмеде еліміздің жастары аудармашы ретінде жоғары деңгейде қызмет етті. Халықаралық көрме арқылы, біз еліміздің тарихын, мәдениетін, қоғамның үштілде де еркін сөйлейтіндігін әлемге таныттық.

Қазіргі таңда мектеп алды дайындық білім беру орталықтарынан бастап ағылшын тіліне үйретеді, себебі, елімізді болашаққа жетелейтін өсіп келе жатқан жас буын екені белгілі. Елбасы «Қазақстан — 2050» стратегиясында болашақ бүгіннен басталады, ел болашағы – ертеңгі азамат, бүгінгі жас ұрпақ».

Демек, көп тіл білу жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларын тануына мүмкіншілік беретін аса маңызды құралы болып табылады. Үш тілде қатар білім беру үш тілдің қолдану аясының ішінде бірі артық, бірі кемдеу болуына әкеліп соғуы да мүмкін. Жастардың мектеп қабырғасында үш тілді тегін оқып, шетелге шығуына және оқу іздеуіне, ғылыммен, бизнеспен айналысуына зор мүмкіндік туып отыр деуге де болады. Біздің елімізде оқығысы келген адамға әрқашан жол ашық екені рас. Әсіресе, қазіргі әлемдік жаһандану кезеңінде жаңа технология мен қаржы-экономиканың тілі болып есептелетін халықаралық тілдерді меңгерген адамның жұмысты да қиналмай, тез табуға мүмкіндік туады. Әрбір саналы азамат өз елінің болашағы үшін үш тілді қатар меңгергеннен ешбір зиян шекпейді, әсіресе еліміздің шетел елдерімен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түскен кезде.

Қазіргі ақпараттық технологияларының дамыған заманында үш тілді меңгеру қиындық тудырмайды, себебі ағылшын тілін тек білім алу барысында емес, ғаламтордың көмегімен де еркін мең-

геруге болады. Көп тілді үйрету арқылы біз болашақта көзі ашық, әлемдік мәдениетке көзқарасы қалыптасқан азамат тәрбиелейміз деген ойдамыз.

Сапаға жетелейтін, оны қадағалайтын түрлі тетіктер жеткілікті. «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін оқу – тәрбие үрдісіне енгізе отырып, тарату қазіргі таңдағы білім беру саласындағы тырнақ алды маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстанның барлық білім беру мектептерінде НЗМ инновациялық білім беру тәжірибесінің тиімділігін ғылыми тәсілдер арқылы және оқытушы – әдіскерлердің ғылыми-әдістемелік ұстанымдарындағы ерекшеліктеріне тоқталып өтсек.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасының ерекшеліктері:

- оқушыларға алған білімдерін оқудағы және өмірдегі мәселелерді шешуде пайдалануды үйретуге бағдарлау;

- тілдерді деңгейлік үйретуді ұйымдастыру;
- пәндерді кіріктіру;
- жаңа пәндерді енгізу;
- тереңдетіп және стандартты оқуға арналған пәндерді жоғары мектепте таңдау құқығы;
- жоғары оқу орындарына түсуге мақсатты түрде дайындалу;
- бағалаудың критерийлік жүйесі;
- осы бағдарлама негізінде оқушылардың дағдыларын дамыту;
- сын тұрғысынан ойлау;
- білімдерді шығармашылықпен пайдалана білу;
- зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру.

Үштілде білім берудің тиімділігі Халықаралық зерттеулер үш тілде жүргізілетін оқу бағдарламалары бойынша білім алатын оқушылар жұмысқа ұқыпты, мотивациялары жоғары, бірнеше тіл білудің артықшылықтарын түсінеді. Үш тілде оқытудың әдіс-тәсілдері – пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі, командалық оқыту, тілдік ортаға ену.

«CLIL» – Үштілділік оқыту бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді әдісі.

CLIL – әдісінің негізгі қаруы.

Қазіргі таңда тілдік пән емес сабақтарда тіл мен мазмұн ағылшын тілінде қоса оқытылып жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Бұл термин ХХ ғасырдың соңында Еуропада пайда болғанымен, тарихы ертеден басталады. Соңғы жылдары CLIL әдісі Еуропа мен Славация елдерінде үлкен маңызға ие болып отыр. CLIL білім жүйесіне және методологиялық мақсаттарына сай арнайы әдіс болып табылады. Бұл оқушының қызығушылығын арттырып жоғары нәтиже көрсетуінің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Пәнді шет тілінде үйретудің қарапайым жолынан гөрі, пәнді және тілді кіріктіріп оқытуда қос тілділік білім жүйесін қосу маңызды ұсыныстардың бірі болып отыр. Марш пен Фригольс бес негізгі ерекшелігін атап көрсетті:

көп нысаналық, оқыту аясын кеңейту, түпнұсқалық, белсенді оқыту, қолдау.

Марш пен Фригольстың көп нысаналы ұсыныстарына сүйене отырып, өзекті тақырыптарды тілдік емес сабақтарға кіріктіріп оқытуда және жоспарлап оқытуда пәнаралық тақырыптар және жобалар арқылы көрсете алды. CLIL – екі мақсатты көздейтін оқыту әдістемесі.

1. Екінші немесе үшінші тіл арқылы пәнді оқыту.

2. Пән арқылы тілді оқыту.

Мысалы: Бір сабақты алайық, қай пән екенін өзіміз таңдаймыз. Сол пәнге қажетті мағлұматтар мен жабдықтарды аламыз. Сонда тіл мен пәнді сол сабаққа кіріктіріп оқыту үрдісі жүреді. Орыс кластарына География пәнін қазақша оқыту балалардың География пәнін және қазақ тілін үйреніп шығуын көздейді. Мысалы: су буланды, сосын бұлтқа айналды, - деп бір оқушы айтса, екінші бір оқушы: тамшылар жиналды, сосын жаңбыр жауды, - деп өз ойын айтады. Осы кезде мұғалім оқушылардың ойларын жалғастырып, қосымша ақпарат беруге тырысады. Мысалы: табиғи құбылыстарды сипаттағанда осы шақты қолданамыз: Жаңбыр жауады.

CLIL – келесі теорияларға негізделген, Лев Выготскийдің (1978) «Оқушы өз бетінше меңгере алмайтын білім немесе дағдыны өзінен жақсырақ білетіндердің көмегімен үйренеді». Стивен Крашеннің (1982) екінші тіл меңгеру теориясы; «Тілді үйрену грамматикалық ережелерді шектен тыс жаттау мен қайталауды қажет етпейді. Тілді үйрену үшін сол тілде мағыналы әрі шынайы қарым-қатынас болуы керек».

CLIL әдісін қолданатын мұғалім тек пән мұғалімі немесе тек тіл мұғалімі болмауы тиіс, керісінше CLIL әдісін қолданатын мұғалім пән мен тілді қатар оқытуы керек, екеуі теңдей қатар жүруі керек.

CLIL әдісінің артықшылықтары:

- оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіреді;
- оқушылардың сөздік қорын байытады;
- оқушылардың оқуға ынтасын арттырады;
- пәндік білімі бірінші тілде оқитын оқушылармен бірдей, кей жағдайда артық та болады.

CLIL әдісін қолдану барысында -

- әр сабақтың пәндік және тілдік мақсаттары болуы керек;
- мұғалім оқушылардың сол мақсаттарға жетуін қадағалау керек;
- оқушыларға дифференциация жасалуы қажет;
- тірек сөздермен жұмыс жасалуы қажет;
- айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдылары дамытылуы қажет;
- белсенді оқу әдістерін қолдану керек.

CLIL әдісін қолдану барысында тапсырмалар мақсатқа бағытталған, оқушылардың тіл деңгейлеріне сай, орындауға қызықты, ынталандыратын, бір-бірімен логикалық түрде байланысқан болуы қажет.

Ең алдымен тілдік пәндер мен тілдік пәндер емес пәндерге назар аудару қажет. Бұл жерде мұғалім жан-жақты танымы жоғары болуы маңызды және білім алу саласында әрдайым қол ұшын беріп отыруы тиіс. Егер оқушылар сәтті үйреніп шығуға ынталанса тілдік және пәндік білімін оңтайлы қолдана алатындарына сенімді болуы қажет. Адамның өзіне деген сенімділігі біліммен және тәжірибелі жұмыстармен қаруланған ортада көрінеді. Жалпы айтқанда, шет тіліндегі қарым-қатынас және әрдайым қайталанып отыратын тақырыптар және тапсырмалар сенімділіктің негізгі көзі болуына көмектеседі. CLIL – белсенді оқыту әдісіне жатады, өйткені мұғалімдер сабақты жүргізуші ретінде әрекет жасайды, қалған ойлау, сабақ барысында ізденіп жұмыс істеу оқушының міндеті болып қалады. Бірігіп жұмыс жасауда оқушылардың қорқынышы бәсең болады және басқаша айтқанда мотивация дамиды, бірігіп жұмыс жасап тілді үйрену, сабақ мазмұнын түсіну және оқығанының қорытындысын көрсетуді дамытады. Шығармашылық пен критериальды ойлау болса да, ағылшын тілінде білім алу ауыр жолдардың бірі. CLIL әдісі бойынша оқушының өткен тақырыптарды жүйелі саралап өтуіне қолдау табады. Бірақ өткен тақырыптарды қолдану тек ұстазға қатысты дүние, бұл оқушылардың тапсырмаларды орындауына және оларды шешуде көмектеседі. Қарапайым ғана мысалмен айтқанда оқушылардың тапсырманың негізгі берілгеніне қарай орындау немесе тапсырманы орындаудағы мақсатына қарай басқа да тәсілдерді көрсетуге болатынын айтса болады. Оқушылар қолдау көрсетіп отырудың уақытша екенін өздері-ақ басында түсіне бастайды. Кейіннен өздері-ақ тапсырмаларды еш қолдаусыз орындай бастайды. Негізгі құзыреттілігін қалыптастыруда CLIL әдісімен (ContentLanguage Integrated Learning) ағылшын тілінде оқыту ықпал етеді. Бұл әдіспен оқытудың ерекшелігі, мұнда түрлі оқыту жағдайларда сабақ және оқу мақсаттарының берілген кезеңіне тиісті тілді пайдаланып, сабақты өткізу екі тілде (отандық және шетелдік) жүзеге асырылады. Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту – оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс. Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болу.

CLIL әдістемелік тәсілдің негізгі принциптерін анықтау кезінде Еуропа елдерінде 4C (DoCoyle, 2008) деп аталатын төрт негізгі аспектілері анықталады:

Content (мазмұны) – бұл ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыратын пәндік аймақтағы білім, іскерлік, дағды, яғни, өздігінен іздеу, талдау, таңдау, өңдеу және қажетті ақпаратты жіберу қабілеті мен іскерлігі;

Communication (байланыс) – сабақта шетел тіліне үйренуге емес, шетел тілі білімін қосымша қолдануды ұсынатын тілде оқыту, осылайша, оқушылар шетел тілін оқу кезінде қолданады, сондай-ақ, оны қалай пайдалану керектігін үйренеді. Бұл аспект коммуникативті құзырлықтарды қалыптастырады, себебі тыңдай білу, сұрақтар қоя білу және оларға нақты жауаптар құрастыру, қарастырылатын мәселелерді мұқият тыңдау және белсенді талқылау, серіктесінің пікірін түсіну және оларға сыни баға беру секілді жеке тілдік қатынас қабілетін дамытады;

Cognition (таным) – танымдық және ойлау дағдыларын дамытуды жүзеге асырады және бір немесе бірнеше оқу салаларында студенттердің жақсы даярлығын қамтамасыз ететін білім беру құзыретін қалыптастыруға ықпал етеді;

Culture (мәдениет) – мәдениет тілін меңгеруді қамтамасыз ететін, әлемді тану жолдарымен, өзін мәдениет бөлшегі ретінде ұсынумен, балама мәдениетті ұғыну және қабылдаумен жалпы мәдени құзыреттілігін дамыту аспектісі болып табылады.

Осылайша, CLIL әдісі бойынша ағылшын тілінде жүргізу метапәндік байланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру стандарты принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтсақ, мәдени хабардарлығын, интернационализациялау, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге, табысқа мақсатталған, сайып келгенде, басты мақсатқа қол жеткізуге – болашақ түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығы мен тез өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға әкеледі. CLIL әдісін қолдану мұғалімнен пәндік және тілдік білімін жетілдіруді, ресурстарды кеңінен қолдануды, тиянақты жоспарлауды, кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруды талап етеді.

Қорыта айтатын болсақ, көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады.

Елжанды, білімді, салауатты, жауапты, сыни ойлай алатын, үш тіл меңгерген, жалпы адамзаттық құндылықтар мен қазақ халқының мәдениетін бойына сіңірген, толерантты және әлемдік кеңістікте танымал болатын қазақстандық жастарды қалыптастыру үшін негіз салынды.

қауымд.профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты,
Алматы, Қазақстан

ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУДІҢ ШАРТЫ – САБАҚТЫ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУ

Аңдатпа

Мақалада жоспарлау ұғымының теориялық аспектілеріне ғалымдардың ой-тұжырымы арқылы талдау жасалған. Оқыту үдерісін тиімділігін арттыруда сабақты тиімді жоспарлаудың қажеттілігі, кездесетін кедергілерді жою, меңгеру жолдарын айқындайды.

Жоспар жасаудың алдында оқытудың үш: эмоциялық, әлеуметтік және когнитивті салаларына талдау жасау арқылы ерекшелігін көрсетеді. Сабақты жоспарлауда білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен анықталған оқу мақсаттары тұтастай шығу үшін негізгі төрт сұраққа жауап іздей отырып, қол жеткізуге болатындығын көрсете білген.

Қазіргі уақытта мақсат қоюдың әдістемелерінің бірі – Д.Доурдэн бойынша SMART критерийлері арқылы мақсаттарды қою жолдарын ақындаған.

Қазақстан Республикасында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру Стандартында күтілетін нәтижелерді анықтау, осы дамытуды ақпараттандыру үшін оқу бағдарламасындағы негізгі бағыт болып табылатын Б.Блумның таксономиясы қолданылу жолдарын нақты айқындалған.

Білім алушылардың сабақтың өнімділігін ғана біліп қоймай, сонымен қатар студенттің эмоционалдық аспектісіне мән берілу керектігін көрсете білген.

Жоспарлау үдерісінің маңызды компонентінің бірі – білім берушінің өзіндік жұмысында (БӨЖ) Блум таксономиясының жоғары ойлау деңгейіне бағытталып құрастырылған тапсырмалар жүйесінің қолдану жолдарын нақты көрсете білген.

Түйін сөздер: жоспарлау, оқу мақсаты, SMART критерийлері, бағалау критерийі, рефлексия, кері байланыс.

Набуова Р.А.¹, Сайлауова Н.С.², Жубандыкова А.М.³

²кандидат педагогических наук, ст.преподаватель
Казахского государственного женского педагогического университета,
г. Алматы, Казахстан

²доктор педагогических наук
Атырауского государственного университета имени Х.Досмухамедова,
г. Атырау, Казахстан

³кандидат педагогических наук, ассоц.профессор
Казахского государственного женского педагогического университета
г. Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ УРОКА – УСЛОВИЕ ДОСТИЖЕНИЯ ВЫСОКОГО РЕЗУЛЬТАТА

Аннотация

В статье проанализированы теоретические аспекты понятия проектирования, взгляды ведущих ученых. Выявлены необходимость эффективного планирования урока, устранения трудностей и способов достижения высоких результатов учебного процесса. Авторы отмечают, что необходимо учитывать при планировании обучения следующие характеристики: эмоциональные, социальные и познавательные. При планировании урока и формулировании целей обучения необходимо учитывать индивидуальные потребности учащихся.

В настоящее время одним из методов формулирования целей является постановка целей с помощью критериев SMART по Д.Доурдэну.

Ожидаемые результаты обучения четко определены Государственным общеобязательным стандартом образования Республики Казахстан и учебной программой, основанными на таксономии Б.Блума.

Важно, чтобы студенты получили знания не только о производительности урока, но и учитывали эмоциональные аспекты учащих.

Одним из важнейших компонентов процесса планирования является четкая демонстрация того, что система задач, специально предназначенных для индивидуальной работы ученика, направлена на достижения высокого уровня мышления по таксономии Блума.

Ключевые слова: планирование, цель обучения, критерии SMART, критерии оценивания, рефлексия, обратная связь

R.Nabuova¹, N.Sailauova², A.Zhubandykova³

¹*PhD, Senior Lecturer of the Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty city, Kazakhstan*

²*d.p.s., professor of the Atyrau State University named Kh. Dosmukhamedov Atyrau city, Kazakhstan*

³*Ph.D., Associate Professor of Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty city, Kazakhstan*

EFFECTIVE LESSON PLANNING - CONDITION OF ACHIEVING A GOOD RESULT

Abstract

The article analyzes the theoretical aspects of the concept design, the views of leading scientists. Identified the need for effective lesson planning, challenges and ways of achievement of high results of educational process. The authors note that it is necessary to take into account when planning the training the following characteristics: emotional, social and cognitive. When lesson planning and formulating objectives of training must take into account the individual needs of students.

Currently, one of the methods of formulation of goals is setting goals using the SMART criteria for D.Gordano.

Expected learning outcomes are clearly defined by the State obligatory standard of education of the Republic of Kazakhstan and the curriculum based on taxonomy of B. Bloom.

It is important that the students learned not only about the performance of the lesson, but also took into account the emotional aspects of students.

One of the most important components of the planning process is a clear demonstration of the fact that the system tasks, specifically designed for individual work of the student, aimed at achieving a high level of thinking of bloom's taxonomy.

Key words: planning, training objective, SMART criteria, criteria of evaluation, reflection, feedback

Қазақстандағы білім беру жүйесінде соңғы жылдардағы елеулі өзгерістер Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлік курстары және жаңартылған білім беру бағдарламасының енгізуімен байланысты жүрігізіліп жатқаны айқын.

Жоспарлау – қойылған мақсаттарға жету үшін ресурстарды тиімді пайдалану, келешекте міндеттер мен әрекеттерді анықтаумен байланысты. Жоспар қаншалықты тиімді, жан-жақты ойластырылған болса, табысқа жету мүмкіндігі арта түсетіні анық. Жоспарлау барысында оқытушы мен білім алушының іс-әрекеттері, оның жүйелі алгоритмі, қажетті ресурстар, кездесетін кедергілерді жүзеге асыруда әдіс, стратегияларды қолдану, сондай-ақ, уақыттың мақсатқа жетуге қаншалықты жеткіліктілігі ескерілуі шарт. [1]

Жоспарлау – оқытушы қызметіндегі аса маңызды жұмыс бағытының бірі. Жоспар жасаудың алдында оқытушы оқытудың үш бағытын: эмоциялық, әлеуметтік және когнитивті салаларын басшылыққа алғаны жөн. Бұл болашақта білім алушының өз бетімен таңдау жасауына, оқыту мен оқуда өзгерістерге алып келуіне, оқытушылар білім алушылардың қажеттіліктерін және топтағы іс-әрекеттерін қалай жоспарлау керектігіне бағыттайды.

Әдістер. Нәтижелер. Пікір-талас.

Кембридж университетінің аға лекторы Э.Уилсон үш салаға: эмоциялық, әлеуметтік және когнитивті қатысты топтағы жағымды жағдайды қамтамасыз ету мүмкіндіктерін айқындаған. [2]

Оқыту саласы	Топтағы немесе сыныптағы жағымды жағдайды қамтамасыз ету жолдары айқындаудап алуы керек:
Эмоциялық сала	- Білім алушылардың қауіпсіздік және сенімсіздік сезімдерін болдырмау. - Білім алушы ретінде жағымды рөлін, өз күшіне сенімділігін арттыру. - Оқуға деген құлшыныс, қызығушылығын оятуға. - Табысқа жету, бақылау сезімдерін арттыруға.
Әлеуметтік сала	- Қабылдау және қарым-қатынас сезімін көтеруге. - Тең жағдайда бағалану сезімін жаңғырту, құруға.

	- Әрбір білім алушының білім алуына деген ұжымдық жауапкершілігін арттыруға, (ол топтық, жұптық жұмыс арқылы).
Когнитивті сала	- Тәуекелге бару және оқыту мен оқуда қиындықтарды жеңу үшін өз-өзіне сенімділігін арттыруға. - Топтағы іс-әрекеттің мағынасы мен маңыздылығын түсінуге. - Ойлану, сауал қою, талқылау үдерісіне қатысуға. - Сұрақ қою және идеяларды анықтауға. - Білім алушыларды сабаққа белсенді қатысуға.

Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, бірінші басымдық беретін жұмыс бағытымыз болып табылады.

Екінші басымдық беретін жұмыс бағыты: сабақты жоспарлауда білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен анықталған оқу мақсаттары тұтастай шығу үшін негізгі төрт сұраққа жауап іздей отырып, қол жеткізуге болады.

Тәжірибемізге сүйенсек, оқытушы өзіне-өзі сұрақ қоя отырып, бірінші сұрақ, «Мен кімді оқытып жатырмын?» - білім алушылардың қазіргі білім деңгейі; екінші сұрақ «Мен не үйретіп жатырмын?» - оқыту мен оқудағы қалыптасатын дағдылары; үшінші сұрақ «Мен қалай оқытамын?» - оқыту әдіс-тәсілдері; төртінші «Білім алушылардың сабақты түсінгенін қалай анықтаймын?» - бағалау, сұрақ-жауап тәсілдері, білім алушылардан кері байланыс алу арқылы жүзеге асырамыз.

Жоспарлаудағы келесі жұмыс бағыты ол мақсат қою, мақсат қою – белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асатын үздіксіз процесс. Әрбір қойылған мақсатты үнемі талдап, қажет болса қайта қарастыру керек.

Қазіргі уақытта мақсат қоюдың әдістемелері жетерлік. Оқу мақсатын SMART критерийлері бойынша болуы қажеттілігі туындап отырғаны баршаңызға белгілі. SMART атауы ағылшын сөздерінің бірінші әріптерінің аббревиатурасы болып табылады. Д.Доурдэн бойынша SMART мақсаттарды қою: [3]

- S (Specific) – мақсат нақты болуы керек, қол жеткізу үдерісіне жұмылдырылған қатысушылар оның неден құралатыныны түсінуі керек.

- M (Measurable) – мақсат өлшенетін болуы керек, қол жеткізу үдерісіне жұмылдырылған қатысушылар олармен мақсатқа қол жеткізе ме, жоқ па, соны түсінуі керек. Өлшенетін нәрсе ғана өнімдірек жасалады.

- A (Achievable) – мақсат қол жеткізетін болуы керек, қол жеткізу үдерісіне жұмылдырылған қатысушылар тиісті ресурстарға ие болуы қажет.

- R (Realistic) - мақсат шынайы болуы керек, нақты нәтижеге бағытталуы тиіс.

- T (Timely) – мақсат уақытпен айқындалуы керек, әрбір мақсат үшін оған қол жеткізудің уақыт тарапынан шектеу болуы тиіс.

Мақсатқа жеткісі келген адам оны жақсы білуі керек. Брайан Трейси өзінің «Мақсатқа қол жеткізу» кітабында көрінбейтін мақсатқа дөп түсіру мүмкін емес екендігіне назар аударады. Алайда бұл мақсат анық көрінетін болса және сіз атуды жалғастыратын болсаңыз, түптің-түбінде оған дәл жеткізесіз, - деген тұжырымы шындығында сабақтың сәттілігі сабаққа қоятын мақсатына байланысты екеніне дәлелдей түседі [7].

Жаңартылған білім берудегі оқу бағдарламасында оқу мақсаттары білім алушылардың пәнді меңгеруін дамытуы қажет білімі мен дағдыларын анықтайды. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру Стандартында күтілетін нәтижелерді анықтау, осы дамытуды ақпараттандыру үшін оқу бағдарламасындағы негізгі бағыт болып табылатын Б.Блумның таксономиясы қолданылады. [1]

Ғалым Э.Уилсон «Жеке нәтижелер Блум сипаттаған үш саланың біріне байланысты болуы керек» екеніне, маңыздылығына назар аударады. Блум таксономиясының когнитивті сала бойынша сипаттамасы мен нәтижеге негізделген қолдануға болатын пайдалы етістіктерді басшылыққа алуға болады. [2]

Блум таксономиясы: когнитивті қатынас	Сипаттамасы	Нәтижеге негізделген сөлемдерде қолдануға болатын етістіктер
Эвалюация	X-ті белгілі мақсатпен бағалау мүмкіндігі	Бағалау, баға беру, эвалюация, салыстыру
Жинақтау	Элементтерді бір бүтін етіп реттеу және біріктіру	Құрастыру, ұйымдастыру, ұсыну
Талдау	Мәселені анықтап алу үшін құрамдарға бөлу	Анықтау, талдау, есептеу, тестілеу, тексеру
Қолдану	Ережелер мен қағидаттарды қолдану	Қолдану, пайдалану, көрсету, өз ойын білдіру, тәжірибеден өткізу.
Түсіну	Мағынасын түсіну, бірақ бұл түсінікті белгілі бір жағдайдың шегінен асырмау	Сипаттау, түсіндіру, талқылау, мақұлдау
Білу	Алдында көрсетілген мәліметті қайта құрастыру	Анықтау, атап шығу, қайта құрастыру, жазу

А.Энштейннің «Мен ешқашанда шәкірттерімді үйретпеймін. Мен тек қана олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын» – деген пікірі расында да ой саларлық тұжырым.


Практикалық, семинар сабақтарда интерактивті әдістеме арқылы қолданылатын тапсырмалар жүйесі дайындалды. Бұл тапсырма, стратегияларды қолдану арқылы білім алушыларда проблемаларды анықтап, оларды шешудің шынайы құралдарын айқындау; тиісті ақпаратты жинақтау мен сұрыптау; белгіленбеген жорамал мен құндылықтарды мойындау; дәлелдерді бағалау, тұжырым жасау; алынған тәжірибенің негізінде ұстаным модельдерін түзету сынды дағдылар қалыптасады.

Жоспарлау үдерісінің маңызды компоненті бірі – семинар-практикалық сабақтарда, білім берушінің өзіндік жұмысында (БӨЖ) Блум таксономиясының жоғары ойлау деңгейіне бағыттап тапсырмалар жүйесін құрастыру болып табылады.


Сабақта білім алушылардың дарындылығының түрлері көрініс тапқанын көрсету үшін олардың есте сақтауы мен біліміне, өз білімін жетілдіруіне, ойлау қабілетінің жылдамдығына, мәселені шешу ерекшеліктеріне, шешім қабылдау икемділіктеріне, тапсырма қиындығына деген көзқарасына, назары мен күш-жігерінің шоғырлануына сияқты сенімді өлшемдерге баса назар аудару қажет етеді [4]

Егер сіз маған атып берсеңіз – мен ұмытып қаламын, егер жазып берсеңіз – мен оны оқимын, бірақ бәрібір де ұмытамын, ал егер сіз мені іске тартсаңыз – мен білемін әрі есте сақтаймын – деген Конфуцийдің ой-тұжырымы өміршеңдігін жоймаған. Дэвис және Херш «Білім танымның келісілген аймағы ретінде қарастырылады: білім алушы пассивті түрде алуды тоқтатып, сол білімнің «жасаушысы, құрастырушысы» бола бастайды» деген. Сондықтан семинар-практикалық және білім алушының өзіндік жұмыстарындағы сұрақтар мен тапсырмалар сын тұрғысынан ойлауға, білім алушылар өздері құрастыруға бағытталды. [5]



«Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістемесі» пәнінен Блум таксономиясына негізделген ғылыми зерттеу жұмысының алгоритмін құрастыру тапсырмасы.



«Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістемесі» пәнінен Блум таксономиясына негізделген Маслоу пирамидасы арқылы студенттің өзіндік дамыту тұжырымдамасын құрастыру тапсырмасы.



“Бастауыш мектепте критериалды бағалау әдістемесі” пәнінен қалыптастырушы бағалаудың оқыту әдістерін қолдану ерекшелігіне талдау жасау тапсырмасы.

Қалыптастырушы бағалау оқыту әдістері	формасы, түрі	Қолдану ерекшелігін салыстыра отырып, талдау жүргізіңіз
Топтардағы өзара бағалау 	«2 жұлдыз, бір ұсыныс» Мадақтау сэндвичі	
Өзін-өзі бағалау 	Соңғы бес минут	

Оқытуға негізделген бағалауды қолдану және бағалау критерийлері (табыс критерийі) оқытудың мақсаты ретінде білім алушылар нені білу, түсіну және жаса алу қажеттілігімен айқындалады. «Табыс критерийі» термині Ұлыбританидан шыққан, бұл «бағалау критерийі» терминінің синонимі болып табылады. Бағалау критерийі шындығында білім алушының оқу мақсатына жеткен-жетпегендігін анықтауға көмектеседі. [1]

Бағалау критерийді белгілеу әдісін пайдалануымыз топтық жұмыста топ мүшелерінің білімділігі, жетістіктері топ мүшелерімен келісіліп қойылады, білім алушылардың құзыреттілігінің қалыптасуына, дарындылығын ашылуына жағдай жасайтын, білім берудің мақсатымен мен мазмұнына бағытталған, нақты анықталған критерийлер бойынша таразылауға негізделген сабақ үрдісі болып табылады.

Семинар-практикалық сабақтарда постер қорғауда студенттермен бірлесе құрастырылған бағалау критерийлері мен дескрипторы ұсынып отырмыз.

Постерді бағалау критерийлері мен дескрипторы

ОЙЛАУ ДЕНГЕЙІ		КРИТЕРИЙІ	Дескрипторы
жоғары	қолдану	Постерде: дәрісте берілген түйінді ойлар толыққанды қамтылған, практикалық қолданысына байланысты мысал келтірілген, ой жүйелі құрылғаны байқалады.	1-3
	талдау	Постерде: дәрісте берілген негізгі ой, пікір, анықтамаларды салыстыру және талдай алуға бағытталған. Қосымша тың ақпараттармен: ғаламтор желісі, энциклопедия, сөздіктерден алынған ойлар, пікірлер қамтылған.	
	жинақтау бағалау	Постерде: дәрістегі негізгі ойды тақырыпқа сай келетін символ, транскрипция және белгілермен тұжырымды көрсете алған және негізгі ой мен көркемдігі сай келеді. Әрбір топтың баяндамашылар ойды тиянақты, нақты жеткізе алады.	
орташа	қолдану	Постерде: дәрісте берілген түйінді ойлар қамтылған, практикалық қолданысына байланысты толыққанды емес, ой жүйелі құрылғаны оншалықты байқалмайды.	1-2
	талдау	Постерде: дәрісте берілген негізгі ой, пікір, анықтамаларды салыстыру және талдай алуға бағытталған. Қосымша тың ақпараттармен: бір не екі ғана ғаламтор желісінен, энциклопедиядан, сөздіктерден алынған ойлар, пікірлер қамтылған.	
	жинақтау бағалау	Постерде: Дәрістегі негізгі ойды тақырыпқа сай келетін символ, транскрипция және белгілермен тұжырымды көрсете алмаған және негізгі ой мен көркемдігі арасында алшақтық байқалады. Әрбір топтың баяндамашылар ойды нақты жеткізуде шұбалаңқылық байқалады.	

Тиімді жоспарлаудың маңызды аспектілерінің бірі – Сабақ соңында алынатын рефлексия болып табылады.

Рефлексия біріншіден, білім алушының өзіндік ой толғау жасай алу, нәтижесінде өзін-өзі бағалау, екіншіден, өзінің мықты, әлсіз тұстарымен өз мүмкіндіктерімен жақын арадағы даму аймағын толыққанды білу, үшіншіден, тақырыпты терең меңгеру үшін рефлексия жасау арқылы өзгеріс енгізе алу бағыттарын айқындау.

Кері байланыс білім алушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді.

Рефлексия мақсаты – өткенді еске түсіру, өзінің сабақ үдерісіндегі іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Оқытушы студенттің кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын ала біледі.

«Бүгінгі сабақтағы өз жетістігіңізді бағалаңыз», «SWOT талдау», «Сөйлемді аяқта», «сауалнама» тұрғысында сынды кері байланыс түрлендіріп алуға болады.

Сауалнаманы: «Бүгін сабақта сіз қандай жаңалықтар ала алдыңыз? Әдіс-тәсілдердің орындалуы қаншалықты жүзеге асыруға болады? болашақ тәжірибеңізде қалай пайдаланар едіңіз? сіздің ұсынысыңыз? Сұрақтарға қысқаша о-тұжырымдарын жазады.

SWOT талдау күрделі үдеріс. SWOT талдау – баламаларды салыстырудың жиі қолданылатын әдістерінің бірі, ағылшынның 4 сөзінен құралған: Strengths (мықты жақтары), Weaknesses (әлсіз жақтары), Opportunities (мүмкіндіктер), Threats (қауіп). [5].

SWOT талдауды қолдану арқылы студенттердің оқыту үдерісін жақсартуда өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың рөлін қаншалықты түсінетіндіктерін, өзін-өзі бағалаудың және өзара бағалаудың бір немесе бірнеше стратегиясын қалай пайдаланатындықтарын анықтау бағытталады.

Сабақ соңындағы рефлексия оқу үдерісінің нәтижесін, білім алушы жетістігі мен әлсіз тұстарын анықтауға және ең маңыздысы оқытушыға келесі сабағын осы мәліметтерді пайдалана отырып, тиімді жоспарлауға мүмкіндік алады.

Барлық сәтті сабақтар тиімді жоспарлаудан басталатыны шындық. Тиімді сабақты қалыптастыру оңай үдеріс емес, ол мұқит ойластыруды талап етеді.

Қорытындылай келе сабақты тиімді жоспарлауда басымдық беретін жұмыс бағыттары айқындалды: *біріншіден*, эмоциялық, әлеуметтік және когнитивті салаларын басшылыққа ала отырып, білім алушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен коллаборативті оқытуға арналған орта құру және жағдай жасау; *екіншіден*, оқу мақсаттарының SMART критерийлеріне негізделуі және білім алушылардың пәнді меңгеруін дамытуға қажетті білімі мен дағдыларын анықтауға бағыттау; *үшіншіден*, Блум таксономиясы ойлау деңгейі мен білім алу нәтижелерінің сәйкестігін сақтау; *төртіншіден*, білім алу нәтижелері мен оқыту әдістерінің сәйкес келуін; *бесіншіден*, оқытуға негізделген бағалауды қолдану және бағалау критерийлері (табыс критерийі) оқытудың мақсаты ретінде білім алушылар нені білу, түсіну және жаса алу қажеттілігін айқындай алу; үнемі оқу нәтижелері мен бағалау арасындағы байланысты сақтау; сондай-ақ, оқыту нәтижелерін сабаққа, топтың көлеміне, білім алушылардың деңгейіне бөлінген уақытты ескере отырып, жоспарлау.

Сабақта қолданылатын барлық стратегиялар логикалық тұрғыда өзара байланысты бірі сызыққа тізіліп, бірін-бірі толықтыратындай болғанда ғана өз нәтижесін береді.

Егер білім алушыларға оқу әрекетінің мақсаттары және көзделген нәтиже түсінікті болса, олар өз жұмысының сапасын өздері тексере алады. Білім алушылардың оқу мақсаттарын және оған жету өлшемдерін айқын түсінуі жоспарлау дағдыларын дамытудың міндетті шарты болып табылады.

Ғалымдар Харт, Диксон, Друмманд және МакИнтайер: Жоспарлау – оқытушы қызметіндегі ең маңызды үдерістердің бірі. Тиімді жоспарлау – оқытушылар білім алушылардың әлеуетін өзгерте аламын деген өз күштеріне деген сенімнің негізінде жатыр. Бұл пікірлер оқытушылар білім алушылардың таңдау жасауына оң әсерін тигізеді. [7] Шындығында әдістерді, жұмыс түрлері мен оқыту стратегияларын сәтті ұштастыра білгенде ғана көзделген нәтижеге жетуге, сабақты тиімді жоспарлауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік нұсқаулық /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ/ О.И. Можяева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденованың редакциясымен. – Астана, 2016. – 48 б. – кітап (жаңартылған білім беру бағдарламасы)*
2. Уилсон Э. *Оқуды жоспарлау. Педагогикалық диалог. Ақпараттық-әдістемелік журнал. №1(11) 2015 жыл*
3. Трейси Б. *«Мақсатқа қол жеткізу» 2008 жыл.*
4. *Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. Төртінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, педагогикалық шеберлік орталығы. www.cpm.kz. Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. 13б. – кітап (жаңартылған білім беру бағдарламасы)*
5. *Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік нұсқаулық /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ/ О.И. Можяева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденованың редакциясымен/ – Астана, 2016. – 16 б.– кітап (жаңартылған білім беру бағдарламасы)*
6. *Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші (негізгі) деңгей, үшінші басылым. [Www.cpm.kz](http://www.cpm.kz), 2012, Б.19–20.*
7. *Харт, Диксон, Друмманд және МакИнтайер, 2005 ж. – Шекарасы жоқ оқу. Оупен Фниверсити Пресс.*

УДК 37.02
МРНТИ 14.01.11

І.С. Сманов¹, М.М. Мырзахметов²

*¹п.ғ.д., профессор, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты
Шымкент қ., Қазақстан*

*²п.ғ.к., доцент, Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан*

КРЕАТИВТІ ОҚЫТУ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУҒА АПАРАР ЖОЛЫ

Аңдатпа

Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады. Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Ол үшін оқыту үдерісі, сабақты өткізу әдістемесі, технологиясы инновациялы болуы, танымдық-тәжірибелік жұмыстар жаңа сабақ білімдерін игерулері практикада табысты қолдана білулеріне жеткізілгенде сындарлы ойлай білетін ақпараттар ағымында бағдарлана білуге қабілетті адамдарды даярлауға басымдық беріледі.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, сабақ, оқушылар, танымдық белсенділік

Сманов І.С.¹, Мырзахметов М.М.²

¹д.п.н., профессор, Южно-Казахстанского государственного педагогического института,

г. Шымкент, Казахстан

к.п.н., доцент Международного Казахско-Турецкого университета

г. Туркестан, Казахстан

КРЕАТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ ПУТЬ К ОБЩЕСТВЕННОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ СОЗНАНИЯ СТРАНЫ

Аннотация

В статье четко отражены главные духовные ценности современного Казахстана. Это не только статья, содержание которой очень глубокое, и имеет широкий диапазон, где поднимается вопросы духовного возрождения нации ХХІ века. Народная программа предлагает инновационные подходы в области науки, образования, возрождения национальной духовной культуры и истории. Глава государства обозначает модернизацию как основной особенностью деятельности образования. Президент страны обозначает главным приоритетом образование и науку. В программной статье Президент сказал: «Глубокие знания – опора независимости» и ни в коем случае нельзя допускать исчезновения национального кода нации независимого Казахстана в условиях глобализации, глубоких знаний, и совершенствовать конкурентоспособных личностей и национальных ценностей. Это означает, что на данном маршруте выражает умную мысль: «Знания должны стать источником вдохновения для преподавателей высших учебных заведений, потому что это стремление было у нас в крови и наше особенное свойство». Для этого в процессе обучения и в методике проведения занятий должны присутствовать инновационные технологии ведь наличие познавательного-конструктивных знаний с применением этих знаний на практике помогает лучше усваивать знания, думать конструктивно, и развивает личностей способных успешно ориентироваться в потоке информации.

Ключевые слова: духовное возрождение, урок, учащиеся школ, познавательная активность

I.S. Smanov¹, M.M. Myrzahmetov²

¹Ph. D. Professor, South Kazakhstan state pedagogical Institute
Shymkent, Kazakhstan

²Ph. D., associate Professor International Kazakh-Turkish University
Turkestan, Kazakhstan

CREATIVE LEARNING THE WAY TO MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS OF THE COUNTRY

Abstract

The article clearly reflected the major spiritual values of modern Kazakhstan. It is not only the article, which is very deep, and has a wide range where it is raised a spiritual rebirth of the nation of the XXI century people's program offers innovative approaches in the field of science, education, revival of national spiritual culture and history. The head of state refers to modernization as the main feature of the work of education. The President represents the main priority of education and science. In proqrammnoe, the President said: "in-depth knowledge – support of independence" and in any case it is impossible to prevent the disappearance of the national code of the nation of Kazakhstan in conditions of globalization, knowledge, and improve competitive personalities and national values. This means that on this route expresses a clever idea: "Knowledge should be a source of inspiration for teachers of higher educational institutions, because that desire was in our blood and our special feature". To do this, in the process of learning and in the methods of classes should present innovative technologies because the presence of cognitive and constructive knowledge with the application of this knowledge in practice helps to acquire knowledge, to think constructively, and develop personalities able to successfully navigate the flood of information.

Key words: spiritual revival, the lesson, pupils cognitive activity

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары туралы терең ой айтылған. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек деп көрсетті [1].

«Бүгін біздің әрқайсымыз 2030 Стратегиясы іске асты, заманауи Қазақстан орнықты деп айта аламыз. Бұл біздің бірлігіміздің, табанды да қажырлы еңбегіміздің нәтижесі, ұмтылыстарымыз бен үміттеріміздің жанды көрінісі» деп атап өтті Елбасы «Қазақстан–2050» Стратегиясында. Тәуелсіз Қазақстан әлемдік рейтингте алдыңғы қатарлы дамыған 50 елдің қатарына қосылу мақсатына жетті дегенді айтып, әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі аса күрделі міндет қазақстандықтар алдына жауапкершілікпен өткір қойылды, оған негіз бар.

Елбасының жастар саясатына, білім беруге, Қазақстан халықтарының достығына мән беріп, елімізді дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, жағдай жасауды, ұйымдастырып, халқының болашағын ойлауынан.

Болашақтарымызды өмірге, еңбекке және шығармашылыққа даярлау отбасынан, мектептен басталып, функционалды сауатты болуымен, білімі, іскерлігі, дағдысы қалыптасып, өзін-өзі дамытуымен саналы түрде бәсекелестікке барыншалайықты болып шығулары қамтамасыз етіледі [2]. Ол үшін оқыту үдерісі, сабақты өткізу әдістемесі, технологиясы инновациялы болуы, танымдық-тәжірибелік жұмыстар жаңа сабақ білімдерін игерулері практикада табысты қолдана білулеріне жеткізілгенде сындарлы ойлай білетін ақпараттар ағымында бағдарлана білуге қабілетті адамдарды даярлауға басымдық беріледі.

Ол үшін сыныпта сабақтық жүйеге мән беріліп, оны жетілдіру арқылы, сапалы білім беру мақсатына жетеміз. Педагогика ғылымы және мектеп практикасы өзінің басты міндеттерінің бірі білім беру бағытындағы сабақты жетілдіруге арнайды, атап айтқанда:

1. Сабақтағы мұғалім мен оқушылардың қызметтерін мақсатты арттыру мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі – саналы тәрбие, сапалы білім беру мақсатына сай сабақтың құрылымын, әдістемесін, технологиясын жан-жақты ойластырып, оқыту құралдарын, танымдық жұмыстарын өткізуге шәкірттерімен бірлесіп даярлау және жоспарды нақты орындау.

2. Сабақтың басталуынан соңғы минутына дейін ұйымдастыру жұмыстарын толық қарастыру, алдын-ала сабаққа қажетті оқу көрнекті құрал, техникалық құралдарын, «Виртуалды мектептің» әмбебап интербелсенді кабинет жабдықтарын оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін қолдану.

3. Оқушылардың өзіндік танымдық және шығармашылық белсенділіктерін арттыру. Өз пәнін терең білу, әрбір сабаққа мұқият даярлану, әрбір шәкіртке жол табу, танымдық тәжірибелік және шешу, түрлі жауаптарынан дұрысын таңдап табуға баулу.

4. Оқу-тәрбие жұмыстарын оңтайландыру. Қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселелердің бірі – оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға, теориялық білімдерін іс-тәжірибелерде қолдана білу іскерлігін, дағдысын, сындарлы ойлауымен өзінің болашағын саналы, таңдауына, өздігінен білім алуға қалыптасуына бағыт беру.

5. Білім беруде әдістер, технологиялы оқу, көрнекті құралдардан оңтайлы нұсқасын таңдай білу, қазіргі кезеңдегі электронды әдіс – білім беру жүйесіндегі негізгі бағыт, он-лайн арқылы оқыту жүйесінің жобасын енгізу, инновацияларға басымдық жасау, сандық интербелсенді мультимедиалық білім беру ресурстарын орынды, жүйелі пайдалану, оқытудың техникалық аудио-видео мүмкіндіктерін, Интернетті мақсатты қолдану.

6. Сабақтарда оқу-тәрбие үдерісін мақсатты мазмұнды интенсификациялаумен терең білім беру, танымдық тәжірибелер, амалдарды орындау, оқу, еңбек, ойлау формаларындағы жұмыстарды ұтымды түрлендіру, әртараптандыру, интербелсенді креативтілік тұрғыдан ойлау, шешім қабылдауға дағдыландыру.

Пәнаралық және пәнішілік байланыстарды жүзеге асыру. Жаңа сабақтың оқу материалдарын байланыстыру, негіздеме жасау, жаңғырту, қайта шығару, тәжірибемен толықтыру және келесі түзетулер жасау, тіректі тұжырымдар жасау міндеттері, проблемалар мен сұрақтар қойылып, бірлесіп жауап іздестіруде білім, іскерлік және дағдыларын негіздеп көзқарастар, ұғымдар, заңдар, формулалар, сандық мәліметтер, технологиялармен қабылдау, жаңа білімдерді игеруге ғылыми, әдістемелік бағыттарда пәнаралық, пәнішілік және қазіргі уақыт талаптарына сай қорытындылар жасап, жеткіншектерді шабыттандырады.

Сабақ күрделі, маңызды педагогикалық үдеріс, білім беріледі, саналы тәрбиеленеді, іскерлігі, дағдысы арттырылып, дамыту жасалып, жеке тұлға есебінде оқушы әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық ақпараттармен қызметтерге белсене енуі, араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал жасайтын фактор – ол функционалды сапалар: интербелсенділік, креативтілікті ойлау, когнитивті шешім қабылдай алу, өзін-өзі дамыту мақсат, мүдде және болашағы екендігіне жеткізетін ерекше мәнді сабақтардың типтерінің сапалы, үлгілі, инновациялармен өтілуінде. Динамикалық дамудағы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру, тәрбиелеу, дамыту және зияткерлік, дене, рухани бағыттарда жан-жақты дамыған келешегімізді қалыптастыру толығымен оқытуға байланысты.

«Білім жүйесін модернизациялау барысында бізге мынадай шараларды жүзеге асыру маңызды. Біріншіден, оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологиялар енгізу. Бүгінде халықаралық стандарттар негізінде Назарбаев Университеті мен интеллектуалды мектептер табысты жұмыс істеуде» - деді Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында. (Н.Ә. Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты, Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 26 қаңтар).

Кез келген күрделі нысандар сияқты сабақтарда түрлі міндеттерді, белгілері бойынша оларды типтерге бөлуге болады. Қазіргі кезеңде мектептердегі сабақтың типтерінің үлгілерін атап өтуімізге болады, олар:

- жаңа білімдерді меңгеру сабақтары;
- іскерлік және дағдыларды игеру сабақтары;
- білімдерін қорыту және жүйелеу сабақтары;
- білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын тексеру, бағалау және түзету сабақтары.

Түрлі типтегі сабақтардың арақатынастары түрліше және оқу пәндерінің тақырыбы сипатын мақсатына тәуелді білім беру, іскерлік пен дағдыларын дамыту міндеттерін орындау үшін әдістер, технологиялар, сонымен бірге инновациялар жасау қажет.

Оқу-тәрбие жұмыстарының табыстылығы және тиімділігі оны ұйымдастырудың көптеген формаларын ұтымды пайдалануға тәуелді. Мақсатты бағытталынған, айқын ұйымдастырылған, мазмұнды байытылған, әдістемелік, технологиялық жобаланып, диагностикаланып, жоспарланып, танымдық

жұмыстар қарастырылып, тәрбиелік пікір алысу, өзара бірлесіп, ынтымақтасып мұғалім мен оқушылардың бір мүддеде болып, коммуникациялық құрал-жабдықтар орынды іріктелініп өткізілген әрбір сабақ табысты қамтамасыз ететіндігі мәлім.

Өзара байланысқан бірліктегі тұтас мазмұнды оқыту құралдары, әдістері, технологиялармен ойластырылған өзара толықтыратын, ұстаз бен шәкірттердің мақсаттары мен мүдделері бір болып, келесі функцияларды орындайды:

- оқыту – білім беру оқушыларға білім беру, іскерлігін, дағдысын арттыру ең тиімді жағдайларды жасап, олардың дүниеге көз-қарастарын қалыптастырып, қабілеттерін дамыту;

- тәрбиелеу, оқушыларды түрлі қызмет түрлеріне: әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық бағыттардағы қатыстырып, зияткерлік, адамгершілік және жан-жақты тәрбиелеп, құндылықтарын арттыру;

- ұйымдастырушылық, оқу үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында білім беру стандартына сай, әдістемелік талаптар бойынша, инновациялық технологиямен сапалы білім беруді қамтамасыз ету;

- психологиялық, оқушылардың дамуы, қабылдауы, естерінде сақтауы, зейіндерін арттыруды пайымдаумен оқыту үдерісін мақсатты өткізуді жан-жақты ойластыру;

- дамытушылық, зияткерлік қызметті арттыру когнитивтікке жағдай жасау, өздігінен білім алу, креативтілікті арттыру, өздігінен білім алуға қалыптастыру;

- жүйелеу және құрылымдау оқу материалының мазмұнын, ақпараттарды ғылыми реттерде және қисындылығын сақтап беруді қамтамасыз ету;

- кешенді ету және түзетулер жасаумен білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатын оқыту формасын және оқыту технологиясының өзара байланыстарымен жүзеге асыру;

- ынталандыру, оқушылардың оқу барысында дидактикалық жетістіктерін, оқуға креативтілігін, когнитивтілігін және жас ерекшеліктерін есепке алу, ең бастысы әділеттілік ұстанымын сақтау.

Аталып мән берілетін түрлі оқыту формаларындағы функциялардың бірлікте жүзеге асырылуы мұғалімнің кәсіби жетілуіне ықпал жасайды және оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезеңдегі сабақтарға талаптардың жалпысын атап өтейік:

- ең бастысы жан-жақты, үйлесімді тәрбиелеу, отаншылдық қасиетін, еңбекшілдігін тіршілігін Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамын түсінуге жеткізу;

- бәсекеге барынша лайықты саналы, сапалы, терең, берік білім алуын қамтамасыз ету;

- меңгерген білімдерін практикалық әрекеттерімен іскерлігін, дағдысын арттыруы негізінде өздігінен білім алу қажеттілігін өзінің саналы ұғыуы;

- жеткіншек ұрпақты функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөліп, оқу, оқыту, өздігінен оқу қосымша оқу, тәжірибелер, жаттығулармен өзінің когнитивтілігін арттыру;

- барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Қазақстан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі - Отандық патриотизмнің іргетасы екендігін саналы түсінуіне жеткізу;

- қазіргі заманғы білім беру барысын стандарт талаптарына сәйкестендіріп, сындарлы ойлау өздігінен білім алу қабілетін қалыптастыру;

- Назарбаев Зияткерлік мектептері үлгісінде білім алу деңгейіне жеткізіп білім беру арқылы бүгінгі өскелең ұрпақ - болашақ ел тіректері болатындығына баулу.

Жалпы саналы тәрбиелеу, сапалы білім беру талаптарын шартты түрде төрт топқа бөлуге болады.

Тәрбие талаптары: адамгершілік – адамның ең асыл қасиеттерін тәрбиелеу, халықтық адамгершілік – елдің қажетті қазынасы екендігін ұқтыру, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, оқытуды өмірмен тікелей байланыстыру, өмірге белсенділігін арттыру.

Дидактикалық талаптары: сабақта танымдық белсенділігін қамтамасыз ету, сөздік, көрнектілік және практикалық оқыту әдістерін, инновациялық технологиялармен мақсатты, мүдделермен нәтижелерін ойластырып оңтайлы байланыстыру, оқулықпен жұмыс істеу, танымдық міндеттерді шешу. Оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың және өздігінен білім алудың бірлігі талаптарын теориялық және практикалық бағыттарда жүзеге асырып, өмірдің түрлі жағдайаттарында білімдерін пайдалана білуде функционалды сауаттылығын арттыру. Тұрақты кері байланыс жасау бойынша оқу үдерісінің барысына әсер етіп, сапалы білім беру. Білім алуларына, іскерлігіне, дағдысына қатысты динамикаға

сай сапалылығына тұрақты байқау, бақылау мен оқу жетістіктерін арттыруға сай түзетулер жасау. Оқушылардың сыныптағы, үйдегі танымдық жұмыстарды белсенділікпен орындауларына жету үшін өзіндік жұмыс, өзіне-өзі бақылау үдерісіне мән беру, қалыптастыру. Оқушылардың белсенді танымдық қызметке тарту, практикалық тапсырмаларды орындауларымен білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын бекіту ықпалдарды жүйелі, жоспарлы, инновациямен жүзеге асыру [3].

Психологиялық талаптар. Оқушының әрбір тапсырмаларды, талаптарды уақытында, тыңғылықты және креативтілікпен орындауларын бақылау. Мұғалімнің жігері, жауапкершілігі, мақсат-мүддесі сабақта барлық қызметтерін атқаруымен байқалады. Әсіресе оқушылар ерекше бағалайды:

- талап қоюшылығын;
- білімділігін;
- әдептілігін;
- шеберлігін;
- мәдениеттілігін;
- қайырымдылығын;

- болашағынан үміттілігін. Мұғалім өзін-өзі басқара білуі, «Адамға ақыл керек, іс керек, мінез керек» (Абай) деген ұлағатты ой есте болуы өзіңізге ең қажеттісі - өзінді-өзің ұстай білу (Мишель Монтень), «Өмір - мұхит, уақыт - толқын» (Абай) екендігін түсінісіз.

Гигиеналық талаптар: сыныпта температуралық режимді сақтау, жарықтандыру, талаптарын орындау, озық тәжірибе, инновациялық технология, түрлендірумен сабақ өту, танымдық жұмыстарға басымдық беру, түрлі сезім талдағыштарын әрекеттерге қосу, жұмыс, демалыс оңтайлы алмастыру.

«Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек» – деді «Қазақстан жолы–2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Еліміздің барлық білім беру жүйесінің Назарабаев Университеті мен зияткерлік мектептердің деңгейіне жету уақыт талабы, сонда тәуелсіз елдің ертеңгі тіректеріне сенім мен үмітіміз мол болуын қамтамасыз ететін рухани жаңғыруға апарар жол деп түсіну қажет.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан газеті. – Алматы, 2017. – №10(78). – Б. 1-2.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2010 жылғы 7 желтоқсан №1118// www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/
3. Кручинина Г.А. Новые информационные технологии в деятельности педагога. – Н.Новгород: НФ УРАО, 2014. - С.5 – 18 /105 с.

УДК 331.548:37
МРНТИ 14.07.03

G.S. Saudabayeva¹, M.A. Aitbayeva², A.M. Kozhan³

¹doctor of pedagogical sciences, associate professor
Kazakh national pedagogical university named after Abay
Almaty city, Republic of Kazakhstan

²candidate of pedagogical sciences, Kyzylorda State University named after Korkyt Ata
Kyzylorda city, Republic of Kazakhstan

³master of pedagogical and psychological sciences,
Kazakh academy of sport and tourism
Almaty city, Republic of Kazakhstan

SUBSTANTIVE-PROCEDURAL MODEL OF PROFESSIONAL SELF-DETERMINATION OF THE STUDENT'S PERSONALITY

Abstract

The article deals with the problem of professional self-determination of the student's personality. The development of their individual qualities and abilities adequately and responsibly treat this process.

On the basis of the analysis, the essence of self-determination is defined, which consists in the conscious choice by the individual of his place in the system of social relations on the basis of awareness of his personal qualities and moral values, his own position, goals and means of self-realization for choosing the direction of future professional activity.

It is emphasized that professional self-determination has its specific content, expressed in the active search for the sphere of professional activity and the correlation of its capabilities with the requirements and conditions of professional activity. The content-procedural model of professional self-determination of a personality is revealed. The following components of professional self-determination of the individual are distinguished: diagnostic, educational, psycho-physiological, social, psychological, interdisciplinary.

The stages of professional self-determination are defined and described in detail.

A number of difficulties associated with the situation of choosing a profession by schoolchildren are revealed.

It is pointed out that the process of professional self-determination should be considered in the context of activities such as vocational guidance, profile education, upbringing and self-education, in which the system of public orientation of schoolchildren interacts in matters of choice of profession and personality as a self-regulating system.

Keywords: self-determination, professional self-determination of a student, components of professional self-determination.

Г.С.Саудабаева¹, М.А.Айтбаева², А.М.Кожан³

¹д.п.н., ассоциированный профессор КазНПУ им. Абая, г.Алматы, Қазақстан

²к.п.н., и.о. ассоциированного профессора КГУ им. Коркыт Ата
г. Кызылорда, Казахстан

³магистр, Казахская академия спорта и туризма
г. Алматы, Казахстан

СОДЕРЖАТЕЛЬНО-ПРОЦЕССУАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ ЛИЧНОСТИ ШКОЛЬНИКА

Аннотация

В статье рассматривается проблема профессионального самоопределения личности школьника. Развитие их индивидуальных качеств и способностей адекватно и ответственно относиться к данному процессу.

На основе проведенного анализа определяется сущность самоопределения, которая состоит в осознанном выборе личностью своего места в системе социальных отношений на основе осознания ею своих личностных качеств и нравственных ценностей, собственной позиции, целей и средств самореализации для выбора направления будущей профессиональной деятельности.

Подчеркивается то, что профессиональное самоопределение имеет свое конкретное содержание, выражающееся в активном поиске сферы профессиональной деятельности и соотношении своих возможностей с требованиями и условиями профессиональной деятельности. Раскрывается содержательно-процессуальная модель профессионального самоопределения личности. Выделяются следующие компоненты профессионального самоопределения личности: диагностический, воспитательный, психофизиологический, социальный, психологический, междисциплинарный.

Определяются и подробно описываются этапы профессионального самоопределения.

Раскрывается ряд трудностей, связанных с ситуацией выбора профессии школьниками.

Указывается на то, что процесс профессионального самоопределения необходимо рассматривать в контексте таких видов деятельности как профессиональная ориентация, профильное обучение, воспитание и самовоспитание, в которых осуществляется взаимодействие системы общественного ориентирования школьников в вопросах выбора профессии и личности как саморегулирующейся системы.

Ключевые слова: самоопределение, профессиональное самоопределение личности школьника, компоненты профессионального самоопределения.

Г.С. Саудабева¹, М.А. Айтбаева², А.М. Қожан³

*¹п.э.д, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан*

*²п.э.к., қауымдастырылған профессор м.а., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ
Қызылорда қ., Қазақстан*

*³магистр, Қазақ спорт және туризм академиясы,
Алматы қ., Қазақстан*

МЕКТЕП ОҚУШЫСЫ ТҮЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ ӨЗІНДІК АНЫҚТАУДЫҢ МАЗМҰНДЫ-ҮДЕРІСТІК МОДЕЛІ

Аңдатпа

Мақалада мектеп оқушысының кәсіби өзіндік анықтау мәселесі қарастырылады. Олардың аталған үдеріске жауапкершілікпен қарау қабілеттері мен жеке қасиеттерін дамыту.

Өткізілген талдау негізінде, жеке қасиеттер мен моральдық құндылықтардың, олардың хабардарлық негізінде әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі адамның орны саналы тандауы өзіндік анықтау, сипаты, өз лауазымы, мақсаттары мен болашақтағы өзін-өзі жүзеге асыру кәсіби қызмет бағыттарын тандаудан тұратын өзіндік анықтаудың мәні анықталады.

Кәсіптік өзіндік анықтаудың кәсіптік қызмет саласын белсенді іздестіруінде және оның мүмкіндіктерінің кәсіби қызметтің талаптары мен жағдайларына сәйкес келуінде көрінетін нақты мазмұны бар екеніне баса назар аударылады. Жеке тұлғаның кәсіби өзіндік анықтауының мазмұнды-үдерістік моделі анықталады. Адамның кәсіби өзіндік анықтауының келесі компоненттері ерекшеленеді: диагностикалық, тәрбиелік, психофизиологиялық, әлеуметтік, психологиялық, пәнаралық.

Кәсіби өзіндік анықтаудың кезеңдері анықталады және егжей-тегжейлі сипатталады.

Мектеп оқушылары мамандық тандау жағдайымен байланысты бірқатар қиындықтар ашылады.

Кәсіби өзіндік анықтау үдерісі кәсіптік бағдар беру, бейіндік оқыту, тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу сияқты іс-әрекеттер тұрғысынан қарастырылуы керек, онда өзін-өзі реттейтін жүйе ретінде кәсіби мен тұлғасын тандауда мектеп оқушыларының қоғамдық бағдарлау жүйесі өзара әрекеттеседі.

Түйін сөздер: өзіндік анықтау, мектеп оқушысы тұлғасының кәсіби өзіндік анықтау, өзіндік анықтаудың компоненттері.

Social and economic modernization of the state requires from the general education school the creation of conditions for effective professional self-determination of students, the development of their individual qualities and abilities to adequately and responsibly treat the problem of professional self-determination.

At the same time, the school's task is not to persuade students to a certain profession and prepare for a non-alternative choice. A holistic approach to this problem presupposes the consideration of professional self-determination of adolescents as a deeply personal, internal activity aimed at the independent construction of one's own life, on a meaningful choice of a professional path on the basis of awareness of one's own characteristics. However, the adolescent needs to independently and constantly choose the sphere of professional activity, focusing not only on his own interests, but also on the needs of society, the prospects for its development.

Our analysis of this process allows us to consider that the essence of self-determination consists in the conscious choice of the individual's place in the system of social relations on the basis of awareness of her personal qualities and moral values, her own position, goals and means of self-realization for choosing the direction of future professional activity.

In the scientific literature, the following areas of professional self-determination of the individual are distinguished:

1. *Diagnostic* – is represented by the works of H.Turner, R.Kettel, R.Amthauer, is drawn to the identification of the individual's possibilities for adaptation to the environment.

2. *Educational* – reflected in the concept of A. Wallon, R.Zazzo and A.Leon, where there is a need for the formation of professionally important qualities under the condition of active individual personality selectivity

3. *Psychophysiological* – was characterized in the works of P.Lazarsfeld, S.Bühler, S.Axelrod and others who identified three age periods characterized by different motivations in choosing a profession: fantasy (4-10 years), active trials (11-17 years) , a realistic choice (18-24 years). They came to the conclusion that the choice of a person's profession is influenced by various subjective factors and that his decision about a professional future depends on the overall development of the individual.

4. *Social* – based on the ideas of the life path (Sh. Buhler, D. Super) and given a kind of periodization of professional development, a description of its successive stages and stages, differing typical tasks (awakening, research, consolidation, preservation, reduction), starting with 4-10 years and ending with the retirement from professional life after 64 years. [1]

THE IMPORTANCE OF MEDIA EDUCATION IN IMPROVEMENT OF COGNITIVE ACTIVITY OF CHILDREN OF PRESCHOOL AGE

Abstract

In today's world of rapid growth of information and technical progress, the emergence of new technical tools with a higher information possibilities is a expected process.

It is known that systematic work on the development of cognitive activity of the child on the basis of media education in the preschool period will continue in school. So, society demands the necessity of increasing of cognitive activity of children in preschool institutions on the basis of media education. In this regard, this article outlines the importance of the media in child development, as well as the ability to provide effective educational process in forming of cognitive activity of children of preschool age. In addition to this, in the article is considered the importance of media education in the formation at preschool children of interest to the educational processes, the development of thinking, creativity, and education to correct the setting of objectives, the ability to use the knowledge gained from modern media sources.

Key words: media education, technology, media, new direction, competitiveness, cognitive activity.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының талаптарына сай, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беретін, үлгісі жасалып жатқан ұлттық мектептерімізде – жаңашыл, шығармашылық ізденістермен еңбек ететін болашақ еліміздің тізгінін ұстайтын жастарды тәрбиелеу, білім нәрімен сусындандыру және өркендеген ХХІ ғасыр деңгейінде жеке тұлғаны қалыптастыру біздің міндетіміз [1].

Қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа сәйкес баланың ой-өрісін дамытып, танымдық іс-әрекетін қалыптастырып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігі жетілдірілген, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы сапалы білім, саналы тәрбие.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда оқу үдерісін тиімді студия жолдарын қарастыру, балалардың оқу-білімге көзқарасын, қоршаған орта, дүниетанымының қажеттілігіне біртіндеп айналдыра отырып, балалардың тұлғасының негіздегі ерекшелігін қалыптастыру, келешек ұрпаққа қажетті білім мен тәбие берудің бір жолы.

Баланы өмірге дайындау үшін танымдық үдерісті дамытудың маңызы ерекше. Даму үрдісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. Мектепке дейінгі даярлық топтарындағы балалар заттардың бояуына, яғни, түсіне, үлкен-кішілігіне, олардың жалпы іс-әрекетте қолдану қажеттілігін білгісі келеді. Ересек адамдардың істеген жұмыстарын үйренуге талпынады. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптаныуын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, көп нәрселер оларды ойландырып, шын мәнінде оларды қолданып көргісі келеді. Балалар әдетте әр нәрсенің сырын білуге тырысады және үлкендерден көмек күтеді.

Танымдық белсенділікті психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл мектепалды даярлық кезіндегі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиелеу және оқыту үрдісінде оны қалыптастыру жағдайларымен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Білім берудің түрлі деңгейлеріне қарай жаңа әлеуметтік сұраныстарының пайда болуы шығармашылық қабілеті бар, саналы, әрі өзбетті іс-әрекетін анықтайтын және осы мақсатқа жету үшін өзін басқара алатын белсенді жеке тұлғаны қалыптастыруды қажет етіп отыр. Бұл талаптарды орындау үшін мектепалды даярлықтағы педагогикалық үрдістердің ең дұрыс бағыты белсенділікті іс-әрекеттік тұрғыдан дамыту болып табылады. Бұл төмендегідей мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: баланың қызығушылығын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту, оқу дағдысын игерту, белсенділігін, мақсат қою біліктілігін және шығармашылығын тәрбиелеу.

Адамның белсенділігі жайындағы мәселе философиялық әдебиеттерде субъектінің белсенділігі жеке тұлғаның әлеуметтік сапасы ретінде анықталады (Сократ, Бэкон Фрэнсис, Декарт Рене және т.б.).

Көптеген зерттеулерде танымдық қызығушылықтың дамуын бақылаушылықпен, есте сақтау қабілетімен, зейінмен, білуге құмарлығымен және т.б. байланыстарыды, яғни қызығушылықты жеке тұлғаның күрделі процестерінің жинағы ретінде көрсетеді (Л.И. Божович, Н.Ц. Купарадзе, В.Г. Леонтьев, А.А. Любленская, М.И. Махмутов, Н.Г. Морозова, А.В. Петровский, Н.К. Постникова, және т.б.).

Мектепке дейінгі балалардың танымдық және шығармашылық белсенділіктерін қалыптастырудың тұлғалық негізділігін психологтар Л.С. Рубинштейн, Л.И. Божович, Л.А. Венгер, Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, А.В. Запорожец, Д.Б. Эльконин, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, Х.Шерьязданова және т.б., мектепке дейінгі балалардың анатомиялық-физиологиялық, танымдық және эмоциялық-еріктік сипаттамаларында белсенділікті А.М. Леушина, А.А. Люблинская, Н.Н. Подъяков, А.П. Усова т.б., танымдық әрекет, жеке тұлғалық даму, белсенділікті арттыру Ш.А. Амонашвили, Т.И. Шамова, Ә.М. Мұханбетжанова т.б., мектепке дейінгі тәрбие мәселелері жөнінде ғылыми-теориялық және әдістемелік зерттеулер Б.Б. Баймұратова, А.Меңжанова, М.С. Сәтімбекова, М.Т. Тұрыскелдина, Ә.Әмірова, А.Е. Манкеш, Қ.Меңдаяқова, Ф.Н. Жұмабекова, Ж.С. Хасанова, Ж.Рысбекова, А.Т. Исақова, А.Х. Казетова т.б., мектепке дейінгі білім беру теориясы және әдістемесі Ұ.Т. Төленова, Г.З. Таубаева, К.М. Метербаева, т.б. еңбектерінде зерттелінген.

Қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа сәйкес баланың ой-өрісін дамытып, танымдық іс-әрекетін қалыптастырып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігі жетілдірілген, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы медиабілім беру.

«Медиабілім» (media education) алынған ақпарат негізінде өздерінің ой-пікірлерін айтуға қабілетті, ақпарат құралдарына сыни және өзіндік көзқарасы бар отандық азаматтарды тәрбиелеу мақсатында медиа құзыреттілікті дамытуға бағытталған оқу ретінде айқындалады. Бұл оларға қажетті ақпаратты пайдалануға, оны талдауға, сондай-ақ ақпаратқа қатысты экономикалық, саяси, әлеуметтік немесе мәдени мүдделерді үйлестіруге мүмкіндік береді. Медиабілім адамдарды хабарламаларды жасауға, коммуникацияға мейлінше тиімді ақпарат құралын таңдауға оқытады. Медиабілім адамдарға өздерінің ойларын және ақпаратты еркін білдіру құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл олардың жеке дамуына ғана әсер етіп қоймай, сондай-ақ, олардың әлеуметтік тұрғыда белсенді атсалысуын және интербелсенділігін күшейтеді.

Медиабілім беру – педагогикадағы білім алушылардың бұқаралық байланыс заңдылықтарын оқуын жақтайтын бағыт. Негізгі міндеті – жас ұрпақты қазіргі ақпараттық заман талаптарына, түрлі ақпаратты қабылдау мен талдауға дайындау, адамды оны түсінуге, оның психикаға әсерін білуге үйрету, байланыстың вербальдік емес формалары негізінде, техника құралдар мен қазіргі ақпараттық технологиялар көмегімен қарым-қатынас жасау тәсілдеріне үйрету.

Медиабілім беруге зерттеушілердің берген кең ауқымды анықтамасында тәрбие берудің жаңа тиімді әдісі жақсы көрініс табады (А.В. Шариков, Эвлин Бевор, Е.Н. Ястребцева, Хью Моррис, Л.Мастерман, Г.Н. Жигло, С.Б. Цымбаленко және т.б.). Мұнда оқушының еркін дамуы мен оның қабілеттерінің жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталған жаңа алгоритм жасалатыны сөз етіледі.

Қазіргі әлем бұқаралық қатынас дүниесі деп аталады. Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ақпараттық технологиялар, жобалау қызметі, қашықтықтан оқыту нысанында тәрбие мен білім алу, электрондық өнер кең таралған. Мектепке дейінгілерге үнемі өсіп келе жатқан ақпарат ағынымен тап келуге тура келеді, оларға алынған ақпаратты өз бетінше сыни тұрғыдан бақылауға, оларды іздеу дағдылары қиындық тудыруы мүмкін.

Г.М. Маклюэн: "нағыз сауатты болу үшін, медиа әлемінде сауатты болу керек" [2]. Бұл атақты канадалық әлеуметтанушының сөздері бүгінгі таңда өзекті болып отыр.

Мектепке дейінгі медиабілім бағыты мектепке дейінгі педагогика саласында қазіргі уақытта толық зерттелмеген. Біздің ойымызша, медиабілім беру мақсаты, медиабілім құралдары арқылы балалардың қабілетінің жан-жақты дамуына ықпал ету. Мектепке дейінгі медиа білім нәтижесі медиа сауатты болу ретінде, мектепке дейінгі баланың маңызды сапасы. Медиа сауаттылық сюжетті түсіну, ажырата суреттеу, негіздеуге, өз көзқарасын таңдау және сапасын бағалау тұтынатын медиалық ақпараттар арқылы медиашығармашылық және медиабілім ойыны – осы жас аралығында жетекші қызмет түрлерінде көрінеді.

Бүгінгі ақпараттық-техникалық үрдістің даму барысында ақпараттық мүмкіндіктері мол жаңа техникалық құралдардың пайда болуы – заңды құбылыс. Мектеп жасына дейінгі балалардың медиабілім беру негізінде танымдық белсенділігін арттыруда жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесі мектеп табалдырығында өз жалғасын табатыны белгілі, сол себептен мектепке дейінгі мекемелерде балалардың медиабілім беру негізінде танымдық белсенділігін арттыруды қалыптастыру дұрыс жолға қойылуы қажет.

Ақпараттық ортаның балалар мен жастардың дүниетанымына, құндылықтары мен басымдықтарына орасан зор ықпалы жайлы бәрімізге мәлім. Көптеген зерттеулерге жүгінетін болсақ, шектен тыс медиамен қарым-қатынас денсаулыққа, баланың дамуына және эмоционалдық жағдайына, психологиялық және физикалық жағдайына жағымсыз әсер етеді. Осыған байланысты өскелең ұрпақтың медиасауаттылығын дамыту көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр.

«Медиа» термині латынның «*media*» (құрал) деген сөзінен шыққан және оны қазіргі кезеңде «бұқаралық қатынас құралдары» (бұған баспа, радио, кино, телевидения, видео, компьютерлік мультимедиялық жүйелер, интернет жатады) терминімен қатар қолданылып келеді.

«Медиа» термині біздің елімізде қолданыста жиі аталмағанымен, біртіндеп өміріміздің ең маңызды бөлігіне айналып келе жатыр. Оны біз өзімізде байқамай қалып жатырмыз. Бұрын «техноло-гияның өркендеген дәуірі» десек, бүгінде ол «жаһандық ақпарат ғасыры» деп аталатын кезең қоғамымыздың дамуына, соның ішінде тәрбие, білім беруде тұлғаның қалыптасуына әсерін тигізетін күшті қару болып отыр.

Медиа тек тұлға болып қалыптасуына әсер етпейді, оның теріс ықпалы да белгілі деңгейде жасөспірімдер санасының дамуына өз әсерін тигізеді. Буыны бекімеген, ұғымдық санасы әлі қалыптаспаған жасөспірімдерге медианың әсерін өте тез қабылдайды. Сондықтан, қазіргі кездегі жылдамдығына көз ілеспейін ақпаратты ажырата білуге бағдарлау, ондағы мән-мазмұнды пайымдап түсінуге бағдарлап, тұлғаның сыни ойын дамыту, танымдық белсенділігін арттыру осы аталған медиабілім берудің негізгі міндеті болып табылады [3].

Өскелең ұрпақты көп жағдайда «медиялық» деп атап жатады. Әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдары туралы хабардар болу деңгейі көптеген факторларға байланысты болғанымен, соның ішінде негізгілеріне жас ерекшелік, медиа құралдарының бар болуы т.б. жатады. Медиаға деген қызығушылық күннен-күнге өсіп келеді, ал көптеген балалар бос уақыттарын өткізуде медиақұралдарға басымдық береді.

Қазіргі кезде, балалардың медиадан таратылған ақпараттарға сыни тұрғыдан қарауларына үйрету қажет деген пікірлер артуда. Балаларды медиалық ақпараттарды толыққанды түсіну жолдарының бірі *медиабілім* – медиақұралдар және әр түрлі медиаға қатысты ақпараттар арқылы берілетін білім.

Ең беделді медиапедагогтардың және медиатеоретиктердің бірегейі Л.Мастерман (L.Masterman) қазіргі әлемдегі медиабілімнің маңыздылығы мен басымдығын айқындайтын жеті себебін негіздеп берді:

1. Медианы тұтынудың жоғары деңгейі және қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының шектен тыс көптігі.
2. Медианың идеологиялық маңыздылығы, өнеркәсіптің саласы ретінде олардың аудиторияның санасына ықпалы.
3. Медиаақпарат санының жылдам өсуі, оны басқару және тарату тетіктерінің күшеюі.
4. Негізгі демократиялық процестерге медианың ену интенсивтілігі.
5. Барлық салада визуалды коммуникация мен ақпарат маңыздылығының артуы.
6. Болашақ талаптарға сәйкес бағдарланған оқушыларды, студенттерді оқытудың қажеттілігі.
7. Ақпаратты жекешелендіруде ұлттық және халықаралық процестердің ұлғаюы [4].

Жаңа бағыт ХХ ғасырдың 60-жылдарында Ұлыбритания, Франция, АҚШ, Австралия, Канада және әлемнің тағы басқа да алдыңғы қатарлы елдерінде пайда болды. Медиабілімнің басты мақсаты жас ұрпақты медиамәдениет әлеміне бейімделуге, БАҚ тілін игеруге, медиамәтіндерді талдай білуге көмек көрсету болып табылады. Медиабілім – бұқаралық коммуникация заңдылықтарын зерттейтін педагогиканың соны бір саласы. Жоғарыда аталған елдердің бірқатарында медиабілім міндетті пән ретінде мектептерде оқытылады. Мәселен, 1987 жылы Канаданың Онтарио провинциясының орта білім беретін мектептеріндегі 7-12 сыныптарда «Медиабілім» пән ретінде оқытыла бастады. Ал

Австралияда «Медиабілім» ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап міндетті пән ретінде енгізілді. Ресей мен Украинада да өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап медиабілім бойынша сабақтар факультативтер, үйірмелер түрінде немесе оның элементтері жекелеген пәндерді оқыту барысында (әдебиет, химия және т.б.) қолданылып келеді.

Медиабілім берудің дәстүрлі білім беру жүйесі алдында бірнеше артықшылықтары бар. Медиабілім беруде оқушыларды келесі жайттар қызықтырады:

- өзін-өзі көрсету және шығармашылық;
- медиабілім беру тобы оқытушысымен қызықты диалог жүргізу;
- өзінің жетістіктерінің көркемдігі;
- өзінің көркем-шығармашылықтағы қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік;
- жалпы қызығушылық пен әуесқойлық;
- тәрбие беру мәселесіндегі үлгі болу мүмкіндігі.

Әрине, кез келген шеберлік (оның қатарында тындау, есту, көру, қарау, оқу және оқығанды түсіну) оған үйретуді қажет етеді. Медиабілім беру мәселесін зерттеушілердің көбісі жасөспірімдерді оқыту қажет деген пікірде. Бірақ ондай білім беру ерекшелігі – ол білім беру барысында медиа мамандығы тұстары көп қарастырылмайды. Себебі журналистика мамандығы бұқаралық ақпарат құралдарымен 100% байланысты емес. Демек, медиабілім берудің мектептегі және балабақшадағы негізгі мақсаты мәдени білім беру, көзқарасты кеңейту, коммуникациялық машықтарды жетілдіру, шығармашылықты дамыту болып табылады. Мектеп газеті, ең алдымен, баланың сезімдері мен ойларының көрінісінен таралады. Сондықтан, оны мәдениетті зерттеу құралы ретінде қолдануға әбден болады [5, 20-21 б.].

Баланы үйрету тек қана егер оқытушы оның жеке-тұлғалық қасиеттерін дамытуға барлық күшін салып отырып, басқа бір ойларды міндеттемей, оқушыны алға қарай бағдарлап отырса ғана өз мақсатына жетеді. Жалпы медиапедагогтардың медиабілім туралы пікірлеріне мән бере отырып, оның негізгі мақсатына мынандай түсінік беруге болады: медиабілімнің басты мақсаты – жаңа ұрпақты қазіргі ақпараттық заманның жағдайында өмір сүруге, әртүрлі ақпараттарды қабылдай білуге, оларды түсінуге және оның психикаға әртүрлі әсері бар екендігін сезіне білуге дайындау. Демек, медиабілім бұл балалар мен жастарға бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін дұрыс пайдалануды үйретуді мақсат ететін педагогиканың ерекше бөлігі деп түсіну керек. Сонымен, қазіргі кезде алыс, жақын шетелдерде қолға алынып отырған медиабілім мәселесінің мақсат-міндеттерінің мазмұнын негізге ала отырып, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда осындай ерекше мүмкіндіктерді пайдалануды қарастырудың қажеттігі туындайды. Бұл мәселелерді жүзеге асыру мақсатында ресей медиапедагогтарының дайындаған медиабілім стандартында өте маңызды міндеттер қойылған, ол бұқаралық ақпарат құралдарына да тікелей қатысты, өйткені, БАҚ медиабілімнің негізгі бір бөлшегі болып табылады. Аталған стандарттағы міндеттерде:

- бұқаралық ақпарат құралдары каналдары арқылы берілетін ақпараттарды қабылдауға және қорытуға үйрету;
- бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан индивидтің санасын жаулауға қарсы тұру;
- белгілі бір хабарламаның екіұшты мағынасын түсіну іскерлігіне, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- жалпы базалық білім беру контексіне, пән арқылы білім және іскерлік қалыптастыратын жүйеге мектептен тыс ақпаратты ендіру;
- әртүрлі техникалық құралдарды пайдалана отырып, қажетті ақпаратты іздеу, дайындау, бере алу іскерлігін қалыптастыру сияқты келелі мәселелер қойылған [6].

Ақпараттық дәуір тудырған қиындықтың бастысы – оның шектеусіздігі. Сырттан ағылып жатқан ақпараттық экспансияның тасқынынан қорғану оңай емес. Оған шектеу қоюдың да өзіндік қиындықтары бар. Зиянды ақпараттық экспансияның құрбаны болатындар – ең алдымен жас ұрпақ. Өйткені дүниеге көзқарасы қалыптаспаған, оқығаны мен көргенінің астарында не жатқанын ұғуға білімі мен білігі жете бермейтін балалардың жат идеялардың жетегінде кетіп, адасуы оңай. Сондай-ақ азғындыққа баулып, қылмысқа итермелейтін нәрсеге елігіп, тәрбиесі мен талғамын бұзып алуы да мүмкін. Қоғамда орын алып жатқан құбылыстарды талдап-таразылау, болып жатқан оқиғаларға сын тұрғысынан қарау, оның себеп-салдарын түсіндіру ісі дұрыс жолға қойылмаса, ұрпақ тәрбиесі ақсап, болашағымызға нұқсан келетіні анық. Жас ұрпақты ұлттық менталитетімізге сай келмейтін, халық-

тық дәстүр-салтымызға жат, діни сенімімізге қайшы ақпараттардан сақтандырып отырмасақ, рухани жағынан үлкен жеңіліске ұшыраймыз. Сондықтан үлкен-кіші демей, ұрпақ тәрбиесімен айналысу – бәрімізге ортақ міндет.

XX ғасырдың аса танымал жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқандай «Әр адам өз отбасын агрессиядан қорғауы керек». Ендеше, бүгінгі күні біз болашақ ұрпағымызды БАҚ-та беріліп жатқан қаптаған зиянды ақпараттардан медиасауаттылықты қалыптастыру арқылы қорғау керек деп санаймыз. Мектеп жасына дейінгі балаларға медиабілім беру негізінде, медиасауаттылығын қалыптастыру арқылы олардың танымдық белсенділігін арттыруға болады. Олардың дүниені таным, білуі, қоршаған әлемге енуіне осы ақпараттар ағынының әсер етпей қоймайтыны анық. Балалардың медиабілімін қалыптастыру арқылы олардың алдына кездескен қайбір ақпараттарды да саралап, зиянына қарсы тұра алатындығына, жеке тұлға ретінде қалыпты дамып, өмірден өз орнын дұрыс таба алатындығына сенеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барыңша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Егемен Қазақстан. 2006. – 2 б.
2. Маклюэн Г.М. Понимание Медиа: Внешние расширения человека / Пер. с англ. В. Николаева; Закл. ст. М. Вавилова. – М.: Жуковский: «КАНОН-пресс-Ц», «Кучково поле», 2003. – 464 с.
3. Психоло-педагогикалық сөздік / Сост. В.А. Мижериков, ред. П.И. Пидкасистый. – Ростов Феникс, 1998. – 241 б.
4. Лего Кристиан. Школьные газеты: продолжение традиций Френе // Детская и юношеская самодеятельная пресса: теория и практика. Материалы российско-французского семинара. / Под общ. ред. А.В. Шарикова. – М.: Агентство ЮНПРЕСС, 1994. – 19-23 б.
5. Сейітқазы П.Б. Шетелдік медиабілім тәжірибесін талдау. Хабаршы №1 (80), 2011.
6. Зазнобина Л.С. Стандарт медиаобразования, интеграционного с различными школьными дисциплинами. //Стандарты и мониторинг в образовании, 1998. – №3. – С. 26-34.

МРНТИ 14.23.09

С.Н. Жиенбаева¹, Г.Р. Рустам²

*¹п.ғ.к., профессор, ҚазМемҚызПУ,
Алматы қ., Қазақстан*

*²курс магистранты, ҚазМемҚызПУ,
Алматы қ., Қазақстан*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЛИДЕРЛІК САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Қазіргі әлеуметтік өзгерістер жағдайында қоғам адамгершілікті, рухани бай және шығармашылықты, кәсіби және тұлғалық мәдениеттің жоғары деңгейіне ие. Мектепке дейінгі мекеме жас тұлғаның өзіндік ерекшелігінің негізін қалайды және мектеп жасына дейінгі бала тұлға болып түбегейлі осы жылдарда қалыптасады.

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың лидерлік сапасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және кәсіби аспектілері қарастырылады. Негізгі мазмұнында мектеп жасына дейінгі балалардың лидерлік сапасын қалыптастыру негізінде теориялық-методологиялық анализ жасалынды.

Мақала лидерлік және басқарушылық мәселесі қамтылған ғылыми ізденістерге сүйенеді. Аталған мәселенің шешіміне қажетті мүмкіндіктерді анықтау үшін теориялық зерттеу барысында әдебиеттерге жасалған талдаулар бойынша лидерлік туралы мәселе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында шет ел ғалымдарының зерттеу орталығына айналғандығын анықтадық.

Түйін сөздер: лидер, лидерлік, лидерлік сапа, мектеп жасына дейінгі кезең, лидерлік сапаны қалыптастыру.

Жиенбаева С.Н.¹, Рустам Г.Р.²
¹к.п.н., профессор, КазГосЖенПУ,
г. Алматы, Қазақстан
²магистрант 2 курса, КазГосЖенПУ,
г. Алматы, Қазақстан

ФОРМИРОВАНИЯ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

Сегодня в условиях социальных перемен у общества назрела острая потребность в нравственных, духовно богатых и творческих людях, обладающих высоким уровнем профессиональной и личностной культуры. Дошкольное образовательное учреждение закладывают основы личностного своеобразия молодого человека и формируют стереотипы его поведения в будущем и окончательное становление личности происходит в дошкольном возрасте. В статье рассматриваются психолого-педагогические, социальные и профессиональные аспекты формирования лидерских качеств детей дошкольного возраста. Основное содержание – анализ теоретико-методологических основ формирования лидерских качеств старших дошкольников.

Статья опирается на научные поиски, охватывающие вопросы лидерства и управления. Проведенный анализ литературы в ходе теоретического исследования для определения возможностей, необходимых для решения изучаемых вопросов, показал, что вопросы лидерства рассматривались в работах зарубежных ученых в конце XIX начале XX века.

Ключевые слова: лидер, лидерство, лидерские качества, дошкольное образование, формирования лидерских качеств.

С.Н. Жиенбаева¹, Г.Р. Рустам²
¹Candidate of pedagogical science, professor,
Almaty, Kazakhstan
²The 2-year student of master,
Kazakh State Women`s Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

FORMATION OF LEADER QUALITIES OF CHILDREN OF PRESCHOOL AGE

Abstract

Today in conditions of social change there is an urgent need of the society morally, spiritually rich and creative people with a high level of professional and personal culture. Preschool educational institution lay the foundations for personal identity of a young person and form stereotypes of behavior in the future, but the final formation of the person occurs in his preschool age.

The article deals with the psychological, pedagogical, social and professional aspects of the formation of leadership qualities of preschool children. The main content is an analysis of the theoretical and methodological foundations for the formation of leadership qualities of senior preschoolers.

The article relies on the pursuit of science, covering the issues of leadership and management. The analysis of literature in the course of theoretical studies to determine the capabilities required to address the issues at stake, showed that the leadership issues were considered in works of foreign scientists in the late nineteenth and early twentieth century.

Key words: leader, leadership, leadership skills, preschool education, formation of leader qualities

Лидер дәрежесі жоғары тұлға, қандай жағдай болмасын топта шешім қабылдай алу қабілетіне ие; өзара іс-әрекеттерді ұйымдастыру және топтағы қарым-қатынасты іске асырушы жеке тұлға. Қазір қоғам танымдық іс-әрекетті өзіндік жүзеге асыруға, зерттеу белсенділігі жоғары және шығармашылық маңызды мәселелерді шешуде белсенді тұлғаға мұқтаж. Сондықтан бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымның білім беру үрдісінде мектепке дейінгі балалардың лидерлік сапасына мән беріліп және олардың өздігінен дамуына әсер ететін өзіндік белсенділіктерін қалыптастыру мәселелері педагогикалық тұрғыдан ғылыми – зерттеуде көкейкесті мәселе болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр.

Сондықтан оларға замануи бағдарламалар мен оқыту сауаттылығы жоғары бәсекеге қабілетті, белсенді, яғни лидерлер қалыптастыру міндетін қойып отырғандығын байқаймыз [1].

Қазақстан Республикасы білім беруі дамытудың 2005-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үдерісін оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстармен қамтамасыз етуді жетілдіру, білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту және білім беру жүйесін қаржымен, біліктіде, білімді кадрлармен қамтамасыз етуді жетілдіру міндеттері қойылған. Осы бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде кәсіби міндеттеріндер бес әрі лидерлік тұрғыдан шешу үшін бәсекеге қабілетті маманды даярлауды қамтамасыз ететін білім беру саласындағы ғылыми және инновациялық қызмет жандандырылатын болады деп күтілуде. Қазіргі білім берудің басты міндеті – тұлғаның танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту. Осы орайда білім алушының алған білімінің нәтижесі, жан-жақтылығы мен оның өзін-өзі көрсете білуі маңызы зор. Бұған дейін білім алушының еңбегі алған білім көлеміне қарай бағаланып келсе, енді оның білім алу үдерісіндегі жетістігі нәтижеге бағытталған білім алуға, өмір сүрген ортасына бейімделуіне, жинаған тәжірибесіне қарай икемделуіне, құзыреттіліктер негізінде қалыптасқан қабілетін байланысты бағаланатын болады. Сондықтан, оқыту үдерісінде әрбір баланы тұлғалық тұрғыдан қарастырсақ және олардың өзіндік дамуына, лидерлік сапасын дамытуға мүмкіндік тудыруымыз қажет. Соның негізінде мектепке дейінгі ұйымдағы әрбір оқу пәні мектепке дейінгі балалардың лидерлігін арттыруға әсерін тигізбек. Тұлғаның дамуында лидерліктің орнын ғалымдар әр сала бойынша үздіксіз зерттеп келеді.

Лидерлік сапаның дамуын психологиялық тұрғыдан қарастырғанда «лидер» ұғымы «лидер, басшы, жетекші» деп түсіндіріледі. Сондықтан, мектепке дейінгі кезеңнен бастап, баланың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды өз ойын, еркін іске асыра алуға баулып және бала бойындағы лидерлік сапасын дамытуға, сонымен бірге интеллектуалдық деңгейін көтеруге мән беру қажет. Оқыту үдерісінде мектепке дейінгі кезеңнен бастап балалардың бойындағы лидерлік сапасын қалыптастыру бағытының басымдылығы педагогикалық іс-әрекет ұстанымдарының өзгеруіне әсерін тигізуде. Сондықтан тәрбиеші өз кезегінде дайын білімді берумен ғана шектелмей, баланың дамуына қажетті шаралар ұйымдастырып, балалардың лидерлік пен ойлау қабілеттерін қалыптастыруға ынталы болуы керек. Ол үшін тәрбиешінің өзінің алғыр, белсенді, жан-жақты дамыған тұлға ретінде кәсіби біліктілігі мол әдістемелік және психологиялық дайындығының сапалық деңгейі жоғары болуы тиіс.

Лидер – басшы, жетекші. Топта, ұжымда әдетте жетекшілік міндетін өзіне алатын бір адам болады. Әлеуметтік психологияда мұндай адамды "лидер" деп атайды. Лидер топты ұйымдастыруға және басшылық етуге сайланады не ұсынылады. Лидер әдетте топтың іс-әрекеті жайлы, оның құрамы мен мүмкіндіктері жайлы мейлінше хабардар болады. Ол топ мүшелері мен қатынаста өзін еркін, сенімді ұстайды.

Психологтар зерттеулерінде мектеп ұжымдарындағы лидерлердің бірнеше типі болатынын көрсетті: Бірінші тип - лидер жағдайға байланысты өзін танытады. Мысалы, оқушы сыныпта музыка викторинасын ұйымдастырып өткізді делік. Ол көптеген музыкалық шығармаларды біледі, домбырада, гитарада, фортопианода, аккордеонда ойнайды. Бұл жерде ол өзінің дарыны мен шеберлігін көрсетті. Ол – лидер. Ал басқа жағдайда ол ұжымның қатардағы мүшесі болып қала береді. Екінші типі. Сан алуан істерді атқару кезінде ұжымның басқа мүшелеріне жан-жақты ықпал ете алатын оқушы лидер болады. Мысалы, сынып сонда түнейтін болып, тоғайға туристік жорыққа шықты делік. Лидер оқушы соны әзірлеуге қатысады, топты қажетті құрал-жабдық, азық-түлікпен қамтамасыз етуге басшылық етеді, автокөлік табуға әрекеттенеді, жорықта өтетін ойын-сауықты әзірлейді т.б. Үшінші тип. Оқушы өзінің лидерлік қабілетін іс-әрекетінің көптеген саласында ұзақ уақыт бойы сақтайды: бұл сынып старостасы, мектептегі жастар ұйымының хатшысы т.б. Демек, лидерлік әйгілі болудан гөрі басқа себептерге негізделетін болса керек.

Зерттеу жұмысы лидерлік және басқарушылық мәселесі қамтылған ғылыми ізденістерге сүйенеді: Б.Д. Парыгин, А.С. Чернышев, Н.С. Жеребова, Р.Л. Кричевский, Е.В. Кудряшова, лидерліктің тұлғалығын қарастырған Э.Богардус, ЖОО жағдайындағы кәсіби лидерліктің ерекшеліктері В.И. Власов, Н.В. Голубева, А.Н. Жмыриков, Б.И. Кретов, Е.С. Кузьмин, Дж.Берне, М.Мкколл, Л.Понди,

Р.Стогдилл, Б.Блум; жоғарғы кәсіби білім беру жүйесіндегі басқарушылық пен лидерлік В.Ф. Ануфриенко, У.Бенине, М.Ломбардо, Н.Ф. Маслова және Х.Россели және т.б.

Аталған мәселенің шешіміне қажетті мүмкіндіктерді анықтау үшін теориялық зерттеу барысында әдебиеттерге жасалған талдаулар бойынша лидерлік туралы мәселе ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында шетел ғалымдарының зерттеу орталығына айналғандығын анықтадық. Ресей ғылымында лидерлік мәселесі теориялық негізі екі мектеп жағдайында, бірі – Б.Д. Парыгин және оның шәкірттерінің, екіншісі Л.И. Уманский мен А.С. Чернышев, Т.Е. Вежевич, А.Г. Залевская, О.Н. Капиренкова, В.А. Павлова, Т.Ш. Тажутдинова мектебінде қарастырылған.

Лидерлік – ұйымның мақсаттарына жетуге барлығының күшін бағыттай алатын, жекелеген тұлғада, топқада әсер ете алуы. Лидерлік – топта орын алатын табиғи әлеуметтік-психологиялық үдеріс; ол беделді тұлғаның топ мүшелеріне ықпал етуімен байланысты.

Әлеулі мәселені шешіп жатқан топ әр уақытта лидерді тыңдайды. Онсыз бірде-бір топ өмір сүре алмайды. Сонымен қатар қарастырылған мәселелерді қорыта келе, лидерді қандайда бір мақсатқа жету үшін адамдарды біріктіруге қабілетті тұлға деп анықтау қажет. Сәйкесінше, бұл түсінік басқа мен – «мақсатпен» байланысты. Шын мәнінде, мақсаты жоқ лидер қисынсыз болып көрінеді. Тек мақсаттың ғана болуы және оған жалғыз жетуге ұмтылу лидер атануға айқын түрде жеткіліксіз. Лидерліктің ажырамас белгісі – ең болмағанда бір ізбасардың болуы. Адамдарды артыңнан ерту, олардың арасында ортақ мақсатқа қол жеткізу бойынша нақты міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін жүйелі байланыстың болуын қамтамасыз ету қабілеті маңызды.

Лидерлік – әрдайым беделді тұлғаның жеке қасиеттерінің ол ықпал етуге тырысатындардың қасиеттері мен және осы апта орыналған жағдай мен арақатынасына тәуелді болатын ықпал етуші күші.

Бейлстің айтуынша кез-келген топта лидердің екі түрі болады: эмоционалды және инструменталды. Эмоционалды лидердің қызметі – топтағы психологиялық климат, тұлғааралық қарым-қатынасты оңтайлы реттеу. Әдетте ол төреші, кеңес беруші рөлінде болады. Алинструменталды лидер – ерекше қызмет түрлерінің бастамасын өзіне алатын және мақсатқа жету жолында күшін үйлестіре алатын топ мүшесі.

Көп жылдар бойы ғалымдар лидердің негізгі ерекшеліктері туралы зерттеп келеді. Зерттеу барысында нақты ерекшеліктерін атап айту өте қиын болды, себебі олардың саны өте көп. Бірақ осыған қарамастан лидердің ерекшеліктері ары қарай даму барысында, тәжірибеден нақты көрінеді.

Психология-педагогикалық әдебиетте мектеп жасына дейінгі балаларда лидерліктің пайда болуы туралы зерттегендер: Т.А. Репиной, В.С. Мухина, Р.К. Терещук, С.В. Никитина, Е.А. Аркин, А.С. Залужный, Н.Е. Щуркова, Ю.Е. Лукоянов, Т.В. Сенько, Я.Л. Коломинский болды. Т.А. Репина баланың кез-келген іс-әрекетте жеңімпаз болуға ұмтылуы оның топ ішіндегі және қарым-қатынастағы белсенділігінің дамуына әсер етеді. В.С. Мухина баланың жеңіске ұмтылуы баланы белсенді болуға және барлығы мойындаған яғни, «лидер» болуға септігін тигізеді. С.В. Никитина мектепке дейінгі білім сапасына баланы жан-жақты дамытатын бірнеше күзиреттіліктерді қамтитын ғылыми-әдістемелік ұсыныс жасаған болатын. Е.А. Аркин бала ұжымын зеттеудегі негізгі мәселе лидерлік мәселесі екендігін баса айтты және «лидер-бала мектепке дейінгі мекемелерде ерекше мәнге ие» деп есептейтін пікірін келтіреміз. А.С. Залужный балалардың өзара қарым-қатынасын зерттей келе, жағдаятты және қалыпты деген лидердің типологиясын анықтады.

Психология-педагогикалық әдебиетте мектеп жасына дейінгі балалардың лидерлік сапасын қалыптастыруда ойын әрекетін зерттеген Ресей ғалымдары А.И. Матусик, Н.Я. Михайленко, А.И. Бондаренко, Н.А. Короткова, С.Н. Новоселова, Р.С. Буре, Д.В. Менджерицкая, Р.И. Жуковская, В.П. Залогина, Н.Я. Михайленко, В.Я. Воронова, А.И. Розов және т.б қарастырды. А.И. Бондаренко мектеп жасына дейінгі балалардың дидактикалық ойындар арқылы әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру мәселесін қарастырса, А.И. Матусик ойын арқылы балалардың ұйымдастырушалық қабілетін арттыру мәселесін зерттеді. А.И. Розов балалардың ойынын көп бақылап, нәтижесінде балалар жеңіске жетуге бағдарланған ойындарды ұнатады, ал қалған ойындарды балалар қызығушылықпен ойнамайтынын айтып кетті.

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әлемі ойын іс-әрекетімен бірге дамып отыратын үдеріс. Адамзаттың әлеуметтік-тарихи дамуы барысында, баланың жеке тұлғасын қалыптастыру мен әлеуметтендіруде мектепке дейінгі балалардың ойыны ерекше маңызға ие болып келеді. Ойынның

көмегімен балалар көпғасырлық адамзат тарихымен жасалған қоршаған ортамен өзара әрекет тәжірибесін меңгереді, моральдық нормалар, тәжірибелік және ақыл-ой тәсілін игереді. Ойын – балалық шақта қалыптасып, адамның бүкіл өмірі барысында онымен бірге жүретін ерекше іс-әрекет.

Еліміздегі мектепке дейінгі білім беруде ойын әрекетін ұйымдастыру мәселесіне Н.С. Құлжанова, Ә.Меңжанова, М.Т. Тұрыскелдина, Т.Иманбеков, Г.М. Қасымова, С.А. Төкеев, Ұ.Т. Төленованың еңбектерінде зерттеулер жүргізілген. Ә.Меңжанова: «Ойын баланың барлық нышандарының дамуына мүмкіндік тудыратын интеллектуалдық мектеп» - деп айтқан [2, 16 б.].

Д.В. Менджритская өзінің «Балалар ойынының тәрбиешісі» кітабында былай дейді: ерте балалық шақта бала нақты ойын барысында дербес болуға, өз көзқарасы бойынша құрбыларымен қарым-қатынасқа түсуге, ойыншықты таңдап, түрлі заттарды қолдануға, логикалық түрде ойын сюжеті және ережесімен байланысты қандайда бір қиындықты жеңуге аса үлкен мүмкіндікке ие [3, 73 б.].

Балалар есейген сайын, олардың жалпы даму деңгейі жоғарылайды, оған қоса өз күшімен мінез – құлық қалпының қалыптасуы үшін ойын (әсіресе педагогикалық бағыттағы) құнды болады: балаларда сюжетті өзі жоспарлау немесе ойынды ережелерімен ұйымдастыру, серіктес табу, мақсат қою және өз ойлағанын жүзеге асыру үшін қажетті құрал таңдау мүмкіндігі туады (қимыл-қозғалыс, дидактикалық ойындар).

Лидер-бала – кез келген жағдайды өзгерте алатын, қандай да бір істе басқаларға ықпал ете алатын, артынан ерте алатын ұйымдастырушы, белсенді және бастамашыл тұлға.

Сонымен қарастырған мәселелерді қорыта келе, психология ғылымында «іс-әрекет» ұғымы психикалық құбылыстар мен үдерістерді саралауда түсіндірмелік ұстаным сапасында қолданылады. Психологиялық деңгейде іс-әрекет адамның нақты болмысының үдерістер жиынтығы ретінде көрінеді. Ал ойын әрекеті – баланың жетекші әрекеті.

Лидерді қандайда бір мақсатқа жету үшін адамдарды біріктіруге қабілетті тұлға деп анықтау қажет. Лидерліктің ажырамас бөлігі – ең болмағанда ізбасарлардың болуы. Адамдарды артыңнан ерту, олардың арасында ортақ мақсатқа қол жеткізу бойынша нақты міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін жүйелі байланыстың болуын қамтамасыз ету қабілеті болу маңызды.

Лидерлік – қандай да бір ортақ ұйымның мақсатына жетуге барлығының күшін бағыттап алатын, жекелеген тұлғаға да, топқа да әсер ете алуы. Ол беделді тұлғаның топ мүшелеріне ықпал етуімен байланысты.

Ал, мектепке дейінгі балалардың ойын әрекеті арқылы лидерлік сапасын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын төмендегідей тұжырымдаймыз:

– оқу-тәрбие үдерісі ойын арқылы лидерлік сапасын арттыру бағдарламаларымен қамтамасыз етілуі;

– мектепке дейінгі балалардың лидерлік сапаларын ойын әрекетінде қолдана білу біліктіліктері мен дағдыларының қалыптасуы.

– «Мектепке дейінгі балалардың ойын әрекеті арқылы лидерлік сапасын қалыптастыру» арнайы курс бағдарламасын жоғары педагогикалық оқу орындарының оқу үдерісіне енгізу.

Зерттеу барысында жасалған теориялық талдаулар негізінде төмендегідей тұжырым жасауға болады:

– Зерттеу барысында «лидер», лидерлік», лидерлік сапа» ұғымдарына контент-талдау арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекеті арқылы лидерлік сапасының мәні анықталды. Зерттеудің практикалық-тәжірибелік бөлімі әлі де зерттелуде...

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы "Қазақстан жолы-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Егемен Қазақстан 2013 жыл 28 ақпан

2 Меңжанова Ә. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Рауан, 1992

3 Менджеритская Д.В. Воспитателю о детской игре. – М.: Просвещение, 1982

МРНН 14.23.09

Қ.А. Аймағамбетова¹, Амангелді С.Е.²

¹п.ғ.д., профессор, ҚазМемҚызПУ, k_aymagambetova@mail.ru

²6M010100 – Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығының 2 курс магистранты,
ҚазМемҚызПУ, saya_19_95_kz@mail.ru

ОРЫС ТІЛДІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА БҮЛДІРШІНДЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада орыс тілді мектепке дейінгі ұйымда қазақ тілін оқыту мәселелері жайлы айтылған. Осы мәселе төңірегінде отандық және шетел ғалымдарының еңбектері көрсетілді. Тілді үйрету мектеп жасына дейінгі кезеңде бала санасына жақсы қабылданады. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, қазақ тілін орыс тілді мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға баса оқыту маңызды.

Орыс тілді мектепке дейінгі ұйымда қазақ тілін ерте жастан бастап оқыту аса маңызды. Баланың жас және даму ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік тілді оқыту бала дамуына жаңа жол. Бағдарламаға сәйкес орыс тілді мектепке дейінгі ұйымда қазақ тілін оқытудың сағаттарын жоғарлату қажет. Отандық және шетел ғалымдарының еңбектері зерттелді. Сонымен қатар елбасымыздың еңбектерімен қатар тіл туралы мақал-мәтелдер зерттелді.

Түйін сөздер: тіл, тілдік дағдылар, тілді дамыту, қабылдау, мәдениет, қарым-қатынас.

Аймағамбетова Қ.А.¹, Амангельды С.Е.²

¹д.п.н., профессор КазГосЖенПУ, kazna_aymagambetova@mail.ru

²магистрантка 2 курса по специальности 6M010100–Дошкольное обучение и воспитание
Казахского Государственного Женского Педагогического Университета, saya_19_95_kz@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ ОБЩЕНИЯ НА ОСНОВЕ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ В РУССКОЯЗЫЧНОЙ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

Аннотация

В этой статье рассмотрены проблемы обучения русскоязычных детей дошкольного возраста казахскому языку в условиях современного мира. Исследованы труды отечественных и зарубежных психологов, педагогов изучавшие данный вопрос. Следует отметить, что формирование языковых навыков закладываются в дошкольном возрасте. Из-за того, что казахский язык является государственным языком в стране, учитывается преподавание казахского языка в русскоязычных дошкольных организациях

Русскоязычным детям предлагается изучать казахский язык с раннего возраста в сознании ребенка. С учетом возраста и личности ребенка, способность обучать ребенка с раннего возраста – это быстрый ответ ребенку. Согласно программе, нам нужно увеличить часы преподавания казахского языка в русскоязычной организации. Изучение произведений отечественных и зарубежных учителей показано эффективность преподавания русского языка младшим детям с раннего возраста. А также сделано анализ на мнению ученых. Наряду с научными исследованиями, проанализировал работы главы нашей нации и проанализировал пословицы о языке.

Ключевые слова: язык, языковые навыки, развитие речи, восприятие, культура, общения.

Aymagambetova K.A.¹, Amangeldi S.E.²

¹doctor of pedagogical sciences, professor, at Kazakh State Women's Teacher Training University,
kazna_aymagambetova@mail.ru

²a second year master student, majors in 6M010100 – Preschool Education,
Kazakh State Women's Teacher Training University, saya_19_95_kz@mail.ru

FORMING A CULTURE OF COMMUNICATION ON THE BASIS OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE IN RUSSIAN-LANGUAGE PRE-SCHOOL ORGANIZATIONS

Abstract

This article examines the problems of teaching Russian-speaking children of preschool age to the Kazakh language in the modern world. The works of domestic and foreign psychologists, teachers studied this issue. It should be noted that the formation of language skills are laid in the preschool age. Due to the fact that the Kazakh language is the state language in the country, the teaching of the Kazakh language in Russian-language pre-school organizations.

Russian-speaking children are encouraged to learn Kazakh from an early age in the child's mind. Given the age and personality of the child, the ability to train a child from an early age is a quick response to the child. according to the program, we need to increase the hours of teaching the Kazakh language in a Russian-language organization. Studying the works of domestic and foreign teachers shows the effectiveness of teaching Russian to younger children from an early age. And also the analysis on opinion of scientists is made. Along with scientific research, he analyzed the works of the head of our nation and analyzed proverbs about the language.

Key words: language, language skills, speech development, perception, culture, communication.

Егеменді елімізде жасөспірім буынға дұрыс тәрбие беру, олардың патриоттық сезімін ояту, елге қызмет етуге, мемлекеттің іргесін нығайтуға, тілдің дәрежесін көтеру негізгі мәселелердің біріне айналып отыр. Қазіргі таңда егеменді елімізді мекендеп отырған барлық ұлттың да бала жастан бастап, мемлекеттік тілді меңгеруі, сол тілде оқуға, жазуға үйрену қолға алынуда.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңының 4-бабында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеруі – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының міндеті» деп көрсетілген [1].

Республикамызда тұрып жатқан өзге ұлтқа қазақ тілін білу қоғамымыздың басты саясатының бірі. Себебі, қазақ тілі мемлекеттік тіл және халқымыздың өткен ұрпағының тәлім-тәрбиесін тарихын, әдет-ғұрпын қазіргі қоғам жағдайымен біртұтастықта, ажырамас бірлік жағдайда мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтқанда бұл мәселені шешу бір уақыттың аясында тындырып тастайтын іс емес. Бұл мемлекеттік тұрғыда ұзақ жылдар бойы, ұдайы және жүйелі түрде айналысатын іс. Осы тұрғыдан алғанда өзге ұлтқа тілді үйретуді және дамытуды сәби жастан бастап қолға алу мәселесі туындайды.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді қолданудағы әлі де болса кездесіп отырған кемшіліктерді болдырмау жағын ескере отырып, психологиялық тұрғыдан алғанда бүлдіршіндердің не нәрсені болсын судай сіңіретін кезеңін дұрыс пайдалануға тиіспіз. Мектепке дейінгі балалардың кез келген тілді тез бойына сіңіретін ерекшеліктеріне негіздей отырып, мемлекеттік тілді өз мәнінде үйретуге мол мүмкіндік бар екенін үнемі естен шығармауымыз керек.

ҚР көпұлтты халық болғандықтан, мемлекеттік тіл ұлтаралық қатынас құралына айналуға. Сондықтан да, қазіргі мектепке дейінгі мекемелерге арналған тәрбие мен білім беру бағдарламаларында мемлекеттік тілді үйретуге үлкен мән беріліп отыр. Әсіресе, орыс тілді мектепке дейінгі ұйымда қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оларға қазақ тілінде сөйлеу мәдениетін дамыту мәселесі қолға алынуда.

Қазақстан Республикасының жалпыға білім беру стандарты бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту барысында бүлдіршіндерге қазақ тілін үйретудің білім-деңгейі нақты көрсетілген. Өзге ұлтқа қазақ тілін үйрету оңай мәселе емес. Оның бірнеше себебі бар:

- отбасында қазақ тілінің қолданылмауы;
- баланың күнделікті қатынас құралына айналмағандығы;
- басқа тілді үйренуге бала бойындағы психологиялық түрткінің төмендігі;
- басқа ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде ата-ананың әсерінің төмендігі.

Өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйрету көп ізденуді, балаларды сол тілге қызықтыра білуді талап етеді. Тіл үйрету бұл де тек әртүрлі сөздерді қайталау емес, оның мәні мен мағынасын түсіну арқылы керекті жерінде қолдануға дағдыландыру. Шетелдердің де Қазақстандық ғалымдар мен ағартушылардың да ой-пікірлері де өзге тілді үйрету мектепке дейінгі балалық шақтан басталғанда үлкен жетістікке жететіндігін айқындап көрсетіп отыр.

Ғалымдарымыздың басым көпшілігі ұлтқа қарамай, өзге ұлтқа қазақ тілін үйрету арқылы ұлтаралық саяси теңдікті нығайтуға болатындығын ұсынады. Біріншіден, тіл туралы білім мен дағды ұзақ мерзімде жаңа сөздердің бірте-бірте жинақталу арқылы дамитындығы. Яғни, өзге тілдегі баланың қазақ тілін меңгеруі ауызекі сөйлеуден біртіндеп күрделене түсетіндігін көрсетеді.

Екіншіден, баланың басқа адамдармен қарым-қатынасы, өзін қоршаған ортадағы кездесетін заттарды, нысандарды, табиғатты бақылаудан, ол уралы ой-пікірін маңайына жеткізе білуден басталып, сол арқылы сөздік қорының молаятындығы.

Бұл мәселені мектепке дейінгі бала тәрбиесінде оларға өзін қоршаған ортаға негіздей отырып жаңа сөздер үйретуден және олардың арасындағы қатынас құралы есебінде пайдаланудан бастауымыз керек.

Сөздерді жекелеп жалаң үйретпей, оларды көрнекіліктерге негізделген ойындар арқылы үйретудің тиімділігіне көз жеткізіп отырмыз. Басқа тілді үйрену үшін бала бойында түрткінің тууы қажет.

Баланың ойын кезіндегі іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыра отырып, бір-бірімен қарым-қатынасын күшейту арқылы да олардың күнделікті жаңа сөздерді естуі, қолдануы, сөйлеуі сияқты практикалық жұмыстар бойынша олардың алғашқы байланыстырып сөйлеу қабілеті дамиды.

Психолог А.К. Маркованың пікірінше өзге тілді үйренудегі ең басты психологиялық шарт - бала бойындағы мотивация, оқушының белсенділігі, тілге деген қызығушылығы болып табылады. Орыс тілді балалардың қазақ тіліне қызығуына бірнеше себеп бар. Біріншіден, орыс балабақшаларында әртүрлі ұлт балалары тәрбиеленетін болғандықтан, олар бір-бірінің іс-әрекетіне қызыға қарайтыны белгілі. Екіншіден, қызығу бала ойына түрткі болады, яғни мотивация тудырады. Сонымен қатар, оқушыға өзге тілде сөйлеу және ойлау үшін сол тілді үйренуге деген құштарлық пен сөйлеуге дағдылану қажет, яғни қозғаушы күш пен сана байланысады. Көптеген ғалымдардың пікірінше - бала туған тілді бейсаналық түрде меңгерсе, шет тілін саналы түрде оқиды. Л.С. Выготский «Сана және сөйлеу» еңбегінде шетел тілін меңгеруде сана қатысады деп көрсетеді.

Жинақтап айтқанда, орыс тілді балаларға қазақ тілін үйретуде олардың сезімдік қабылдауларына сүйену орын алуға тиісті. Ол үшін дидактикалық ойындар арқылы затты қолымен ұстап немесе қозғалтып байқап, тындап, иіскеп, дәмін сезіп көру арқылы түрлі сөз тұлғаларын қабылдайтын болады. Содан кейін оларды есте сақтауы немесе қайталау арқылы айтуға, күнделікті қолдану дәрежесіне жетуге болады.

Ойын ұйымдастыру негізінде балалардың әрбір затты атауын, оның қасиетін сипаттауын, қолданылатын пайдасын жіктеуін т.б. сөздердің қолданылуын қамтамасыз етіп қана қоймай, баланың сөз тіркестерін жасауын, сөйлем құрастыруын дамытуға болады. Ойын арқылы бала бірігіп жұмыс істеуге, топтық жұмыс орындауға қатыса отырып, олардың қарым-қатыстық мәдениетінің дамуына жағдай жасалады.

Орыс тілді мектепке дейінгі ұйымда қазақ тілінде ойын ұйымдастыру барысында мына мәселелерге көңіл аудару керек:

1. Ойынның мазмұны оқушылардың күнделікті қоршаған өмірде кездестіретін нысандары мен құбылыстарына негізделуге тиісті.

2. Ойынға керекті құралдардың толық болуы.

3. Балаларға ойын шартының түсініктілігі.

4. Әр оқушының атқаратын жұмысының айқындығы.

5. Жаңа сөзді үйретуде баланың зейінін көрнекіліктерге аудара отырып қайталануды.

6. Сөзді тәрбиеші айтқаннан кейін дұрыс қайталауына көңіл аудару.

7. Балалардың бірін-бірі жөндеуіне орын беру.

8. Жаңа сөздерді байланыстырып, сөйлем құрастыруға жаттықтыру.

9. Үйден бүгінгі жаңа сөздер бойынша бірнеше сөйлем құрастырып тапсыру.

Орыс тілді балаларға қазақ тілін үйретуде бейнелі көрнекіліктердің алатын орыны ерекше. Бұл көбіне белгілі бір заттарды немесе, табиғи құбылыстарды бейнелейтін суреттер болуы мүмкін. Мұндай жағдайда әрбір көріністі сипаттау үшін қолданылатын сөздердің мәніне көңіл аударылуға тиісті. Бейнелі көрнекіліктерді пайдалануда мына мәселелерге баса көңіл аудару керек:

1) көріп отырған суретке атқою;

2) көріністі сипаттауға тырысу;

3) өз ойларын дәлелдеуге мүмкіндік беру;

4) балалардың бір-бірін толықтыруға және түзетуге жағдай жасау;

5) ой қорытып, бір-екі сөйлеммен тұжырым жасауға жаттықтыру;

6) балалардың бір-біріне сұрақ қоюын ұйымдастыру;

7) үйден бүгінгі көргендері туралы 2-3 сөйлем құрастыруды тапсыру.

Ф.Ш. Оразбаева, Р.С. Рахметова: Оқушылардың білім дағдысын қалыптастырудың жолдарын айта келе «... материалдарын тізбектеп оқыта берумен емес, керсінше, олардың ішінен сөйлеуге

кажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу құралдары мен амалдарын танумен, оларды дұрыс қолданумен сөйлесім әрекетінде тиімді пайдалана білумен ерекшеленеді» - дейді. [3]

Ахмет Байтұрсынов: «Тілдің ауанына қарамай, хариіптің, емленің ауанына бұрылып, тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айырылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз», - деген. [4] Тілді оқыту сабақтарының тәрбиелік әлеуеті мен мүмкіншіліктерін Е.Пассов былай көрсетеді. Біріншіден, сабақтың тәрбиелік мүмкіншілігі берілетіні оқу материалының мазмұнына байланысты болады. Олар Отан, тарих, адамдардың батылдығы мен батырлығы, халықтың мәдениеті, музыка, экология т.с.с. туралы болуы мүмкін. Бірақ кез келген тілді үйретуге арналған сабақтың тәрбиелік мәні үйретіліп жатқан тілде қарым-қатынас жасау арқылы тәрбиелеуден тұрады. Е.Пассовтың айтуы бойынша, тіл үйрету сабағының тәрбиелік өзегі – тілдің барлық құндылықтарын игерген, сол тілді өзінің барлық қарым-қатынас жағдайында қолдана білетін тұлға тәрбиелеу. Тұлғалық бағыт тіл үйренушінің жанына және сана-сына тәрбиелік әсер етуге болатын арна болып табылады. Ол арнаға әсер етуші педагогтың оқу материалын дұрыс түсіндіріп, тәрбиелік мәнін ашып, тұлғаға жеткізу шеберлігі сабақтың тәрбиелік мақсатының толықтай іске асуының қайнар көзі дейді. [5]

Осы жерде С.Ф. Шатиловтың тілді оқытуда маңызды болып табылатын мемлекеттік бағдарламаларға сүйену және де ол бағдарламалардың кешенді түрде іске асырылуы басты ұстаным болуы керектігін айтады. [6]

Жоғары көрсетілген балалардың ойын кезіндегі әрбір іс-әрекеті олардың бір-бірімен қарам-қатыстық мәдениетін өрбіте түсетіндігіне күмән келтірмейді.

Сондықтан да, біз бүгінгі мақаламызда орыс тілді балаларға қазақ тілін үйретудің кейбір мәселелеріне ғана тоқталдық. Бұл күрделі мәселенің әдістемелік тұстарына байланысты болашақта әрі қарай жалғастырмақпыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы. – Астана: Ақорда, 2007
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Айқын. – 2017
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Байтұрсынов А. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1983
5. Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе. – М.: Просвещение, 1988.
6. Шатилов С.Ф. Методика обучения немецкому языку в средней школе.

УДК 373.29
МРНТИ 14.23.09

С.Т. Глеубай¹

*¹6D010100–Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының I курс докторанты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ҮШТІЛДІЛІКТІ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

Аңдатпа

Мақала үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс екенін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарының жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына негізделген мектепке дейінгі ұйымдарда шет тілін оқытуды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары қарастырылады. Үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болатынын, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілі ұлттаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілі халықаралық қатынас тілі ретінде ерекше мән беру керек екендігі айтылады. Шет тілдерін білу қазіргі әлемнің қажеттілігі болып табылады. Ағылшын тілінің халықаралық қатынас тілі екенін түсінген сайын көпшілік ата-аналар баланың алғашқы өмірінен бастап шет тілін меңгертуге тырысады.

Түйін сөздер: үштілділік, мектепке дейінгі ұйым, ағылшын тілі, ойын сабағы, сабақ түрлері

Тлеубай С.Т.¹

¹докторант 1 курса специальности 6D010100–Дошкольное обучение и воспитание,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

НЕОБХОДИМОСТЬ РЕАЛИЗАЦИИ ТРЕХЪЯЗЫЧИЯ В ДОШКОЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

Аннотация

В этой статье рассматриваются трехязычие как особую стратегическую необходимость для нашего независимого государства, а также педагогические условия организации обучения иностранному языку в дошкольной образовательной организации на основе требований государственного стандарта дошкольного образования Республики Казахстан. В качестве компонента трехязычия можно было бы взять любой иностранный язык, но по запросу общества в данный момент приоритетным является знание казахского языка как государственного, русского как язык межнационального общения и английского языка как язык международных отношений. Знание иностранных языков – необходимость современного мира. Понимая, что английский язык – язык международного общения, все больше родителей стремятся вложить в уста своего ребенка иностранную речь с первых лет жизни.

Ключевые слова: трехязычие, дошкольная организация, английский язык, игровые занятия, виды занятий

S.T. Tleubay¹

¹*1st year PhD doctorate of the specialty 6D010100- Preschool education and upbringing
Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan*

Abstract

This article considers trilingualism as a special strategic necessity for our independent government, as well as pedagogical conditions for organizing the teaching of a foreign language in a preschool educational organization because of the requirements of the state standard of preschool education of the Republic of Kazakhstan. Any foreign language could be taken as a component of trilingualism, but at the request of the society that knowledge of the Kazakh language as a state language, Russian as a language of interethnic communication and English as a language of international concern is a priority now. Knowledge of foreign languages is the necessity of the modern world. Realizing that English - Language international communication, more and more parents seek to put into the mouth of her child a foreign language from the very first years of life.

Keywords: trilingual, preschool organization, English language, game classes, types of classes

Қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы – білім беруде, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға заман талабына сай өзгерістер енгізіп отыр. Қазіргі уақытта еліміздің негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі мектепке дейінгі мекемелерде білім беру жүйесін қайта құру және дамыту болып табылады. Оның бір дәлелі 2016 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарлама-сының» қабылдануы. Бағдарламада:

- оқытуды ұйымдастырудағы тұлғаға бағдарланған және жүйелі-әрекеттік тәсіл арқылы жүзеге асыру;

- балаларда басты жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына көмектесу;

- күнделікті өмірде қажетті ақпаратты алуға, іріктеуге, өңдеуге, жеткізуге және коммуникативтік міндеттерді шешуде балалардың тілдік дағдылардың қолдануы мақсатында сөйлеу әрекетінің түрлері ретінде тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымның қалыптасуына және дамуына көмектесу;

- тілдесуге қатысушы тұлғаларды және олардың бір-бірімен қарым-қатынасын айқындау қабілеттерін қалыптастыру;

- ағылшын тілін түсінуін және үлгілік әдеп жағдайларында топтық жағдайда, ойын кезінде тілдесе білу білігін дамыту мазмұны көзделген [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында «Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешімді бірлесе отырып қабылдауға тиіспіз, баланың орыс, ағылшын тілдерін, интернет тілін жетік меңгеруі – ең бастысы қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» [2] - деп атап көрсеткен бағыты негізінде мектепке дейінгі ұйымда үш тілді қатар оқыту қолға алынып отыр.

Мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамытудың негізгі мақсаты жаңа білімді қабылдауға дайындығын қамтамасыз ету. Баланы үштілді мәдениетке баулу арқылы: тілді дұрыс меңгертуге, ауызекі

сөйлей білуді үйретуге болады. Мамандардың педагогикалық іс-тәжірибесінде балабақшада үш тілді үйрету жұмыстарын бастау бірізділік пен арнайы жүйе бойынша ұйымдастыруда төмендегідей бағыттар қамтылған:

- баланың сөздік қорын дамыту;
- жаңа сөздердің мағыналарын жетік түсіну;
- синонимдер мен антонимдерді қолдана білу;
- сөз тіркесі, сөйлемдерді дұрыс қолдану;
- сөзді байланыстырып сөйлеуге үйрету;
- диалог түрінде сөйлей білу.

Мектепке дейінгі мекемелердегі үш тілді үйрету мақсатындағы жүйелі жұмыстар баланың ағылшын тіліндегі мультфильмдердің сюжетіне қарап, әуенін ыңылдап қайталауы, қосылып бірге шырқауы үлкен жетістік. Ал, кейбір балалардың 1-ден 10-ға дейін үштілде санай аламын деп, енді бірі ағылшынша тақпақ білемін деп айналасындағы адамдарға балабақшада үйренгендерін қайталауы тіл төңірегіндегі жұмыстардың нәтижесі деп білеміз. Бала көптілді меңгерген сайын, болашақта алар белестері биік болады. Өйткені балабақшадан алынған білім оның өмірінің жарқын болуына кепілдік беретін орда.

Педагогикалық фактор тілді оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері, интерактивті әдістер мен жаңа технологияларды, бақылау әдістерін, педагогтардың шеберлігін қазіргі заманға сай ұйымдастыруды талап етеді. Тіл, мәдениетін игеру – әр баланың сәби шағынан басталып, ары қарай бірітіндеп жетіліп отыратын үрдіс. Тіл, дүние танудың кілті. Ол мәдениет деп аталатын дүниенің мәңгілік ажырамас бөлшегі, бүкіл қоғамды алға жылжытушы, дүниетанудың негізі, қарым-қатынас құралы. Тіл игеру арқылы бала айналасындағы дүниені таниды, басқалармен қарым-қатынасқа түсе отырып оның танымдық қызметі оянады. Тілді үйреткенде, бала сол тілде сөйлей алса болды дегенді қанағат етпей, тілді баланың бүкіл мүмкіндігін, қабілетін ашатындай дәрежеде оқыту керек. Яғни, үш тілді меңгеру, білу - бұл жаһандық әлемге жолдама деген сөз.

Белгілі саясаттанушы Т.Әбдуәли: «Жаһандану – дегеніміз қарапайым сөзбен айтқанда дамыған елдермен қарым-қатынасымызды нығайту. Соның бірі - тілдік коммуникация. Бұл үшін халықаралық қатынас тілі болып жүрген ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпай-тұрмай баулуымыз керек. Оның қажеттілігін уақыт өткен сайын өткір сезініп келеміз» [3] деген болатын. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ала бастаған Қазақстан үшін аса маңызды. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса, Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік?

Шетел тілін білмей, дүниежүзілік экономика кеңестігін, білім, ақпарат көздерін жете меңгеруге қол жеткізе алмаймыз. Сондай-ақ жаңа технологияны жете меңгермей, тілдерді де игеру жедел әрі тиімді бола қоймайды. Қазіргі жалпы білім беретін мекемелердің көпшілігінде сабақ жаңа технологияны іске асыру арқылы, оның механизмдерін тілді меңгеруде дұрыс қолдану арқылы өтеді. Бұл тіл мамандарының ізденісі, дегенмен әлі де болса, бұл бағытты жетілдіру қажет екендігі сөзсіз. Бүгінде қазақстандық оқыту мен тәрбиелеу әлемдік оқыту мен тәрбиелеудің талаптарына сай болуы аса қажет. Сондықтан балабақшаға келген күндерінен бастап балалардың ана тіліне және басқа тілдерге қызығушылықтарын арттырып, үштілділік арқылы тәрбиелеу қажеттігі туындайды. Бірнеше тілде еркін сөйлей де жаза да білетін жастарымыз өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлға ретінде танылады. Бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Оған қоса ағылшынша білсең – әлемдегі ең үздік, жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңартуға сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін дамытуға және терең білім беруге, соның ішінде тілді үйрету мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше назар аударылады. Білім беру саласында үш тілде үйретуді енгізу қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдарда кеңінен қолға алынып отыр. Үштілдік сабақ балалардың ой-өрісін, қиялын, сөздік қорлары мен, тапқырлықты, ізденімпаздықты, зейінділіктерін дамытады. Үштілдік сабақтарда мынадай ойын түрлері қолдануға болады: ойын-жаттығу, сергіту-ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар және де ағыл-

шын тілінде тақпақтар, жұмбақтар, музыка сабақтарында ағылшын тілі мамандарының көмегімен өлендер жаттауда. Осы ойындар балалардың тілін, сөздік қорын дамытуда үлесі зор болып табылады.

Балабақша үрдісінде шетел тілін оқытуда балалардың коммуникативті құзыреттіліктерін дамыту біліктілігін, балалардың қызығушылығын ұйымдастыруда дидактикалық ойындардың қажеттілігі, яғни зор екендігі қарастырылған. Мұндай ойындар баланы жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Бастапқы этапта ағылшын тілін оқытудағы бір негізі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қандай дидактикалық ойын қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдалуы керек екендігі назарға алынған. Ағылшын тілін меңгерту барысында ұсынылатын ойын элементтері, суретті тапсырмалар баланың өздігінен белсенді әрекетке түсуіне ықпал етеді.

Шет тілін ерте меңгерудің тиімділігі теориялық зерттеулермен расталған оң нәтижелерге ие (Евгений Негневицкая, А.М. Шахнарович, П.П. Блудова, Бахталіна Е.Ю. және т.б.).

1. Балалардың коммуникативтік функцияларын дамыту, оның ішінде қарым-қатынас жасау мүмкіндігі. Сөйлеу қабілетін дамыту (фонемалық естуі, тілді сезінуі, имитациялау қабілеті, т.б.), психикалық функцияларын (ауызша ойлау, логикалық ойлау, тілдік болжам) дамыту.

2. Сөйлеу аппаратының дамуы (дұрыс айтылу - шын мәнінде, шет тілдерінде ана тілінде кездеспейтін фонемалар бар, бұл балалардың сөйлеу аппаратының икемділігін дамытуға және сақтауға ықпал етеді) және мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы тілін дамыту.

3. Шет тілін үйрену барысында ойлаудың дамуы өздерінің ана тілдерімен салыстырғанда ерікті не еріксіз түрде талданады немесе салыстырылады, содан кейін ойлау үдерісінде жүзеге асырылады.

4. Лексиканы байыту: шет тілдік лексиканы меңгеру арқылы сөздік қорын, сондай-ақ лингвомәдениеттік материалдарды кеңейту.

5. Шет тілін үйрену барысында зейін қою, есте сақтау сияқты психикалық процестерді дамыту.

Бұны атап кету өте маңызды, өйткені дәл осындай нәтижеге қол жеткізу оқыту үдерісінің сауатты ұйымдастырылуына байланысты болады [4]. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты психикалық, физикалық мүмкіндіктерін, сонымен қатар олардың тілге деген қабілетін ескере отырып, сабақ беру барысында ойын түрінде өткізуге және де сабақтың түрін өзгерте отырып, баланың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытуды басты назарға қою қажет. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарда шет тілі аптасына 2 рет, сабақтың ұзақтығы 30 минут. Сабақ арнайы бекітілген бөлмеде өткізіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған шет тілі сабақтарының көптеген түрлері белгілі, алайда олардың әртүрлілігінің арасында мұғалімдер жиі қолданатын бірнеше шартты түрлері бар мәселен: [5]

- ойын түріндегі сабақ;
- сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған сабақ;
- тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталған сабақ;
- шығармашылыққа бағытталған сабақ;
- ертегілер, әңгімелер және т.б. сабақтары;
- сабақ-саяхат;
- рөлдік ойынға бағытталған сабақ;
- сұрақ-жауап сабағы, жарыс сабағы;
- жобаға бағытталған сабақ;
- сабақ – сұхбат;
- мереке сабағы және т.б.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында шет тілі сабақтарының мұндай алуан түрлері, ең алдымен, мектеп жасына дейінгі балалардың шет тілін қабылдау мен меңгеру ерекшеліктеріне байланысты. Сабақтар дәстүрлі қалыпта: амандасу, ауа райын сұрау, тізім бойынша балаларды түгендеу, әдеттегі таныс жаттығуларды орындау, және үй тапсырмасын берумен аяқталмауы тиіс. Егер сабақ дәстүрлі емес шығармашылыққа бағытталған тапсырмалармен жаттығулардан тұрса, ол жаттығулар баланың іс-қимылына бағытталып, оның ішінде жарыстар мен сайыстар, жаттығулар, ал оның орындалу шарттары шет тілінде айтылса, мұндай сабаққа балабақша баласы қызығушылықпен

барады, сонымен қатар шет тілін үйрену қызықты ойын түрінде қабылданып және де өз құрбыларымен және педагогпен қарым-қатынас жасаудың бір жолы болып есептелінетіні хақ.

Қорыта айтқанда, ағылшын тілін меңгеру балаларға мектепте оқығанда, келешекте бәсекеге қабылетті маман ретінде жақсы табыстарға қол жеткізу үшін ықпалды және іскер адамдармен қарым-қатынас орната алу, қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет. Осы тұрғыдан алғанда, өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, басқа тілді меңгеру кез келген тұлғаның биіктен көрінуіне мүмкіндік берері сөзсіз. Ендеше, білім мен ғылымның, экономика мен саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде үш тілді білуді міндеттеу, өз кезегінде өткір де, қажеттіліктен туып отырған мәселе деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2016 ж.
- 2 «ҚР Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы» 2012 жыл, 14 желтоқсан.
- 3 Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008.
- 4 Создание педагогических и методических условий планирования и организации обучения и общения детей с сохранным развитием средствами иностранного языка. Рабочая тетрадь для студентов специальности 050710 Специальное дошкольное образование. ГОУ СПО ЯО Ярославский педагогический колледж, 2014. – 75 с.
- 5 Wendy A. Scott, Lisbeth H. Ytreberg. Teaching English to children. – Longman education texts, 1993. – 119 с.

УДК 373.24
МРНТИ 14.35.09

Манкеш А.Е.¹, Жумашева Т.С.²

*¹д.и.н., профессор, Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²докторант 1-курса по специальности 6D010100-Дошкольное обучение и воспитание,
Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан*

СУЩНОСТЬ ПРИОБЩЕНИЯ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ВОСПИТАТЕЛЕЙ ДЕТСКИХ САДОВ К ПЕДАГОГИЧЕСКОМУ АРТИСТИЗМУ В ПРОЦЕССЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ

Аннотация

В статье описывается роль педагога в детском саду и важность интеграции педагогического артистизма в процесс профессиональной подготовки будущих педагогов в высших учебных заведениях. В то же время описывается сущность понятия артистизма, его смысла, сферы науки, где применяется. Кроме того, существуют различные определения понятия артистизма и концепций, которые структурированы по сравнению с собственными взглядами автора. В то же время объясняет особенности и различия между концепциями педагогического артистизма и педагогического мастерства. Описывается польза навыков педагогического артистизма для педагога и способы его реализации. В частности, автор весьма подробно остановился на пользах специальных лекций для будущих педагогов, работающих в дошкольных учреждениях, в которых проводятся психологические тренинги и используются элементы театральной педагогики. В то же время описывается цели и задачи художественного педагога, а также последствия их работы.

Ключевые слова: педагогический артистизм, жестикуляция, ритм голоса, красота жестов, внешний вид, словарный запас, творческая деятельность, профессия, воспитатель детского сада, родители, педагогические навыки, эмоция, саморазвитие, талант, настроение.

А.Е. Манкеш¹, Т.С.Жумашева²

¹п.э.д., Абай атындағы Қаз ҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының профессоры,
Алматы қ., Қазақстан

²бД010100- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 1 курс докторанты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты,
Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ БАЛА БАҚША ТӘРБИЕШІСІ МАМАНЫН КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ҮРДІСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АРТИСТИЗМГЕ БАУЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақала жалпы бала-бақшада тәрбиеші тұлғасының атқаратын рөлі, жоғары оқу орындарында болашақ бала-бақша тәрбиешісін кәсіби даярлау үрдісінде педагогикалық артистизмге баулудың маңыздылығы туралы жазылған. Сонымен бірге артистизм ұғымының мәні, оның түпкі мағынасы, қолданылатын ғылым саласы туралы баяндалған. Оған қоса, артистизм ұғымына берілген әртүрлі ережелер және оған автордың өзінің көзқарастарымен салыстыра отырып, құрастырылған анықтамалар берілген. Сонымен бірге педагогикалық артистизмнің педагогикалық шеберлік ұғымының арасындағы өзара ерекшеліктері түсіндіріледі. Педагогикалық артистизм қабілетінің тәрбиеші маманына берер пайдасы мен оны қалыптастыру үшін қандай шараларды жүзеге асыру туралы жазылған. Әсіресе, автор театрланған педагогика элементтері мен психологиялық тренингтермен қамтылған арнайы дәрістердің болашақ мектепке дейінгі мекемелерде жұмыс жасайтын тәрбиешілерге берер пайдасы туралы тоқталған. Сонымен бірге артистшіл тәрбиешінің мақсаты мен міндеттері және олардың жұмысының нәтижесі қандай болуы керек деген мәселелер қамтылған.

Түйін сөздер: педагогикалық артистизм, ым-ишара, дауыс ырғағы, қимыл-қозғалыс әсемдігі, сымбат, сөздік қор, шығармашылық іс-әрекет, мамандық, бала-бақша тәрбиешісі, ата-аналар, педагогикалық шеберлік, эмоция, өзін-өзі дамыту, өзінің білімін жетілдіру, дарындылық, көңіл күйі.

Mankesh A.E.¹, Zhumasheva T.S.²

¹d.p.s., professor of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

²PhD. 1 course Specialty 6D010100 Pre-school education and upbringing,
Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF PEDAGOGICAL ARTICISM IN THE PREPARATION OF THE PROFESSION OF FUTURE KINDERGARTEN SPECIALIST

Abstract

The article describes the role of a teacher in kindergarten and the importance of the integration of pedagogical artistry in the process of training of future teachers in higher education institutions. Describes the essence of the concept of artistry, his sense, the sphere of science. Author explains the peculiarities and differences between the concepts of pedagogical artistry and pedagogical skill. In the article reminds benefits pedagogical skills of artistry of the teacher and ways of its realization. She notes about the benefits of special lectures for future teachers working in pre-school institutions where use elements of theatrical pedagogy and psychological training. At the same time, describes goals and objectives of the art teacher, as well as the consequences of their work.

Keywords: pedagogical artistry, gesticulation, rhythm of voice, beauty of gestures, appearance, lexicon, creative activity, profession, a kindergarten teacher, parents, pedagogical skills, emotion, self-development, talent, mood.

Соңғы жылдары педагогикалық кадрларды даярлау және пайдалану мәселелерін шешу теориялық және тәжірибие жүзінде ілгері дамығанына қарамастан, бұл рухани өндіріс саласының маңызды бөлігінде жаңа зерттеулерді жүргізудің қажеттілігі терең сезіледі. Бұл ең алдымен тәрбиеші іс-әрекеті мен оның жеке тұлғасына қойылатын талаптардың және педагогикалық оқу орындарының түлектерінің даярлығының фактіге негізделген деңгейі, тәрбиешіні даярлаудың типтік жүйесі мен оның іс-әрекетінің жеке-шығармашылық сипаты арасындағы қарама-қайшылықтардың айқын көрінуіне байланысты болып отыр. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайды талдау, оқыту мен тәрбиелеу жүйесін қайта өзгертудің негізгі мазмұны тар шеңберлі мамандықты даярлау бағытын - маманның шығармашылық іс-әрекет қабілеттерін дамытуға ауыстыру керек деген қорытынды жасайды. Әсіресе, бұл педагогикалық мамандарды кәсіби даярлау туралы мәселе сөз болғанда оның көкейтестілігі жоғарылай түседі.

Бүгінгі күнде білім беру жүйесінің логикалық аяқталуың бір түрі балаларға мәдени тәжірибе туралы дұрыс түсінік беретін, оларға әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыратын бала-бақшаның негізгі міндеттері өткен күннің еншісіне кетіп барады. Ауысымға білім берудің жаңа қызметі келіп жатыр. Ол қоғамдық өмірдің жаңа формаларын тудыратын, әлеуметті өзгерту субъектісі болатын, жауапкершілігі мол, шығармашыл, өз бетімен дамуға қабілеті жоғары тұлға болуға міндеттейді. Бірінші қатарға өзін-өзі дамыту, өз бетімен білім алу, өзін-өзі шынайыландыру сияқты құндылықтар шықты. Олар тұлғаға бағытталған парадигманы рәсімдеу үшін негіз болып отыр.

Мектеп жасына дейінгі балалық шақ – адам өмірінің ең маңызды кезеңдерінің бірі. Қоғам алдында өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу үшін үлкен жауапкершілік тәрбиешіге жүктелген. Тәрбиеші – бұл баланың өмір жолында анасынан кейін кездесетін бірінші ұстазы. Тәрбиеші бала-бақшадағы басты тұлға. Ол барлығының көз алдында жүреді: балалардың да, ата-аналардың да. Оның жұмысы өте маңызды әрі күрделі, өйткені тәрбиеші баланың табиғатын білуі тиіс, ол қалай тіршілік жасайды, қалай ойнайды, оны қуантатын не және оны басқа құрдастары қалай қабылдайды сол туралы білуі тиіс. Тәрбиеші әдемі және дұрыс сөйлеуі керек, ол қызықты, әңгімені жақсы жеткізетін баяндаушы, ой-өрісі кең, баланың көзқарасын бөлісіп, оның көз алдында беделді бола білуі тиіс. Баланың жүрегіне кілт тапқан соң, ол оның досы болып қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі мекеменің тәрбиешісінің іс-әрекеті өз қызметі және мазмұны бойынша көп қырлы. Ол тәрбешіден кәсіби біліктілігінің әртүрлі болуын талап етеді.

Тәрбиеші тұлғасының қалыптасу ерекшелігі және кәсіби шеберлікті қалыптастыру мәселесі көптеген ғалымдар мен ағартушылардың еңбектерінде зерттеліп, қарастырылған. Дәлірек айтқанда, Э.И. Шыныбекова, Ә.М. Мұханбетжанова, Ш.Т. Мұқанбетова, О.С. Булатова, В.М. Коротов, И.Ф. Кривонос, Н.В. Кузьмина, К.М. Левитан, Е.М. Павлютенков, В.И. Пипоков, В.А. Слостенин және басқа ғалымдар оны жете зерттеген.

Қазақстандық қоғамда педагогикалық іс-әрекеттің кеңістігі кеңейді, адамның қалыпты дамуы үшін психологиялық-педагогикалық жағдайларды құрастыру, әлеуметтік-мәдени ортаны дамытуды жобалауға қабілетті педагогтарға қажеттілік жоғарылады. Болашақ тәрбиеші мамандарды жоғарғы оқу орындарында кәсіби даярлау кезеңдерін түзету мәселесі өзекті болып отыр. Бұрын кәсіби шеберліктің негізі деп қалыптасқан дәстүрлі көлемдер мен нұсқалардың шеңберінде көпжылдық жұмыс үшін жеткілікті психологиялық-педагогикалық және арнайы-ғылыми (кәсіптік) іс-әрекет компоненттерінің жиынтығы бар, «пайдалануға дайын» мамандарды даярлап шығу жоғарғы оқу орнының міндеті болатын. Ал, бүгінгі күні бала-бақша мен мектептерге ой-өрісі кең, бірнеше дәстүрлі емес технологияларды меңгерген, білім беру үрдісінің гуманистік потенциалын алып жүретін, бала үшін жағымды қасиеттерге ие тәрбиеші, мұғалімдер керек. Ол басқалардың мәдениетіне, дүниеге көзқарасына, діни сеніміне түсіністік пен шыдамдылық көрсетуге мүмкіндік беретін және гуманистік мәдениетті сақтау мен дамытуға ықпал ететін, ойлау мен әрекет ету жолдарын таңдауға білікті болуы керек. Сонымен бірге тәрбиеші өз оқушыларымен әріптес болуға қабілетті болуы тиіс, олар үшін қайталанбас, ешкімге ұқсамайтын, референтті тұлға бола білуі керек. Ол балаға білімділігімен қоса, эмоциясын және өз сенімін, өзінің мотивациялық-құндылықты қарым-қатынасын беруі тиіс. Ол үшін тәрбиеші бірнеше қасиеттердің кешенін игеруі тиіс, олардың ішінде ерекше бөліп қарастыратын маңызды кәсіби қасиет ретінде артистизмді ерекше бөліп қарауға болады. Ол балалардың құндылықтарға қарым-қатынасына ықпал етуге және олардың шығармашылығын басқаларға көрсетуге мүмкіндік береді. Артистизм – бұл тек сыртқы факторлар емес (ым-ишара, дауыс ырғағы, мимика), бірақ, олар сабақтың атмосферасын құру үшін өте маңызды. Баяндап отырған мәселе көпшілік қауымға түсінікті болуы үшін алдымен осы сөздің мағынасына қысқаша анықтамалар беруді жөн деп санаймыз. «Артист» сөзі кең мағынада – бұл өз ісінің шебері, өнерлі, асқан шебер деген мағынаны білдіреді. Ал, артистизм – бұл өнер деңгейіне дейін көтерілген іс-әрекет, тәрбиешінің немесе кез-келген педагогтың жұмысы қалаған рухани биіктігіне жетуі. Негізінен артистизм сөзі сөздіктерде – шеберлік, көркемдік дарындылық, келістілік, жарасымдылық, талғампаздық, майталмандық деген мағына білдіреді [1, 28 б.]. Ал, артистизм ұғымының мәнін талдау мәселесіне келер болсақ, оған белгілі бір нақты анықтама беру өте қиын. Яғни «артистизм» ұғымын қазақ тілінде бір сөзбен түсіндіру мүмкін емес, оның мағынасының аясы өте кең және ол алуан түрлі жағдайда қолданылады. Мәселен, заманауи әдебиеттерде артистизм ұғымына бір жағынан дарын, екінші жағынан еңбектің нәтижесі

ретінде анықтама береді. «1. Ерекше қабілет, көркем дарындылық, «кейіпкердің бейнесіне кіру» оның көмегімен бейнеге ешбір мәжбүрлеусіз ену, жеңіл өзгерудің еркіндігі. Өзін ұстаудың ерекше біліктілігі, мінез-құлықтың көркемдігі, қимыл-қозғалыстың әсемдігі, және т.с.с., әдетте артисттерге тән қасиет. 2. Өнер саласында әлдекімнің жеткен жоғары шеберлігі. Қандай да бір тапсырманы немесе істі орындаудағы жоғары шеберлікті айтамыз» [2, 234 б.]. Сондықтан біз мақаламыздың барысында артистизм сөзін өзінің түпнұқасымен айтуды жөн деп есептедік.

Әдетте көптеген адамдар артистік қабілет, артистік қасиет сияқты ұғымдар театр саласында, өнер адамдарына қатысты айтылатын ұғым деп түсінетіні бәрімізге белгілі. Ал, оның педагогика саласында қолданылатын мағынасының ерекшеліктері қандай? Мәселені өз дәрежесінде дұрыс шешу үшін біз педагогикалық артистизм ұғымына берілетін ережелерге тоқталуды жөн көрдік. Педагогикада «артистизм» сөзі педагогикалық шеберлік ұғымымен тығыз байланысты. Қазақ педагогикалық әдебиеттерінде жүргізілген талдауда педагогикалық шеберлік ұғымына келесідей анықтамалар берілген. Педагогикалық (кәсіби) шеберлік – педагогикалық іс-әрекетті меңгерудің жоғары деңгейі [3, 275 б.] делінген, ал, педагогикалық шеберліктің мәні – бұл педагогикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін тұлғаның білім, іскерлігі, дағдысы, психикалық процестері және жеке қасиеттері [4, 5 б.] деп жазылған.

Ж.Д. Ваганова, В.П. Кузовлева, О.С. Булатованың зерттеулерінде педагогикалық артистизм мұғалімнің жеке шығармашылық компонентінің бірі ретінде бөліп көрсеткен. Педагогикалық артистизм педагогтың оқушылармен үйлесімді өзара мақсатқа бағытталған қабілеттілігі ретінде түсіндіріледі. Сонымен бірге мұғалім өзіне бірнеше рөлдерді қабылдайды: тәлімгер, дос, әріптес, кеңесші, тыңдарман, әңгімелесуші...

Әдебиеттерді талдай отырып, біз педагогикада қолданылатын артистизм бұл:

1. Педагогикалық артистизм – бұл педагогикалық шығармашылықтың барлық кезеңдерінде қандай да бір белсенділікпен қызмет ететін ерекше құбылыс. Артистизмнің рөлі мен орны тәрбиешінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру барысында өзгеруі мүмкін: ол тұлғаның жеке қасиеті ретінде көрінуі мүмкін, ал, кәсіби тәжірибе жинап алған соң, педагогтың барлық жұмысын құрайтын интегралдауға мүмкіндігі бар және оның бүкіл іс-әрекетін синтездеу жолымен алады. Артистизмнің арқасында педагогтың іс-әрекеті өнердің деңгейіне көтеріледі. Бұл қасиеттерінің көмегімен педагог баланың тек ақыл-ойына ғана әсер етіп қоймай, балалардың сезіміне ықпал етеді, оларға дүниеге деген эмоциональді-құндылық тәжірибесін беруге мүмкіндік береді.

2. Педагогтың тұлғасының бітісі, оның өзіндік ерекшелігі: өзгеруге бейімділігі, сүйкімділік, ым-ишара мен дауыс ырғағының алуан түрлілігі, баяндаушының дарындылығы, басқаларға ұнау қабілеттілігі, ішкі еркіндік сезімі, жан дүниесінің әсемдігі, көркем-бейнелік ойлау, бейне байланыстар арқылы стандартталмаған шешімдерге ұмтылып, талаптану; психикалық және жүйке жүйесінің ерекшеліктері, тұлғаның акцентуациясы (К.Леонгард артисттік болмыс үшін ынталандырудың 3 түрін бөліп қарастырады: 1) эмоциялық қозғыштық, 2) мінез-құлықтың бітістерін көрсетуші, 3) интроверттілік; педагогикалық үрдіс жағдайында шынайы болатын негізгі импровизацияларға қабілеттілік.

3. Оқу тәсілдері мен «техниканың» біртұтастығы, сабақ әлі ешбір ғылым соңына дейін зерттеп бітпеген ерекше заңдар бойынша «ойналатын» жағдайлар. Ақпараттың тек мағыналы болуы маңызды емес, оны таңдау барысында эстетикалық жарқын болуына назар аудару; сұрақ қою «техникасының» жоғары болуы сабақтың ойынға айналуы және сол арқылы сабақтың баланың есінде ұзақ қалуына мүмкіндік беруі; сабақтың тақырыбына шығу амалдарын ойластыру, оған енуді меңгеру; белгілі бір педагогикалық міндеттерге сәйкес тәрбиеші мінез-құлқын құрастыру.

4. Педагогикалық шығармашылық тұжырымдамасы өмірдің күнделікті бірқалыпты тұрмыс тіршілігі айналасында болмауы тиіс. Импровизация егжей-тегжейлі ойластырылып жүруі тиіс, ол тәрбиешінің ішкі көңіл күйін ашады, ал ол өз кезегінде артистизмнің негізі болып табылады.

Ал, біздің пікірімізше артистшіл тәрбиешінің міндеті – балаларға эмоциялық ықпал ете білу, олардың жан айқайын шақыру, белгілі бір қобалжу, ой шақыру; балалардың санасы мен жүрегіне өз-өзіне деген сенімділікті бекіту, өзінің қарым-қатынасы арқылы әсершілдік шақыру; қиялды ойнатуға тырысу, ал, ойын – әрқашан еркін таңдау болып қала береді.

Тәрбиешінің негізгі мақсаты – сендіру жүйесі арқылы тұлғалық көзқарастың қалыптасуына ықпал ету және ол білім беруден бөлек жүруі тиіс; қоршаған ортаның объектілеріне белгілі бір қарым-қатынас жасау, ал, тұтастай алғанда жалпы оқу үрдісіне соған сәйкес бала бақша ұйымдастырған барлық әр ықпалдарға жағымды қарым-қатынас жасау; өзін-өзі шынайыландыру үшін өзінің құралдарын өзі таңдауы.

Артистшіл тәрбиешілердің сабақтарының негізгі жанры – өзіндік импровизация, әрбір берілген тақырып бойынша және бірге жасалатын ансамбльдік жұмыстың толық шығармашылық еркіндігі. Сабақ «нота» бойынша жүргізілмейді, оның партитурасы әр кезде қайтадан басталады. Осыдан барып импровизация туындайды. Ал, онда барлығы қатысатын болғандықтан, ол өзіндік импровизация болып табылады.

Артистшіл тәрбиешілердің еңбектері басты нәтижесі үнемі «лабораторияда» жүру болып табылады, ондағы шығармашылық үрдісі ағып, ондағы қатысушылардың белсенділігі шығармашылық тұлға болып қалыптасуына ықпалы тигізіп, олардың ашылып, өз жан дүниесімен басқалармен бөліскісі келуі, білімді жеке тұлғалық жоспарға ауыстырып, оның мәнін көруі болып табылады.

Өз оқушыларына Ш.Амонашвили: «Тіл, қанат тәріздес, қымбатты достар!» - деп айтады екен. – Сабақ – Күн!» Ал, балалар оған: «Сабақ білім мен мейірімділіктің күні. Ал, біз Күннің балаларымыз» деп жауап беріпті. Егер тәрбиешінің («Бақшаға өзің ойлап тапқан велосипедпен бар», «Жақсы сабақта әркім жақсы») сабақ барысында әртүрлі афоризмдері пайда болса, онда балалар да жарқын бейнелерді тудыруға тырысады. Біреулері ертегі немесе қысқаша әңгімелер ойлап тапса, кейбіреулері өзінің ішкі жан дүниесі көрінетіндей сурет салады. Ал, олардың барлығының туындауына себепші шабыт, қызығушылық, құмарлық [5].

Педагогикалық артистизм – бұл бір сәтте басқа жаңа жағдайға тез ауысуға қабілеттілікті болу, жаңа бейне үлгісіне бірден ену, сабақта балалар ұсынған идеялармен өмір сүру біліктілігі және оны шынайылықпен жүргізу. Бұл қасиет тәрбиешінің ішкі жан-дүниесінің байлығы туралы мағұлмат береді. Тәрбиешінің сөзбен, мінез-құлқымен, жарқын бейнесімен балаға әртүрлі мәдениет түрлерін ұсына білуге, оларды өзара салыстырып, баланы өз бетінше ойлауға үйретуге, белсенділігін арттыру, эмоцияның жиілігі және өнімді қиялдың болуына бағыттайды. Бұл қазіргі кезде өте маңызды, себебі өзін-өзі дамыту дағдысынсыз, эмоциялық икемділіктің жоқтығынан бала күнде өзгеріп жатқан өмірге бейімделе алмайды, сондықтан тәрбиешінің бойында басқа адамның пікіріне, сеніміне, мәдениетіне шыдамдылық таныту қасиетінің болуы бүгінгі күнде өте маңызды және оны өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына сіңіре білу оның негізгі міндеттерінің бірі.

Тәрбиешіге артисттік қабілеттерін дамыту керек, олардың қалыптасуы оған көпшіліктің алдында өзін еркін сезінуіне келтіретін кедергілерді игеруге, өзіндік шығармашылық сезім, артисттік мәнерлік, импровизация және тағы басқа өзінің педагогикалық шығармашылық іс-әрекетінің маңызды аспектілерін басқаруға мүмкіндік береді. Жас тәрбиешілер сезінген қиындықтарын талқылау, олардың шығармашылық табиғатын жетілдіруге қажеттіліктің бар екенін көрсетеді. Мәселен, көптеген тәрбиешілерде жүйкелік-психикалық ұйымдастырушылық, сөйлеу және тыныс алу аппараты жеткілікті дамымаған. Жас тәрбиеші материалды қаншалықты түрде жақсы біледі, оған баяндаудың мен оқытудың әдісі белгілі, ол жаман емес психолог бірақ, оның барлығын тікелей қарым-қатынас жүйесі арқылы іске асыру үшін ол өз еркімен болатын психофизикалық аппараты әрқашан бола бермейді.

Педагогикалық өнер басқа кез келген сала сияқты талантты, шабытты, шеберлікті және филигранды техниканы талап етеді. Тәрбиешінің экспрессивті – шығармашылық табиғатын дамыту мен жетілдіру үшін 1. Паралингвистикалық құралдар: мәдениет, дауыс, тембр, регистр, интонация, ырғақ, ритмика, әуен. 2. Экстралингвистикалық құралдар: күлкі, дем шығару, сипау, тәрбиеші имиджі, оның мінез-құлқы көріністерінің мәнерлігі мен сұлулығы. 3. Кинестикалық құралдар: ым-ишара, мимика, пантомимика, қалыптар, дене қалпы, дене әрекеті, визуальді байланыс. 4. Проксемикалық құралдар: кеңістіктегі қимыл-қозғалыс және кеңістікке орналасу, байланысушылардың арасындағы арақашықтық [6, 54 б.]. Бұл құралдардың барлығы қарым-қатынас кезінде үлкен рөл атқарады. Олар: сөйлеуді де айқындауы мүмкін; айтылатын нәрсені алдын ала мәлімдеу; айтылатын нәрседен озып шығу; айтылатын пікірдің мазмұнында бар қарым-қатынастың мәніне қарсы сөздер айту; сөзді

немесе сөз орамын орнын басу; аудиторияның назарын қарату және ұзақ уақыт ұстау; үндеместікті жою жеке тұлғалық байланысты сақтауға ықпал ету.

Жоғарыда айтылғандардан көріп отырғанымыздай, педагогикалық артистизм білім беру үрдісінің басталуының эмоционалды-бейнелі кезеңге ауысуы, ол танымдық сабақтардың жанды күйге айналуына мүмкінді береді, оның құрғақ әрі қатыгездік болуына жол бермейді екен. Ендеше педагогикалық қабілеттің осы бір компонентін болашақ тәрбиешілердің бойында қалыптастыру үшін не істеу керек деген сұрақ туындайды. Бұл педагогикалық артистизм қабілетін дамыту үшін ең алдымен театрланған педагогика пәнінен дәрістер курсы жүйелі түрде жүргізу керек, оларға жүргізілетін дәрістердің мазмұны міндетті түрде актерлік шеберлік және психологиялық тренинг жұмыстарымен толықтырылуы тиіс деп есептейміз.

Актердің іс-әрекеті тәріздес тәрбиешінің де жұмысы одан жоғары дене, психикалық, әлеуметтік мәдениетінің деңгейінің жоғары болуын талап етеді, сол үшін де ол үздіксіз жаттығуларды жасап, шынығып және тәрбиеші өзін-өзі үнемі тәрбиелеуі тиіс. Яғни, тұлғаның эмоционалды мәдениетін тәрбиелей отырып, болашақ тәрбиешілердің педагогикалық артистизмін дамыта отырып, біз студенттің ішкі жан еркіндігін тәрбиелейміз, өзін кеңістікте сезінуге және өзі мен оқушылардың кеңістікке тұруын үйретеміз. Соңғы нәтижесінде артистизм қабілеті жақсы дамыған студенттер мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде және мектептің педагогикалық практикасында және кәсіби мамандығымен өз бетінше жұмыс жасағанда өте жоғары жетістіктерге жетеді. Жан-жақты дамыған тәрбиеші тәрбиеленушілердің тарапынан қызығушылық пен мақтанш сезімін шақырады. Олар тәрбиешісіне ұқсағысы келеді, көп нәрсе үйренуге талпынады. Ал, бұл адамның қоғамдағы сәтті әлеуметтенуінің ең басты анықтаушысы деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Орысша-қазақша сөздік.* – А.: «Дайк-Пресс», 2005.
2. *Словарь современного русского языка.* – М., 1991.
3. *Білім және Ғылым энциклопедиялық сөздік.* – А., 2005
4. *Мұханбетжанова Ә.М., Мұқанбетова Ш.Т. Педагогикалық шеберлік.* – Орал, 2009.
5. *О.С.Булатова. Педагогический артистизм.* М., 2001.
6. *Павлова О.В., Подчалимова Н.А. Артистизм учителя как основополагающий фактор успешной педагогической деятельности. Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук.* – М., №1-4, 2016.

МРНТИ 14. 25. 09

S.A. Uzakbayeva¹, G. Sh. Akhmetova²

*¹doctor of pedagogical sciences, professor,
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

*²candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor,
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

ORGANIZING INTERACTION BETWEEN FOREIGN LANGUAGE TEACHERS AND YOUNG LEARNERS' PARENTS

Abstract

This article states the relevance of a foreign language in a society and the parents' understanding of the importance of a foreign language for a future child. Also it informs about the organization of the interaction between a foreign language teacher and young learners' parents, including the consistent implementation of the considered components of interaction (aims, principles of interaction, forms of organization and a direction of interaction, analytic activity of teachers and parents), which allows to successfully solve the emerging difficulties in the process of early foreign-language education and to increase its effectiveness.

Key words: interaction, foreign language, educational system, early education, early foreign-language education, parents, integration, pedagogical process.

С.А. Ұзақбаева¹, Г.Ш. Ахметова²

¹п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

²п.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АТА-АНАЛАРЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада шетел тіліне қоғамдағы сұраныс пен ата-аналардың шетел тілінің бала болашағы үшін маңызын түсінетіні туралы айтылады. Шетел тілі мұғалімінің бастауыш сынып оқушылары ата-аналарымен өзара әрекетін ұйымдастыруы қарастырылады. Өзара әрекетте қарастырылып отырған компоненттердің (мақсаты, міндеттері, өзара әрекет принциптері, өзара әрекетті ұйымдастыру формалары және өзара әрекет бағыттары, педагогтар мен ата-аналардың аналитикалық іс-әрекеті) кезеңдеп жүзеге асырылуы көрініс алады. Бұның бәрі түптеп келгенде шетел тілінен ерте білім беру үдерісінде кездесетін қиындықты оңтайлы шешуде көмектеседі және оның тиімділігін арттырады.

Түйін сөздер: өзара әрекет, шетел тілі, білім беру жүйесі, ерте жастан оқыту, ерте жастан шетел тілінен білім беру, ата-аналар, кіріктіру, педагогикалық үдеріс

Узақбаева С.А.¹, Г.Ш. Ахметова²

¹д.п.н., профессор Казакский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

²к.п.н., доцент, КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Алматы, Казахстан

ОРГАНИЗАЦИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ УЧИТЕЛЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА С РОДИТЕЛЯМИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В данной статье говорится о востребованности иностранного языка в обществе и понимание родителями значения иностранного языка для будущего ребенка. Рассматривается организация взаимодействия учителя иностранного языка с родителями младших школьников, включающая последовательную реализацию рассмотренных компонентов взаимодействия (цель, задачи, принципы взаимодействия, формы организации и направления взаимодействия, аналитическая деятельность педагогов и родителей), которая позволяет успешно решить, возникающие трудности в процессе раннего иноязычного образования и повысить его эффективность.

Ключевые слова: взаимодействия, иностранный язык, образовательная система, раннее обучение, раннее иноязычное образование, родители, интеграция, педагогический процесс.

In recent years, there has been a tendency to create a continuous system of foreign language education that presupposes the study of a foreign language from the early age (from an elementary school or kindergarten). This issue is one of the prior directions in the educational policy of Kazakhstan.

The introduction of a foreign language into the primary school program caused interest and support from the parents. All of them are aware of the importance of foreign-language education in modern society and provide the young learners with the necessary assistance in the learning process. And thus become participants in the educational process. But this, in turn, requires parents to take into account various factors and generates a need for qualified consultations.

In the sphere of early foreign education, it is necessary to take into account that young learners do not see the personal meaning in the acquisition of a foreign language. This often entails a reluctance to overcome the difficulties encountered in the learning process. Along with the special organization of training in this situation, it is important to help and support the family, from which the formation of children's positive motivation in learning largely depends on. We are talking about the personal example of adults, the formation of interest in languages, culture and traditions of other peoples, the perception of the results achieved by the child, their adequate evaluation, which by far not all parents can give.

The educational process, even at an early age, presupposes the independent activity of students, including the performance of homework by young learners. Children of this age, usually need in monitoring by the teacher or parents, as well as timely assistance.

The question of how to do this regarding a foreign language is asked by most parents, and occasional contact with the teacher in this situation does not always bring the desired results.

All of the above suggests the need for cooperation between schools and families to exchange information and provide qualified educational support to parents.

Analysis of scientific researches in the field of early foreign language education shows that this problem has been studied from different perspectives: methodological (E.I. Negnevitsky, Z.N. Nikitenko, etc.), linguistic (M.R. Lvov, L.V. Shcherba, and others), psychological (L.S. Vygotsky, I.A. Winter, etc.), pedagogical (sh. was Amonashvili, A.K. Markova, etc.). As for cooperation between educational institutions and families, there are only some signs which confirm the interaction between teachers and parents, emphasizing the role of the latter in addressing to a number of organizational tasks.

For pedagogical science the problem of interaction of educational institutions and the family as a whole is not a new one. It is evidenced by the scientific work in this area. For example, in many socio-pedagogical studies the pedagogical potential of a family socium (A.S. Makarenko, A.V. Mudrik, V.Yu. Titarenko, etc.), the problem of interaction of educational institutions and the family (R.U. Bogdanova, L.I. Novikova, A.G. Khripkova, etc.) are considered. Some papers highlighted specific issues of socio-pedagogical support of the family (O.Yu. Arsentieva), pedagogical education of parents (N.Badalyan), the study of foreign experience of interaction (E.P. Denisov), historical and regional aspects of the problem (E.G. Kozhevnikova), differentiated approach to working with families (G.I. Kozeba), interaction in the development of high school students' professional choice (E.V. Malysheva).

Currently, the new educational paradigm has assigned the responsibility for the quality of children's upbringing and education to their parents. In this context, it is necessary to organize such interaction between schools and family, which would, on the one hand, meets the needs of parents, and with another-to unite the efforts of both parties in achieving common goals.

Conscious culture students with mental retardation in primary school, aimed at developing personality of the child, contribute to the formation of personality, all-round development, assistance in adaptation and socialization, the ability for a public environment, feel a full member of society, as formed, contains questions about development, based on measures by type of work. Today among the primary school pupils of secondary schools, new modern requirements to organization of work and assist children with mental retardation, especially its linguistic and optimal from the point of view of the consideration conducted through guellermasterdata. In initial language education of students with mental retardation relations in the development of cognitive and language activity, leading to the development of one of the methods is the game. The game in the besieged psyche of children through communication is considered as one of the ways admission to the most effective pedagogical. Because feelings of this category of children, their way of thinking and the internal state of inner mental phenomena, issuing out of the opening mood. These are the kinds of language games on the vocabulary development of the child and in the specifications, and the proper organization of categories ontally beret the possibility of using effective communication is regarded as one of the ways.

Key words: children with delay of mental development, education, education system, teaching in the elementary grades, the adjustment of the musculoskeletal defect, fault language, special education.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі оларды қоғамдық өмірге дайындау, әлеуметтік бейімдеу, жан-жақты дамуларына көмек көрсету, әлеуметтік өмір шеңберде тең құқылы тіршілік ете алуларына жағдай жасау.

2002 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету туралы» Заңына сәйкес даму және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар білім алуға және шығармашылық, дүниетанымдық мәдениеттерін дамытуға тең құқылы екендігі айтылған [1].

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңымен бекітілген Баланың құқықтары туралы Заңында: «Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына балаға бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі. Тегін жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіптік білім алғанға дейін баланы мемлекеттік білім беру мекемесінен шығару, шығарудың жалпы тәртібін сақтаумен қатар тек қорғаншы және қамқоршы органдарды хабардар ете отырып қана жүргізілуі мүмкін. Арнаулы педагогикалық тәрбиені қажет ететін кемтар балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат беріледі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғам өміріне белсене араласуына ықпал ететін өз қадір-қасиетін қамтамасыз ету жағдайындағы толымды өмірге дені сау балалармен бірдей құқығы бар. Мүмкіндігі шектеулі балалардың өзінің дене бітіміне, ақыл-ес қабілетіне және тілегіне сай білім алуға, қызмет түрі мен кәсіпті таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметтерге қатысуға құқылы» - екені белгіленген [2].

Бастауыш сыныптарда психикалық дамуы тежелген оқушыларға саналы мәдениетке бағытталған, баланың жеке басының дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын, жан-жақты дамуларына көмек көрсету, бәсекеге қабілетті, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты өсіріп, дамытатын мектеп болуы тиіс. Бүгінгі таңда жалпы білім беру мектептерде бастауыш сынып оқушылары арасында психикалық дамуы тежелген балаларға көмек көрсету жұмыстары жүйеленіп келеді.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін үдеріс. Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді. Инклюзивті білім беру әр балаға оның мұқтажына және басқа мән-жайларға байланыссыз, өз әлеуетін және білім алуға құқығын іске асыруға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім берудің артықшылығы оқушылардың араласуында. Қатынасу – білім беру басталатын нүкте. Мұғалімдер балалармен, оқушылар мұғаліммен және бір-бірімен қатынасуы тиіс.

Психикалық дамуы тежелген балалар дегеніміз – оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Мұндай балалар білімі мен дағдыларына, тұлғалық болмысындағы өзіндік ерекшеліктерге ие (бұнда: тұқымқуалаушылық, әлеуметтік және тәрбие факторларының ықпалында пайда болған) мінез-құлқына байланысты мектепте оқуды бастауға дайын емес. Олар оқуда көп қиыншылықтар көреді: мектепте орнатылған тәртіп нормаларын сақтау оларға аса қиын. Оқудағы қиыншылықтар олардың жүйке жүйесінің әлсіреуінен терендей түседі – жүйкесі тозып, соның салдарынан олар тез шаршайды, жұмысқа қабілеті төмендейді, бастаған жұмысын аяқтамайды. Бұл балалардың оқу үлгерімі ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 1-сыныптан бастап көріне бастайды. Бірақ анық белгілері 2-3 сыныпта белгілі болады. Оқу үдерісінде кездесетін кемшіліктер: сабақ барысына жай қосылады; материалын жай немесе тіптен қабылдамайды; берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды; оқу мен жазуы жай; оқыған мәтінін түсінбейді және түсінгенін айтып бере алмайды; есептер шығарған кезде үлкен қателер жібереді; тез шаршағыш; сыныптастарымен аз араласады; өз ойын анық айта алмайды.

Мәселен, мұндай балалардың жұмыс қабілетінің төмендеуі және зейін тұрақсыздығы әр балада түрлі көрініс табады. Психикалық дамуы тежелген /ПДТ/ балалар зейіннің ерекшеліктері оның тұрақсыздығынан, бір объектіге тұрақты көңіл бөле алмайтындығынан көрінеді. Басқа да сыртқы қоздырғыштардың болуы бұл оқушылардың жұмысын тежеп, қате жіберуін арттырады. ПДТ балаларда қабылдау қабілетінің дамуы да төмен, мұны балалардың қоршаған әлем туралы білімдерінің жеткіліксіздігінен, шектеулігінен, үзік-үзіктігінен, әдеттегі қалыптан басқаша тұрған заттарды, сыз-

балық бейнелерді тани алмайтындығынан (егер олар сызылып тасталған немесе бірінің үстіне бірі орналастырылған болса) байқауға болады.

Есте сақтау үдерістерін зерттеу ырықты есте сақтау нәтижесінің жеткіліксіздігінен, есте сақтау көлемінің аздығын, есте қайта жаңғырту қиынға түсіп, оның нақты болмайтынын көрсетті.

Мұндай балалардың танымдық қызметінің дамуында да айқын артта қалушылық пен өзгешеліктері бар. Олардың барша ойлау формаларының артта қалуы байқалады, мектептегі оқудың басталуына қарай мұндай балаларда, әдетте әлі негізгі ойлау операциялары талдау, топтау, салыстыру, қорыту қалыптаспаған. Танымдық белсенділігінің төмендігі айқындалған.

Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының түрлері көп. Түзету жұмыстарын жүргізудің басшылыққа алатын ұстанымдық қағидалары төмендегідей:

- баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау;
- шаршап кетпеуін анықтау;
- оқу әрекетін ойын түрінде ұйымдастыру, кеңістікті бағдарлауын дамыту;
- сыныптан тыс тәрбие сағаттарына қатыстыру;
- ойын дағдыларын оқу әрекетіне аудару;
- арнайы әдістемелермен оқытуды ұйымдастыру;
- жылдық диагностикалық даму деңгейін салыстыру.

Мамандардың оқыту түзету үдерісінде әдістемелік нұсқауларды дұрыс және жоғары деңгейде ұйымдастыруына байланысты психикалық дамуы тежелген балаларды өз жасындағы балалардың даму деңгейіне жеткізуге болады. Білім беру мекемесінде оқитын ПДТ балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Психолог, сынып жетекшісі, ата-ана тығыз байланыста болған жағдайда баламен жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады, яғни баланың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру арқылы түзете дамыту жұмыстарын жүргізу тиімді.

ПДТ баламен жүргізілетін жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастыру керек. Дидактикалық материалды жеткілікті түрде қолдану, қазақ тіліндегі оқулықтардың жеткілікті болуы, көрнекі құралдардың эстетикалық және педагогикалық талаптарға сәйкес келуі, ойын құралдарының әртүрлілігі, іс-әрекеттен тыс техникалық құралдардың жеткілікті қолданылуы – бұл баланың сөз сөйлеуін жақсы меңгеруінің бір шарты болып табылады.

Танымдық және сөйлеу іс-әрекетінің дамуына жеткізетін әдістерінің бірі – ойын. Ойын баланың өзінің қарым-қатынасқа деген қажеттігін, сезімдерін, ойларын және эмоцияларын сыртқа шығаруын қамтиды. Ойынды дұрыс ұйымдастыру арқылы баланың сөздік қоры дамиды, басқа балалармен қарым-қатынаста өзін еркін сезінуі және қоршаған ортаға байланысты білімдерін кеңейтеді. Ойын барысында қолданған сөздерді бала күнделікті өмірде қолданатын сөздік қорына кіргізеді.

Бала белгілі әлеуметтік ортада өсіп, айналасындағы заттар мен құбылыстарды танып біледі, олармен тікелей қарым-қатынастарда әсерленіп, бойындағы табиғи қасиеттерін жетілдіріп, ақыл-ой сезімін таным әрекетімен байланыстырады. Сезімнің бұл түрі балалардың оқып білім алуын, дүниетанымын, көзқарасын қалыптастырады. Баланың шындықты тануға деген ең алдымен таңданудан басталады, таңдауы баланың бәрбір нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның мән-жайын жан-жақты танып, оларды тереңірек түсінуіне жетелейді, оның ізденімпаздық әрекетін тудырады [1].

Психикалық дамуы тежелген балаларды оқытудың негізгі әдісі біріктіру болып табылады. Қазіргі шақта біріктіру – зейін орталығы. Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерінен жалпы білім беру стандартының қалыпты уақытқа жақын болуымен сипатталады.

Біріктіру әдісі білімді түзетудің, дамытудың заңдылығы болып есептеледі.

Тұжырымдамаға сәйкес біріктіре оқыту келесі қағидалар негізінде жүргізіледі:

- дамуындағы кемшілікті ерте бастан түзету, дамуында ауытқуы бар балалардың бірнеше қызметтерін қалпына келтіру қабілеттері;
- біріктіре оқыған әрбір балаға түзету көмектері міндетті;
- біріктіре оқуға негізделген балаларды таңдау. Психоэмоционалдық дамуы терең бұзылған балалар қалыпты балалар арасында тәрбиелене алмайды.

Психикалық дамуы тежелген балалармен дәрігерлік-психологиялық-педагогикалық және түзету шараларын жүргізгенде мамандар мынадай маңызды ұстамдарды сақтауы тиіс:

- жеке және топ арқылы олармен түзету-дамыту сабақтарын жүргізу;
- қимыл-қозғалысы мен психикасының дамуының жетілуін бағалап жетілдіре түсу;
- психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық қауіпсіздігін сақтау, сол ортаға мейірімділік пен қамқорлық жағдайын туғызу, олардың қиыншылығын түсіну және жағдай жасау [3].

Дамуы баяу балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру, оқу материалын жай бөліп қоймай, керісінше жалпы дамуға бағытталған жаңа бағдарлама (баланың қоршаған ортаға бейімделуі, мінез-құлық ерекшеліктері, өзін-өзі төмен бағалауы, қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы, өз күшіне деген сенімсіздігі, белсенділігі төмен) құруды талап етеді. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру.

Психикалық дамудың тежелуіне тән белгілер:

- тез жалығу мен шаршаудың әсерінен ынта мен қабілеттің төмендеуі;
- сезім мен еріктің жетілмеуі;
- жалпы мәлімет пен елестету қорының шектелуі;
- сөздік қорының жеткіліксіздігі;
- интеллектуалды іскерлік, ойлау әдетінің қалыптасуы;
- ойын іскерлігінің толық қалыптаспағандығы;
- қабылдаудың баяулауы;
- сөйлеу логикалық операциясының ойымен қиылыспауы;
- ақыл-естің барлық түрлерінің бұзылуы;
- сенсорлық мәліметтерді қабылдау мен оны түсіну мерзімінің ұзақтығы;
- өзін-өзі бақылау деңгейінің төмендігі;
- мектеп жасына келгенде оқу, ойлау операциясының қалыптаспауы – талдау, жинақтау, салыстыру, қорыту әдістерінің негіздерін түсінбеу.

Осы өзгерістердің дәрежесіне сай, баланың жасын ескере отырып, оларды әлеуметтік бейімдеу, тәрбиелеу, оқыту және түзету жолдарын айқындайды. Нәтижелі арнайы әдістерді қолдану осы балаларға арналған арнайы балалар бақшаларымен мектептерде, мектеп - интернаттарда, немесе жалпы мектептің арнайы түзету сыныптарында дұрыс жолға қойылған.

Жазбаша сөйлеу тілін зерттеудегі невропатолог Н.К. Монаковтың көзқарасы үлкен мағынаға ие болды. Ол бірінші болып дисграфияны ауызша сөйлеу тілінің, сөйлеу бұзылыстарының жалпы сипаттамасымен немесе афазиямен байланыстырды.

Е.Иллинг жазу бұзылысы кезінде бұзылатын үрдістер қатарын бөледі:

- 1) әріптің оптикалық бірлігі мен дыбыстың акустикалық бірлігін меңгеру;
- 2) дыбысты әріппен сәйкестендіру;
- 3) әріп және сөзді синтездеу;
- 4) сөзді оптикалық және акустикалық бөлшектерге бөле білу қабілеті;
- 5) сөздің екпінін, әуенін, дауыстыларын анықтау;
- 6) оқығанды түсіну.

XX ғасырдың 30-жылдарында жазу бұзылуын психологтар, педагогтар, дефектологтар қарастыра бастады. Ең бірінші болып Ф.А. Рау жазудың бұзылуы мен дыбыс айтудың байланысын көрсеткен, одан кейін М.Е. Хватцев, Р.М. Боскис, Р.Е. Левина зерттеулері жазудағы жетіспеушілік көп жағдайда фонематикалық қабылдаудың бұзылысымен негіздігін дәлелдеді.

Дисграфия жәйлі М.Е. Хватцев көп жұмыс жүргізген. Басында ол дисграфияны дыбыс айтылу кемшіліктерінің көрінісі деп қарастырған. Ал дыбыс айту кемшіліктері балаларда түзелгеннен кейін, М.Е. Хватцев әріп түрінде көрсетілген дыбыс стереотипті көруінің бұзылуымен түсіндірген.

Р.Е. Левина алғашқы жұмыстарында жазудың бұзылуын фонематикалық дамымаудың сипатымен түсіндірген. Одан кейінгі Н.А. Никашина, Л.Ф. Спирина жұмыстарында жазу бұзылуы тілдік дамудың алғашқы кезеңдеріндегі дұрыс жұмыс жүргізілмегендігімен байланыстырады. [4].

Жазу үрдісінің психофизиологиялық құрылымы. Жазбаша сөйлеу тілі сөйлеу тіл іс-әрекетінің күрделі түрі және көп деңгейлі үрдіс болып табылады. Оған түрлі анализаторлар қатысады: сөйлеу – есту, сөйлеу – қимыл – қозғалыс, көру, жалпы қимыл – қозғалыс. Олардың арасында жазу үрдісі кезінде өзара шартталған тығыз байланыс орнайды. Жазбаша сөйлеу тілін меңгеру есту және дыбыс айту қасиеттінің, көрінетін және жазылатын сөздің арасындағы жаңа байланысын орнату сипатынан тұрады, өйткені жазу үрдісі төрт анализаторлардың: сөйлеу қимыл-қозғалысты, сөйлеу – есту, көру және қимыл-қозғалыстардың бірлескен жұмысымен қамтамасыздандырылады [5].

Қорыта келгенде психикалық дамуы тежелген баланы дамыту барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың физиологиялық, психологиялық, жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаны дамыту жұмыстарын дұрыс және тиімді ұйымдастыру болып табылады. Түзете-дамыту жұмыстарын-

да төмендегі мәселелерге көңіл бөлген жөн: психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық және тұлғалық ерекшеліктері сауат ашуға, жазуға, математикаға, еңбекке үйрету, кезінде оқу мазмұнын басқаша іріктеуді қажет етеді. Бірінші кезекте оқуға деген жағымды түрткі қалыптастырып, жақын эмоционалды көріністерді тудыратын, ой-өрісін кеңейтетін материал алынып міндетті түрде қолданылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық-психологиялық түзету арқылы қолдау» заңы //Егемен Қазақстан – 2002 ж.
2. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.
3. Кушербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері //Дефектология. 2011. №3. – 17 б.
4. Кальнебаева Г. Психикалық дамуы тежелген балаларды ақыл-есі төмен балалардан ажырату. //Дефектология. 2010. №4. – 15 б.
5. Мазанова Е.В. Логопедия. – Москва, 2004.

МРНТИ 14.25.09

А.Н. Галиева¹, Р.О. Асыллова²

¹ф.ғ.к., I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
²ф.ғ.к., I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МЫСАЛ ӨЛЕНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сыныпта мысал өлеңдерді оқытудың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылған. Авторлар мысал жанрының ерекшеліктеріне қарай сабақ беру әдісін жетілдіру жолдарын қарастырады. Әдеби шығармалардың басқа түрлерінен мысалдың (аллегориямен айтылатыны, мысалда белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мән болатыны, дауыс ырғағын сақтау) ерекшелігіне қарай оның (мысалдың) мазмұнын қабылдату және ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау жұмыстарына тереңірек көңіл бөледі. Зерттеу мақсатына сәйкес Талдықорған қаласының №19 мектеп-гимназиясында мысал өлеңдерді оқыту әдістемесі бойынша 2-4 сыныптар бойынша тәжірибелік сабақтар сипатталған. Оқу материалдарын игеру үрдісінде оқушының ойлау қабілеті мен практикалық әрекетін шыңдайтын оқытудың белсенді әдістері талданған. Оқушылардың әдеби-теориялық талдау жұмыстарын дамытуда сөздік әдістер (баяндау, репродуктивті, эвристикалық), проблемалық тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар ұйымдас-тырылған. Баяндау әдісі арқылы сабақта балаларға жаңа білім берілді. Баяндау барысында шығарманың басталуы, өрбуі, шарықтау шегі және аяқталуын дауыс ырғағы арқылы шебер жеткізе отырып, көркем шығарманы баланың санасына жеткізуге жағдай жасалды. Дауыс ырғағы, эмоциялық сезімі, кейіпкерге енуі, бет-қимыл қозғалысы, мимикасы, т.б. шығарма мазмұнына сәйкестендірілген жағдайда ғана, баяндаушы өз мақсатына жетеді. Мұндай әдіс көркем шығармаларды меңгертуде көрнекі орын алуға тиіс. Себебі, сөз шеберлігін, әдеби сөйлеуді балалар мұғалімнен үйренеді. Репродуктивті әдісті сабақта қолдану кезінде мұғалім түрлі сұрақтар қойып, тапсырмалар орындатып балалардың жаңа білімді меңгеруіне, өткенді естеріне түсіруіне, яғни шығарма кейіпкерлерін суреттеуі немесе оқиғаны қысқаша өз түсінігі бойынша айтып беруге жетелейді. Балалардың өткен тақырыпты естеріне түсіруге және жаңа материалдарды меңгертуде мазмұнды суреттер беріліп, әңгімелеу ұсынылған. Эвристикалық әдістің көмегімен көркем шығармаларды меңгертуде түрлі жағдаяттар туғызатын сұрақтар мен тапсырмаларды балалардың өздігінен шешуіне мүмкіндік берілген. Зерттеу барысында мысал өлеңдерді оқытудағы шығармашылық мазмұндағы жұмыстар нәтижелі болды. Бұл жұмыстарды оқыту үрдісінде пайдалану оқушылардың белсенділігін арттырып, өзіндік ой қорытуға жоғары ықпал етеді деп қорытынды жасаған.

Түйін сөздер: оқыту әдісі, оқыту үрдісі, әдістеме, мысал жанры, проблемалық жағдаят, шығармашылық жұмыс.

Галиева А.Н.¹, Асыллова Р.О.²

¹к.ф.н., Жетысуский государственнй университет имени И.Жансугурова,

²к.ф.н., Жетысуский государственнй университет имени И.Жансугурова,
г. Талдықорган, Казахстан

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ БАСЕН В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Аннотация

В статье рассматриваются методические особенности обучения басен в учебном процессе начальной школы. Автор на конкретном примере жанра рассматривает пути совершенствования методов обучения. Литературные произведения иллюстрируемые на примере (говорить аллегорией, на примере одной из агитации, важность воспитания, хранить интонацию голоса), глубоко уделяют внимание работам персонажей, смотря на их особенность содержание и деяния. На базе школы-гимназии № 19 города Талдықорган для методического обучения басен во 2-4 классах были проведены практические занятия. Чтобы хорошо усвоить материал в учебном процессе, развить мыслительную способность и улучшить практические действия были использованы активные методы обучения.

Для литературно-теоретического анализа работы учеников был использован словарный метод (описательный, репродуктивный, эвристический), проблемные задания, так же были организованы творческие работы. С помощью метода доклада на уроке детям были даны новые знания. В ходе показа в начале и в конце кульминации при помощи ритма голоса были сделаны все условия, чтобы мастерски довести художественное произведение до разума ребенка.

Поэтому профессионально, красиво, литературно говорить ученики учатся у преподавателя. Метод репродуктивности учитель использует на уроках, когда задает различные вопросы при усвении новой темы и выполнении заданий, при повторение пройденной темы, описании героев и рассказ истории.

Эвристический метод используют при освоении художественных произведений с помощью побочных вопросов и заданий для самостоятельной работы. Использование этих методов во время учебного процесса увеличивает активность учеников и повышает самостоятельность мышления.

Ключевые слова. методы обучения, учебный процесс, методика, жанр басни, проблемная ситуация, творческая работа.

Galieva A.N.¹, Assylova R.O.²

¹ Candidate of Philology, Zhetysu State University after I.Zhansugurov,

² Candidate of Philology, Zhetysu State University after I.Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan

STUDY METHODOLOGY FEATURES BASEN IN ELEMENTARY SCHOOL

Abstract

The article deals with methodical features of studying fables nachalnoy in the educational process of the school. By a specific example of the genre is considering ways to improve teaching methods. Literary works illustrated by the example of (say allegory, as an example of one of the campaign, the importance of education, to keep the tone of voice), paying attention to work deep characters, despite their feature content and activities. On the basis of school-gymnasium № 19, Taldykorgan to methodical teaching fables in grades 2-4 practical sessions were held. To learn the material well in the learning process, develop thinking skills and improve the practical effect of the active teaching methods were used.

Vocabulary method (descriptive, reproductive, heuristic) was used for literary-theoretical analysis of student work, problem assignments, we were also organized creative work. With the help of the report method in class children were given new knowledge. In all conditions have been made during the show at the beginning and at the end of the climax of using the rhythm voice to masterfully bring the artwork to the child's mind.

Therefore, professional, beautiful, literary speaking students learn from teachers. The method uses reproductivnosti teacher in the classroom when asking various questions at usvenii new topics and assignments, with repetition threads describing the characters and the story is history. Evrestichesky method used in the development of works of art with the help of side questions and tasks for independent work. The use of these methods in the learning process of students increases activity and improves the independence of thought.

Keywords. teaching methods, teaching process, technique, genre fable, problem situatsiya, creative work.

Бастауыш сынып оқушылары көптеген әдебиет жанрларымен көбінесе әдебиеттік оқу сабақтарында таныса алады. Мысал жанрының ерекшеліктеріне қарай сабақ беру әдісін жетілдіру мұғалімге шығармашылық ізденісті қажет етеді.

Мысал – аллегориялық жанр. Айтылатын ой ашық берілмейді. Астармен, мензеумен беріледі. Жануарлар әлемі, құс, өсімдік, тағы басқа мысалдар бас кейіпкер ретінде алынады. Өткір сын да, ащы сатира да, байсалды юмор, келемек, мысқыл да осы мысал жанрында.

Сондықтан балалар танымын кеңейтетін мысал өлеңдерді оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін қарастыру біздің мақаламызда көрініс табады.

Мысал жанрының негізі орыс әдебиеті, Крыловта, ескі грек әдебиеті Эзопта жатыр. Олардың классик үлгісін қазақ әдебиетіне шебер енгізіп, негізін салған – Ыбырай Алтынсарин. Оның бұл дәстүрін Абай, Ахмет, Спандияр жалғастырды.

Олар Крылов творчествосының әлеуметтік бағытын, халықтық сипатын, ішкі тереңдігін мейлінше дұрыс аңғарумен бірге, оның мысалдарын қазақшаға аударуда өзгеше творчестволық тәсіл, белгілі бір стиль қалыптастырды.

Әдебиеттік оқу бағдарламасында мысалдар көбінесе оқытудың бастауыш мектептің 2-3-4- сыныптарында берілген. Мәселен, бастауыш сыныптың 2-сыныбында «Бидай мен Қаңбақ», «Құлақ пен тымақ» (Асқар Токмағанбетов), «Тәкаппар», «Көбелек пен ебелек», «Бұлбұл мен тоқылдауық» (Шона Смаханұлы), «Түлкі мен тиін» (Әбдірахман Асылбеков), «Қызғалдақ пен қарасора» (Сансызбай Сарғасқаев), «Даңғой» (Есентай Ерботин), «Ағаш» (А.Байтұрсынов), «Түлкі мен қырғауыл» (Спандияр Көбеев), «Ақ жаңбыр» (Жәнібек Кәрбозин.); 3-сыныбында «Шегіртке мен құмырсқа», «Түлкі мен Қырғауыл» (Спандияр Көбеев), «Білгір қарға» (Максим Зверев), «Ит пен ат» (Иван Крылов); 4-сыныбында «Аққу шортан һәм шаян» (Ахмет Байтұрсынов), «Сапар мен парта» (Адырбек Сопыбеков), «Арыстан мен тышқан» (Сұлтанмахмұт Торайғыров) сияқты бірнеше мысал өлеңдер оқытылады [1,2,3].

Зерттеу мақсатына сәйкес Талдықорған қаласының №19 мектеп-гимназиясында мысал өлеңдерді оқыту әдістемесі бойынша 2-4 сыныптар бойынша тәжірибелік сабақтар жүргізілді. Тәжірибелік сабақтарда бастауыш білім мазмұнында берілген мысал өлеңдерді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылды. Әдебиеттік оқу сабағында мысал өлеңдерді оқытуда дидактикалық принциптер (оқушының жас және жеке ерекшелігін ескеру, саналық пен белсенділік, оқытудың өмірімен, практикалық тәжірибемен байланыстыру) ескерілді.

Зерттеудің бірінші айқындау кезеңінде – зерттеу мәселесіне байланысты мектептегі мұғалімдер арасында төмендегідей сауалнамалар алынды:

1. Мысал өлеңдер бойынша мәтінді қабылдату үшін қандай әдістемелік жұмыстар жиі жүргізіледі?
2. Мысал өлеңдерді оқытуда қандай дидактикалық принциптерді басшылыққа аласыз?
3. Мысал өлеңдерді оқытуға қатысты өз ұсынысыңыз.

Сауалнама қорытындысы бойынша бастауыш сынып мұғалімдері мысал өлеңдерді оқытуда мынадай кемшін тұстары анықталды:

Біріншіден, мұғалімдер оқу сабақтарында мәтіннің мазмұнын айтып беруге, жатқа айтуға, сахналық көріністерге баса назар аударады да, талдау жұмыстарын жетілдіруге үнемі көңіл бөле бермейді.

Екіншіден, төменгі сынып оқушылары әдеби жанр ретінде мысал жанрын кейде ертегімен шатастырып алуы кездеседі.

Үшіншіден, берілетін білім көлемі ескеріле бермейтіндігі анықталды. Мәселен, оқудың жеңілдігі ізденуді талап етпейді, творчестволық белсенділікті төмендетеді. Сол сияқты бала ұғымына бас артық қиындық туғызатын күрделі материалды да ұсыну да баланың жігерін мұқайды, оқуға ынтасын төмендетеді, өз еңбегінің жеміссіздігін байқаған соң, оқушының өз ісіне деген сенімі жоғалады. Сондықтан да оқу материалы бастауыш сынып оқушысының танымдық ізденіс, белсенді еңбектенуі, іскерлік қабілетін жұмылдырып, күш жұмсауы арқылы ұғынуын камтамасыз етерліктей дәрежеде болуы қажет.

Әдеби шығармалардың басқа түрлерінен мысалдың (аллегориямен айтылатыны, мысалда белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мән болатыны, дауыс ырғағын сақтау) ерекшелігіне қарай оның (мысалдың) мазмұнын қабылдату және ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау жұмыстары ұйымдастырылды.

Бастауыш сынып оқушылары мысалды оқытуда суреттелген оқиғаның тартымдылығына қызықты. Мысалды оқып шығысымен, «автордың ондағы суреттеп отырған жан-жануарлары кімдердің бейнесі, оны кім деп түсінесіңдер?» дегендей сұрақ қою қателік болар еді. Өйткені жұмысты мұндай әдіспен жүргізу – оқушылардың мысалды оқығанда алған әсерін жоятыны анық. Сабақ барысында балалардың одан алған әсерлері әлсіремей, қайта күшейе түсетіндей, мысалдағы кейіпкердің іс-әрекетін тереңірек ұғына түсуіне жағдай жасайтын әдіс-тәсілдер қарастырылды. Ол үшін алдымен мысалдағы суреттелген оқиғаны, қатысушы кейіпкерлерді шындық, өмірде болатындай етіп түсіндірілді. Ал мысалда суреттелгендер балаларға шындық, болмыс жөнінде қате түсінік береді, өйткені қарға, түлкі сөйлемейді ғой деген сияқтылардан қауіптенудің қажеті жоқ. Олардың сөйлемейтінін

балалардың өздері де жақсы біледі, сонда да оны шындық сияқты қабылдайды. Мысалы, балалар тіпті 4-сыныптың өзінде де қылыштасу, атысу ойындарын шындық сияқты ойнайды. Олар таяқтың қылыш, найза еместігін, әрине, жақсы біледі, бірақ өздерінше шын найза, қылыш деп елестетеді. Немесе қыз балалардың кейбіреулері әлі де қуыршақтармен ойнайды, оның сөйлемейтінін біле тұра, шын кісі деп елестетіп, онымен сөйлесіп отырады. Сол сияқты мысалдағы оқиғаны да бастауыш сынып оқушылары шын көріп қабылдайды.

Педагогикалық әдебиеттерде [4,5] әдіс мақсатқа жетудің тәсілі десек, біз алдымызға қойған мақсатқа жету үшін сөздік әдістерді (баяндау, репродуктивті, эвристикалық) қолдана отырып, негізгі көңіл бөлгеніміз оқушыны проблемалық жағдаят тудыра отырып, ойының жүйелілігін, танымдық белсенділігін дамыту болды. Оқушылардың әдеби-теориялық талдау жұмыстарын дамытуда проблемалық тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар орындатудың маңызы зор болды.

Баяндау әдісі арқылы сабақта балаларға жаңа білім берілді. Баяндау әдісін қолдану үшін материалдарды мұғалімнің өзі жетік те, толық білуі тиіс. Баяндау барысында шығарманың басталуы, өрбуі, шарықтау шегі және аяқталуын дауыс ырғағы арқылы шебер жеткізе отырып, көркем шығарманы баланың санасына жеткізуге жағдай жасалды. Дауыс ырғағы, эмоциялық сезімі, кейіпкерге енуі, бет-қимыл қозғалысы, мимикасы, т.б. шығарма мазмұнына сәйкестендірілген жағдайда ғана, баяндаушы өз мақсатына жетеді. Мұндай әдіс көркем шығармаларды меңгертуде көрнекі орын алуға тиіс. Себебі, сөз шеберлігін, әдеби сөйлеуді балалар мұғалімнен үйренеді.

Репродуктивті әдісті сабақта қолдану кезінде мұғалім түрлі сұрақтар қойып, тапсырмалар орындатып балалардың жаңа білімді меңгеруіне, өткенді естеріне түсіруіне, яғни шығарма кейіпкерлерін суреттеуі немесе оқиғаны қысқаша өз түсінігі бойынша айтып беруге жетелейді. Балалардың өткен тақырыпты естеріне түсіруге және жаңа материалдарды меңгертуде мазмұнды суреттер беріліп, әңгімелеу ұсынылады.

Эвристикалық әдістің көмегімен көркем шығармаларды меңгертуде түрлі жағдаяттар туғызатын сұрақтар мен тапсырмаларды балалардың өздігінен шешуіне мүмкіндік туғызылады. Сондай-ақ, баладан өздігінен ойын жүйелі құрастыру және өз ойын толық жеткізу талап етілді.

Мысал өлеңдерді оқыту барысында қарастырылып отырған шығармаға оқушының өз көзқарасын білдіре білуі өте маңызды. Зерттеуші-педагог алдына мақсатты анық, дұрыс қоя білсе, әңгімелесу, сұхбат, сауалнама әдістері арқылы үлкен жетістіктерге жетуіне болады. Бұл үшін негізгі және қосымша сұрақтарды да дәл, мазмұнды ету қажет. Егер де мұғалім қажетті моральдық-психологиялық жағдай туғызаалса, әңгіменің тиімділігі жоғары болады.

Тәжірибелік сабақтар барысындағы проблемалық жағдайларды 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Сабақ барысындағы проблемалық жағдаят.

№	Сабақтың тақырыбы	Проблемалық жағдай
1.	Бидай мен қаңбақ	1. Дұрысын айтқан бидай ма, қаңбақ па? 2. Өмірде бидай мен қаңбаққа ұқсас адам болатындығын айт. 3. Бидайдың қандай пайдасы бар? 4. Нан қалай жасалатынын айт. 5. Нанға байланысты тыйым сөздер жинастыр.
2.	Тәкаппар	1. «Тәкаппар» сөзінің мағыналас қатарын тап. 2. Мысалды оқиға желісіне қарай бөліктерге бөл. 3. Мысалдағы автордың қорытынды ойына сәйкес мақал-мәтелдер тауып кел.
3.	Түлкі мен тиін	1. Тоқсан тоғыз айла» деген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріп көр. 2. «Тайраңдар» сөзінің мағыналас қатарын тауып көр.
4.	Ақ жаңбыр	1. Жаңбырдың қалай жауатынын бақылағандарың болса, әңгімелеп көр. 2. Өзіңе қандай жаңбырдың ұнайтынын айтып көр. 3. Жаңбыр жөнінде білетін, оқыған тақпақ, өлеңдерді есіңе түсір.
5.	Шегіртке мен құмырсқа	1. Сен құмырсқаның орнында болсаң, не істер едің? 2. Шегіртке мен құмырсқаның іс-әрекетін сипаттайтындай мақал-мәтел жинастыр.
6.	Бұлбұл мен тоқылдақ	1. Бұлбұл мен тоқылдаққа мнездеме бер. 2. Халқымыздың бұлбұлды «әнші құс», тоқылдақты «орман дәрігері» деп бағалауына мән бер. 3. Бірін бұлбұлдың, екіншілерің тоқылдақтың суретін салып көр.

Мұндай сұрақтар мен тапсырмалардың шешімін өздігінен табу кезінде оқушылардың көпшілігі қате пікірлер айтты. Оқушының өздігінен шешім қабылдауы үшін бұл туралы бұрыннан алған түсініктері болуы керек. Әдейі ұйымдастырылған жағдаят оқушылардың өздігінен ізденіс жүргізуіне мүмкіндік беріледі.

Репродуктивті әдісті сабақта қолдану кезінде мұғалім түрлі сұрақтар қойып, тапсырмалар орындатып оқушылардың жаңа білімді меңгеруіне, өткенді естеріне түсіруіне, яғни табиғат құбылыстарын суреттеуі немесе оқиғаны қысқаша өз түсінігі бойынша айтып беруге жетелейді. Оқушылардың өткен тақырыпты естеріне түсіруге және жаңа материалдарды меңгертуге мазмұнды суреттер беріліп әңгімелеу ұсынылды (2-кесте).

Кесте 2 – Сабақ барысындағы репродуктивті әдіс

Сынып	Тақырыбы	Тапсырма
2-сынып	Қызғалдақ пен қарасора (С. Сарғасқасев)	1. Автор осы мысал арқылы қандай жат қылықтарды сынайды? 2. Мәтінді рөлге бөліп, әуезді, сазды ерекшеліктерін сақтап оқы.
3-сынып	Шегіртке мен құмырсқа (С.Көбеев)	Суретін сал: А) жаз мезгіліндегі шегіртке: Ә) қыс мезгіліндегі шегіртке.
4-сынып	Арыстан мен тышқан (С.Торайғыров)	1. Мысалдан өзіңе қандай сабақ алғаныңды айт. 2. Мәтінді қара сөзбен әңгімеле.

Эвристикалық әдістің көмегімен шығарманы (мысалды) оқытуда түрлі жағдаяттар туғызатын сұрақтар мен тапсырмаларды оқушылардың өздігінен шешуіне мүмкіндік туғызылды. Сондай-ақ, оқушыдан ойын жүйелі құрастыруға және толық жеткізуге талап қойылды. Оны 3-кестеден көруге болады.

Кесте 3 – Сабақ барысындағы эвристикалық әдіс

Сынып	Тақырыбы	Жағдаяттар туғызатын сұрақтар	Түйін
2	Бидай мен қаңбақ (А.Тоқмағамбетов)	Өмірде бидай мен қаңбаққа ұқсас адам болатындығын айт.	Оқушы күнделігі
2	Қызғалдақ пен қарасора (С.Сарғасқасев)	Мәтінге өзің басқаат қой. Себебін түсіндір.	Оқушы күнделігі
3	Тәккапар (Ш.Смаханұлы)	Мысалдағы автордың қорытынды ойы айтылған жолдарды тап. Балықтың құрлықтағы күйін суреттейтін тұсты тауып оқы.	- Мөлдір суым, мекенім, Енді қайтсем жетемі Қадірінді білмедім Неге шалқып жүрмедім?! – ...Тыңдамап еді ешкімді Қателігін кеш білді.
4	Ағаш А.Байтұрсынов (И.Крыловтан аударған.)	«Бірлік болмай, тірлік болмас», « Біреуге ор қазба, өзін түсерсің» деген мақалдарды пайдаланып, мысалдардан қорытынды шығарып көр.	Айырылып жан-жағында панасынан, Қорқады өтсе-дағы құйын жүріп Ұрынып жазда ыстыққа, қыс суыққа. Біресе бұршақ соғып, болды құрып. Ол қанша пайда тапты жалғыз тұрып, Өзгені әлек етіп, жағдай қырып? Ағаш та құрап тұрған әл болсын ба? Кетіп еді дауыл соғып, қалды сынып!
4	Ақ жаңбыр (Ж.Кәрбозин)	1. Жаңбырдың қалай жауатынын бақылағандарың болса, әңгімелеп көр. 2. Өзіңе қандай жаңбырдың ұнайтынын айтып көр. 3. Жаңбыр жөнінде білетін, оқыған тапқа, өлеңдерді есіңе түсір.	Оқушы күнделігі
4	Білгір қарға (М.Зверев)	Ауа райын жан-жануарлардың әрекетіне қарап білуге болатына мән бер. Үлкендерден сұрастырып біл.	Оқушы күнделігі

2-сыныптағы «Бидай мен қаңбақ» мысал өлеңі (Асқар Тоқмағанбетов) бойынша бидай мен қаңбақ суреттері көрсетіліп, мысалды мәнерлеп оқып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Алдын ала дүниетану сабағында өсірілген бидай өскінін, бидай дәнін, қауыздағы бидай, «қаңбақ» шөбі көрсетілді.

- Мынау не балалар? – Бидай.
- Қайда өседі? – Егісте.
- Қаңбақ дегеніміз не? – Шөп.
- Қайда өседі? – Далада,сайда жатады.
- Көргендерің бар ма?

Көпшілік балалар көрмегендерін айтты. Мультимедиялық тақта арқылы түсініктер беріліп отырды.

Мұндай тапсырмалар оқушыға тек жаңа білімді хабарлау кезінде ғана емес, бұрынғы білімдерін тұжырымдау барысында да қолданылды. Осының нәтижесінде бұрын оқушы ескермеген заттың жаңа қасиеттері ендігі жерде ол бірінші қатарға шығады. Оқушы әрбір құбылысты көрнекілік арқылы-ақ таратып, белгілерін анықтай алады.

Оқушылармен жеке жұмыс жасауда сын тұрғысынан ойлау мен жазудың «миға шабуыл», «5 жолды өлең», «автор орындығы», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу» т.с.с стратегиялар пайдаланылды. Сондай-ақ, мысал өлеңдерді оқытудағы шығармашылық мазмұндағы жұмыстар да нәтижелі болды. Бұл жұмыстар, біріншіден, оқылған материалды тереңірек меңгеруге мүмкіндік туғызса, екіншіден, балаларды өз беттерімен ойланып жұмыс істеуге талаптандырды. Бастауыш сыныптарда ұйымдас-тыруға болатын шығармашылық жұмыстардың негізгілері:

а) өлеңнің баяндалу түрін өзгертіп әңгімелеу.

Мысалы, мысал өлең I жақпен баяндалса, III жаққа айналдырып, керісінше де әңгімелеуге болады.

ә) оқылған мысал өлеңнің мазмұнын толық өзгертіп баяндау. Жұмыстың бұл түрін үйден орындап келуге тапсыруға болады. Мұнда оқушылар әңгімедегі оқиғаға ұқсас өз бастарынан өткен, немесе өздері қатысқан не көрген оқиғалары жөнінде айтады.

Жұмыстың бұл түрі де оқылған мысал өлеңнің мазмұнын балалар толық та саналы меңгерген кезде ғана ұйымдастырылды. Мұндай жұмыс балаларды өз беттерімен ойлануға, ізденуге және әңгімедегі жүйені пайдалана отырып, өздіктерінен әңгіме құрастыруға, оны құрастыру барысында көптеген сөздерді еске түсіріп, ішінен қажеттілерін таңдап алуға үйретеді.

б) оқылған мысал өлеңнің мазмұны бойынша суреттер салынды. Жұмыстың мұндай түрі шығармадағы оқиғаны нақтылай түсті. Әңгіменің мазмұны бойынша сурет салу оқушылардың елестету қабілеттерін арттырып, қиялын дамытты.

Арнайы жүргізілген эксперимент сабақтарының әдеби-теориялық ұғымдарын игеру, мысал өлеңдер туралы өз ойын толық баяндауға баулу, жинақталған мағлұматтарын күнделікті іс-әрекетте пайдалану жолдарын игерту нәтижесінде оқушылардың бұрынғыға қарағанда мысал өлеңге қызығушылықтары артқанын, шығармашылық ізденіс жұмыстарына белсене атсалысуы, тұжырымдар жасауы пайда болғанын айқындадық. Бұдан біздің тәжірибе жұмысымызда қолданған әдіс-тәсілдеріміз бен жалпы білім беру жүйеміздің сапалы деңгейде болғанын байқадық.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 Рахметова С., т.б. Ана тілі: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық / С.Рахметова, П.Жаманқұлова, Б.Қабатаева. – Алматы: Атамұра, 1998. – 264 бет, суретті.

2 Рахметова С., т.б. Ана тілі: Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық /С.Рахметова, П.Жаманқұлова, Б.Қабатаева. – Алматы: Ата мұра, 1998. – 264 бет, суретті.

3 Рахметова С., т.б. Ана тілі: Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық/С.Рахметова, Т.Әбдіжәрімова, Б.Қабатаева. – Алматы: Атамұра, 2000. – 320 бет, суретті.

4 Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.

5 «Активные методы обучения». Электронный курс. Международный Институт Развития «ЭкоПро», Образовательный портал «Мой университет», <http://www.moi-universitet.ru/>

МРНТИ 14.07.03

Р.К. Карсыбаева¹

¹п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, raisa.k.63@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ӘЛЕУМЕТІК ТӘРБИЕ БЕРУ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларына әлеуметтік тәрбие беру арқылы оқушыны ортаға бейімдеу, әлеуметтендіру мектеп – мұғалім - ата-ананың бірлескен табысты еңбектерінің нәтижесі екеніне тоқталады. Оқушының ортаға бейімделуі қажеттігін түсінуіне, әр түрлі жағдаяттарда еркін араласып кетуіне, әртүрлі әлеуметтік қалыптар мен ережелерді бойына сіңіруіне аса мән берілген. Әр оқушының бойындағы қалыптасқан дағдыларды, мінез-құлықты бір бағытқа бейімдеу «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» айқындалған тәрбие бағыттары бойынша мектептегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру арқылы әлеуметтік тәрбие берудің жолдары (мектепте, отбасында, сыныпта, топта т.б.) айқындалған.

Тұлғаға әлеуметтік тәрбие беруде отбасында қалыптасқан дағдылардың негізгі орын алатынына тоқтала отырып, отбасы тұлғаны әлеуметтендірудің бастау көзі болып табылатыны, мектептің отбасымен байланысы, қоғамдық ұйымдарда атқарылатын жұмыстар, мәдени орталармен, шығармашылық ұйымдармен байланыста атқарылған оқу - тәрбие жұмыстары тұлғаны әлеуметтендіруде негізгі орын алатыны ашып көрсетіледі.

Бастауыш сынып оқушыларына әлеуметтік тәрбие беру арқылы әлеуметтік белсенділікті, ынтымақтастықты, топаралық, жұпаралық еркін қатынасты, олардың өмірлік бағыттарын, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға болатынын ғылыми еңбектерге талдау жасау арқылы анықталған.

Түйін сөздер: бастауыш сынып оқушылары, әлеуметтік тәрбие, бейімдеу, әлеуметтендіру, оқушының ортаға бейімделуі, тұлғаны әлеуметтендіру.

Р.К. Карсыбаева¹

¹к.п.н., ассоциированный профессор, Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, raisa.k.63@mail.ru

СОЦИАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В статье рассматривается адаптация ученика к окружающей среде посредством социального воспитания учеников начальной школы и это является результатом совместного успеха родителей - учителя - школы. Приведены, что студент понимает необходимость адаптации к окружающей среде, свободно вмешивается в разные ситуации и поглощает различные социальные нормы и правила. Адаптация существующих навыков и поведения в одном направлении к каждому ученику обеспечивается способами социального воспитания (школы, семьи, класса, группы и т.д.) и это достигается путем организации учебно-воспитательной работы в образовательных направлениях, определенных в «Концептуальных основах воспитания».

Описывая роль семьи в социальном воспитании человека, очевидно, что семья является отправной точкой для социализации, взаимоотношений с семьей, работы, проводимой в общественных организациях, учебно-воспитательной работы, проводимой совместно с творческими организациями.

В результате анализа научной литературы студенты начальной школы могут формировать социальную деятельность, сотрудничество, межкультурное, произвольное, образ жизни и личные качества посредством социального образования.

Ключевые слова: ученики начальной школы, социальное воспитание, адаптация, социализация, адаптация учащихся, социализация

R.K. Karsibayeva¹

¹candidate of pedagogical sciences, Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, raisa.k.63@mail.ru

SOCIAL EDUCATION OF STUDENTS OF PRIMARY SCHOOLS

Abstract

The adaptation of the pupil to the environment through the social education of the pupils of the primary school are considered in this article and this is the result of the joint success of the parents - the teacher - the school. It is reported that the student understands the need for adaptation to the environment, freely intervenes in different situations and absorbs various

social norms and rules. Adaptation of existing skills and behavior in one direction to each student is provided by means of social education (school, family, class, group, etc.) and this is achieved by organizing educational work in the educational areas defined in the "Conceptual framework of education".

Describing the role of the family in the social education of a person, it is obvious that the family is the starting point for socialization, relationships with the family, work carried out in public organizations, teaching and educational work carried out jointly with creative organizations.

As a result of the analysis of scientific literature, primary school students can form social activities, cooperation, intercultural, arbitrary, way of life and personal qualities through social education.

Key words: primary school pupils, social education, adaptation, socialization, student adaptation, socialization

Кіріспе. Бастауыш сынып оқушыларына әлеуметтік тәрбие беру тәрбие бағыттарында негізгі орын алады. Алғаш мектеп қабырғасын аттаған оқушыны ортаға бейімдеу, әлеуметтендіру мектеп – мұғалім – ата-ананың бірлескен табысты еңбектерінің нәтижесі болып табылады. Оқушының ортаға бейімделуі қажеттігін түсінуі, әр түрлі жағдаяттарда еркін араласып кетуіне, әртүрлі әлеуметтік қалыптар мен ережелерді бойына сіңіруіне аса мән беріледі. Яғни, оқушы қоғамдық әлеуметтік ортаға түсу арқылы тұлғаралық қарым-қатынасқа түседі, әлеуметтік бейімделуі үдерісі басталады. «*Әлеуметтік бейімделуі* үдерісі – адамның белсенді түрде әлеуметтік ортаға (өмірлік орта) бейімделуіне байланысты өзін-өзі анықтауға және қоғамда қабылданған мақсаттар, құндылықтар, қалыптар мен іс-қимылдар стиліне табиғи түрде араласуы. Ең маңыздысы *баланың әлеуметтік бейімделуі* – жеке басындағы үдерістері мен баланың мүмкіндіктеріне орай айналасымен, өзгерген орта, жаңа өмірлік жағдай, белгілі әлеуметтік-психологиялық ортадағы қарым-қатынас құрылымына орай өзгеруі, ортада қабылданған қалыптар мен ережелерге сәйкес бола білуі. Адамның әлеуметтік бейімделуінің көрсеткіші, оның сол ортаға қанағаттануы, өзін бейнелеуі және соған сәйкес қалыптасуы. *Адамның жеке басына тән ерекшеліктері* – бұл оның тек өзіне ғана тән тұлғалық сапасы және кез келген жағдаятқа бейімделе алуы. Өсе келе адам өзгереді, оның сапалық қасиеттері жетіледі немесе кейбір мүмкіндіктерін жоғалтып, оның бейімделуіне ықпалын тигізеді. Адамның өзіндік ерекшелігіне оның өмірлік іс-әрекеті және түрлі жағдайға бейімделуі тәжірибесі ықпал етеді» [1]. Әлеуметтік бейімделуі өзіне, өзгелерге қарым-қатынасын, әлеуметтік үдерістерге белсенді қатысып, өзінің табиғи әлеуметтік жетілуіне мүмкіндік жасайды.

Әр оқушының бойындағы қалыптасқан дағдыларды, мінез-құлықты бір бағытқа бейімдеу «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» айқындалған бағыттар бойынша оқу тәрбие жұмысын ұйымдастырғанда аса мән берілген. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде «жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдықтарын, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуын, патриотизмге, еңбексүйгіштікке, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. Адамға сарқылмайтын күш-қуат беретін, оның ішкі жан-дүниесін байытып, рухани әлеуетін көтеретін рухани-адамгершілік, ұлттық-мәдени құндылықтарды білім беру мен тәрбие жүйесінің ажырамас әдіснамалық тұғыры ретінде қабылдау ұстанымын қолдайды» [1].

